

БЕКБАЕВА МАЛИКА ФАРХАТОВНА

**Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани
құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау**

6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
п.ғ.д., профессор
Ыбыраимжанов Қ.Т.

Шет елдік кеңесші:
Ph.D., профессор
Хусейн Узунбойлы
(Түркия)

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
АТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	8
КІРІСПЕ.....	9
1 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУҒА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	18
1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлаудың зерттелу жайы.....	18
1.2 «Ұлттық рухани құндылықтар», «бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» түсініктерінің мәні мен құрылымы.....	29
1.3 Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдіснамалық тұғырлары.....	46
1.4 Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың құрылымдық- мазмұндық моделі.....	71
2 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУҒА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР.....	85
2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларда ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын дамытуға даярлаудың педагогикалық шарттары.....	85
2.2 Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың диагностикасы.....	109
2.3 Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемесі, оны жүзеге асыру мазмұны.....	121
2.4 Бақылау экспериментінің нәтижелері.....	141
ҚОРЫТЫНДЫ.....	153
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	155

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ғылыми диссертация жұмысын жазу үшін төмендегідей нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының «Атамекен» Басқарма төрағасының «Кәсіби стандартты бекіту туралы» 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығы.

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі №3058 «Этникалық-мәдени білім» тұжырымдамасы;

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы №726 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы;

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысы негізінде «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертация жұмысының ғылыми мазмұнын толықтырып, дайындау барысында төмендегі ұғымдар мен анықтамалар қолданылды:

Аксиология (грек. «axia» – құндылық және «logos» – ғылым) – тұлғаның, ұжымның, қоғамның материалдық, мәдени, рухани, адамгершілік және психологиялық құндылықтарды туралы философиялық ілім. Қазіргі кезде педагогика негізінен оның көзқарастарының жүйесін анықтайтын әдіснамалық бағыт ретінде қалыптасты. Ол бойынша адам өмірінің, тәрбиелеудің және оқытудың, педагогикалық әрекеттің және білім берудің құндылығы түсініледі және бекітіледі. Педагогикалық құндылықтар гуманистік бағыттың мәнімен ерекшеленеді.

Әдеп – халқымыздың үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы, әйелінің ері алдындағы немесе ерінің әйелі алдындағы әдеп сақтау үлгілерінің көрінісі. Мысалы, ата-ананы, үлкендерді сыйлау, сәлем беру, үлкен адамның жолын кеспеу т.б. әдептілік нормаларды айтады. Әр адамның адамгершілік қасиеттерінің көрінісі және т.б. халықтық тәрбиенің өзін-өзі тану жолындағы үлгісі болып табылады.

Әлеуметтік құндылықтар – тұлғаның қоғамдағы орны, қарым-қатынасы, беделі, әлеуметтік қауымдастық қоғамның материалдық, әлеуметтік объектілері, адамның рухани іс-әрекеті мен оның нәтижелері.

Дәстүр – әлеуметтік-мәдени мұраның ұзық уақыт бойына адамдар атадан балаға қалдыратын, әдетке айналған, сол қоғамның немесе әлеуметтік топтың құндылықтар жүйесі мен ережелеріне ұласқан бөлігі.

Құндылықтар – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік ХІХ ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әртүрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын қайырымдылық, мейірімділік, т.б. этикалық және эстетикалық ұғымдармен қатар қолданылды.

Мектептің тәрбие жұмысының жүйесі – қазіргі жағдайдағы тәрбие мақсатының педагогикалық ұстанымдарға лайықты реттелген өзара бір-бірімен байланысқан сабақтан тыс іс-шараларын құрайды.

Менталитет (ағыл. «mentality» – ойша, ойдағы) – ақыл-ой қабілеті, ақыл-ой дамуының ұлттық сипаты, психика; халықтың интеллектуалдық, ақыл-ой, психологиялық қабілетінен шығатын, олардың өмірінің тарихи, геосаяси, климаттық, этнографиялық, этникалық және тұрмыстық жағдайымен берілген, ерекше тән белгілердің жиынтығы.

Нақыл – өнеге-өсиет, тақпақ, жыр негізінде айтылатын халықтық тәжірибеден алынған тәрбиелік сөз. Ғұлама адамдардың нақыл сөздері жастардың жадында сақталып, зор тәрбиелік рол атқарған.

Отансүйгіштік тәрбие – халық дәстүрлері негізінде адам баласының бойына жинақталған ерекше белгі. Ол әрбір жеке тұлғаның бойында белгілі бір қасиетке ие. Осы қасиеттер жиынтығы арқылы ғана әрбір ғана тұлға өз Отанының патриоты болады.

Өсиет – кейінгі ұрпаққа айтылған ақыл-кеңес, ғибрат, өнеге, ата-ананың ұрпағына айтқан тәрбиелік сөздері мен өмір тәжірибесінен алынған тағылымдық мұралары. Қазақ этнопедагогикасында халықтың ойшыл тұлғалары мен ағартушыларының тәрбиелік өсиеттері ауызекі, кейде тасқа ойып жазған ескерткіштері де бар. Мысалы, Орхон-Енисей жазуын айтуға болады.

Салт – халықтың кәсіп, сенім, түсінігі байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын дәстүрдің бір түрі. Салт өз уақытына қарай жаңарып, қоғамдық болмыс ұстанымдарына бейімделіп отырады. Сондықтан салттың белгілі бір дәуірге тән сипаты басым. Әдеби тілде салт пен дәстүрдің ішкі айырмасы ескерілмей, көбінесе салт-дәстүр түрінде бір ұғымда қолданылып жүр.

Салт-дәстүр – әрбір ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы немесе қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері.

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, жеткіншек тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады.

Тәрбие құралдары – тұлғаға бағытталған іс-әрекеттердің түрлері, көрнекі құралдар, көптеген коммуникация құралдары, педагогикалық ықпал жасау құралдары (мұғалім, ата-аналардың, ересек адамдардың сөзі, өнегесі, т.б.) жатады. Оқушы тұлғасының қалыптасуында – тәрбиенің негізгі және толық құралдарын тиімді пайдалану, яғни тәрбиедегі шешуші рол атқаратын нәрсе оқшауланған құралдар емес, керісінше олардың үйлесімді құрылған жүйесі екенін практика көрсетіп отыр.

Тыйым – жаман, жағымсыз істен аулақ болуды талап ету. Тыйымдар тәрбие берудің негізі болып табылады. Діни наным-сенімдерге байланысты қазақ халқында тыйым сөздер де кездеседі. Сол арқылы балалардың жаман әдеттерден аулақ болуына қолданылатын тәрбие құралы.

Ұлт – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық, қауымдық бірлестігінің жоғары түрі. Ұлт болып қалыптасу үшін оның құрамына кірген адамдар тобының материалдық, территориялық және экономикалық жағдайлары, тілі мен әдебиетінің, әлеуметтік мінез-құлқының сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшелігінің ортақтығы болып табылады.

Ұлтжандылық – өз ұлтының тілін, дінін, дәстүрін сүюдің белгісі. Ұлтжандылық өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның қасиеті.

Ұлттық құндылықтар – нақты бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. 1) Ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың, этностық мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы; 2) ұлттық құндылықтар – әрбір этностық қауымдастықтардың өзіндік тұрмысы, табиғаты, мәдениеті негізінде қалыптасқан құндылықтардың жүйесі; 3) Ұлттық құндылық дегеніміз – халықтың ұлттық тілі, ұлттық мінез-құлқы, салт-дәстүрлері, ерекше адамгершілік қасиеттері, ауызша-жазбаша, ұлағатты тәлім-тәрбиелік мәні бар даналық өсиеттері, ділі мен діні.

Ұлттық мақтаныш – ұлттың материалдық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерінің негізінде қалыптасатын әрі алдыңғы қатарлы ұлттық идеялармен, ой-пікірлермен байып отыратын, ұлт бостандығы және саяси әлеуметтік бостандық жолындағы күрестің тарихымен байланысты әлеуметтік психологиялық сезім болып саналады.

Ұлттық мінез – этнопсихологияда ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық мінез – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп тұрады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар бойы ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды. Сондықтан ұлттық мінез жасау үшін оның дүниетанымын, психологиясын, әдет-ғұрыптарын, т.б. қасиеттерін білу керек.

Ұлттық парыз – Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап, ата-баба дәстүріне жоғары сезіммен қарау.

Ұлттық тәрбие – тұлғаның бойында ұлттық қасиеттерін, ұлт мүшелерін қалыптастырудағы мәдениет, тілді білуімен қатар қазіргі білімді де меңгеруге тәрбиелеу жүйесі.

Үлгі-өнеге – жеке адамның басқаға үлгі көрсетіп, өнегесін үйретуі. Жеке тұлғаның білімділігі, еңбекқорлығы, имандылығы, үлгілі мінез-құлқы жастарға үлгі-өнеге болады.

Халықтық педагогика – 1) бұл практика жүзінде тексерілген және жинақталған эмпирикалық білімдердің, мәлімдердің, іскерлік пен дағдының жиынтығы. Ол халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің өнімі ретінде, көбіне ауызша түрде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады; 2) Халық арасындағы тәрбиенің мақсаты мен міндетін, тәрбие мен оқытудың құралдары, іскерлік дағдыларының жиынтығынан көрінетін эмпирикалық педагогикалық білімдер мен халық бұқарасы тәжірибесінің алаңы негізінде қалыптасқан тәлімдік-тәжірибелер.

Ырым – тұлғаның жақсылыққа құштарлықпен жасалған әрекеті. Ырым тәрбиелік мәні зор болып табылатын арман-тілектерден тұрады. Мысалы, нәрестенің кіндігін жаны жақсы адамға кестіру, баланың тұасуын жүйрік, жолы болғыш адамға кестіру, т.б.

Ізгілік тәрбиесі – жеке тұлғаның моральдық қасиеттерінің, көзқарастары мен сенімдерінің қалыптасу үрдісі. Ізгілікті деп жалпыадамзаттық моральдық ережелері мен талаптары, нормалары өз көзқарасы мен мені ретінде, мінез-құлқының үйреншікті формасы ретінде көрінетін тұлғаны айтуға болады.

Этнопедагогика (грек. «ethnos» – халық, «pedagogike» – бала тәрбиесі туралы ғылым) – педагогика ғылымының саласы. Оның қарастыратындары: 1. Нақты халық (ұлттық педагогика) үшін дәстүрлі тәрбие және оқыту түрлері, әдісі, міндеті, тапсырма және мақсаттарын зерттеу; 2. Әртүрлі халықтарға тән тәрбие мен оқудың салыстырмалы спецификасының зерттеуі; 3. Сол немесе басқа этникалық қоғамның өкілдерін оқыту мен тәрбиелеудегі ұлттық психологияның әсерінің анализі.

АТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БТ – бақылау тобы

ЖОО – жоғары оқу орны

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР ҒжЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім
Министрлігі

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК – Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары
Білім Министрлігінің Ғылым және Жоғары Білім Саласындағы Сапаны
Қамтамасыз ету комитеті

ЭТ – эксперименттік топ

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі кезде жаһандану дәуірінде және қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық құндылықтары арқылы тәрбиелейтін ғылыми теориялық негіздерді жетік меңгеру, практикалық жағынан жетілдіру аса қажет болып отыр.

Құндылықтар мәселесі қай кезеңде де өзінің өзектілігін жоймай, философия, педагогика, психология ғылымдарының зерттеу нысаны болып келеді. Ұлттық құндылықтар – нақты бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін дүниелері мен ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың, этностың мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы болып табылады. Егемен елдің болашақ азаматтары – бүгінгі оқушылардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында: «Еліміздің басты құндылығы – адам. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, тәрбиесі мен білім терең болуы керек», - деп келтіреді [1]. Демек, Жолдаудың мазмұнында ұрпақ тәрбиесіне, құндылықтарға жан-жақты тоқталып, оның тағылымдық мәніне көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамдарды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілсе, онда орта білім берудің негізгі мақсаты мен міндеті – жылдам өзгертіп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушыларды адамзаттық құндылықтарға, өз Отанын сүйе тәрбиелеу» туралы айтылған [2]. Ендеше, егеменді еліміздің ертеңі жас ұрпақ әдепті, адамгершілігі жоғары болып өссін десек, ұлттық тәрбие тағылымын басшылыққа алып, халқымыздың рухани байлығын бүгінгі күн талабымен ұштастыра білсек қана ұлттық тәрбиенің маңызы зор болып табылады.

Ұлттық тәрбие мен құндылықтардың жеке тұлғаның дамуына тигізер әсері туралы ой-пікірлердің қалыптасуына Анахарсис [3], Күлтегін [4], Қорқыт [5], әл-Фараби [6], Қожа Ахмет Йасауи [7], Асан Қайғы [8], Ш.Уалиханов [9], Ы.Алтынсарин [10], А.Құнанбайұлы [11], т.б. шығармалары мен халықтық педагогиканың ұлттық тәрбие мәселесінде алатын орны зерттеуде Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынұлы [12], М.Жұмабайұлы [13], М.Дулатов [14], т.б. еңбектерінің қосқан үлесі зор. Олар өз еңбектерінде жас ұрпақтардың ұлттық рухани тәрбиесінің өзекті мәселелеріне байланысты өте құнды пікірлер айтқан болатын.

Қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясында бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау проблемасы туралы С.Қалиев [15], Қ.Жарықбаев [16], Қ.Б.Сейталиев [17], Ж.Ж.Наурызбаев [18], С.А.Ұзақбаева [19], Қ.Ж.Қожахметова [20], Қ.Бөлеев [21], Қ.Оразбекова [22], Р.Қ.Дүйсенбінова [23], С.Ғаббасов [24], т.б. зерттеу жұмыстарының нысанасы болды.

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау туралы осы проблеманы әртүрлі аспектіде зерттеген шетелдік ғалымдар, соның ішінде АҚШ ғалымы Daniel Moulin-Stozek [25], түрік ғалымы Asiye Toker Gokse [26], украин ғалымы Shevchenko Yuliia [27], т.б. еңбектерінде жан-жақты мағлұмат беріледі.

Біздің зерттеу проблемамызды толыққанды зерделеу үшін бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың нысаналы тұстарын қарастыру заңдылық деп білеміз. Бұл саладағы ғылыми зерттеулерге талдау барысында көптеген құнды идеялардың маңызына тоқталамыз. Бұл мәселені Т.Ә.Қоңыратбаева [28], Ш.М.Майғаранова [29], Б.Қ.Өтешова [30], Д.С.Ешмұратова [31], т.б. ғалымдар өз еңбектерінде әр бағытта қарастырып, зерттеген болатын.

Ал, жалпы мектеп оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын қалыптастыру мен этнопедагогиканың тағылымдық мәселесін А.С.Мағауова [32], Н.М.Көшеров [33], Л.А.Бөлетова [34], С.Қ.Әбілдина [35], К.Р.Кажимова [36], С.З.Нишанбаева [37], С.Ә. Жүзеев [38] және т.б. қарастырды.

Қазіргі кездегі әлеуметтік-мәдени жаңғыру жағдайына байланысты, ондағы бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау туралы зерттеудің психологиялық, философиялық, педагогикалық, әлеуметтік маңызы зор болып табылады. Тұлғаның бойында ұлттық рухани мұраны дамытудағы болашақ педагогтарды дайындау барысындағы проблемаларды зерделеуде негізінен педагогикалық теориялар мен тарихи, әдіснамалық әдебиеттерді талдау мен практикалық мәні зор тәжірибелерді сараптаған кезде мынадай өзекті мәселелердің бар екендігі белгілі болды. Біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауға арналған теориялық-әдіснамалық зерттеулердің зерделенбеуі; екіншіден, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауды қарастыратын құралдар мен мазмұны, оны жүзеге асыру формалары мен әдістерінің өзара үйлесімділігінің ескерілмеуі; жалпы бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау туралы мемлекеттік деңгейде нормативтік құжаттардың аздығы; төртіншіден, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудағы проблемалары мен әдістемелік әдебиеттердің жеткіліксіздігі анықталды.

Аталған мәселелерді зерделей келіп, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың негізгі проблемаларының бірі – мектеп оқушыларының ұлттық тәрбиесінің мектеп, отбасы, қоғамдық ортамен сәйкес келмеуі және практикалық іс-қимылдарға байланысты механизмдердің жеткілікті түрде қолданылмауы. Аталған өзара байланысты ұлттық тәрбие тәжірибелерінің этностың өміршеңдігімен айқындалады. Осылардың бәрін талдай келіп, мындай қайшылықтардың бар екендігін көрсетті: бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың іс жүзінде ескерілмей жатқаны; бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау туралы ғылыми-теориялық және педагогикалық-практикалық материалдардың зерттелмеуі. Аталған қайшылықтарды жою мақсатында біз зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісі

Зерттеу пәні: бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемесі

Зерттеу мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін дайындау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда дәлелдеу.

Зерттеу әдістері:

-*теориялық әдістер:* философиялық, когнитивистикалық, психологиялық, педагогикалық, музыкалық білім салалардағы әдеби дереккөздерді жинақтау, талдау, жүйелеу және нәтижелерді жалпылау, мазмұнын анықтау, синтез және теориялық модельдеу, құрылымдау, нақтылау;

-*эмпирикалық әдістер:* бағалаудың диагностикалық аппаратын жасау, педагогикалық эксперимент, сауалнама, контент-талдау, бақылау, математикалық-статистикалық маңыздылығын есептеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, әдістемесі және құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, ғылыми айналымға енгізілсе, онда мектеп оқушыларының ұлттық тәрбиесін дамытудағы болашақ педагогтарды даярлау нәтижелі болып, қоғамдағы тәрбие үдерісіндегі кедергілердің азаюына септігін тигізеді, өйткені бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамыту қоғамның сұранысын қанағаттандырады.

Зерттеу міндеттері:

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық әдіснамалық негіздерін айқындау;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтау;

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемесін дайындау, оның тиімділігін тәжірибеде тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы: бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауды ғылыми айналымға енгізсе, ЖОО оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттырады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері ғылыми-теориялар мен тұжырымдамаларға сүйенеді:

- бастауыш сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктері, даму заңдылықтары мен принциптері (Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, Л.В.Занков, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, С.Л.Рубинштейн, т.б.);

- этнос теориясы (Ю.В.Бромлей, Л.Н.Гумилев, т.б.);

- әр жастағы балалардың ұлттық сана-сезімінің дамуы туралы теориялар (Л.М.Дробжиева, Г.Д.Очирев, Ф.Ф.Харисов, т.б.);

- ұлттық сана-сезімінің этноәлеуметтік және этнопсихологиялық тұжырымдамалары (А.Г.Агаев, Б.А.Әмірова, Н.Елікбаев, Қ.Жарықбаев, Т.Тәжібаев, Б.П.Поршнева, т.б.);

- этнопедагогика бойынша тарихи-педагогикалық зерттеулердің тұжырымдамалық зерттеулердің тұжырымдамалық теориялары (Г.Н.Волков, С.Қалиев, Қ.Бөлеев, С.А.Ұзақбаева, Қ.Ж.Қожахметова, К.А.Оразбекова, т.б.);

- оқушыларға этностық-мәдени білім беру тұжырымдамасы (Ж.Ж.Наурызбай);

- білім беру және тәрбие теориялары (Е.В.Бондаревская, Н.Е.Щуркова, А.А.Бейсенбаева, Қ.Қ.Жампейісова, т.б.);

Зерттеу әдістері:

-теориялық әдістер: философиялық, когнитивистикалық, психологиялық, педагогикалық, музыкалық білім салалардағы әдеби дереккөздерді жинақтау, талдау, жүйелеу және нәтижелерді жалпылау, мазмұнын анықтау, синтез және теориялық модельдеу, құрылымдау, нақтылау;

-эмпирикалық әдістер: бағалаудың диагностикалық аппаратын жасау, педагогикалық эксперимент, сауалнама, салыстырмалы талдау, бақылау, математикалық-статистикалық маңыздылығын есептеу.

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша философтардың, психологтар сен педагогтардың еңбектері; Қазақстан Республикасының ресми құжаттары

мен Білім және ғылым саласындағы нормативтік құжаттар (стандарттар, оқу кешендері, тұжырымдамалар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); шетелдік және отандық педагогтардың ғылыми еңбектері мен тәжірибелері, ғылыми мерзімді басылымдар, автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеуді ұйымдастыру және оның негізгі кезеңдері.

Бірінші кезеңде (2018-2019 жж.) ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы таңдалып, нақтыланды. Зерттеу мәселесі бойынша материалдар жиналып, жүйеге келтірілді, ғылыми аппарат айқындалды, педагогикалық жоғары оқу орындарының озық тәжірибелері жинақталып, талқыланып, қорытындыланды, эксперимент жұмысының бағдарламасы дайындалды, тұлға, құндылық, ұлттық тәрбиені қалыптастыру мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер мен әдебиеттер зерделенді.

Екінші кезеңде (2020-2021 жж.) бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау туралы жинақталған теориялық, практикалық және деректік материалдарға жүйелі ғылыми талдау жасалып, сұрыпталды, зерттеу жұмысына арналған жоспар құрылып, нақтыланды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жалғастырылып, педагогикалық-зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері, өткізу әдістері тексеріліп, жүзеге асыру реттілігі белгіленді. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың психологиялық-педагогикалық идеялары сараланды. Эмпирикалық материалдар жинақталып, ғылыми дәйектер қорытыланды, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды, зерттеудің негізгі идеялары мен нәтижелері тексеруден өткізілді.

Үшінші кезеңде (2021-2022 жж.) диссертацияға жинақталған материалдар мен эксперимент барысында қорытындылар жасалды. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауға арналған педагогикалық тәжірибелер сараланып, жүйеге келтірілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бойынша алынған нәтижелер талданып, қорытындылар жасалды. Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері математикалық-статистикалық тұрғыдан өңделіп, эксперимент жұмыстары нақтыланды.

Зерттеу базасы. Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 6В01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының студенттері қатысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық әдіснамалық негіздері айқындалды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлаудың педагогикалық шарттары анықталды;

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемесі: 4 модульді қамтитын «Ұлттық құндылықтар тағылымы» элективті курсының бағдарламасы және «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесіндегі ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалды, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденді;

- зерттеу нәтижелерін бастауышта оқыту білім бағдарламасының жоғары білім беру орындарында пайдаланудың мүмкіндігі зор.

Зерттеу жұмысының дәлелдігі мен негізділігі: негізгі бағыттың әдіснамалық тұрғыда дәлелденуі мен қойылған мәліметтерге сай пайдаланған зерттеу әдістерінің тиімділігімен, теориялық мәселелерге талдау берілуімен және талаптарға сай қолданылған зерттеу әдістерінің тиімділігі білім беру мекемелерінің іс-тәжірибесінде ендірілуімен қамтамасыз етіледі.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- «ұлттық рухани құндылықтар – тарихи алмасатын адами көзқарастар жүйесі, рухани құндылықтарды жеке тұлға ретінде мойындаушы, оның бостандыққа, бақытқа, дамуы мен өзіндік қабілетті көрсету құқығы, адам игілігі әлеуметтік институттардың қызметтік бағалау белгісімен есептелетін, ал теңдік, әділеттілік институттардың қызметтік бағалау белгісімен есептелетін, ал теңдік, әділеттілік, адамгершілік принциптері адамдар арасындағы көңілдің тілектелген нормасы»;

- «бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау – ұлттық педагогикалық пәндердің рөлін күшейту, оқу пәндерінің мазмұнының құндылықтарға бағыттау және оның жаңа бағалау нормаларын нақтылау, оқу процесін толық ізгілендіру үдерісі»;

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдіснамалық негіздерін тарихи тұғыр, аксиологиялық тұғыр, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мен идеологиялық тұғыры, әлеуметтік тұғыр, мәдени тұғырлары құрайды;

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық шарттары оқыту үдерісінде кәсіби маңызды құндылықтарды нәтижелі меңгеруге әсер ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық, кәсіби маңызды құндылықтарды меңгеруге ынталандырып, болашақ маман тұлғасын диагностикалауды қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық және

этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамыту мақсатын, мазмұнын, әдістері мен құралдарын қолдану тиімділігіне жауап беретін дидактикалық деп анықталады;

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың компоненттері мен өлшемдері, көрсеткіштерінен тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі;

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемесі: 4 модульді қамтитын «Ұлттық құндылықтар тағылымы» элективті курсының бағдарламасы және «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесіндегі ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалды, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденді.

Зерттеудің нәтижелерін апробациялау және енгізу:

Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша 10 ғылыми жұмыс жарық көрді. Оның 3-еуі Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 мақала Scopus халықаралық ғылыми журналдар басылымында, 5 мақала халықаралық конференциялар материалдарының жинақтарында және 1 оқу-әдістемелік құрал жарияланды:

1. A Study on Scientific Thinking Skills and Professional Experience of Teachers International journal of education in mathematics science and technology Volume-11, Issue-3, Page-570-58, 2023 DOI10.46328/ijemst.3308 <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:001076466800002>

(бірлескен авторлар: Saparbaikyzy S, Assilbayeva F, Botabayeva A, Kim O, Akparova Z., докторанттың үлесі 20 %) Мақала Web of Science Core Collection және Scopus базаларында анықталды. 2023 жылы мақала шыққанда «International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology» журналының білім беру бағыты бойынша процентиі – 71.

2. The effect of information technologies on the development of moral values of future teachers based on innovations in education World Journal on Educational Technology: Current Issues. Volume 14, Issue 1.-2022. P. 164-174. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85125196654&origin=recordpage>

(қосалқы авторлар: Kalibek Ybyraimzhanov, Sanay Gaukhar, Shakarim Nurdaulet, Aubakirova Ainur, докторанттың үлесі 80 %) Мақала Scopus базасында анықталды. 2022 жылы мақала шыққанда «World Journal on Educational Technology: Current Issues» журналының 2020 жылғы CiteScore 1,4 тең, білім беру бойынша процентиі – 51;

3. Ұлттық мұралар негізінде болашақ мұғалімдерді даярлау Қазақстанның ғылымы мен өмірі - Астана. - 2020. - №5 (3). - 59-63 бб. <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/89/89> (моноавтор; докторанттың үлесі – 100%).

4. Жастарды ұлттық рухани құндылықтар арқылы тәрбиелеудің ерекшеліктері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі - Астана. - 2020. - №5 (3). 315-318 бб. <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/89/89> (қосалқы автор: Ыбыраимжанов К.Т.; докторанттың үлесі – 90 %).

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рухани құндылықтарын дамытуға даярлау. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, №1 (73). - 2022. 118-131 бб. <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/939/604> (қосалқы авторлар: Ыбыраимжанов К.Т., Радченко Н.Н.; докторанттың үлесі – 80%).

6. Training of future teachers based on national heritage “The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology”. May 6-8, 2020.-Ankara. P.-199-204. <https://drive.google.com/file/d/1ov2LeYCAQCRs5xksSHHG-wP7F7AQ1Jkq/view> (моноавтор; докторанттың үлесі – 100%).

7. Научные подходы к развитию национальных духовных ценностей у младших школьников Innovations technologies in science and practice Proceedings of the VI International Scientific and Practical Conference. - Haifa. February 15 - 18. -2022. <https://isg-konf.com/wp-content/uploads/2022/02/innovations-technologies-in-science-and-practice.pdf> (қосалқы авторлар: Ыбыраимжанов К.Т., Узунбойлу Х.; докторанттың үлесі – 80%).

8. Ұлттық дәстүр негізінде тәрбиелеу педагогикалық мәселе ретінде. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті. «Бастауыш және мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселелері». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. 18 ақпан 2022ж.-Петропавл, 297-301 б. https://ku.edu.kz/files/conference/conf_sovrem.pedagog.obrazovanie_02.2022_tom1.pdf (моноавтор; докторанттың үлесі – 100%).

9. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Scientific Collection «InterConf», (140): with the Proceedings of the 2nd International Scientific Practical Conference «Diversity and Inclusion in Scientific Area. Warsaw. - 2023. p.189-199. <https://archive.interconf.center/index.php/conference-proceeding/issue/view/26-28.01.2023/150> (қосалқы автор: Шакаримова К.К., докторанттың үлесі – 90%).

10. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары. Proceedings of the 2nd International Scientific and Practical Conference “Science in the environment of rapid changes”. Brussels.- Belgium. February 6-8, 2023 p. 105-114. <file:///C:/Users/vkubi/Downloads/152-221-PB.pdf> (моноавтор; докторанттың үлесі – 100%).

11. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау. Оқу-әдістемелік құрал. Өскемен: Издательство «Берел». 2025. - 70 б C:/Users/user/Desktop/ (моноавтор; докторанттың үлесі – 100%).

Диссертацияның құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, ғылыми болжамы мен міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеу көздері, зерттеу базасы, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы, зерттеу жұмысының дәлелдігі мен негізділігі, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижелерінің апробациялануы және енгізілуі бандалады.

«Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу жұмысы бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасалып, қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауға арналған ғылыми еңбектердің педагогикалық тұрғыда мүмкіндіктері мазмұндалды. Еліміздің бастауыш білім беру жүйесінде оқушыларды тәрбиелеуде ЖОО мен мектептің қазіргі жағдайы талданып, теориялық моделі дайындалып, оның өлшемдері белгіленді.

«Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудағы тәжірибелік-эксперимент жұмыстар» атты екінші тарауда бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауға арналған эксперимент жүзінде тексеруден өткізілді. Тәжірибелік эксперимент барысында оның нәтижелеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, эксперимент нәтижелері сапалық және сандық әдістермен қорытындыланды. Педагогикалық эксперимент жұмыстарының нәтижелері математикалық тұрғыдан өңделіп, ұсыныстар әзірленді.

Қорытынды бөлімде жалпы ғылыми тұжырымдар жасалынды, білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде ЖОО мен мектептің өзара байланысын ғылыми айналымға енгізу туралы ұсыныстар жасалды. Сонымен қатар, зерттеудің болашақта қарастырылатын бағыттары нақтыланды.

1 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУҒА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлаудың зерттелу жайы

Бүгінгі таңда болашақ педагогтарды кәсіби даярлауды жүзеге асырудағы басты мәселенің бірі – ұлттық тәрбие және оның өзегі болып табылатын рухани құндылықтарды мақсатты бағыт-бағдармен жүзеге асыру болып табылады. Тәрбиедегі рухани құндылықтар – адамгершілік жайында, болмыстағы ізгіліктік көзқарастық түсінік, т.б. туралы болашақ мұғалімдердің жеке тұлғалық және кәсіби қырларының өзегі ретінде қалыптастырудың теориясы мен тәжірибелік мазмұнына заманауи талаптар тұрғысынан ғылыми-әдістемелік негізде кеңінен талдаулар жасап, сипаттамалар бермейінше қазіргі қоғам мен әлеуметтік ортаның сұраныстық қажеттілігіне сәйкес нәтижеге қол жеткізу мүмкін еместігі анық. Мұндағы басты мәселенің бірі ретінде адами түсінік пен көзқарастарды қалыптастыруда рухани құндылық білімдерін жаңарта отырып тәрбие берудің бағыт-бағдарында – ұлттық діл, салт-сана, дәстүр мен әдет-ғұрыптар, тәлімдік мұралар, т.б. бағытында құрастыру және заманауи түсінік, таным білімдері мазмұнында қайта айшықтау нәтижелі көрсеткіш беруі мүмкін. Сондықтан қазіргі ұлттық тәрбиедегі рухани құндылықтар мәселесін теориялық және эмпирикалық мазмұны тұрғысынан қарастырып талдау, қорытындылау, жаңаша түсініктермен сипаттап жүйелеу қажеттілігінің бар екендігі заңдылық болып табылады. Жалпы аталған мәселені философия, педагогика, психология ғылымдарының зерттеу нысанасына айналып, өзектігі артып отыр.

Негізгі проблема ретінде білім беру мүмкіндігінше еуропалық жүйеге басымдық орын алып, ұлттық тәрбиеге қатысты мәселелер шет қалып қоюында. Ол негізінен әлемдік жүйеге интеграциялануы ғылым мен техниканы және түрлі технологияларды игеруге бағытталғандығы дұрыс. Бірақ, ұлттық тәрбие берудің өмірлік тәжірибеде қолданылмауы, ол болашақтың тамырына өзек болатын рухани құндылықтарды негізін ескермеу немесе келешекте мүлдем жойылуына алып келетін қауіп-қатер екендігін естен шығармау болып табылады. Түрлі ғылым саласын игерудегі еуропалық және әлемдік деңгейдегі білімге ұмтылу және ықпалдастықта болу мәселесінің орын алу, жалпы дамудың сыртқы мазмұнын берсе, ұлттық болмыстағы тәрбие мен құндылықтар жаратылыстағы ішкі өзек екендігін басшылықта ұстап, тепе-теңдік сипатын ұстау қажеттілігі бүгінгі күннің басты мәселесі болып табылады. Ұлттық тәрбиенің негіздері дұрыс берілмегендіктен, өмірлік тәжірибедегі қажеттілікке сәйкес емес деген кереғар пікірлердің де орын алып отырғандығы бар. Себебі, біздегі білім беру бірінші орынға шығып, тәрбие мен ұлттық құндылықтар жайындағы тәлімдік ілімдердің мән-мағынасын түсіну мен меңгеру қоғамда, әлеуметтік орта мен тәжірибеде кенже қалып отыр. Қазіргі жаңа Қазақстан құру

мен қайта жаңғыру кезеңінде тәлім-тәрбиелік мұрадағы білімдер идеологиялық бағыттағы сипатта басымдыққа ие болып түсіну және қолдау табиғи заңдылық болып отыр. Мемлекет тәуелсіздігінің берік болуына өзек боларлық нәрсенің бірі – өмірлік тәжірибеде ұлттық дүниетаным мен ділді және тіл мен салт-дәстүр, ғұрыптарды құрметтеу, дәріптеулер болып табылады. Бұл бағыттағы білімдерді мектептерден бастап және оның негізін берік қалыптастыратын болашақ мұғалімдерді даярлауда сапалы білім және ұлттық рухтағы тәрбиені тереңдете беру мен өмірлік тәжірибемен ұштастыру екендігі анық болып отыр. Яғни, мектеп оқушыларына немесе болашақ мұғалімдерді даярлайтын жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерісте рухани құндылықтарды сіңіру арқылы ұлттық тәрбиені жүзеге асыру басты мәселеге айналып отыр. Демек, болашақ мамандарды даярлауда этнопедагогикалық білім берудің мақсаты ұлттық сана-сезімді, өз халқының тарихына, мәдениеті мен дәстүрлеріне біртұтас көзқарас қалыптастырудың маңызы зор болып табылады. Профессор Ж.Асанов «Этнопедагогикалық жағынан қалыптасқан мұғалім деп әлеуметтік өмірімізді өзінің іс-әрекетінен таныта алаын, оқу материалдарын орынды іріктеп, оны оқытуда ұлттық әдіс-тәсілдерді, құралдарды пайдалану арқылы оқушының ана тілінде сөйлеуге, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді құрметтеуге, ұлттық мәдениетті дамытуға бейім және қазақи менталитет элементтері орын алған оқушыны тәрбиелей алатын маманды айтамыз» деген [38, 55].

Әлемдік білімді меңгеру заманауи қажеттілік, бірақ ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды жастардың бойына сіңірмеуі мен меңгеруі болмаса, онда бұл оларды өзінің ұлттық дүниетанымдық руханилығынан айыруға алып келуіне себепші болады. Себебі, қазіргі түрлі бағыттағы ақпараттық білімдердің мзмұнында қазақтың ұлттық құндылық пен тәрбие мәселесіне қарама-қайшы келетін тұстары көп екендігі анық. Ал мұндай қондырма, ұлттық болмыс пен жаратылыс ділге үйлеспейтін білім мен тәрбие болашақ ұрпақтың өмірлік бағыт-бағдарына негіз бола алмайды, оларды адастыруға алып келеді. Мұндай болудың себебі, ұлттың құндылықтарынан айырылуы, білмеу, меңгермеу, халықтың тәлім-тәрбиелік мұраларымен сусындамау, ұлттың мәдени тарихын өскелең ұрпақтың жадынан жоюға алып келеді. Мұның салдары ұлттық, елдік, этникалық тұтастықтан айырылуға әсер етеді.

Демек, жоғары оқу орындарындағы мамандық даярлаудағы білім бағдарламаларында ұлттық дүниетаным мен тәрбие беру арқылы төл құндылықтарымызды беретін әлеуметтік-ізгілендіру бағыттағы түрлі ғылым саласындағы пәндердің мазмұнын тәлім-тәрбиелік мұралар арқылы күшейту керектігі анықталып отыр. Тәрбие беру мәселесіне философиялық түсінікте келу қажеттілігі туындайды. Тәрбиелеу дегеніміз – жеке тұлғаның қалыптасуында орын алатын дүниетанымдық түсінік, біліктері және оған мәдени құндылықтарды беруде жалпы адамзаттық пен мәдениеттің ұлттық құрамаларының өзара әрекеттесуі немесе ішкі байланыс арқылы нақты-тарихи тәлімдік білімдер жүйесі мен тәрбиенің, оның қағидаттық ұстанымдарын және құндылықтарының мәнін мазмұндық тұрғыдан ғылыми негіздеп келтіру, беру. Ал, құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеу үдерісі адамгершілік пен ізгілік

мұраттарға бағытталған өскелең ұрпақтың өз бетімен мінез-құлықтық құндылықтарды таңдап алу қабілеттерін қалыптастыру мен шарттарын жасауды көздейтін мақсат болып табылады. Яғни, оларға жалпыадамзаттық құндылық тәжірибесін тікелей бере салу емес.

Жеке тұлғаны тәрбиелеу мәселесі педагогика тарихының ғасырлардан ғасырларға ұласып келе жатқан ұлы мақсат-мұраттардың ішіндегі ең бастысының бірі болып саналады. Ал қазіргі таңда сол бір ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің негізгі мақсаты – руханилық, құндылықтарды қастерлеу, ізгілік, мейірімділік ұстанымдары болып табылады. Мұндай тағылымдық өнегелердің дені халық ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің мұраларындағы тұлға тәрбиелеудегі «халықтық рух» идеяларымен байланысты болып келеді. Осыған сәйкес, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Рух – 1. Философ. Табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білідретін философиялық ұғым. 2. Рухани күш-қуат, батылдық», - деп сипаттама беріледі [39, 693]. Ал, философиялық сөздікте: «рух (лат. «spiritus» - леп, дем, иіс) – сөздің кең мағынасында материалдық бастамға қарағанда идеалдыққа санаға барабар ұғым», - деп келтіреді [40, 367].

Ғылыми тұрғыдан рухты санаға қатысты қарастырамыз. Сана тек адамға ғана тән болса, рух сананың объективті мәніне ие болған көріну формасы. Адамның дүние туралы түсінігі негізінен рухани қасиеттерді тануға байланысты болып келеді. Ал рухани қасиеттер әлеуметтік ортада қалыптасады. Демек, әлеуметтік орта мен рух адам болмысының басты анықтаушыларының бірі болып табылады. Біздің пікірімізше, рухы биік, күшті елдер қашанда бағы таймаған, «мың өліп, мың тіріліп», жасампаздыққа қол жеткізген. Ондай жасампаздықты жасаушы рухы биік тұлғалар. Ал, ондай тұлғаларды өмірге әкелетін көп факторлардың бірі әлеуметтік орта, әлеуметтік бағыт-бағдар, ұлттық тәрбие мен бабалар өнегесі болып табылады.

Зерттеу нысанамызға сәйкес, «Ұлттық рух», «Ұлттық құндылықтар», «Ұлттық тәрбие» деп аталатын кеңістікте оның атрибуттары болып саналатын ұғымдар мен түсінік берер болсақ: ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық намыс, т.б. болып табылады. Оның негізі руналық жазулардан бастау алып, қазақтың ғұламаларының трактаттарында айқын бейнеленген. *Ұлттық мінез* дегеніміз, қазақ халқына тән этнопсихологиялық ұқсастықтар мен ерекшеліктердің жиынтық бейнесі болып табылады. *Ұлттық білім* – білім мазмұнындағы қазақы дүниетаным мен болмыс көрінісі, тарихи сана, басқа да дәтүрлі мәдени-рухани көзқарастар жүйесі деп атаймыз. Олай болса, *ұлттық сана* дегеніміз – халықтың тұрмыстық көрінісі, яғни халықтың бүкіл ғұмырнамасының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесі, яғни халықтың өзін-өзі жете танып, түсінуі. Ал *ұлттық дүниетаным* деп, дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады. Ресей отаршылдары қазақ жерін бір жарым ғасыр бойы жаулағанда, олар отты қарумен, тұрақты армиямен қаруланса да әр жердегі қазақ батырларының қол бастаған жанкешті қарсылығына ұшырап, алға жылжи алмай келді. Мұның басты себебі, қазақ

халқының ұлттық санасы күшті асау халықты келешекте қолда ұстап тұрудың қиындығын Ресей отаршылдары терең сезінді. Кеңістіктегі еркіндікті аңсайтын жылқы мінезді қазақтарды тұқыртып ұстаудың бірден бір кілті – олардың ұлттық санасын өшіріп, халықтық тарихи жадынан жанылдырып, табиғи болмысының өзегі болған ауылдық қауымдық ұясын біртіндеп жою және ұлттық тәрбиесі мен құндылықтарынан айыру мақсатын шешуші орынға қойды. Дала қазақтарының бәрін де саналы түрде мәнгүрттендіруді саяси мақсат ретінде ұстанғандығын енді ғана тарихи тұрғыдан сараптауға көзіміз жетті. Мәселен, жоғарыда атап көрсетілгендей, маргинал топтардың ұлттық санасы төмен болғанымен, ұлттық рухы архетиптік түрде болса да сақталады. Себебі ол да биогенетикалық жалғасатын, түбегейлі жоғалмайтын тылсым күш. Мындаған жылдардан бері жалғасқан рухтың екі жүз-үш жүз жыл ішінде түбегейлі жойылып кетуі де мүмкін емес.

Ежелгі түркі ойғылдарының бірі, біздің дәуірімізге дейінгі 620-555 жылдары өмір сүрген Анахарсисің (Анарыс деп атайды) тағылымдық мұраларындағы ұлттық тәрбие идеяларының орны ерекше. Әйгілі Платон еңбектерінде Анахарсис – аңызға айналған скиф, өзінің Грекияға жасаған саяхаты кезінде даналығымен танымал болған және Солонның ықпалымен өмірін философияға арнады», - дейтін деректер бар. [41, 622б.]. Скифтердің есімі тарихта тек әскери жорықтармен ғана қалған жоқ, ұлы даналардың Отаны ретінде мәлім болды. Бұл болжам туралы деректерде: «Анахарсис скиф патшасы Спарнапистің шөбересі, Ликтің немересі, Гнурдың баласы», - деп кетіреді [42, 76б.].

Сонымен қатар шешендік өнерді жақсы меңгерген, рухы мықты, әскери қолбасшы болған. Әйгілі философтар мен тарихшылардың еңбектерін оқып білімін кеңейтеді. Тарихшылардың айтуынша, көшпелілердің ер жігіті әскери соғысқа қатыспай алыс сапарға шықпайтын болған. Анахарсисің өз Отанын, халқын шексіз сүйгенін, туған халқының салт-дәстүрін қатты құрметтегенін мұнда «Аннога» арналған сөздерінен білеміз: «Менің бар жамылғым – скифтің шапаны, етігім – аяғымның терісі, төсегім – кең дала, таңғы асым мен түстігім – сүт, ірімшік және қуырдақ, сусыным – су», - деген екен. Сонымен қатар, «Патшаның ұлына» айтылған тағылымдық сөзінде: «Сенің сенгенің – сыбызғы-сырнай мен әмияның, менің сенгенім – садақ пен жебе. Сондықтан сен – сауықшыл дүниенің құлысың, ал мен – еркін адаммын. Сенде жау көп, менің дұшпандарым жоқ. Егер сен де асыл тастарыңды лақтырып тастап, садақ пен қорамсақты асынып, скифтердің ішінде өмір сүрсең, онда сен де мен сияқты еркіндікте жүрер едің», - деп еркін жүретін көшпенділік өмірдің мәнін түсіндіреді. Ал, «Медокқа» арналған тарктатында адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынап, ондай қасиеттерден скифтер өз бойларын аулақ ұстайтынын, бауырмал, таза, батыр және әділ халық екенін айта келіп: «Қызғаныш пен қорқақтық – адамның бойындағы қасиетсіз сезім, оның соңы досың мен еліңнің табысын табалайтын қайғыға ұласады, ал қорқыныштың түбі үмітсіз дүниеге үміттенуімен өмір сүруге әкеп тірейді. Мұндай адамдарды скифтер ұнатпайды. Жек көру, қызғаныш, көре алмаушылық сезімдері бар

адамдар жауымен қалай күрессе, олармен де солай күреседі», - деп келтіреді [43,150]. Біздің пікірімізше, Анахарсистың құндылық ретінде рух турлы өсиеттері негізінен өз туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілігімен сипатталады. Оның өнегелі сөздерінен ұлттық рухтың жоғары екендігін көреміз. Аталған тарихи өсиет, тағылымдар, болашақта жастарды рухани және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде негізгі құрал ретінде пайдалануға болады.

Түркі халықтарының ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін танытатын этномәдени құндылығы жоғары мұра – «Қорқыт ата кітабы». *Қорқыт ата* тағылымдары деп Сырдария бойын жағалаған Оғыз-қыпшақ тайпаларының мемлекетінде өмір сүрген, оғыздар арасынан шыққан әйгілі күйші, музыкант, жыр алабы, аңыз кейіпкері Қорқыттың тәлім-тәрбие туралы ойларын айтамыз. Қорқыт ата кітабы – Орта Азия, Қазақстан және Әзірбайжан халықтарының аса көрнекті ортақ жазба ескерткіші. Арнайы тоқталуды қажет ететін мәселе – *халықтың сол тәлім-тәрбиелік құндылықтары болып саналады*. Қазақ халқы ата-тегінен қалған мұраны сақтап қана қалған жоқ, оларды болашақ жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге, этностың рухани-адамгершілік бейнесіне, мәдениетке, тұрмысқа, әлеуметтік қатынастарға тигізетін әсерін терең ұғынып, оны әрі қарай дамытуға тырысты. Халықтың тәрбиелеу, білім берудің өмірлік тәжірибесінде қолданған педагогикалық формалары мен құралдары алуан түрлі әрі мол. Осының нәтижесінде ұлтымыздың жас ұрпағы сол замандағы даму деңгейіне сәйкес, жеткілікті деңгейде ақыл-ой, дене, еңбек, эстетикалық, адамгершілік тәрбиесін алды. Көшпенді қазақ халқының тіршілігі мен еңбек әрекеті табиғатпен, жануарлармен тығыз байланысты. Балалар тәрбиесі табиғатпен ұштастырыла жүргізілді. Тарихи жағдайлар мен рухани құндылықтардың барлығы халқымыздың этномәдени білімдері өте ерте заманнан басталғанын, тарихы терең екендігін дәлелдейді. Бұл рухани, этномәдени асыл мұраны ортағасырлық ойшылдардың тәрбие, білім беру туралы идеялары және халық тәлімі мен ауызекі шығармашылығы одан әрі байытты. Бәлкім осы заманғы халықтық дәстүр мен көшпелілер өркениеттің өміршендігі мен ұстамды сабақтастығы, ұрпақтан-ұрпаққа берілген тұрақты жалғастығы Қорқыт Ата кезеңінен оның айрықша тұлғалық орнынан бастау алып жатқан шығар немесе символдық түрде солай. Атап айтқанда, бабамыз өз заманының данышпаны ретінде тууына, өмір сүруіне, үлгі боларлықтай мол мұра қалдырауына объективті себептер қажет болуы мүмкін. Біздің пікірімізше, Қорқыт мұрасы халықтық дүниетаным, ортақ рухани құнды тәрбиелік мұра, ортақ ұлттың тыныс-тіршілігі болып есептеледі, ал оның тарихи әфсаналары мен мәтіндік туындылары және қобыз күйлерінің сарындары объективті деректер, яғни шынайылық болып табылады. Зерттеуші-ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Бұл тарихи-тағылымдық мұра Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ дәуірінде жырланып, XV ғасырда кавказ жерінде хатқа түскен», - деп келтіреді [44, 151].

Қазақ жерінен шыққан ғалымдардың ішінде дүние жүзіне мәлім Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің тағылымдық мұраларында ұлттық тәрбиенің негізі қаланған. Оның жан мен тәннің пайда болуы жайындағы трактатында

өзінен бұрынғы Платонның «Жан тәннен бұрын пайда болады» деген пікірін жоққа шығарып, жан мен тән бірге дамиды, тәнсіз жан жоқ, жан – тәннің тіршілік қасиеті, адамның тәні де, жаны да, рухы да өткінші деп ой топшылайды. Әл-Фарабидің тағылымдық мұраларында жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру ұғымына берілген анықтамада: «жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші бұлар ізгілік қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелділікті табамыз. Және осы екеуінің арқасында қайырымды адам боламыз», - деп келтіреді [44, 20].

Қазақ халқының ойшылы, данышпан Махмұд Қашқариидің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») кітабында түркі халықтарының ұлттық құндылықтарын қастерлеуі, тұрмыс-тіршілігі және ізгілік пен тағылымдық істері жайында баяндалады. Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты тағылымдық еңбегінде ұлттық құндылықтарын қастерлеуі, жалпытүркілік ізгілік, дәстүрлі діншілдік, қайсарлық, табандылық, батылдық, сенімділік, жауапкершілік, түрлі мораль, этика туралы тәлімдік мағлұматтар беріледі. Данышпанның мұндай ғибратты сөздері түркілік тәлімдік тәжірибеден туындаған және халық арасында афоризмге айналып кеткен. Педагогика тарихында ұлы ғұлама туралы деректерге келетін болсақ: «Махмұд Қашқари Талас-Шу маңындағы Барысхан шаһарында дүниеге келген. Білім алып, өскен ортасы Шығыс Түркістандағы Қашқар шаһары болған. Сондықтан тегіне «Қашқари» деп жазылуы содан болса керек», - деген деректерді келтіруге болады [47, 174].

Түркі ойшылдарының бірі, тағылымдық мұраларымен түркі халықтарына ортақ Жүсіп Баласағұнның ұлттық тәрбиеге арналған еңбектері өте бай және маңызы зор. Оның «Құтадғу білік» («Құтты білік») атты дастанының тәрбиелік маңызы зор. Мұнда ұлттық құндылықтарға негізделген кісілік, сөз өнері секілді жақсы қасиеттерге тәрбиелеу туралы баяндалады. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты еңбегінде: «Бұл кітап негізінен бірі – әділет, екіншісі – бақыт, үшіншісі – ақыл, төртіншісі – қанағат деп аталатын бөлімдерден тұрады. Оны түркілер төрт құндылық ретінде бағалайтын болған», - деп сипаттама береді [47, 12]. Негізінен дастан 85 тараудан, 6645 өлең жолынан тұрады. Оның мазмұнындағы оқиғаға қатысты төрт кейіпкер – төрт қасиет бар. Олар – әділет, дәулет, парасат, қанағат. Осы төртеуінің арасындағы бақыт туралы сөздің жартысы диалогқа құрылған. Дастан Қарахан мемлекетін нығайту, оның даңқын асқақтату мақсатында жазылған. Осы өлке кезінде шаруашылығы шарықтап өскен, жазу, сызу өнері дамыған, мәдениеті өркендеген, зиялы қауым көп шыққан ел болған. Баласағұн адам баласының қадір-қасиеті білім мен ақылда. Бұл адамның жетіліп, кемелденуінің алғашқы жолы. Ғылым іздеу – мұсылманның бір парызы деп қарайды. Ол білім-ғылым тіл арқылы байиды дей келіп, білім мен тәрбие беруде тілдің пайдасы мен зиянын сөз етеді:

«Көп сөйлем, аз айт бірер түйірін,

Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін», - деп ой қорытады.

Ол ізгілік – адамзат үшін ең қажетті басшы ізгі болса, халқы да ізгі болады дейді. Жүсіп Баласағұнның ұлттық рух туралы идеяларының дені «біліммен, еңбекпен байлыққа қолың жетсе мақтанба, асып таспа, адамдық ардан аттама» дегенді өсиет етеді.

Сондай-ақ әлемге танымал ағартушы-ойшыл Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») атты еңбегі ізгілік, Алла Тағалаға құлышылық ету, дінге берік болу, елін қорғау туралы діни құндылық бағытындағы ой-пікірлерге негізделген. Әдетте жеке тұлғаның бойынан табылуы тиіс ұлттық қасиеттердің «негізі сабырлылық, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерден тұрады» деп түсінік беріледі. Бұл адам тұлғасындағы асыл қасиеттермен байланысты [48, 58].

Түркі елдеріне ортақ ғалым Мұхаммед Хайдар Дулати – Жетісу өлкесіндегі Дулат тайпасы әмірінің ұрпағы. Оның негізгі педагогикалық идеялары ізгілік құндылықтар мен ұлттық тәрбиені сақтауға бағытталған. Ол тұлғада болатын екі қасиетін атап өтеді: «Біріншісі – қайтпас қайсарлық, парасат пен ақыл қажет. Екіншісі – батылдық пен төзімділік. Мұндай қасиеті бар пенденің іс-әрекеті қылыш пен садақ күшінен артық», - деп тұлғаның бойындағы ерекше қасиеттеріне баға береді [49, 121-122].

Қазақ мемлекетінің тарихында аты хатқа түспесе де, жыр-толғаулары халық аузында, ел жадында мәңгі сақталған жыршы-жыраулардың ұлттық құндылықтар мен тәрбие идеяларының өзіндік орны бар. Қазақ хандығы тұсындағы этномәдени білім көрінісін халықтың ауыз әдебиетінен табамыз. Осы кезеңде халық арасынан шыққан талантты адамдар – ақындар, сал-серілер, жыраулар болды. Жастарды отансүйгіштікке, патриоттыққа, қайырымдылыққа, ұжымшылдыққа, еңбекті қадірлей білуге тәрбиелеуді, үлкенді сыйлап, әдепті, кішіпейіл, елгезек, мейірімді болу сияқты жақсы қасиеттерді олардың санасына сіңіріп, бойына ұялатуда Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар, т.б. ақын-жыраулар шығармаларының үлкен маңызы бар. Солардың ішінде қазақ еліне ұлттық тағылымдарымен танымал жыршы, философ, тарихи тұлға Асан Қайғы (шын аты Хасан Сәбитұлы) 1361-1370 жылдары Еділ бойында өмір сүрген. Деректерде оның туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Асан Қайғының ұлттық тәрбиеге арналған маңызы зор мұраларына тоқталар болсақ, ол өзінің өлең-толғауларында салт-дәстүрлердің бала тәрбиесіндегі қажеттігін насихаттайды. Оның ұлттық тәрбие мен «ұлттық рух» туралы толғауларында адамға деген мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қай жағынан болса да бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстарымен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып көңіл қалдырмайтын татулық сезіммі айқын білінеді. «Мінезі жаман адамға, енді қайтіп жуыспа. Тәуір көрер кісіңмен, жалған айтып суыспа» деген өсиетті жырлайды. Жырау бірде: «Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама», - дейді [50, 31].

Қазақ халқының рухани мұрасын зерттеуші ғалымдардың еңбектерін талдау, бізге бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың басты қызметі – алдыңғы ұрпақтар жинаған тәжірибені үйрету деп тұжырымдауға негіз болады.

Сонымен қатар, біздің зерттеу объектіміз жоғары оқу орны жағдайында – студенттерді оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі тәжірибені бере білу, оларды кәсіптік қызметке даярлау, білім мен шеберлікті, практикалық қызмет дағдысын, педагогикалық болмысқа және тұтас алғанда қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастыру болып табылатындығы айқындалды деуге болады. Демек, еліміздің рухани және саяси ұстанымдарын бекітуде ұлттық санасы қалыптасқан, дербес ойлы, интеллектісі жоғары ұрпақ тәрбиелеу еліміздің білім беру жүйесінің алдына қойылған үлкен міндет. Адамның шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, оның есейіп, қартайып, бақилық болғанда дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқалармен қарым-қатынасы атаулының барлығы – салт дәстүрден өзекті орын алып, адамның дүние таным мәдениетін, көзқарасын қалыптастыратын тәрбие мектебі.

Қазіргі кезде болашақ мұғалімнің ішкі дүниесін, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағыттала алуы мүмкін және солай бағытталуға да тиіс. Этнопедагогиканың бұл арада ерекше мүмкіндіктері бар, өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жалпыадамилық құндылықтармен жан-жақты жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі халқыңның өзіне тән ұлттық ерекшелігін тануға, басқа халықтың өз ерекшелігін терең танып, көре білуге және ұлттық құндылықтарды тәрбие құралдарымен үйлестіруге мүмкіндік туады.

Бүгінгі таңда болашақ ұстаздардың этнопедагогикалық құзыреттілігі ол ұлттық келбеттегі педагог, ол дегеніміз – ұлттық намысы, ерік-жігері бойынан көрінетін, мәдениетті, тәлімдік-білімдік маңызы зор әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді меңгерген, оларды өз тәжірибесінде қолдана алатын, демек педагогикалық әрекетін этнос субъектісін қалыптастыруға бағыттаған педагог болып табылады. Сондай-ақ, ұлттық рухани құндылықтармен қаруландыруда болашақ маман үшін жаңа ой-өрісті, өмір мәнінің жаңа көрінісін қалыптастырады. Адам үшін салт-дәстүрлердің барлығын, оның әлеуетін сақтай отырып, қоғамның өмір барысын қайта құрады және бағыттайды.

Этнопедагогикалық білім беру – кәсіби потенциалды ашуға мүмкіндік береді. Осы ретте әлемдік білім жүйесінің талаптарын басшылыққа ала отырып, қазіргі оқыту мен тәрбие процесінде студент жастардың құндылық бағдарының ұлттық ерекшеліктермен өрімделуіне назар аудармасқа болмайды. Себебі ұлттық құндылықтар жүйесі халқымыздың тағылымдық тарихында өте ертеден бастау алып, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде жалғасын тауып келе жатқан ұлттық тәрбиенің қағидаларымен шендесіп жатыр. Сондықтан болар, хатқа жазылмаса да, дала заңдарымен ұрпақтан-ұрпаққа үлкендердің тәлім-тәжірибелік өнегелерімен байланысып, үлгі-өнегелерімен жалғасын тауып келеді. Олай болса, ұлттық құндылықтар тағылымы бастауыш сынып оқушыларының тәрбиелік өнегелерімен байланысы заңды құбылыс ретінде тәрбие мұраларымен байланысы маңызды болып табылады. Себебі бастауыш сыныптың тәрбие сағаттарында ұлттық педагогиканың қағидалары күнтізбелік жоспарда кеңірек насихатталуы керек.

Ұлттық тәрбие өздігінен оқшау, абстарктылы, ешкімге қатыссыз көзқарастар тізбегі емес, халқымен бірге шынайы өмір сүретін, олардың таным-түйсігі мен өмірлік қағидаларының, болашақ көзқарастарының жалпы негіздерін құрайды. Демек, ұлттық құндылықтардың тұлға тәрбиесіндегі ғылыми бағытындағы тарихи хронологиялық кезеңдерді қамтиды. Біздің зерттеулерімізде тарихи кезеңдерге сипаттама берілген болатын. Біз ұлттық құндылықтар мен тәрбие идеяларының алғышарттарын ғылыми тұрғыдан негіздеуге талпыныс жасадық (Кесте 1).

Кесте 1 – Қазақстандағы ұлттық құндылықтар мен тәрбие беру идеяларының тарихи-педагогикалық алғышарттары

/с №	Ұлттық тәрбиенің қалыптасу дәуірі	Ұлттық тәрбие идеяларын беру өкілдері	Ғылыми мұралары	Ұлттық тәрбие берудің нәтижелері
	Ұлы түркі дәуіріндегі тағылымдар (VI-XV ғғ.)	Әбу Насыр әл-Фараби (870-950), Жүсіп Баласағұн (XI ғ.), Махмұд Қашқари (XI ғ.), Қожа Ахмет Йассауи (1103-1166) т.б.	«Қайырымды қала тұрғындары» трактаты, «Бақытқа жол сілтеу», «Азаматтық саясат», «Құтты білік», «Даналық кітабы», т.б.	Қала мәдениетінің өсуі, ғылым мен білімнің дамуы, медреселер мен мешіттерде ғылыми білімнің өркендеуі, т.б.
	Қазақ хандығы дәуіріндегі ұлттық тәрбие құндылықтарының дамуы (XV–XVIII ғғ.)	Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551), Асан Қайғы (XV ғ.), Қазтуған (XV ғ.), Бұқар жырау (1697-1787), т.б.	«Тарихи Рашиди» еңбегі, ақын-жыраулар мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қастерлеу мен ұлттық тәрбиені дамыту туралы тағылымдық жырлары мен дастандары, т.б.	Қазақ халқының тағылымдық өнегелері, салт-дәстүрлері, өсиет-ғибрат сөздері, жыраулардың тағлымдық мұрасындағы ұлттық құндылықтарды қастерлеуге арналған жырлары, т.б.

Қазақ халқының тағылымдық тарихи даму жолына жаңа көзқарастар туғызып қана қоймай, халық мұрасының жан-жақты терең зерттелуіне, сондай-ақ оны әділ бағалауға өте қолайлы жағдайлар туғызды. Өйткені жоғарыда келтірілген нормативтік құжаттардағы басты мәселе – адам капиталы, құндылықтар, ұлттық құндылықтар, ұрпақты рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу, интеллектуалды ұлт, Қазақ патриотизмі, «Мәңгілік ел» идеясы, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу және т.б. екенін байқасақ, мемлекетіміздің негізгі стратегиясы әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына, қазақстандық патриотизмнің кеңінен тарап, халықтың этностық-мәдени мүдделерінің іске асуына бағытталған. Ғылыми-педагогикалық әдебиет көздері мен мұрағат материалдарын талдау кезінде Қазақстанда ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің қалыптасуы мен даму

кезеңдерінің салыстырмалы-мазмұндық сипаттамасын төмендегі кестеде береміз (Кесте 2).

Кесте 2 – Қазақстанда ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің қалыптасуы және оның даму кезеңдерінің салыстырмалы-мазмұндық сипаттамасы

Р/с №	Ұлттық тәрбие идеялары	Ұлттық тәрбие беру идеяларының өкілдері	Ұлттық тәрбие беру идеялары баяндалған еңбектері	Ұлттық тәрбие берудің нәтижелері
1	Ресей құрамындағы Қазақстанда ұлттық тәрбие беру (XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. басы). 1-кезең	Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және т.б.	«Қозы көрпеш – Баян сұлу», «Қазақ халық поэзиясының түрлері», «Қырғыз хрестоматиясы», «Кел, балалар, оқылық», «Қара сөздер», т.б.	Діни мектептер мен медреселер, орыс-қазақ мектебі, т.б. балаларға арналған ұлттық тәрбие мен діни тәрбиені қатар қолдану, елдегі ағартушылықтың кең бағыт алуы, т.б.
2	Кеңестік Қазақстандағы ұлттық тәрбие беру (XX ғ. 20-90 жж.). 2-кезең ұлттық тәрбие берудің қалыптасуы	Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Б.Момышұлы, т.б.	А.Байтұрсынов «Әліпби», «Тіл құралы», М.Жұмабаев «Педагогика», М.Дулатұлы «Есеп құралы», «Қирағат», Ж.Аймауытов «Психология», «Тәрбиеге жетекші», Б.Момышұлы «Ұшқан ұя», т.б.	Алаш қозғалысы, Кеңестік империяның орыстандыру саясатына қарсы ұлттық тәрбие; Қазақ халқына сапалы білім беру. Қазақ газет-журналдарын шығару. Қазақ мектебін ашу; Төл оқулық, оқу құралдарын жазу; Қазақтың ғылыми тілін қалыптастыру
3	Тәуелсіз Қазақстанда ұлттық тәрбие беру, (XX ғ. 90-ж. бастап қазірге дейін). 3-кезең - ұлттық тәрбие берудің дамуы	Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев, К.Ж.Қожахметова, Ж.Ж.Наурызбай, Ә.Табылдиев, Қ.Бөлеев, т.б.	«Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы», «Тамыры терең тәрбие», «Педагогическая культурология», «Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика», «Қазақ этнопедагогикасы», «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау», т.б.	Этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы, Этномәдени білім беру теориясы мен әдіснамасы қалыптасты. Ғылыми теориялар жарыққа шықты. Іргелі ғылыми зерттеулер жүргізілді. Ұлттық тәлім-тәрбие қағидаларына негізделген ғылыми-тәлімдік бағдарламалар оқу-тәрбие жұмысына енгізілді. Ұлттық гимназиялар мен

				мектептер ашылды. Қазақ тілі ғылым тіліне айналды.
--	--	--	--	--

Ағартушы, педагог Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин (1841-1889) – қазақтың көрнекі ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф. Ы.Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ұстаздың балалармен қарым-қатынасы туралы: «Балалармен қысқа, байсалды, ашуланбай сөйлесу, әрбір пәнді бар пейілмен және қарапайым тілмен, екі ұшты мағыналы сөздерсіз, әрі қатесіз терминдерді араластырмай түсіндіру керек», - дейді [51, 112].

Ұлттық құндылықтар мен «ұлттық тәрбие» идеясы туралы кемеңгер ой-тұжырымдарымен белгілі Абай Құнанбайұлы негізінен тәрбие, дін, саясат, қоғам, әлеумет, өмір философиясы секілді келелі мәселелерді қамтиды. Оның педагогикалық мұраларының мәні жеке тұлғаның өз еліне, жеріне, бауырларына, ұлтына адал еңбек етуге тәрбиелеумен сипатталады. Қазақ халқының тәрбиелік құндылықтарының негізінде армен қатар абыройға үлкен мән береді. Яғни, «елдік абырой» немесе «абырой» кең мағынада қолданылады. Мағыналық тұрғыдан алғанда ар-ұят, құрмет, қадір-қасиет деген ұғымдармен қатар қолданлатын философиялық моральдық ұғым, этикалық категория тұрғысынан алып қарағанда «адам бойындағы ең қасиетті азаматтық құндылықтардың бірі» деп сипаттама беруге болады. Осыған сәйкес, «абырой» сөзінің ғылыми анықтамасына келетін болсақ: «адам бойындағы асыл құндылықтардың, кісілік пен адамгершілік қасиеттердің жиынтығы, кез келген іс-әрекеттің, жүріс-тұрыстың, мінез-құлықтың эталоны», - деп анықтама беріледі [52, 190].

Ұлт ұстазы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасының денін ізгілік, адамгершілік тақырыптағы шығармаларды құрайды. Оның «елшілік ұраны» деп бағаланған «Маса», «Қырық мысал», «Ер Сайын», т.б. жырлары қазақ елінің жастарын ерлікке, туған жерін сүюге тәрбиелеуге бағытталған болатын.

Мысалы:

«Қазағым, елім,
Қайқиып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қанауда жаның,

Аш көзіңді оянып», - деп патша өкіметінің озбырлығын сынап, халықты оның әккі саясатынан босанып, тәуелсіздік алуға шақырады [53,79].

Қазан төңкерісі тұсында қазақ халқының бостандығын шынайы азаматтық тұрғыдан сезініп, әділ бағасын берген түркішіл-патриот Мағжан

Жұмабаевтың шығармалары ұлттық тәрбие мен ұлттық рух бағытындағы проблеманы негізге алады. Ол өзінің «Педагогика» атты еңбегінде ұлттық тәрбие мен құндылықтар мәселелерін орынды көтеріп, ғылыми мәнді пікірлер айта алған. Өмірдің өзекті мәселелерін жүректің нәзік қылымен өрнектей білген Мағжан тәрбие туралы да өрелі ойлар айтқан. Яғни: «Тәрбиеден мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», - деп өзінің гуманистік пікірін айтады [54, 99].

Профессор С.Е.Нұрмұратов «Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (әлеуметтік-философиялық талдау)» атты ғылыми еңбегінде: «Тарихи тұлғалардың арасында руханилықтың кейбір қырларын терең түсінген, оны өз заманында баршаға жария етуші қызметті атқарған рухани алыптар болады. Солардың рухани мұрасы барлық тәрбиелеуші, білім беруші мекемелерде, ұйымдарда насихаттала түскені орынды және ол әрбір жас ұрпақтың жүрегіне жететін деңгейде дәрістелсе ғана өзінің тиімді нәтижелерін береді», - деп атап айтады [55, 220]. Мұнда ол негізінен тәрбиені жан-жақты қоғамдық ортада насихаттау жұмысында кеңірек қолдану қажеттілігіне тоқтала отырып, жас ұрпаққа рухани тәрбие, ұлттық рух туралы мағлұмат берудің маңызына тоқталады.

Қоғам қайраткері, философ А.Айталы ұлттық тәрбиенің бүгінгі жастар тұлғасын қалыптастырудағы зор мүмкіндігін «Ұлттану» атты монографиясында жан-жақты сөз етеді. Ғалым мемлекет, мәдениет, ұлттық менталитет, дін, тәрбие проблемаларын бүгінгі қоғамдық жағдаймен өзара байланыстарын қарастыра отырып, ұлттық құндылықтарды жастар бойында қалыптастырудағы этномәдени дәстүрлер ролін жан-жақты талдап көрсетуге тырысады. Автор өз пікірін: «Ұлттық рухани мұралары мен дәстүрлерін, дәстүр мен салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүиежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады», - деп келтіреді [56, 81].

Ойымызды нақтылай келе, Қазақ елінің болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір құндылық, ол – жастарды отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеу. Ендеше, қазақстандық жаңа білім үлгісі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді және сол білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де, білікті етіп өсірумен қатар, оның адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін дұрыс және орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Білімнің басты ұстанымы адамға білім беру ғана емес, сол білімді және біліммен қарулануды «руханияттандыру», «адамгершіліктендіру» болғаны аса маңызды.

1.2 «Ұлттық рухани құндылықтар», «бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» түсініктерінің мәні мен құрылымы

Қазір еліміздегі ұрпақтың ұлттық тәрбие мәселесіне тікелей қатысты прагматикалық құндылықтарға негізделген батыстық өркениетке, батыстық

мәдениет үлгілеріне (үлгіге келмейтіні қанша) талғамсыз еліктеу; идеологиялық, ақпараттық дамудың зардаптарын алдын ала ескермеу және оларға қарсы тұрудағы құлықсыздық пен шарасыздық; ұлттық идеяға негізделген сындарлы идеологиямыздың болмауы, жастар арасында саяси-идеологиялық тәрбие жұмыстарының әлсіздігі; мектептің тәрбие жүйесінде стратегиялық көзқарастың болмауы, оған тиісті көңіл бөлінбей, қосымша міндет деп қарау; тәрбие жүйесінің ғылыми-әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық және рухани-әлеуметтік негіздерінің осалдығы; тәрбие мәселесіндегі отбасының, социумның, қоғамның рөлінің төмендеуі; өзімізде барды бағаламай өзгенің жасығына еліктеп-солықтау, т.б. басты-басты ойлануға тұрарлық мәселелер орын алып отырғаны белгілі. Сондықтан жаңа білім үлгісін жасау аясында бүкіл қоғамды жұмылдыра отырып, рухани, интеллектуалдық және экономикалық тәуелсіз мемлекет орнату болашағына бағдарланған, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға үйлестірілген ұлттық тәрбие берудің үлгісін жасау және білім беру көлеңкесінде қалып қоймайтын, керісінше тәрбие мәселесін төрге қоятын тәрбие-білім жүйесін іске қосу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін басты мәселелерінің бірі болып табылады. Одан басқа жаһандану жағдайындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, толеранттық-төзімділік қасиеттер де этнопедагогикалық білім беруде көрініс табуы тиіс деп ойлаймыз.

Ойымызды тұжырымдасақ, ұлттық тәрбие – ұлттық болмысы жоғары болашақ мамандарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Негізгі мақсатымыз – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық, кемелденген ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Ал міндетіміз – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие процесін ұлттық сипатқа ұйымдастыру – уақыт талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның адамзаттық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі осы оқу-тәрбие процесіне тікелей байланысты. Сондықтан біздің көтеріп отырған мәселеміз біріншіден – ұлт, екіншіден – тәрбие мәселесі. Демек, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген екен

бабаларымыз. Этностың өз ішіндегі ала-құлалық ұлттың, мемлекеттіліктің болашағына қатер туғызбай қоймайды. Алғашқыда ұлттық тұтастықтан, кейін мемлекетінен айырылудың әкелер қасіретін – бек ұлдардың құл болатынын, пәк қыздардың күң болатынын осыдан он төрт ғасыр бұрын Күлтегін тасына қашап жазған байырғы түркілердің даналығынан көруге болады. Кеңес одағы кезінде Күлтегіндей дананың айтқан сөздеріне мән берілмеді, тіпті оның қажеті жоқ деп санады. Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет», - деп жазуында өмірлік мәні бар шындық жатыр [57].

Ұлттық «Менді» қалыптастырудың жолдары мен әдіс-тәсілдері сан алуан екендігі белгілі. Соның ішінде жетекші орынды тәрбие алатынына ешкім күмән тудырмайды. Себебі, тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жеке тұлғаның бойына сіңіру, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және оған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыру болып табылып, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатын көздейді. Қазіргі мектептерде ұлттық тәрбие беру мәселесі өз шешімін таппаса, білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар түпкі нәтижеге қол жеткізуі мүмкін емес. Ол үшін ұлттық тәрбие беру барысында басшылыққа алынатын талаптарды анықтап алудың да маңызы зор:

- біріншіден, ұлттық тәрбие беру Ата Заңымызға, «Білім туралы» Заңына қайшы келмеуі керек, яғни нәсілдік, ұлттық, діни кемсіту немесе дәріптеуден алыс тұрған абзал;

- екіншіден, ұлттық тәрбие бір ұлттың мұратын ұлықтауымен қоса, басқа ұлттардың тарихын, дәстүрін, этникалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, оларға қуат беретін факторға айналуына қамтамасыз ету қажет;

- үшіншіден, ұлттық тәрбие үздіксіз болу керек. Елдің ішіндегі, жер-жаһандағы нақты ахуалға байланысты оның көздегені өзгеріп, нақтыланып отыратыны айтпаса да түсінікті жайт. Мәселен, қазірдің өзінде тарихи отанында отырған қазақтар мен диаспора санатында шетте жүрген қазақтардың ұлттық мұраты бірдей дей алмаймыз. Біріншілері үшін Қазақстанның бүгіні мен ертеңі басты мәселе болса, екіншілері жүрген ортасында қазақ болып қалу қамын көбірек ойлайды. Уақыт өткен сайын ұлт мұратындағы осынау айырмашылық ұлғаймаса, қабыспайтыны ақиқат деп білеміз. Сондықтан барлық елімізде тұратын этнос өкілдері қазақ хақықының ұлттық тәрбиесі мен құндылықтарын қастерлеуі тиіс.

Қазақстан Республикасы өз алдына дербес мемлекет ретінде егемендігін алғаннан кейін елімізде ұлттық рухани мұраларымызға бет бұрып, соның негізінде тәрбие беруге көңіл қойыла бастады. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбие

атауын өздерінің докторлық диссертацияларында Қ.Бөлеев пен Қ.Оразбекова пайдаланып, жеке тұлғаның ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері мен оқушыларға ұлттық тәрбие беруге мұғалімдерді дайындаудың теориясы мен тәжірибесін зерттеді.

Профессор Қ.Бөлеевтің айтуынша: «...ұлттық тәрбие терминін ендіру педагогика ғылымында өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы. Ұлттық тәрбие – жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы», - деп сипаттама береді [58, 124].

Олай болса, ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың тиімдігі – болашақ мұғалімдерді, білікті тәрбиешілерді даярлау және қайта даярлау мен жетілдіру жұмыстарына арналған арнайы бағдарламалар мен нақты шараларды қолға алу арқылы іске асырылады.

Профессор К.Оразбекованың пайымдауынша: «ұлттық тәрбие – болашақ қоғамымыздың құрылысшыларын дайындайтын дарынды, парасатты, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды қалыптастырудың негізі болуы шарт деп санайды. Ол, ұлттық тәрбиенің тәлімдік негіздері Адам атадан бастау алып, бүкіл өмірі-өлеңге, өлеңі-өмірге айналған жыраулар арқылы жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды», - деп ұлттық тәрбиенің бүгінгі таңда ұлттық идеологияны қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын атап өтеді [59, 21].

Профессор Қ.Ж.Қожахметова ұлттық тәрбиені этникалық тәрбиеге қарағанда кең ұғым деп қарастыра отырып, мынадай анықтама береді: ұлттық тәрбие – жалпыхалықтықты ұлттық сипаттармен біріктіре алатын ұлттың азаматтарын, мүшелерін қалыптастыру: «олар тілді, мәдениетті білуімен қатар қазіргі заманға сай білімді де игеруі» қажет [60, 21]. Әрбір халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасының түпнамасы – оның ұлттық құндылықтармен мың ғасырлық байланыстығының тұтастығында екені анық. Халық педагогикасындағы ұрпақтың жан-жақты дамып-өсуіне, таным кеңістігінің ұлғаюына зор ықпал жасап келгенін педагогика ғылымы жоққа шығармайды.

Қазіргі кезде құндылықты зерттеу мәдениет мәселесімен бірдей контексте қарастырылды. Табиғаттың және адамзат мәдениеті мен құндылығының маңызын саналы түсіну неоканттық философияда айқындалды. Мұнда құндылықты зерттеу дүниетанымдық және логикалық-әдіснамалық бағытта іске асырылады. Құндылық мәдени феномен, сол арқылы адамдық болмыстың бір тірегіне айналды. Мәдени құндылықтар отбасының тікелей ықпалымен тұлғаның жетістігі, оның жүйе түзуші элементі болып табылады. Ұлттық тәрбиенің негізі мәдениеттің коммуникациялық және символикалық мәні көрініс табады. Мәдениеттің екі жақты табиғаты тұлғаны тәрбиелеуде іске асырылып, эмоциялық-адамгершілік маңызға және ерекше құндылық мәнге ие

болады. Осыдан адам көрінісінің мәні жоғары құндылық жүйесін түзеді: трансценденталдық (тәжірибеден, ақыл-санадан тыс), әлеуметтік-мәдени, жеке бас құндылығы.

Ғылыми тұрғыдан философияда құндылық құбылыс пен қоршаған ақиқат объектілердің адамзаттық, субъективтік, мәдени маңызымен үйлестіріліп отырған. Құндылықтар мәдениет әлемі, бұл адамның рухани іс-әрекет саласы, тұлғаның адамгершілік санасы, рухани байлығының бағасы мен өлшемі. Демек, ол тұлғаның еркін ойлауына мүмкіндік бере отырып, оның сана-сезімін қалыптастыруға, жүйелеуге мүмкіндік береді.

Біз зерттеуге негіз ретінде философиялық энциклопедиялық сөздікте «құндылық» адамның «барлық алдында тұрған нәрсеге талпыну, бақылау, сыйластықпен қарау, мойындау сезімдері» ретіндегі мағынада ашып көрсетіледі [61, 403].

Ал «Құндылық» ұғымының генезисі этимология негізінде мынадай үш мағынаны біріктіреді: құндылық қатынасының нысанасы ретіндегі заттардың сыртқы сипаттамасы; қатынастырдың субъектісі болып табылатын адамның психологиялық сапасы; адамдар арасындағы қатынаста құндылықтың жалпы мәнге ие болуы [62,118]. Осыдан, құндылықтың тұлға мен қоғамның өзара байланысын мәдени, адамгершілік-бағдарлық үлгідегі түйінді, көптүрлі жалпығылыми категория ретінде анықтауға болады. Әрине адамзаттың әлемге қатынасының мұндай ерекшелігінің философиялық түсініктен тыс қалмауы заңдылық. Сондықтан адамның дүниені қабылдау ерекшелігі философиялық тұрғыдан жете ұғынуымен тығыз байланысты.

Қазақ халқының біртуар ұлы, ағартушысы Ш.Уәлихановтың көзқарасы бойынша, адам, оның өмірі – ең басты құндылық, жаратылыстың ғажайып жемісі, ол табиғатпен тікелей байланысты. Оның пікіріне сүйенсек, әрбір халық үшін басты мақсат – «еуропалық, жалпыадамзаттық ағартуды игере отырып, осы жолдағы кедергілермен күрес жүргізіп, даму мен мәдениетке қол жеткізу алғашқы орында болған. Ғалым қазақтың ерекше мәдени үлгілеріне тұңғыш рет ғылыми талдау беру барысында құндылықтарға айрықша көңіл бөледі. Сондай-ақ, зерттеуші адамгершілік құндылықтарын өзіміздің әдет-ғұрыптан, салт-дәстүрлерден көрінетінін талдап, оны дамыту үшін, әдебиет пен дәстүрлердің озық үлгілерін пайдаланып, оны күнделікті өмірге құрал етіп ұсынуды көздейді [63, 33].

Демек, адам қажеттілігін өтейтін барлық құндылықтар (материалдық, әлеуметтік, рухани) дәстүрді құрайды. Дәстүр (латынның «tradition» - жалғастыру деген мағынасын білдіреді) – тарихи қалыптасқан қоғам үшін пайдалы, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, белгілі уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірибесінің жалғастығы мен жиынтығы, мәдени мұрасы: «әдет-ғұрыптар, ырымдар, жүріс-тұрыс қалыптары мен тәртіптері, жөн-жоралғылар, т.б.» [64, 139].

Ежелгі философтар адамзаттық құндылықтардың онтологиялық статусы, оның объективтік – идеалистік анықтамасының мәні, абсолюттік, өзгеріссіз жүйесінің болуы мәселелерін де қарастырады. Олар табиғат адамның әсемдік,

әделеттілік түсініктерінің қайнар көзі дей отырып, сыртқы әлемдегі заттардың ағымы мен формасын табиғаттың жоғары құндылықтарын әлемнен тыс, эмпирикадан тыс жаратылыс деп жорамалдайды. Демек, Сократ құндылықты адамның өмірді бағалауы деп сипаттаса, Платон құндылық бұл өмір сүру дейді, ал Аристотель құндылық адамның даналығы, яғни қандай да болмасын құнды нәрсені таба білуі, - деп тұжырымдайды [65, 213].

Философ Ф.Ницше құндылық ұғымын мәндік категория емес, бағалау немесе субъектінің әлемді тануындағы ішкі тәжірибесі деп пайымдайды. Ол, өзінің «Құндылықтарды қайта бағалау» бағдарламасында бұрынғы игіліктерді рационалистік тұрғыдан емес, принципіалды жаңаға негізделген үлгі (парадигма) арқылы жүргізуді ұсынады. Ол классикалық емес аксиологияның өмірге келгенін жариялай отырып, дүниенің алуан түрлі мағынасы мен түсіндірмесі бар, ең бастысы – адам дүниемен жеке-дара қатынасқа түсіп, өз құндылықтарын айшықтай алады. Сондықтан адамзат мистикалық интуиция, миф және иллюзиясыз мәнді (құндылықтарды да) толық қамти алмайды», - деп тұжырымдайды [66, 545].

Белгілі философ И.Кант «құндылық» ұғымын адамгершілік саласы (бостандық) мен табиғат (қажеттілік) саласын қарама-қарсы қою арқылы салыстыра отырып, ғылымға енгізген. Оның пікірінше, құндылық жеке тұлғалық қағидаға қарама-қарсы бұйрық, заң, жарлық, шартсыз міндеттерді көрсетеді [67, 564].

Шығыс ғұламасы Қожа Ахмет Йассауи адамгершілік, кісілік һәм имандылық қасиеттер адамды тәрбиелеудің алтын діңгегі деген тәлімдік-танымдық идеяларды алға тартып, өзінің далалық данышпандық өрнегімен ерекшелеп, адамгершілік құндылықтарды әлемдік деңгейге көтере білді [68, 561]. Қазақ халқының көне тарихындағы аты әлемге мәшһүр болған ойшылдардың ұлттық тәрбие жөніндегі даналық ойларының қатарында Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде адамның адамгершілік қасиеттерін сипаттап, өнегелі тәлімдерді келер ұрпаққа жеткізген. Бізге белгілі болғандай, Жүсіп Баласағұнның еңбектерінен адамның ішкі жан-дүниесін, оның адамгершілік бет-бейнесіне аса ерекше көңіл бөлінгендігін байқаймыз. Осы тұста педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда ұлттық ерекшеліктегі өзіндік сана, құндылық, азаматтық тұрақты мінез-құлық және т.б. ескеру қажеттігі туындайды [69, 56].

Философ Н.Бердяев еңбектерінде құндылықтарды альтруизм, руханилық тұрғысынан қарастыратын аксиологиялық тұжырымдама дайындалды. Бұл бағыт құндылықтарды альтруистік-діни сипаттағы өлшемдер бойынша қарастырумен ерекшеленетін отбасының гуманистік теориясына сүйенеді. Сондықтан отбасының руханилық негізінің беріктігін «жалпы сүйіспеншілік қағидасына» тән мойындау қажет. Ғалымның зерттеулерінен тұжырым жасайтын болсақ, отбасының гуманистік теориясының негізі құндылық, оның ішінде бір-бірімен сүйіспеншіліктегі қарым-қатынасты айтуға болады. Демек, студенттердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда құндылықтарға

бағдарлану, яғни қарым-қатынас ауқымының артуымен тұрақты мінез-құлық формаларымен жандана түсетіні белгілі [70, 92].

Осы орайда, біз Г.Жылқыбекованың «Қазақ этнопедагогикасы арқылы жоғары оқу студенттерінің гуманистік көзқарасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты ғылыми диссертациясын негізге алар болсақ, гуманизмді аскиологиялық тұрғыдан қарастырады. Ғалым құндылықтар мазмұнын этникалық және рухани-мәдени құндылықтар деп екіге бөледі. Сондай-ақ, ғалым өз зерттеуінде ұлттық мәдени құндылықтарды: танымдық, өнегелілік, ұлттық, әлемдік және салауатты өмір сүру, дүниетаным мәдениеттерімен нақтылай отырып, рухан құндылықтарға сипаттама берген. Ғалымның тұжырымдамалық идеяларының негізі жоғары оқу орны студенттерінің рухани дүниесін кеңейту үшін адамгершілік құндылықтарына басымдық танытуды көздейді [71, 82].

Зерттеуші Е.С.Коянғалиев өзінің «Ұлттық мәдени құндылықтар негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру» атты диссертациясында: «...құндылықтар – идеал ретінде өмір сүретін неғұрлым жағымды сипатта ие объектілер мен тұлғаның ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Құндылықтар қандай да болмасын құбылысқа баға берудегі негізгі үлгі және құндылық субъекті үшін объектінің жоғары мәнділігі ретінде айқындалады» деген болатын [72, 72]. Ендеше, ғалымның бұл анықтамасын студенттердің ұлттық құндылықтарды бағалы қасиеттер қатарынан болғанын аңғарамыз, сонымен қатар жағымды сана деп пайымдаймыз. Құндылықтарды типологиялық жіктеу әлемдік ғалымдар үшін нақтылы әлеуметтік зерттеулер жүргізуде негізгі құрал ретінде қолданылып келеді.

Философия ғылымында құндылықтарды әртүрлі тәсілдермен жіктейді: мақсат құндылықтар, құрал құндылықтар, оң және теріс сипатталған құндылықтар. Мақсат құндылықтарға адам өмірі, ақиқат, бостандық, әсемдік, әділдік, жақсылық; құрал құндылықтарға әлеуметтік, саяси, экономикалық құбылыстар жатқызылады. Олар тарихи үрдістің, мәдени кеңістіктің қоғам алдына қойған мәселелерімен байланыста көрініс беретін құндылықтар.

Зерттеуші ғалым Ж.Ж.Куанышбаева «Қазақстан Республикасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар» атты еңбегінде, құндылықтардың жеке адамдар қажеттіліктеріне сәйкес қатынасын келесідей жіктейді:

- адам өмірін сақтау және жалғастыру үшін маңызды қарапайым қажеттіліктерге;
- басқа адамдармен өзара әрекет ету, қарым-қатынас жасау қажеттілігіне;
- әлеуметтену – қандай да бір этноста, қоғамда мақұлданған құндылықтарды, нормалар мен мінез-құлық, тәлім-тәртіп үлгілерін игеруге байланысты күрделі қажеттіліктерге;
- өмірлік мәнді – бүкіл өмір үшін маңызды болатындай өз іс-әрекетін жалпы мәнмен толықтыруға байланысты күрделілігі мен қызметтері бойынша жоғары қажеттіліктерге.

Ғалымның пікірінен қажеттіліктердің сұранымы негізінде құндылықтық мән мен мазмұны толығып, айқындалды деуге болады. Әлеуметтанушылар құндылықтарды белгілі бір ереже немесе іс-әрекеттің реттегіші түрінде қарастырады. Олар үшін құндылық – әлеуметтік объект, қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған норма. Сондықтан әлеуметтану саласы бойынша айқындаған басты құндылықтар:

- жалпы адамзаттық құндылықтар: адам өмірі, бостандық, отбасы, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, мәдениет, денсаулық, заңдылық.
- рухани адамгершілік, ұлттық құндылықтар: мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, діл, ар, ұят, намыс, абырой, дәстүр, әдет-ғұрып, салт, ұлттық дүниетаным, туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер, т.б. [73, 46].

Құндылық көпмағыналы пәнаралық ғылыми ұғым ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. С.И.Ожегов сөздігінде «құндылық» «мән» ретінде анықталса [74, 871], орысша-қазақша сөздікте: «құндылық – құнды зат, мән, ғылымда құндылық қазына, байлық деп түсіндіріледі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық деп сипатталады. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттілігін, керектігін білуге болады. Мәселен, есептегіш машинаның құндылығы адамның оны дұрыс пайдалана білуіне байланысты [75].

Психология ғылымында құндылықтар қоғамдағы моральдық қатынастардың формасы ретінде қарастырылады. Біріншіден, құндылық жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың, ұжымның адамгершілік мәні, абыройы және қоғамдық институттардың (отбасы, мектепке дейінгі мекемелер, мектеп, қоғамдық ұйымдар, жоғары оқу орындары, т.б.) адамгершілік сипаттары деп қарастырылса, екіншіден, моральдық санаға қатысты көзқарастар мен ой-пікірлер, тұжырымдар: моральдық нормалар, принциптер, жақсылық пен жамандық, адалдық пен әділеттілік, бақыт және т.б. туралы түсініктер деп сипатталады [76].

Зерттеуші М.Ә.Перленбетов «Тұлға қасиеттері мен психикалық процестердің байланысы» тақырыбындағы докторлық диссертация жұмысында құндылықтарға сай ұлттық мүдделер мен бағдарлардың қызметін этнопсихологиялық көріністе талдайды. Ғалымның пікірі бойынша «...бірінші деңгейі ұлт өкілдерінің көпшілігінің өміріндегі басым құндылықтар кіретін құндылықтық бағдарлардан тұрады, құрылымның екінші деңгейі ұлт өкілдерінің қоршаған әлемнің түрлі құбылыстарына сан-алуан қатынастары кіреді, үшінші деңгей психикалық үрдістердің және темпераменттің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты құрамдас бөліктерді қамтиды, төртінші деңгей – психофизикалық деңгей» деп, құндылық бағдар тұжырымдамалары сараланады. Ол бұл тұста қазақ халқының әлемді қабылдауының өзіндік ерекшелігі бар екендігін алға тартады. Ғалым М.Ә.Перленбетовтың ойын түйіндей келе адамның әлеммен байланысы мен қарым-қатынасының беріктігін және ұлттың сан ғасырлық тарихи дамуы кезінде қазақтардың әлемді

қабылдауының негізгі санаттарының тұтастығын және тұрақтылығын құндылықтық ерекшелік ретінде негіздегенін айта аламыз [77]. Психологиялық сөздікте «құндылық» ұғымы қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар тұлға өмірінің болмысын анықтайтын құбылыс, оқиғаны бағалаудағы әлеуметтік тәртіп, мінез-құлықты реттеуші, моралдық қарым-қатынас; объектілер, құбылыстар және сапаларды, сонымен қатар қоғамдық идеал ретінде эталон болатын абстрактылы идеяларды белгілеу үшін қолданылатын ұғым деген анықтама беріледі.

Психологиялық-педагогикалық анықтамалық сөздікте «құндылық» ұғымы мынадай мағыналарда ашып көрсетіледі: 1) «заттың оны пайдалы, қалаулы немесе құнды ететін сапасы немесе қасиеті» ретінде; 2) белгілі бір мәдениеттің немесе қоғамның аясындағы мінез-құлықтың салыстырмалы үлгісінің абстрактылы және жалпы қағидасы, ол сол қоғам мүшесін әлеуметтендіру үрдісінде ең маңызды болып табылады» [78].

Педагогикалық сөздікте «құндылық – адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін қайырымдылығы, тұрақтылығы, мейірімділік тәрбиесі» делінген. Құндылық екі компоненттен тұрады: пәндік және саналық. Пәндік құндылықтарға – заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, ғылыми ақиқаттың теориялық маңызы және практикалық пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылыққа қоғамдық ой, бағалау, мақсат және оған жету жолдары, нормалар кіреді. Пәндік және субъективтік құндылықты философтар адамның дүниеге қатынасының екі жағы: объектісі, әрі субъектісі ретінде қарастырады. Пәндік құндылық баға берудің объектісі, субъективтік құндылық олардың өлшемі мен әдісі [79, 134].

Мұндай пікірді Г.Риккерт тұлғаның қалыптасуы үрдісінде өзара байланысты және өзара ықпал ететін жоғары құндылықтарды үш топқа бөліп көрсетеді. Олар: «танымдық, этникалық және эстетикалық. Ғалымның пікірінше, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру үрдісі адамның рухани дамуындағы психологиялық күш ретіндегі адамгершілік ерік-жігер мен адамгершілік ар-ұят, олардың эстетикалық ар-ұжданмен үйлесімділігінің ойлағы, сезімдегі, мінез-құлықтағы жауапкершіліктің көрінуін, сондай-ақ, адамгершілік мотивтері индивидтің өзін-өзі бағалауын, басқаларға ғана емес өзіне талап қоюын, адамгершілік мақсаттарға жетуін қамтамасыз етеді» делінген [80, 13]. М.Шелер этикалық құндылықтардың адамгершілік құндылықтарды тасымалдаушы қасиетін сипаттаса [81], ал М.Гартман адамгершілік құндылықтардың ерекшелігі адамның мінез-құлқынан көріне отырып, тұлғаны толық сипаттайды дей келе, оны келесі топтарға бөліп көрсетеді: базалық адамгершілік құндылықтар (тектілік, көңілдің кеңдігі, адалдық); антикалық мораль құндылықтары (әділдік, даналық, қайсарлық, ұяттың адамгершілік сезімі); діни құндылықтар (болашаққа талпыну, адамгершілік, тұлғалық сүйіспеншілік) деп келтіреді [82, 376].

Ғалым Т.С.Сламбекованың «Қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлерінде студенттерді адамгершілікке тәрбиелеу» атты зерттеуінде: «...жалпыадамзаттық құндылық материалдық және рухани құндылықтардан құралады» дей келе, материалдық құндылыққа адамның тіршілік қажеттілігін өтейтін тамақ, киім, үй жануарлары, өсімдік, жер, өзен-көл, мұхит, т.б. жатады. Бұл жерде ескеретін жағдай, барлық материалдық игілікті еңбек ету арқылы, адам және адамзат күшінің арқасында ғана өндіріп игеруге болады. Бірақ материалдық құндылық үшін адамзатқа қажетті адамгершілік ақиқатын ашатын адамгершілік құндылық дерек көзі бола алатындығын пайымдайды. Сондай-ақ, Т.С.Сламбекованың пікірінше, адамның мінез-құлқының бастапқы негізі болып жеке тұлғаның мінез-құлқы мен тұрмыс қалпынан орын алатын жоғары құндылықтардың жиынтығы тұрғысындағы идеал ұғым саналады. Ол адамның адамгершілік мақсатының жүйелі сипаты, мінез-құлықтың моральдық үлгісі, жеке тұлғаның жоғары абырой тұрғысында қарастырылады. Жеке тұлғаның субъективті моральдық сипаты көптеген қасиеттермен: қызығушылықпен (ғылым, бизнес, өнер, т.б.), сұраныспен (материалдық және рухани), психологиялық көңіл-күймен, тіршілік әрекетінің ережесімен, құмарлықпен, хал-жайымен, т.б. айқындалады. Олардың адам санасынан орын алуы басты рухани құндылықтардың жүйелі көрсеткішін қалыптастырады. Ғалымның бұл пікірінен, құндылықтар, соның ішінде жақсы мінез-құлық студенттердің адамгершілік бейнесін айқындаушы құрал болуы ықтимал екенігін тұжырымдауға болады [83].

В.П.Тугаринов «құндылық қоғам күш салатын, индивид, әлеуметтік топпен меңгерілетін және сақталатын материалдық немесе идеалды құбылыстарға деген сүйіспеншілік, яғни құндылық – бұл адамның өмір сүруі үшін бағалайтын нәрсе; құндылық бұл адамдардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін керек, сонымен қатар норма, мақсат және мұрат ретіндегі идеяларының туындауы, құндылықты адамдардың қажеттілігі, қызығушылығы мен мақсаты тұрғысынан пайдалы, қажетті және жағымды, ұнамды болып табылатын құбылыстар немесе құбылыстардың қасиеті», - деп есептейді [84, 259]. В.П.Тугариновтың пікірінен байқайтынымыз, студенттердің отбасылық-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда негізгі деп саналатындар: адамның қажеттілігі, қанағаты, мақсат, мұраттары, пайдалы құбылыстары екені белгілі болды.

Ал Т.Парсонс құндылықтар теориясы бойынша, ол «альтернативтік бағдарларды таңдаудың өлшемі немесе стандарты» ретінде түсіндіріп, құндылық – «әлеуметтік жүйенің құрамдас бөлігі, әлеуметтік жүйенің типі туралы жалпы қабылданған түсінік, алдымен қоғам туралы оның мүшелерінің түсінігі» болып табылады. Ғалым әлеуметтік құндылықты адам, ағза немесе физикалық дене сияқты құндылықтан бөліп ажырату керек дей отырып, төрт саладан тұратын әлеуметтік іс-қимыл жүйесіне (мәдениет, қоғам, тұлға, ағза) сүйенеді [85, 124].

Қазіргі кезде құндылықтар иерархиясының әртүрлі нұсқасы бар. Соның ішінде, А.И.Донцов құндылықтар иерархиясында үш деңгейді бөліп

көрсетеді: бірінші деңгей – әлеуметтік тіршіліктегі тұлғаның ең тұрақты және жинақталған («өзекті») құндылықтар жүйесі; екіншісі – тұлғаның әлеуметтік іс-әрекет саласындағы қоршаған әлемге және өзіне қатынасы бойынша құндылықтар жүйесі; үшінші деңгей – белгілі бір типтік жағдайда іске асатын жеке әрекеттегі құндылықтар жүйесі [86].

Профессор П.А.Сорокин «Адам, өркениет, қоғам» атты еңбегінде тұтас және тұрақты құндылықтар жүйесі – ішкі әлеуметтік әлем мен халықтар әлемнің маңызды шарты. Әлеуметтік-мәдени тәжірибенің әрқашанда белгілі бір шегі бар. Оның ең үлкен шегі – құндылықтың құрылымы болып табылады. Егер құндылықтар жүйесі болмаса, кез келген бағытта қозғалуға болады», - дейді [87]. Зерттеуші П.А.Сорокиннің тұжырымынан құндылықтардың әлеуметтік-мәдени тәжірибемен өлшенетіндігін аңғарамыз.

Профессор Р.Вильямс құндылықтарды терминалды (адамның жеке басына, әртүрлі топтарға байланысты), инструментальды (оның негізін моральдық құндылықтар құрайды, қоғамда реттеуші, тәрбиелеуші функциялар атқарады) құндылықтар деп ажыратады. Ол құндылықтардың өзгеру типологиясын адамдардың қауымдастығындағы әлеуметтік, саяси өзгерістеріне, жеке және топтық көзқарастардың ауытқуларына сүйене отырып, қалыптасатындығын дәлелдеген [88].

Зерттеуші К.Ж.Төребаеваның еңбектеріне сүйенсек, түрлі зерттеу жұмыстарындағы мазмұндық талдауға тоқтала келе, білім берудің жағдайы мен мақсатын анықтайтын өлшемдер негізінде қарым-қатынас мәдениетінің педагогикалық жолдары ретінде құндылықтардың игерілуін атайды. Ғалымның тұжырым жасауында, «құндылықтар – қарым-қатынас мәдениетіндегі жеке мәндердің, идеалдар мен көзқарастардың, позициялардың сенімдер мен қатынастардың, әрекеттердің өзара жиынтығы болжанады. Сонымен бірге К.Ж.Төребаева құндылықтардың нормадан, нормативтерден айырмашылығы таңдау мүмкіндіктерінің болуы деп көрсетеді. Сондықтан студенттердің отбасы – адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы қарым-қатынастың мағыналылығын ашудың маңызы зор екендігін алға шығарамыз [89,51]. Д.А.Леонтьев құндылық бағдар генезисі мәселесін зерттей отырып, бір-біріне құндылықтардың үш формасының тұжырымдамасын ұсынады: қоғамдық мұрат (идеал) ретінде, қоғамдық санамен жасалынған қоғамдық өмірдің әртүрлі саласындағы кемелдік туралы түсініктер; материалдық және рухани мәдениет өнімі түрінде, идеалдарды нақты адамдардың өз шығармаларында заттық түрде іске асыруы; тұлғаның мотивациялық құрылымы ретінде, қоғамдық құнды идеалдарды өзінің іс-әрекетінде іске асыруы. Оның пікірінше, әрбір тұлғаның даму үрдісі оның мінез-құлық мотивациясының көзі болып табылатын тұлғалық құндылықтар формасындағы әлеуметтік құндылықтарды меңгеруімен және оларды тұлғалық құндылықтарға тасымалдауымен сипатталады дей отырып, құндылықтың тұлға өмірін реттеу деңгейлерін атап көрсетеді: тұлғалық маңызды ұстанымдар; мотивтер, мағыналық конструкт, диспозиция; тұлғалық құндылық [90, 34].

Ғалымдар Э.Дюркгрейм [91], М.Вебер [92, 76] құндылықтардың социологиялық теориясының негізін қалады. Құндылықты адамның нақты және әрекет ететін ұжымдық күшті білдіретін мінез-құлқын қозғаушы идеялар деп түсіндіреді. Ғалымдардың пікірінше, құндылық бағдардың ауыспалы, құбылмалы болуы сол қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық дағдарысты немесе қарқынды шапшаң дамудың сипаты. Біз «құндылық ұғымының қалыптасуына тоқталатын болсақ, С.З.Нишанбаеваның еңбегінде: «Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар. Оларға шындық, қайырымдылық, тұлға, пайда, бостандық, махаббат, шығармашылық, т.б. жатады [93].

Демек, құндылықтар дегеніміз – идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы пайдаланып, ақыл-ой сана арқылы қабылданады. Құндылықтар – құрметтеу, қошеметтеу, қабылдау тәрізді бағдарды білдіреді. «Құндылықтар – сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекет бағдарын белгілейді», - деп көрсетіледі. Сонымен бірге, «Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылық бағдарды игереді де, іс-әрекет етеді», - деген пікірін білдіреді. Ғалым адамгершілікке байланысты: «адамгершілік дегеніміз – тұлғаның өз бойындағы негізгі ізгі сезімдер мен терең руханилықтан туындап, моральдық нормаларға бағынатын еркін қарым-қатынас жүйесі», - деп өз анықтамасын берсе, осы орайда «рухани-адамгершілік құндылықтар – адамның өзінің табиғи жаратылысы мен өзін-өзі тану, қабылдау, сезіну арқылы сарапқа түсіп дамыған, сыртқы ортаның ықпалы нәтижесінде қалыптасқан, тұлғаның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, қоғамдағы орнын, даралық қасиеттерінің сипатын айқындайтын ішкі құрылымдық жүйе» деп зертеуі аясындағы түсініктерді нақтылайды [94].

Ресей ғалымы А.Г.Здравомыслов «құндылық» ұғымын адамның рухани іс-әрекеті тұрғысынан қарастырады, оның құрамына мәдениет, идеал, қағида, адамгершілік нормалар, қажеттілік пен қызығушылық енеді. Ғалым құндылық тұлғалық бағдар мен бағалау ретінде идеалдар түрінде талқыланып қорытындыланған түсініктер, санадағы білім деп тұжырымдайды [95].

АҚШ ғалымы М.Рокич құндылықтарды инструменталды және терминалды деп бөліп көрсете отырып, оларды сипаттайтын мынадай белгілерді анықтайды: «адамның игілігі болып табылатын құндылықтардың жалпы саны, салыстырмалы көп емес; барлық адамдар бірдей құндылықтарды меңгереді, бірақ әртүрлі дәрежеде; құндылықтар жүйеде ұйымдасқан; құндылықтар көзі мәдениет, қоғам және оның әлеуметтік институттары; зерттелінетін әлеуметтік феноменге құндылықтар ықпал етеді [96,151].

Профессор Р.Қ.Төлеубекованың көзқарасынша, құндылық көп мағыналы ұғым, сана саласында қолданылып, мән, мұрат ретінде тұлғамен жеке ұғынылады, сонымен бірге құндылық сананы, мінез-құлықты және әлеуметтік іс-әрекетті сипаттайды [97].

Құндылықтар типологиясы тек төменгі (пәндік, материалдық, инструменталды) және жоғары (рухани, мақсат, игілік) құндылықтар деп

жіктелуімен шектелмейді, оны Б.С.Ерасовтың құндылықтар жіктемесінен көруге болады:

1. Өмірлік (витальдық) құндылықтар: өмір, денсаулық, тән; қауіпсіздік, жақсы тұрмыс, адамның денелік хал-ахуалы (тоқтық, тыныштық, сергектік), күш-қуат, төзімділік, өмірсапасы, қоршаған орта саулығы (экологиялық құндылықтар, іскерлік. Тұтыну сапасы, комфорт, т.б.).

2. Әлеуметтік құндылықтар: статус, әлеуметтік орны мен беделі, еңбекқорлық, еңбек, байлық, кәсіп, отбасы, патриотизм, ұлтжандылық, келісімділік, тәртіп, кәсіпқойлық, әлеуметтік теңдік, жыныс теңдігі, бейбітшілік, белсенділік, жетістіктерге жете алу мүмкіндігі, тұлға еркіндігі, төзімділік, т.б.

3. Саяси құндылықтар: жақсылық, игілік, махаббат, борыш, намыс, шыншылдық, әділеттілік, ақ ниеттілік, парасаттылық, рақымдылық, мейірімділік, үлкенге ізеттілік, жастарға ылтипаттылық, ар-ұят, бақыт, т.б.

5. Діни құндылықтар: құдай, құдайлық заң, сенім, құтқару, тозақ, жұмақ, құдайдың сөзі, пайғамбар, періште, әулие, т.б.

6. Эстетикалық құндылықтар: әсемдік, әдемілік, мұрат, стиль, үйлесімділік, жаңашылдық, элитарлық мәдениет, т.б. болып табылады [98, 79].

Жоғарыда сараланған құндылықтар қоғамдық өмірдің басты салаларына қатысты жіктелген. Сонымен бірге құндылық типтерін анықтағанда, оның құрылымдық-функционалдық бөліктерін де ажыратып көрсету қажет:

- танымдық-ақпараттық бөлік, ол рационалдық-пайымдаушы деңгейдегі вербалды жария құндылықтар: идеологиялық, теориялық, таратушылық (ретрансляциялық), бұқаралық ақпарат құралдарындағы, т.б.

- сезімдік-тылсымдық бөлік, ол адамның виртуалды әлемінен бастау алады, белсенділікке итермелейді, адамдық талап-мұқтаждар мен мотивтердің негізі болып табылады; мүдделі, тартымды, күш-қуат бастаулары осылардан нәр алады;

- баға беру бөлігі, адам дүниеге тек танушы субъект ретінде қарамай, оған әр уақытта өз мүдделері тұрғысынан баға беріп отырады. Әрбір баға субъектінің тек әлеуметтік жағдайынан ғана туындамай, оған бағалаушы адамның дүние танымы, ұстанымдары, қабілеттері, манайындағы әріптестері, достары, қабылдаған сенім-нанымдары, рәміздері, т.б. үлкен әсер етеді. Кез келген құндылық не қолдауды, не одан бас тартуды талап етеді. Мақұлданған әлеуметтік-мәдени құндылықтар нағыз жасампаз күшке айнала алады;

- іс-әрекеттік бөлік, шынайы құндылықтарды таңдау осымен жүзеге асады. Мотивтік бөлік құндылық потенциалын ғана көрсетеді. Құндылық табиғатын және ерекшеліктерін зерттеуде жоғарыда аталған жіктемелік және құрылымдық-функционалдық тәсілдерден басқа мәдениет философиясында иррационалдық, герменевтикалық, салыстырмалық әдіснамалар да кеңінен қолданылады.

Демек, осы құндылықтар түрлерінің адам өмірі үшін маңызы зор, әлеуметтік сипатқа ие болып отырғанын топтастыра келе, құндылықтардың рухани-адамгершілік табиғатына назар аударамыз. Адамгершілік құндылықтар

ол әлеуметтік маңызы бар адамгершілік құбылысы. Ол адам мен қоғамның даму идеалдарының іске асуына мүмкіндік туғызушы. Адамгершілік қатынас негізінде адамгершілік құбылыстарды құндылық ретінде бағалау жатыр. Жеке тұлғада құндылықтар шоғырланып қана қоймай, сонымен бірге өзгереді, ал бұл өзгеру көбінесе, адамның өз қасиеттерін бағалауына байланысты. Мысалы, өзін-өзі бағалау бағалаудың ерекше түрі ретінде, субъектінің өзіндік қасиеттерінің жеке тұлғалық мағынасын бағалауы ретінде адамгершілік құндылықтарды игеруі болып табылады.

Профессор Р.Қ.Төлеубекова еліміздің қазіргі кезеңдегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізін қалаушылардың бірі. Адамгершілікке жоғары сынып оқушыларын тәрбиелеу тұжырымдамасының авторы Р.Қ.Төлеубекова өзінің «Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты зерттеуінде «Жаңа әлеуметтік мәдени ортада адамның ұстанар мұраты – адамдармен қарым-қатынасында, іс-әрекетінде адамгершілік сана-сезім дағдысымен, өзіндік «Мен» бейнесі арқылы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қасиет-сапаларымен ықпалдасып субъект ретінде танылуын тәрбиелеу», - деп анықтаған [99]. Ғалымның пікірінше, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жеке адамның құндылығын өзіндік жаңа ұстанымға негіздей келе, жалпыадамзаттық құндылықтар ішінен Адам, Еңбек, Білім, Отбасы, Ұлт, Бейбітшілік, Жер, Отан, Мәдениет деген құндылықтарды бөліп көрсетеді. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде: «Адамгершілік тәрбиесі – мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі», - деп анықтама берілген [100].

Ғалым Д.Ә.Нұрғалиева: «Адамгершілік құндылық – дүние жүзілік адам баласы жасаған бағалы бағдарламалық білімін құндылық ретінде оқушы өз іс-әрекетіне, қарым-қатынасында, игерген өмірлік тәжірибесіне пайдаланып, өзінің табиғи болмысын байыта алатын, мәдени байлықтарды меңгерген, соған сәйкес әртүрлі іс-әрекеттер, сезім, сана, мінез-құлықта, қоғамдық қатынаста тұлғаға тірек болатын сенімдер жүйесі» деп тұжырымдайды. Зерттеуші Д.Ә.Нұрғалиеваның анықтамасынан студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда сенімдер жүйесінің маңызы зор екенін алға шығарамыз. Ғалым әр адам өзінің сенімдер жүйесін бағдарламалық идея ретінде жүзеге асырып, өмірлік тәжірибеде қолданылар болса, соның өзі адамгершілік құндылық құрылымын толықтыратынын негізге алады [101].

Зерттеуші А.А.Таутенбаеваның «Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» атты еңбегінде: «...құндылық біріншіден, жеке тұлғаның адамгершілігі, абыройы және олардың адамгершілік әрекеттері немесе адамгершілік сипаттары, екіншіден, моральдық нормалар, принциптер, мұраттар, қайырымдылық, әділеттілік, бақыт ұғымдары деп айқындалады.

Мұның өзі құндылық ұғымының педагогикалық мәнін білдіреді». Сонымен, құндылық ұғымын түсіндірудегі талпыныстар мен терминологиялық анықтамаларды төмендегідей топтастыруға мүмкіндік бар: «1. Құндылық жеке тұлғалық немесе әлеуметтік бағдарлы жаңа идеяларды белгілеу және оны сипаттау үшін қолданылады; 2. Құндылықтың белгілі бір заттар мен құбылыстарға тән болуы немесе қоғамға тән құбылыс болып танылуы; 3. Құндылық нақты өмірлік ұстанымдар мен әдептіліктің қоғамда қалыптасқан үлгісі ретінде көрінуі» [102, 116] деп түсіндіреді. Ғалымның бұл пайымдауынан құндылық қоғамның моральдық қатынастарының көріну формасы ретінде әрекет ететіндігін байқауға болады.

Біздің көзқарасымызша, құндылықтардың негізгі бағыты – елін, жерін, оның табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерге сай жасалуын өмірдің өзі талап етеді.

Қазіргі кезде мектептің тұтас педагогикалық процесінде халық педагогикасын пайдалану бойынша мол тәжірибе қалыптасқан. Негізгі мақсат – жас ұрпаққа қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық өнерін, дәстүрлерін меңгерте отырып, оларды оқушылардың бойына дарыту, ұлттық мінез-құлық, қадір-қасиетін қалыптастыру. Өйткені еліміз үшін жас ұрпақтың өнерлі, іскер, жігерлі, намысты өсуі айрықша маңызды болып табылады.

Олай болса, халықтық педагогикасында ұлттық тәрбие тағылымдары мыңдаған жылдар бұрын пайда болып, қазіргі кезеңнің өзінде педагогика ғылымының басты мәселелерінің бірі болып табылады. Халық педагогикасындағы озық идеялар қай халықтың болсын тіршілік тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байланысты туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетіп отырған. Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес.

Ғасырлар бойы әдет-ғұрып дәстүрге айналып, ауызша жалғасып келе жатқан қазақтың қанына сіңген тәжірибелік қағидасын халықтық педагогика дейміз. Халықтық педагогика жас ұрпаққа өмір тәжірибесінен халықтың сенім, наным-танымынан жинақтап, әдеп пен өнеге беру үшін атадан-балаға ауызша жалғасып келе жатқан қағида, оны жасаушы – халық. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен мақал-мәтелдерде, аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс, термелерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Халық мұрасының танымдық мәні – ұлан-айғыр дүние болып табылады. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңінде мәнді, адамзаттың рухани-эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне байланысты, баланың ішкі жан-дүниесінің қалыптасуына негіз болатын дәстүрлер көп. Халық өз бойындағы қасиеттерін

жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған. Халықтың тілін, салтын, дәстүрін бойына дарытқан ұрпақ тәрбиелеу үшін халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысына негіз етіп алуға болады. Халық педагогикасын келер ұрпаққа айтар ақылы, ұсынар үлгісі, берер тәлім-тәрбиесі сол елдің күй, би, музыкасы, фольклорлық шығармалар арқылы ежелгі ойын-той думанында салт-саналық дәстүрлерінде насихатталған. Яғни, әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіне тән дәстүрі ұлттық мұра арқылы көрініс береді.

Ғылыми теорияларға сәйкес, ұлттық тәрбиеге ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы болып келеді. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдар және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын мәселелердің өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлық нәрсе. Дегенмен, осы кешенді құбылыстардың арасынан ұлттық тәрбие процесінде ұлттық психология үлесінің қомақты екендігі дау тудырмаса керек. Мұның өзі – қазіргі егеменді тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында ерекшеленіп отыр. Оған нарықтық қатынастар дәуірінің өмір салтының психологиялық, дәстүрлік өзіндік қасиеттері қосылады. Соған орай көптеген тарихи-дәстүрлік белгілер жаңа рухымызға, ұлттық тәрбиеге үйлесімді жүзеге асуы қажет. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамыту мәселелерін педагог-ғалымдарды әрқашан толғандырып келген. Чех педагогы, ағартушы Я.А.Коменскийдің пікірінше: «Адам тек тәрбие арқылы адам болады. Адам болу үшін ол білім алуы тиіс. Ізгіліктер іс арқылы дамиды. Балалар құлақ салуға құлақ салумен, ұстамдылыққа ұстамдылықпен, табандылыққа табанды әрекет етумен тәрбиеленеді» [103, 84].

Ал, орыстың педагог-жазушысы В.А.Сухомлинский: «бала мінезін қалағанымызша иеленуге болады, мұнда шәкірт ұжымының, жақсы ортаның, дұрыс тағылымдық ой-пікірдің орны ерекше, мұнда ұлттық тәрбиенің қазынасын тиімді пайдалануға үйрету керек», - деп өз еңбегінде ерекше атап айтады [104].

Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтардың қалыптасуында биологиялық факторлардан гөрі тәрбиенің рөлі күшті болып табылады. Бұл жөнінде Т.Қоңыратбаева: «адамның тұлғалық бейнесі нерв жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана қатысты болып қоймайды. Сонымен бірге организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға ғана да байланысты, демек, кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады», - деп жазады. Ол мінез-құлық мәдениетіне мынандай анықтама береді: «ұлттық құндылықтар – бұл адамзат қоғамы мәдениетінің ажырас құрамдас бөлігі, оның негізінде қоғамда үстем болып отырған, адамның тәрбие нормаларын айқындайтын мораль жатыр. Мораль қоғамдық сана формаларының бірі болып табылады» [105].

Алаш қайраткері, ақын, психолог, этнопедагогика салсында құнды ғылыми-зерттеу еңбектерінің авторы Ж.Аймауытов: «Адам мінезінің, ақыл қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі болуынан. Адам баласының теріс әрекет істеуі, мінез көрсетіп, дөрекі сөйлеуі тәрбиенің жетіспегендігінен», - деп көрсетеді. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу туралы еңбегінде: «Адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқынан да әдемілік, сұлулық көрініс таппайынша, адамгершілік парасат тәрбиесі көздеген мұратына жете алмайды», - деп жазады [106].

Бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларын ұлттық рухани құндылықтар арқылы тәрбиелеу деп балаларды мәдени мінез-құлық ережелерін орындауға әдеттендіру және оларға сәйкес моральдық нормаларды түсіндіруді қарастырады. Сонымен қатар, авторлар оқушылардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың негізгі қатарына жаттығуларды, қоғамдық тапсырыстарды орындауды, түсіндіруді, әңгімелесуді, әдеби шығармаларлы пайдалануды, талап қоюды, мінез-құлықты бақылау мен бағалауды, ұжымдық пікірді кірістіреді.

Педагогика тарихында орыс ағарту ісінің көрнекті қайраткері К.Д.Ушинский баланы дұрыс тәрбиелей білу керектігін ескертіп, ол туралы былай дейді: «Адамның жеке қара басы біреудің жеке басының дамуына және қалыптасуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін мінезбен әсер ету керек. Шәкірт белгілі бір қасиеттің мәнін түсінбейінше, оның бойында сол қасиетті қалыптастыру, тәрбиелеу мүмкін емес» [107]. Дегенмен, әрбір қоғамда адамзаттың қалыптасуы сол қоғам мүшелерінің талабы мен мақсатына қарай әрекет жасайды. Ал мектеп оқушыларының қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына педагогикалық ұжым, оқушылар ұжымы, ата-аналар ұжымы әсер етпей қоймайды. Ұлттық тәрбиені қалыптастыру бойынша оқушылар педагогикалық шығармаларындағы негізгі тұжырымында: «мұғалім оқушыларға мәдени тәртіп және үлгілі болуды үйретуі қажет; оқушылардың іс-әрекетінде мінез-құлықтың дағдылары мен ережелері игерілуі тиіс; оқушылардың тәртіптілігін бақылауға алуды қалыптастыру; мұғалім оқушылардың тәртібіне объективті баға беруі шарт», - деп көрсетілген.

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселесі бойынша Н.И.Болдырев өз еңбегінде мектеп оқушысының тыныс-тіршілігін, оның мүдделері мен бейімділігінің, ерік-жігері мен мінезінің ерекшеліктерін зерттеу – бұл оның жүрегіне төте жол табуды, педагогикалық ықпалдың неғұрлым пайдалы әдістерін қолдануды білдіреді деп көрсетеді. Осылайша ғылыми зерттеулерге талдау жасау арқылы мінез-құлық мәдениеті туралы мынандай анықтама беруге болатынына көз жеткіздік. Яғни, мінез-құлық мәдениеті дегеніміз – бұл адамгершілік құндылықтар, сұлулық пен көріксіздік туралы түсініктер, дұрыс ойлау және дұрыс талаптар, халық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары көрініс табатын, адамдар арасынлағы қарым-қатынастарды ретке келтіретін, өзара қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде адамдардың сөйлеуіне және сыртқы көрінісіне деген талаптарды анықтайтын, көпшілік мақұлдаған тіршілік әрекетінің мөлшерлері мен ережелерінің жиынтығы [108].

Сонымен, ұлттық тәрбие мен құндылықтар генезисін зерттеу барысындағы жан-жақты жасалған теориялық талдау тәрбие тағылымдары, құндылықтардың құрылымы, ұлттық құндылықтар мәселелеріне арналған тарихи көздердің жеткілікті екендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысымызда диалектиканың заңдылықтарына сәйкес әрбір тарихи кезеңдегі құндылықтардың маңызы мен мәні, алатын орны ашып көрсетіліп, түрлері мен атқаратын функцияларының күрделеніп жетілдірілгені, ғылымның әр саласында категория ретінде қалыптасуы, сонымен бірге тұлға ретінде адамның әлеуметтену, өзара қарым-қатынас және әркеттесу жағдаяттарында ұлттық құндылықтарды қалыптастырумен түсіндірілетінін айқындауға тырыстық. Дегенмен, ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтар феномендері ғылыми зерттеу объектісі ретінде салыстырмалы жаңа мәселе болып табылады. Ұлттық тәрбие адамзаттың басты құндылығы, әрбір адамның өмірі мен ортасынан басталады. Мәдени жаһандану, қоғамның аштығы жайындағы әлеуметтік дамудың қазіргі заманғы кезеңінде адам өмірінің барлық саласында, соның ішінде, орта мен қатынастарда маңызды өзгерістер болуда. Ұлттық тағылым тарихында, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің шарты ретінде дәстүрінде мәдени сабақтастықты сақтауға және қолдауға негізгі жағдай жасайтын әлеуметтік институт болып табылады. Әлеуметтік институт ретінде білім беру мекемелері, оның тұрақтылығы мен дамуы, студенттердің ұлттық құндылықтар жайлы түсініктерінің мазмұнына жүйелі және мақсатты бағытта педагогикалық ықпал етудің қажеттілігі олардың сапалы, дені сау қоғамдық өмірге дайындығын қалыптастырады деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау генезисін зерттеу барысындағы жан-жақты жасалған теориялық талдау, ұлттық құндылықтар мәселелеріне арналған тарихи көздердің жеткілікті екендігін көрсетеді. Ұлттық тәрбие негізінен басты құндылық ретінде сабақтастықты үзбей, мәдени дәстүрді сақтап, тасымалдайды, ұрпақтардың әлеуметтену үрдісін тұтас қамтитын тағылымдық жүйе болып табылады.

1.3 Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

Қазақ ұлтының тағылымдық тарихында ұлттық құндылықтар мен ұрпақ тәрбиесіндегі тәлім-тәрбиелік мұралар басым көпшілігінде тарихи-тәжірибелік жүйеде орын алып келеді. Қазіргі жаһандану үрдісі жағдайда біздер өзіміздің дүниетанымдық болмысын беретін ұрпақтарды болашақ өмірге дайындауымыз керек. Ол үшін мектептегі педагогикалық үдерісте, әсіресе тәрбие жүйесінде оқушылардың халықтық педагогика үлгісінің аясында өмірге бейімдеу мен баулу басты мәселе болып табылады. Ал оны педагогикалық үдерісте ұйымдастырып, жүзеге асырушы қызметтегі тәрбиеші-педагогтарды, бастауыш сынып мұғалімдерін, орта және жоғарғы сыныптардағы пән мұғалімдерін осы бағыттағы теориялық білімдерді мен тәжірибелік бағыттағы кәсіби әлеуетінің

толқытығын көрсететін ғылыми-әдістемелік саладағы жұмыстарды жетілдіру мен дамыту, әр болашақ мұғалімдерінің кәсіби тұлғалық болмысына сіңірту мен меңгерту Қазақстандық жоғары оқу орындарының міндеті болып табылады. Яғни, болашақ педагог мамандарды тәрбиелеу мен ұлттық тәрбиені рухани құндылықтар тұрғысынан дамыту мәселесіне ғылыми негізден келу қажеттігі орын алады. Құндылықтар еңбекті, шығармашылықты, адам өмірінің мәнін және т.б. бағалайды. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Құндылықтар адамды әлеуметтік ортадағы күнделікті тіршілікке бағыттайды. Құндылықтар – қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. мәдениеттің құрамдас бөлігі бола отырып, құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы мінез-құлқындағы тәртіпті айқындайды. Мәдениет құндылықтары, рухани және материалдық болып бөлінеді. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен байланысты. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының қалыптасуын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшемі болып табылады.

Демек, біздің ойымызша, *руханилық құндылықтар дегеніміз* ол – жеке тұлғаның толық дамуы мен өзіне баға беру арқылы өз әрекетін тәртіптеудің жоғарғы деңгейі. Өмірдегі іс-әрекетінің мағыналы мақсатты бағдарлары адамзаттың рухани құндылықтары болады, ол өзін қоршағандардың игіліктерін бағдарланған тұлғаның іс-әрекеті, оның асқан мінез-құлықтарды іздеуі болып табылады.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында (2009) «Құндылық – көпшілік адамдар мақұлдайтын және ортақтасатын жақсылық, әділеттілік, патриотизм деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік объектілер. Ол барлық адамдарға эталон, идеал болып қызмет етеді, оларды құруға педагогикалық үдеріс бағытталған», - деп анықтама бере келе, тәрбие құндылықтарына – адам, отбасы, Отан, туған өлке, еңбек, денсаулық, салауатты өмір салты, білім, мәдени мұра, тіл, достық жатқызылған [109].

Ғылыми еңбектерде құндылықтар витальды (денсаулық, тіршілік, өмір, ізгілік және т.б.); әлеуметтік (әлеуметтік рөл, әлеуметтік статус, әлеуметтік тәжірибе, әлеуметтендіру, отбасы, жағдай және т.б.); діни (құдай, сенім, ғұрып және т.б.); моральдық (қайырымдылық, қарапайымдылық, ізгілік, адамгершілік, адалдық, жауапкершілік, парыз және т.б.); эстетикалық (әсемдік, сұлулық, гармония және т.б.); саяси (заң, заңдылық, мемлекет, ата заң, тәуелсіздік және т.б.); материалдық (заттар, бұйымдар, асыл тастар, ақша, меншік және т.б.), табиғи (күн, табиғат, теңіздер, өзен-көлдер, таулар, гүлдер және т.б.) деп те бөлінеді. Мәдени құндылық деген ұғым философиядағы, қоғамтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Бүгінде негізгі бес жалпыадамзаттық құндылықтар туралы көп айтылуда: ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау. Қиянат жасамау – рухани деңгей, ақиқат – интеллектуалдық деңгей (ажырату, интуиция), сүйіспеншілік – адамгершілік деңгей (ментальды, ақыл-ой, сөз), тыныштық –

эмоциялық деңгей (сезім), дұрыс әрекет – физикалық деңгей ретінде түсіндіріледі [110, 243].

Көпетеген дерек көздерінде құндылықтар: базалық құндылық; құндылық-мақсаттар; құндылық-құралдар; универсалды құндылықтар деп бөлінеді. базалық құндылық – адам үшін маңызды құндылықтар, оған моральдық – ізгілік, әділеттілік, адамгершілік және басқа да адами қасиеттер жатқызылған; Құндылық-мақсат – қандай да бір соңғы мақсат үшін ұмтылуға болады деген сеніммен туындаған құндылықтар; құндылық-құрал – кез келген ситуацияда болатындығына деген сеніммен туындаған; универсалды құндылықтар – басқа да кез келген құндылықтарға қол жеткізуге болатын құндылықтар (ақша, билік, махаббат). Ғылыми кеңістікте ең жоғарғы құндылық адам құқығында берілген жалпыадами (гуманистік) құндылықтар деген де пікірлер табылады. Мәселен, философ Қ.Әбішев «адам – жоғары құндылық, ол өздігінен-ақ дербес өзіндік құндылық бола алады, өйткені, адам құндылығы өзінде ғана ұсталады. Бұл мүмкіндік тек қана адамда ғана бар. Адам осы мүмкіндікті іс-әрекет арқылы жүзеге асырады», - деп адамның ең жоғарғы құндылық екендігі туралы тұжырым жасаған. Жалпы тіршіліктегі ең жоғарғы құндылық – адамның өмірі болып табылады.

Ресей ғалымы В.П.Кохановскийдің: «Әлемдегі ең үлкен құндылық ол – өмір: өзіндікі, өзгенікі, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігі, рухани-мәдени даму, жалпы алғанда өткен өмір, бүгінгі және болашақтағы өмір», - деген пікірі де дәлел болмақ [111]. Біздің еліміздің рухани жаңғыру жағдайында ұлттық құндылықтың маңызы зор. Ұлттық құндылық ұлт тарихының дамуының қай кезеңінде болмасын ерекше орында болғаны бәрімізге мәлім. Өйткені, ана тілі, ой-сана, мәдениет, болмыс, тұрмыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, туған өлкеге деген мәңгілік сезім сияқты құндылықтар – біздің ұлтымыздың көп ғасырлар бойы тіршілігін қамтамасыз еткен. Ұлттық құндылық – тарихи қалыптасқан, жалпыадамзаттық құндылықтан бастау алып, қоғамдық-саяси қатынастар барысында белгілі бір ұлттың бірлігі мен тұтастығын сақтау барысында қалыптасқан, сонымен қатар жеке тұлға немесе мемлекеттік идеяның қозғаушы күші ретінде қызмет атқаратын ұлттық компонент. Құндылықтар социумда адамдардың мінез-құлықтары мен қоғамдық ортадағы әлеуметтік-нормативтік, саяси-құқықтық жағдайды реттеуші, саяси процестердің ыдырауына жол бермеуші және азаматтардың сол үдерістің белгілі бір бөлігі екендіктерін сезінуге ықпал етуші, халықтар мен ұлттар арасындағы гуманистік қарым-қатынасты қалыптастырушы, дамытушы, біріктіруші деп шартты түрде бөлінеді.

Жалпыадамзаттық құндылықтар «айқын» түрде, тек өзі ғана болмайды. Ұлттық құндылықтар жалпыадамзаттық құндылықтар құрамына енеді. Өйткені, ол жалпыадамзаттық құндылықтан бастау алады. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар нақты қоғам немесе әлемдік қоғамдастық үшін заттың, құбылыстың, идеяның құндылығын көрсетеді.

Ұлттық құндылық ол – ұлт имунитеті болып табылады. Олай болса, жалпыадамзаттық құндылыққа өмір, табиғат, игілік, бақыт, шығармашылық,

ақиқат, жауапкершілік, құрмет, қадір, сенім, абырой, намыс, адамгершілік, денсаулық, табиғат, қажеттілік, сұлулық, әдет-ғұрып, тіл, ұлттың бірлігі, мәдениет, еркіндік, ұлттың тұтастығы, ұлттық намыс, білімді де зерек ұрпақ, туыстық, қатынастар, Отан, ел, жер, өркениет, бостандық, ынтымақтастық, рухани құндылықтар, әлеуметтік әділеттілік, елдің абыройы, ұлттық қауіпсіздік, әлем тыныштығы және т.б. жатқызылады. Осы құндылықтар тізбегінен байқағанымыздай, ұлттық пен жалпыадамзаттық құндылықтар біріне-бірі қайшы келмейді, олар бір-бірінің мазмұнын, мән-мағынасын толықтырады және байытады. Және аталған құндылықтар ешқашан ескірмейді, өйткені олар еліміздің іргесінің мықты болуына, халқымыздың саналы болуына ықпал ететін, ештеңемен өлшенбейтін күш. Жалпы осы екі құндылықты біріктіретін белгілер: *жалпылық*, демек олардың адамзаттың бәріне тиесілігі; *тұтастық* – белгілі бір тұтастықты беретін жүйеде жүзеге асырылуы және *өзгергіштік* – қоғам дамуымен өзге күйге ауысуы болып табылады. Олай болса, осы аталған ұлттық құндылық ұлттық код болмақ. Және оны сақтауға, ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдауға ұрпақ болып, ел болып, жұрт болып ат салысуымыз қажет. Өйткені бұл біздің адамдық және ұлттық борышымыз.

1990 жылдары ғалымдар зерттеу нәтижесінде бірнеше құндылықтарды бөліп көрсеткен: Орындаушылық (табандылық) – бастаған істі аяғына дейін жеткізу және өмірлік қиындықтарды жеңу үшін табанды түрде жұмыс жасау, Көмек пен қамқорлық – басқаларға көмек көрсету, қамқорлық жасау; Шыншылдық – шын сөйлеу және өзін дұрыс деп есептейтін іспен айналысу, Әділдік – әділ төраға бола білу. Мұнда ауқаттылық, дәулеттілік те адамдардың дене және ақыл-ой белсенділігін қолдаудың қажетті шарты ретінде жеке бөлініп көрсетілген.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген ұғымның астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде білім беру жүйесінде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Ұрпақты ұлттық тұрғыда тәрбиелесек, оларға әлемдік оймен қатар ұлттық ой ұялатсақ, біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ қалыптастыратыныз анық. Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру – ең маңызды шарттардың бірі.

Бүгінгі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да, алмайтынымыз да бар. Алатын тұстарымыз олардың технологиялық жетістіктері, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетті қалыптастыру. Ал олардың біздіңше ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдылық, әдептілік, имандылық, сүйіспеншілік сияқты рухани құндылықтарды алу бізге мақсат емес. Өйткені біздің тұжырымымыз бойынша бүгінгі Батыстағы рухани құндылық тоқырауда сияқты. Өйтседе біздің еліміз әлемдік деңгейде жүріп жатқан жаһандану процесінен теріс айнала алмайды, бұл дегеніміз олардың барлық әрекеттеріне, пікіріне қосылу емес, олардан өз елімізге қажеттісін алу. Жаһанданудың теріс жақтарын елімізге енгізбеу үшін ұлт, этнос тәрбиесін, ғұрпын, болмысын, ұстанымын, демек өзіндік ерекшеліктерін жоғалтпай сақтап қалуы тиіс. Ұлттық тәрбие нәтижесі –

әрбір азамат санасында «Мен ұлтымның азаматымын» деген саналы сезімді ұялату, өмірден азамат ретінде өз орнын табу. Өзіндік «Мені», ұлттық «Мені» қалыптасқан субъектіні қалыптастыру. Өйткені еліміздің әрбір азаматының ұлттық санасы қалыптаасқан болса бізді ешқандай жау алмайды. Бұл Мемлекет басшыларының халыққа жолдауларында да үнемі көтеріліп үрген мәселе [112, 307-311].

Белгілі әлеуметтанушы, профессор Т.Т.Щелина еңбек іс-әрекеті барысындағы адамдардың бойындағы құндылықтарды бөліп көрсетеді, олар: сәттілік (оларға денсаулық пен қауіпсіздікті жатқызады), байлық (әртүрлі материалдық жетістіктер), шеберлік (белгілі іс-әрекеттегі профессионализм), білімділік (білім, ақпараттық потенциал, мәдени байланыстар), құрмет (статус, атақ-даңқ, абырой, бедел). Моральдық құндылықтар тобына ізгілікті, шыншылдықты және т.б. адами сапаларды жатқызады. Билік сияқты құндылық универсалды және маңызды құндылықтардың қатарында, өйткені ол көптеген құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді [113].

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасында жастардың бойында келесідей құндылықтар қалыптасады делінген:

- Адалдық пен парасаттылық, ар-намыс пен тектілік.
- Қарапайымдылық, еңбексүйгіштік пен өзгеге көмек көрсету.
- Еңбекке құрмет.
- Дәстүрге адалдық, үлкенге құрмет, кішіге ізет.
- Достық, өзара көмек көрсету мен бірлік.
- Қиындықтан қорықпай табысқа жету.
- Отанға сүйіспеншілік, оның қркендеуіне қызмет ету [114].

Мұнда болашақ педагог маманның – жеке тұлғаның өзіне тән қайталанбас ерекшелігі мен келешек педагогикалық қызметтегі кәсіби әрекетіндегі бейімделудегі өзін көрсете білетін өзіндігі – олардың ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарды жасап, жетілдіру қабілеті дамуының жоғарғы сатысы. Жеке адамдардың немесе болашақ мамандардың өзара қарым-қатынас жасау барысындағы жеке тұлғалық және кәсіби әрекеттері ұлттық әрі жалпы адамзаттық мәдениет мұра құндылықтарын жасаудың жолдары мен түрлерін, тәсілдерін және құралдарын меңгеру жағдайында ғана өмір иесі болып табылады, өмір сүреді. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі білім беру философиясы түсінік жағдайын қарастырсақ, онда берілетін ғылымының біліми негіздерінің жалпы теориялық мәселелерін, мақсаттары мен құндылықтарын, оның білім мазмұны мен бағыттылығын жүйелеу арқылы қалыптастыру қағидалық ұстанымдарды зерттеулердің ауқымын қарастыру болып табылады. Яғни, бұл жерде халықтық педагогика ғылымы саласына да қатысты болып отырғандығы анық. Бұнда жеке ұлттарда олардың өмір сүру салтын беретін дәстүрлер пен әдет-ғұрыптар оларда тарихи қалыптасқан, ұрпақтарға жалғасып беріетін тәжірибелік білім, іс-әрекет жіне жүріс-тұрыс пен адамдар арасындағы қарым-қатынас түрлері мен бірлікте берілетін салттар, ережелер, құндылықтар, тәлімдік мұраларды түсінік, бойына сіңіріп, ұғынуы. Қоғамдық және әлеуметтік

мәнділігі және тұлғалық дамуына, яғни дүниетанымына пайда келтірілетін іс-әрекеттердің қайталануынан дәстүр орныға түседі. Әлеуметтік жағдайлар қоғамдық құрылым және тарихи кезеңдердің орын алуына орай дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар өзгерістерге ұшырап, тасымалданып және жаңашылдық сипатқа да ие болуы табиғи заңдылық болып табылады, бұл жеке адамдардың өмір іс-әрекеті мен дүниетанымының негізін құрайды. Осы негізден жеке тұлғаның, әлеуметтік топ пен қоғамдық құрылымдағы мүдделер мен құндылықтар жүйесінде орын алатын қоршаған орта – табиғат, қоғам мен жеке адамдар жайындағы дүниетанымдық көзқарас жаңашылдық сипатта көрініс беріп, жаңа бір деңгейде бейнеленеді. Қазақ халқының тағылымдық мұраларында негізінен ұлттық тәрбие құралдары жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуына бағытталады және ізгіліктен бастау алады. Оның құрылымында рухани және мәдени құндылықтар арқылы тұлғаның әлеуметтенуіне ерекше көңіл бөлген. Сондықтан осы феномендердің тарихи ролін объективті бағалау, әртүрлі тәрбие институттарының қалыптатқышы ықпалын зерделеудің қазіргі кездегі қажеттілігі артып отыр. Өткеннің тағылымдық өнегелерін білу, оны ой елегінен өткізу және қолдану бүгінгі күні ең маңызды ұлттық тәрбие тұғырнамасын шешуге ықпал етеді.

Қазақ халқының педагогикалық мұрасы негізінде жастарға ұлттық тәрбие берудің *тарихи тұғырларына* адамзаттың даму тарихында әрбір халық өз субъектілерінің сапалылығына, тарихи сұрыпталуға төтеп беретін тұлғаларды қалыптастыруға, өмір мен тәжірибе арқылы шындалып өсуіне аса мән беріп, «жан-жақты жетілген ұрпақ» тәрбиелеуге ниеттенген. Ол үшін биік талаптар қоя отырып, соған ұмтылдыратын мүмкіндіктер белгілеп, салт-дәстүрлер негізінде жүзеге асырылған. Себебі ата-бабалар өсиеті осы сахаралық мекенді мәңгілік сақтауды үнемі келер ұрпағына табыс етіп отырған. Сондықтан өздері мекендеген «Жоғарыдағы көк Тәңірі мен төмендегі Қара жер» далалық көшпенділердің қасиетті мекеніне, алтын ұясына айналды, өзіндік ықшам ғарышты құрады. Бұл туған жеріне деген махаббат пен еліне деген сүйіспеншілікті орнатты, олар еркіндікті қадір тұтатын ел қорғауды ізгілік пен мәртебелі іске айналдырды. Осыған сәйкес көне мұраларымыз бен тарихи жәдігерлерімізді, атадан балаға жеткен бабаларымыздың тағылымдық мұрасын қайта жаңғыртуды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2003 жылы Қазақстан халқына Жолдауында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуге тапсырма беріп, төмендегідей бағыттарды белгіледі:

- біріншіден, халықтың орасан зор мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау;

- екіншіден, ұлттық тарихи үшін ерекше маңызы бар елеулі мәдени-тарихи және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

- үшіншіден, қазақ әдебиеті мен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген ғылыми зерттеулер жүргізу;

- төртіншіден, мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен тәрбиенің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық зерттеулердің толымды қорын жасау» [115, 1-2].

Қазақ даласындағы көшпенділердің өркениет тарихындағы құнды деректеріне Орхон-Енисей жазбалары жатады. Енисей жазбаларының табылуы үлкен сенсация болатын, себебі әлемдік деңгейдегі көшпенділер өркениетінің тарихын ғалымдар мойындай бастады. Енисей жазбалары швед ғалымы Джонанн Филипп тарапынан 1730 жылы жарияланған «Еуропа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлігі» атты кітабы арқылы ғылым әлеміне танылды. Оны алғаш рет оқып, ғылыми сараптама жасаған даниялық ғалым В.Томсен болатын. Осылайша түркі өркениетінің әліпбиі ғылыми жаңалық болып ашылды. Зерттеуші Е.Ақшопаловтың деректерінде: «Қазақстанда Алматы қаласының маңында, Есік қорғанында жүргізілген қазба жұмыстары б.з.д. VІ-VІІ ғасырлардан қалған бір мазардан шамамен төрт мыңдай алтын және бағалы заттар табылды. Олардың арасында «Алтын адам» қорғанында үстінде 26 әріп жазылған ыдыс табылды. Осы әріптер Көктүрік әліпбиінің ең көне түрі болуы мүмкін. Бұл жерде табылған алтын заттар түркілердің сол дәуірдегі өнері мен мәдениет деңгейінің жоғары болатынының көрсеткіші», - деп келтірілген [116, 179]. Түркілердің тікелей ұрпағы – қазақтар кең далада бейбіт өмірде, күнделікті жағдайда отбасында әке, аға болып, ал мемлекетке қауіп-қатер төнетін болса, сол бойда жауынгер немесе әскери адам болып шыға келетін еді.

Философиялық білім бойынша, халықтық тағылымдарда ұлттық рухтың сынақ аймағы ретінде бізге ұлы тәжірибелерді ұсынады. Сондықтан жеке тұлғаның бойында бауырмалдықты, ізгілік пен құндылық сананы қалыптастыру мен олардың бойында ұлттық рухты сіңіру мәселесі туындайды. Белгілі философ, профессор А.Т.Тайжановтың пікірінше: «Рух – әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын даналығының жиынтығы, еркіндіктің түрі» [117, 12]. Осыған байланысты халқымыздың ұлттық дүниетанымында негізін консенсустық санамен сипаттауға болады: ол субъективті және объективті шарттардан құралады, атап айтқанда төзімділік психология, қонақжайлылық пен өзгені жатырқамау, биік моральдық қағидалар мен бауырмалдық, т.б. эндогенді субъективті фактор болып табылса, отаршылдық арқылы қалыптасқан көнбістік, тоталитарлық жүйеге бас ұрушылық, т.б. экзогенді объективті фактор екендігі шындық. Осыдан қазіргі ұрпақтарды келер буын алмастырған кезеңде консенсустық парадигмалар сақтала ма, ол қандай дәрежеде іске асады деген сауалдарға орай педагогиканың зерттеу аймағы мен оны қалыптастыру шарттары да осы мәселеде өзекті роль атқарады. Сондықтан бүгінгі таңдағы толеранттылыққа тәрбиелудің жағымды жақтары консенсустық сана мен түсіністіктерді қамтамасыз етеді. Бірақ толеранттылық этноальтруизмге айналмауы тиіс, яғни өз мүддесінен өзгенің мүддесін жоғары қойып, өзіндік «Мен» тұжырымдамасынан айрылмауы қажет. Сондықтан келер ұрпақты толеранттылықтан өзіндік «Мен» тұжырымдамасын асқақ ұстауға тәрбиелеу маңызды болып табылады.

Қазақ халқының «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мен идеологиялық тұғыр бойынша, мемлекет бірлігі мен өркениеттік бағытты ұстанады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының әлемдік аренадағы беделін нығайту мен жеке тұлғаның бойында қазақ патриотизмін қалыптастыру үшін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын бастауыш сыныптан жоғары оқу орнындағы студенттердің санасына сіңіру болып табылады. Сондықтан қазақ патриотизмінің мемлекеттік саясат пен идеологиядан өзіндік орнының айшықталуы объективті шынайы құбылыс болып табылады. Ол мемлекеттің біртұтастығы мен халық бірлігіне негізделген қайнар күштің көзіне айналады және азаматтардың рухани мұраттарына қол жеткізуге бағытталады. Мемлекетіміздің отансүйгіштік идеологиясы әрқашан ақиқатты, гуманизм мен демократияны қолдайды. Мысалы, бүгінгі таңдағы еліміздің рухани-мәдени кеңістігінде ұлттық тәрбие мен рухани мұраны ұрпақтарымызға түсіндіру – маңызды міндет. Сондықтан да жастарды біздің менталитетіміз бен рухани құндылықтарымызға қайшы келетін үрдістерден сақтандырып, алдын алу шараларын ұйымдастыру қажет. Демек, тарихи тәжірибеде өзінің өміршеңдігін көрсеткен салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрып қағидамыз, шындығында, адасуды болдырмау үшін объективті қажеттіліктер шартынан туындап отыр.

Әлеуметтік тұғыр бойынша, «Қоғам-адам» – қатар аталатын импликациялы, әрі органикалық бірлік. Сондықтан қазіргі әлеуметтану мен педагогикадағы әлеуметтендіру үдерісі – кез келген адамды біріктіру, қарым-қатынасы мен оның нормалары, қағидаларын мойындауға мәжбүрлеу болып табылатын тұжырымдамалық бағытты құрайды. Қазақ халқының тағылымдық мұраларының құрылымы жөніндегі әлеуметтік мәселелер өз кезегінде жалпы педагогиканың маңызды буындарының бірі болып отыр. Шындығында бұл үдерістің арнайы құрылымдары мен оны іске асырудың құралдары жетілдіруді қажет етеді, оның идеясы мен идеологиясының технологиясын зерделеуіміз керек. Мәселен, бүгінгі таңда еліміздің рухани-мәдени кеңістігіндегі ұлттық тәрбие мен басқа да идеяларды ажыратып, оны ұрпақтарымыздың санасына сіңіру де маңызды міндет. Қазіргі заманғы әрітүрлі діни секталар мен постмодернистік үрдістердің элементтерін қоғамдық үрдістің көрінісі деп, ал моральдық-рухани құлдырау саласын да әлемдік объективті жағдай деп бағалайтындар да кездеседі. Осыған сәйкес этнопедагогика объектісі мен бағдарламалары барынша тиімді жүйе деп білеміз. Жалпыадамзаттық және әлеуметтік маңызды мәселелердің бірі – интерэтникалық коэволюционизм және субьэтникалық өркениет. Яғни ұлттар мен этностардың бірлікте, эволюциялық қағидалар бойынша дамуы және белгілі бір нақты этностың өзіндік ішкі имманентті жағдайдағы дамуы да бүгінгі таңдағы басты ахуал болып табылады. Бұл жағдайда еліміздің дамуы мен өркендеуі, оның өзге мемлекеттермен бірлікте даму идеясы қоғамдық ғылымдармен қатар этнопедагогиканың да басты нысаны болып отыр. Мәселен, субьэтникалық өркениет пен бүкіләлемдік мәдениет талаптарына жауап беретін қазақтың бауырмалдығы, ұлттық әдеп, ұлттық рух, рухани-адамгершілік түсініктер, ұлттық мәдениет және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын атап өтуге болады. Олай болса, бізге ұлттық рухпен қоса

бауырмалдық та қажет. Ұлттық рухани мұраның негізін құрайтын бауырмалдық – қазақ халқының бірігу идеясы болып табылады.

Қазақ халқының педагогикалық мұрасындағы *мәдени тұғыры бойынша* қазақ халқының әлемдік аренадағы өркениеттік мәдениетті таратушы, дүние жүзіне экстенсивті дамудың, өмір сүрудің қолайлы модельдерін ұсынушы қызметтерін көре аламыз. Бізге жеткен деректерге қысқаша шолу жасайтын болсақ, Тұран тайпаларының одағы, сақтар мен ғұндар және түріктер мыңдаған жылдар бойы Қытай, Үндістан, Еуропа халықтарына билік жүргізгендігін, Байкал жеріндегі түркі қорғандарының таралуы сонау Дон мен Дунайға дейін созылып жатқандығын, қола дәуірінің басталуы Қарғалы жеріндегі мыс өндірісінен туғандығын, ғұндардың адамзат тарихындағы орны жаңа әлеуметтік-экономикалық формация феодализмді тудыруда прогрессивті роль атқарғандығын, ғұндардың Еуропаға руникалық жазу мен монша сияқты өркениет белгілерін таратқандығын т.б. атап айтуға болады. яғни, қазақ халқының байырғы дәуірлерінен бастау алған мәдени өркениеттік қызметін де айғақтай түседі. Оның кейбір формаларына тоқталар болсақ, еліміз аумағындағы Андронов мәдениетінің кеңістік бойынша географиялық ауқымдылығы белгілі ғаламдық тұтастық пен ортақ мәдениеттің алғашқы бастауларын ниеттеп, ғұндар дәуіріндегі құндылық тәрбие заңдары мен қағидаларға бағынғандығын айтуға болады. Қазақ даласында негізі қаланған ғұндар дәуірі өз кезінде әлемге мәдениет пен қуаттылығы арқылы мәлім болып, өзіндік тұтастыққа ұмтылған алғашқы үлгілер деп пайымдауымызға болады. Өткенді зерттеуші тарих ғылымы көрсеткендей, ғұндар заманы Қытайдан бастап, Батыс Римге дейінгі аймақты қамтып, өзіндік этномәдени құндылықтарын құрып, таратқан болатын. Мәселен, Римдегі Капитолий қаншық қасқырының скульптурасы – ғұндардың көк бөрі тотемінің аналогиясы болғандығы, аңыз бойынша Еділ бойында дүниеге келген Зороастризм дәстүрі Орта Азия мен Иран жеріне одан Батыс Еуропаға таралғандығы, оның сол дәуір үшін озық дәстүрлер болғандығы, қазақ даласында қола дәуірінің аяқ кезінде пайда болған шаманизм сенімінің де әлемге таралуы т.б. атап өтуге болады. Мәселен, Зороастризмнің мәдени құндылық қызметінің көріністерін мынадан байыптауға болады, яғни бүгінгі күнге дейін әлемнің көптеген елдерінде аталып өтетін «Наурыз» мерекесі осы Зороастризмдік дәуірдің туындысы болып табылады. Олардың сенімдеріндегі басты құндылық – отқа табынудың әлем халықтарына таралып, қастерленеді.

Осы түркілік мәдени синкретизмнің таралуы да әлемдік мәдениеттер үрдісінің айқын көрінісі болып табылады. Сәйкесінше шаманизм сенімінің бүгінгі күнге дейінгі дәстүрлерімізде орын алуы және қазіргі заманғы неошаманизм ағымының тууы осы құбылысты айғақтай түседі. Одан кейінгі сақтар дәуіріндегі этномәдени көріністер әлемдік өркениеттер мен экономикалық қатынастардың дамуы мен өркендеуіне үлкен ықпал еткен болатын. Мәселен, сақтар туралы грек тарихшысы Геродот өз еңбегінде анық айшықтады, олармен дәуірлес Грекия мәдениетінде сақтар туралы мистификация немесе олардың өмір сүруінің символдық образы – кентавр

бейнесі әлемге әйгіленген көшпенділер мәдениетін сипаттайды. Сақтардың мәдениеті мен шаруашылығы сол дәуірлерде әлемге әйгіленіп, ғаламдық мәдениеттік дамуына өзіндік үлесін қосқан болатын. Жоғарыдағы тарихи ретроспекция көрсеткендей, түркі мәдениеті әлемдік тұтастықтың эпицентрі болып келген ата-бабаларымыздың әлемдік аренадағы саяси-мәдени этноцентризмдік билігі сан ғасырлар бойы дүниежүзілік өркениетке өз ықпалын тигізді. Аталған проблемаларды талдай келіп, біз әр дәуірдің этноцентристік құндылықтарын бағамдай отырып, ондағы дәстүрлі тағылымдардың көріністерін тани аламыз. Өте ертеден келе жатқан қазақ халқының ұлттық тәрбие үрдісі бірін-бірі қайталамайтын және өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Қазақ халқының «жетілген тұлғасы» немесе жетілген ұрпақ көшпенділер дүниетанымынан басты орын алатын жалпыадамзаттық құндылықтар мен халықтың ата салты қағидаларын сақтау өлшеміне негізделген. Сондықтан әрбір тұлғалықты құрметтеу персонализмі – оны халықтық рухта жігерлендіру, өзін дала аймағының өкілі екендігін сезіндіру болып табылады. Мұндай өз заманының талабынан туындаған «әскери өкіл-ұрпақ» бүгінгі замандағы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу үшін аса маңызды үлгі. Жеке тұлғалыққа өту сынағында сол жеткіншек ата-ананың немесе бауырларының көмегінсіз өзі ғана шыңдалады. Демек, тәлімгерлік ой-пікірден шығатын негізгі тәжірибе қоғамға ерте араласып, өз бетінше тағылымдық өнегелер арқылы бейімделеді. Оның идеяларында он бес-он алтыға келген бала өмірге өзінше жолдама алады, «ұядан ұшады». Оның алдында сайын даланы еркін мекендеген, өршіл рухты, асқақ жігерлі көшпенділердің биік талабы тұрады. Сондықтан намыс пен ерлікке булығып, ересек өмірге аттанған ұрпақ кейде «не ерлік, не өлім» деп, ерлік көрсетуге дайын тұрады.

Қазақ халқының дәстүріндегі этнопедагогикалық бастаулары, арнайы құрылған ұлттық тәрбие негіздерінің, халықтың дала мәдениетіндегі өнегелік үлгілерден, рухани кеңістіктегі шартты орталықтың бастапқы тұлғасына айналған халқымыздың тағылымдық мұралары, өзіндік тәлімдік ой иірімдері арқылы, төлтума озық ғибраттық идеялар бойынша, парасаттылықтың биік деңгейінен көрінетін ұлттық тәрбиелік үрдістермен халық педагогикасында айрықша орын алады. Демек, халықтық тағылымдарда бүгінгі күнгі тәрбие үдерісінде қодану уақыт талабына сай туындаған деп айта аламыз. Сондай-ақ халқымыздың тәрбиелік қағидаларымен ұлттық тәрбие идеяларында қазақы бауырмалдық тұтастығы бар екенін түсінуге болады.

Қазақ халқының тағылымдық өнегелерінде ел бірлігі мен ұрпақтар сабақтастығы жүйесі, әлемдік түркі жұртының мекенін айқындап, оның өміршеңдігін сақтау үшін «қандай жолмен өмір сүру керек» деген сауалға сан алуан өмір сүру дағдыларын сезіне отырып, бірден-бір мызғымас ерлік дәстүрлерін сақтауды ұсынады да, ондағы ұлттық тәрбиенің маңызына басымдық беріледі. Қазақ халқының тағылымдық өнегелерінде ұрпақтарды тәрбиелеукашанда ата салтын құрметтеуді, өткенді бағалауды, дәстүршілдікті негізгі алуды қамтиды. Қазақ халқының рухы мықты, өсімтал ұрпағы мыңдаған

жылдар бойы үздіксіз сақталған өмір сүру шарттарымен келісуі тиіс, ұлттық рухани дүниеге қарсы әрекетке барғандар қатаң жазаланатын болған. Яғни көшпенділердің «өз ережелерін» қабылдап, сақтап, кейінге қалдыру формуласын әрбір оғыз-қыпшақ ұлысының азаматы мойындауға тиісті және орындауға борышты болған. Демек, аталған тұғырларды саралай келе, «ұлттық құндылықтар тағылымы» атты курсты ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісіне енгізудің қажеті зор деп білеміз. Сондықтан болар, әлеуметтік бәсекелестік заманында әрбір тұлғаның білім сапасын, қабілеттілік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібінде өткір қойылып отыр, яғни адамның біліктілігі мен білімі қазіргі заманда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналды, қазіргі заманғы бәсекелестікке тұлғаны дайындау көшпенділік дәуірдегі «жаугершілік» – бәсекелестікте жеңіп шығудың заманауи шындығы болып табылады. Академик Ә.Нысанбаев: «Қазақ халқының ұлттық құндылықтарды нақты зерттеуінің түкпірінде өзімізді терең тануға деген ұмтылыс жатыр. Тарихтың терең қатпарларында түркі әлемінің мағынасын түсінбей қазіргі кездегі бәсекеге қабілеттілік пен жетістікке жету мүмкін емес» – деп келтіреді [118, 39].

Сондай-ақ, қазақ халқының ұлттық тәрбиесінде елдің болашағында өркениеттік үлгіде дамуында салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың басты роль атқаратындығын, ұлттық құндылықтардың маңызды екендігін, әрі тәлімдік сипат алатындығын көрегенділікпен тани біліп, ата салтын сақтау мен қолдануға аса мән берген, тіпті белгілі бір тұстарда қазақ халқында салт-дәстүрді дала заңы ретінде соған сүйенген деп айта аламыз. Себебі, ата салты халық санасындағы сан ғасырлар бойы қалыптасқан архетиптер сана түкпірінен тамыр тартатынқалыптасып қалған ішкі дүниеден хабар беретін жадыдағы мәліметтер. Оларды сақтауды және орындауды қатаң ұлттық құндылықтармен ұсынған, ұмытпау мен ескертіп отырудың дағдыларын жетілдірген. Ұлттық тәрбие құндылықтарының үйретушілік пен берері мол сарқылмас қорларын пайдалана білген, ердене бәрінің жауабы дайын мәліметтердің кеңдігі мен әмбебап дайындығы оларды еркін қолдануға мүмкіндік береді. Ұрпақты ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеудің негізі, басты ықпал етуші құралы да осы деп білген. Осындай халқымыздың тағылымдық мұрасы бүгінгі дәстүршілік қағидасы бойынша өмір сүрудің заңды нәтижесі күні бүгінге дейін өз бетінше орын тауып келген. Халқымыздың тағылымдық мұраларында ел бірлігі, жері мен атамекеніне құрметпен қарау жөнінен кейінгі ұрпақтарға үнемі үлгі болатын тәрбие құралы болып табылады. Қазақтың өнегелік сөздері мен тәрбие қағидаларының негізі – тілінен, терең тарихынан, тұрмыс салтынан, әдет-ғұрпынан, ұрпақтан-ұрпаққа алмасып келе жатқан асыл мұрасы – ұлттық құндылықтары болып табылады. Ол мемлекеттің біртұтастығы мен халық бірлігіне негізделген қайнар күштің көзіне айналады және азаматтардың демократиялық сауаттылығынан көрінеді.

Халықтық тәрбие әрқашан ақиқаттық, ізгілік қатынастар мен халықтың игілігін негізге алады. Сондықтан ұлттық тәрбие беруде қоғам алдында тұрған

стратегиялық міндеттердің дені елдікті сақтаудан тұрады. Онда ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтарда қазақтың бауырмалдық қағидасы бар екендігін түсінеміз. Бүгінгі таңда қалыптасқан тәжірибеге сүйене отырып, ұлттық тәрбие мен құндылықтар құрылымын, мазмұнын сипаттайтын тұжырымдамалардың маңызы зор екендігі айқындалды. Осы орайда, зерттеуімізде сәйкес, құндылықтар жөніндегі әртүрлі тұжырымдамаларға сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдіснамалық негіздерін анықтаудың тұғырлары айқындалды (3-кесте).

Кесте – 3 Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың тұғырлары

Тұғырлар	Сипаттамасы
Тарихи тұғыр	Қазақ халқының ұлттық құндылықтар мен тәрбиесінің генезисі мен этнос тарихының қалыптасуындағы тұға тәрбиесіне арналады.
«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мен идеологиялық тұғыры	Қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық құндылықтардың «Мәңгілік ел» идеясының міршендігін қалыптаструға бағытталады.
Әлеуметтік тұғыр	Ұлттық құндылықтардың халық тағылымы мен үндестігіндегі ізгілік қасиеттерді негіздеуге арналған.
Мәдени тұғыр	Студенттердің адамгершілік құндылықтарын мәдениетпен объективтік байланысы негізінде тұлғаның мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін зерттейді

Кестеде көрсетілген тұғырлар бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауға маңызды рөл атқарады. Бұлардың ішіндегі ең маңыздысының бірі құндылық тұғыры, оның мәні тәрбие мен тәлім құндылық ретінде қаратырумен сипатталады. Демек, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі кең ауқымды реформалаудан өтумен сипатталады, яғни оның базисті негізін және жаңа әдіснамасын анықтау арқылы жүзеге асырылуы көзделеді.

Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдар аралығында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім берудің әрбір кезеңдеріне білім жүйелерінің жетілген жаңа үлгілерін енгізу міндеттеледі, оның ішінде, гуманитарлық тәрбие мен ұлттық тәрбие парадигмасына айрықша назар аударылып отыр [119]. Бұл бағдарламада қандай да дайын үлгі тәжірибеге енгізілу жолында нақтылы шарттарға бейімделуі талап етіледі. Демек, біздің еліміздің білім жүйесін реформалау үшін ғылыми негізделген ықпалдарды өңдеуді болжауда жұмыс істейтін механизмдерді енгізу мен оны жаңарту жолын қарастыру қажеттігі сөзсіз. Сондай-ақ, дүниежүзілік білім алу

кеңістігінде интеграциялану процесі бізден бейімделу мен бәсекеге қабілетті педагогикалық жетістіктердің енгізілуін талап ету қажет.

Әрине, біз қандай қоғамдық формацияда өмір сүрсек те сол дәуірдің озық ойлы ғылыми-педагогикалық тәжірибесін сақтауға тиістіміз. Бізге белгілі кеңестік педагогика ерекше әдіснамаға сай құрылған болатын, ол батыстағы педагогикалық көзқарастарға диаметральды қарама-қарсы тұрған негізді бағыттарды көздеді, атап айтқанда кеңестік ғылымның XX ғасырдан 60-70 жылдарындағы барлық ғылымдар саласында дүниежүзілік табыстаға кеңінен ие болуын жоққа шығаруға болмайды. Бүгінгі жаңа қоғамда болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім дамуына жаңа ықпалдарды талап етеді, қалыптасқан әдіснама мен педагогика ғылымының парадигмаларын өзгертуді қажет деп санайды. Тап осы базисті негіз – дамыта оқыту арқылы инновациялық ойлардың орныдалуына кері әсер етті. Өкінішке қарай, дәл қазір білім берудің жаңа әдіснамасы мен білім философиясы қазіргі заман талабына жауап бере алмауда. Мектепке дейінгі, орта және жоғары білімді дамыту мәселелері түрлі концепцияларды анықтағанымен негізгі көкейкесті мәселелерді шеше алып жатқан жоқ, өйткені оларда бүгінгі күнгі білім реформасының базистік ұстанымдарының тереңдігі сезілген жоқ. Даму концепциясы тек қана білімнің теориялық ұстанымдарының жаңартылуына бағытталған, ал реформаның негізгі талаптарына жауап бере алмауда болып табылады. Негізгі ұғымдармен жаңа мазмұны педагогикалық анықтамалық сөздікте берілген [120]. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауда халық педагогикасының тиімді тәрбие құралы қызметін атқаратыны туралы ТМД елдерінің ғалымдары Г.Н.Волков, А.Ш.Гашимов, В.Ф.Афанасьев, Я.И.Ханбиков, Е.Л.Христова, Г.Н.Филонов, А.Э.Измайлов және т.б. еңбектерінде айтылған.

Қазіргі кезде педагогика ғылымының әдіснамасына жаңа бағыт беру мен оны жүзеге асыру механизмін анықтау ғалымдар мен педагогтар алдына бүгінгі оқу-тәрбие қызметінің мазмұны мен ұйымдастыру формаларының оңтайлы жолдарын көрсетуді міндеттеп отыр. Жоғары оқу орындары студенттерінің ұлттық тәрбие мен құндылықтарға көзқарасын қалыптастыру жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі аса маңызды міндеттерінің бірі. Осы мақсатта ұлттық құндылықтарға көзқарастың құрылымдық компоненттерін анықтау, сол арқылы студент ізгілік рухында тәрбиелеудің басты педагогикалық шарты ретінде қазақ этнопедагогикасының құралдарын пайдалану табысты нәтиже береді деп санаймыз. Көптеген білімгерлердің әлемнің және Отанымыздың мәдениетінің негіздерін білмеуі, қоғамдық институттардың құрылымы мен қызметі туралы қарапайым түсініктерінің жоқтығы, адамдардың қарым-қатынас жасаудағы этикалық және психологиялық тұрлаулы дағдысының әлсіздігі немесе болмауы, дүниені түсіну жөніндегі және ондағы өз орнына деген тоғышарлық көзқарастың мендеп кетуі – жастардың гуманистік көзқарасының дұрыс қалыптасуына, олардың даярлығына жеткілікті көңіл бөлмеу салдарынан әртүрлі қоғамдық пікірлер қалыптасқан.

Қазақстанда жоғары мектепті ізгілендіру мәселесі қоғам дамуының алғышарттарын қалыптастыруға, жастарды нарықтық қатынастар жағдайында жұмыс істеуге әзірлеуге қатысты шешілетіндіктен, кез келген жоғары оқу орнын бітіріуші игеруге тиісті негізгі жеке қасиеттер, адамгершілік өлшемдер мен гуманитарлық бағдарлар жиынтығының мазмұнын анықтау қажет. Қазақстанда білім беруді гуманитарландыру тұжырымдамасында болашақ маманның гуманистік көзқарасын қалыптастыратын білім, біліктілік және дағдылардың мазмұнын анықтау төмендегіше берілген:

- Ұлттық дүниетаным мен түйсінудің негізін құрайтын, дүниені түсіндіру қабілетін іске асыратын, өмірдің құндылықтары туралы бағдар беретін философиялық білімдер;

- Нарықтық экономиканың әлеуметтік бағытталуы туралы қазіргі түсініктер негізінде қалыптасатын этикалық біліктіліктер;

- Әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым мәнді идеялар мен тұлғаларды білу, мәдениеттің негізгі кезеңдеріне түсінік беру;

- Әлеуметтік-мәдени даму заңдылықтарын түсіне отырып, тарихи жылнамаға талдау жасай білу; қазіргі өркениет жолдарын пайымдау қабілеті; тарих субъектілері, оның ішінде осы заманғы әлеуметтік күштер, қазіргі қоғамның әлеуметтік құрамы туралы кең ауқымды түсінік, қоғамдағы институттардың құрылымы мен функциялары жайында нақты түсініктің болуы; әлеуметтік-технологиялық даму мәселелерінде еркін бағыт-бағдар ұстай білу. Аталған мазмұн жүзеге асырылуы үшін елімізде жүргізіліп жатқан білім беру саласын реформалау саясатында мынадай қағидалар тұжырымдалған:

1. Білім берудің гуманитарлық сипатын бағамдау, яғни барлық оқу пәндерінің гуманитарлық әлеуетін айқындап, оларды оқыту әдістемелерін тиісінше өзгерту;

2. Ұлттың өзіндік этномәдени болмыс-бітімін танып білу, оны дәріс алушы ортаның этникалық мұқтажына сәйкес реформалау, яғни ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың өзара кірігуін қамтамасыз ету;

3. Әрбір тұлғаның қоғамда имандылық пен зиялылық ахуалының орнығуына жағдай жасау;

4. Өркениеттік нарыққа ену, ұлттық тәрбие мен құндылықтарды өз бойына сіңіруі, нарықтық пайымы биік кадрларды тыңғылықты даярлауды талап ету, яғни ұлттық көзқарасы жоғары маман даярлау арқылы адамгершілік қасиеттің тозғындауына, мәдениет пен білімге деген нигилистік көзқарасқа қарсы тұра алатын адамзат тәрбиелеу керек деп айтылған.

Жеке тұлғаның гуманистік көзқарасын қалыптастырудың түрлі кезеңдеріне сай мәні, мақсаты, жүзеге асыру құралдары болады. Сондықтан да гуманитарлық көзқарасты қалыптастырудың алғышарты – талаптар мен стандарттарды әзірлеу болып табылады. Бірінші қағидалық тұжырымдамаға сәйкес теориялық ұстанымдар мен зерттеу жұмыстарын талдау барысында қоғамның және білім беру жүйесін гуманитарландыру процесі бүкіл адамзаттық құндылықтардың өзгеруімен байланысты екені, тек адам ғана өзінің жеке-даралық ерекшеліктерімен бірге өзекті-потенциалды тұтас дүние ретінде

жоғары құндылық болып қарастырылады, ал жеке тұлғаның өзін-өзі таныта алуы өзекті әлеуметтік пробелма болып қарастырылатыны айқындалды. Бұл жаңа көзқарастар негізіне тұлғалық-бағдарлы білім беру идеясы Е.В.Бондаревская, Э.Н.Гусинский, В.В.Сериков, Ю.И.Турганинова, И.С.Якиманская, А.Маслоу, К.Роджерс, Ш.А.Амонашвили, т.б ұлттық тәрбие мен оқытудың тұлғалық-дамытушылық парадигмасы В.Сластенин, М.Берулова, т.б. қарастырған болатын. Білім берудегі құндылықтар тұжырымдамасының негізінде тәрбиенің құндылықтарына қайта мағына беру керектігі байқалады. Гуманистік тұлғалы-бағдарлы тәрбиенің басты құндылықтары болып тұлғаны өсіруші және тәрбиелеуші орта ретінде адамның өзі алынады. Сол себепті жоғары оқу орындарында жеке тұлғаның гуманистік көзқарасын қалыптастыру белгілі бір адамгершілік өлшемдер мен гуманитарлық бағдарларға сүйенуі міндетті. Білім берудің гуманитарлық сипатын қайта бағамдау қажеттілігінен қазіргі қоғамдағы философиялық көзқарастар эволюциясына мұқият назар аудармаса болмайды. Соңғы уақытқа дейін дәстүрлі көзқарастар бойынша жеке тұлғаның даралық ерекшеліктері тек сыртқы факторларға тәуелді делініп, оның түрлі субъектілерімен байланысы шектеліп келді. Тәрбиеленуші немесе оқушы сыртқы ықпал, әсер, стандарттар мен нормативтер көмегімен басқарылатын инженерлік-технологиялық объект санатында қарастырылды.

XIX ғасырдың қарсаңында ғылым пен техниканың дамуы нәтижесінде қоғамдық сана, ғылыми ой мен оның практикалық жүзеге асу барысын сәйкес дәрежеде қабылдай алмады, адамның мәнділігі туралы ой технология мен ғылыми-техникалық прогрестің көзсіз дамуына ілесе алмай сыртта қалып қойды. Дәстүр бойынша жеке адам тұлғасы алдында үш жақты проблема өз инстинктерімен, табиғат күштерімен және қоршаған адамдармен өз қарым-қатынастарын реттеу тұр десек, онда жаңа қоғам адам мен оның өндірген өнімдерінің арасындағы қалыптасқан қарама-қайшылықтарды шешуге мәжбүр болды.

Профессор К.Ж.Қожахметованың зерттеу жұмысында: «жеке тұлғаның ұлттық тәрбиесін қалыптастыру күрделі мазмұндық құрылымға ие, сол себепті қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық тәрбие элементтерін айқындау, қазақ халқының педагогикалық жүйесіне ретроспектикалық талдау жасау және алынған нәтижелерді заман ағымына бейімдеу әрі жалпылама қорытындылау аса маңызды», - деп саналады [121, 65].

Қазіргі кезде осы ұстаным негізінде жеке адамның ұйымдастыру мазмұны мен әдістемесін анықтауға болады. Аталған міндетті жүзеге асыру үшін қазақ этнопедагогикасының тәлім-тәрбиелік жүйесіне тарихи-педагогикалық зерттеу ұйымдастырып, олардың жас ұрпақтың ұлттық көзқарасын қалыптастыруда алатын орнын анықтау қажет деп санаймыз.

Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау күрделі құрылымдық түсініктерден тұратындықтан, ұлттық тәрбие беру мәселесінде оның ұғымдық-түсініктік аппаратын анықтау біршама қиындықтар туғызады.

Педагогика ғылымында «ұлттық тәрбие», «ұлттық көзқарас», «ұлттық құндылықтар», «құндылықтар», «ұлттық құндылықтарға көзқарас» ұғымдарына түрлі мазмұнды анықтамалар берілген. Қазақстан Республикасында білім беруді гуманитарландыру тұжырымдамасында жастарға гуманистік тәрбие беру мәселесі жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтар мазмұнында қалыптастырылуы тиіс делінген. Осы талапқа сәйкес біз ұлттық тәрбие және көзқарас ұғымдарына, олардан туындайтын басқа да түсініктерге философиялық парадигмалар қажеттіліктерін өтейтін анықтамалар беруге тырыстық. Атап айтқанда: «Ұлттық құндылықтар – тарихи алмасатын адами көзқарастар жүйесі, рухани құндылықтарды жеке тұлға ретінде мойындаушы, оның бостандыққа, бақытқа, дамуы мен өзіндік қабілетті көрсету құқығы, адам игілігі әлеуметтік институттардың қызметтік бағалау белгісімен есептелетін, ал теңдік, әділеттілік институттардың қызметтік бағалау белгісімен есептелетін, ал теңдік, әділеттілік, адамгершілік принциптері адамдар арасындағы көңілдің тілектелген нормасы болып табылады», - делінген [122].

Ұлттық құндылықтарға көзқарас ізгілік мазмұнды білім және тәрбие негізінде қалыптасады, олар әлем бейнесін негіздеу қызметін атқарады, ал ғылыми білімнің әр-түрлі өрістерін, ғылыми әлемтану негізінде интеграциялау ХХІ ғасыр адамның қалыптасуы үшін толық құнды негізді құрайды. Осы мазмұн бойынша «құндылықтарға көзқарасқа – адами көзқарастар жүйесіндегі рухани құндылықтарды мойындауға икемделу, сол арқылы бостандыққа, бақытқа ұмтылудың жағымды әрі ізгілікті әрекеттерін жүзеге асыруға қабілетті болу», - деп анықтама беруге болады деп саналады [123].

Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау парадигмада «өмірге дайын адамды», «әрекет жасайтын адамды» парадигмасын «білімді адам» парадигмасын ауыстыруды жөн деп санайды. Барлық парадигмалардың осылайша алмастырылуы барлық оқытудың әдістемелік жүйесінің маңызын қайта ойластыруды талап етеді. Т.Кун, М.Н.Берулова, В.А.Сластенин, т.б. ғалымдардың пікірі бойынша, гуманистік тәрбие парадигмасы – бұл білім беру міндеттерінің біркелкі шешімін табатын нақты көзқарас пен айқын стандарты болып саналып отыр. Егер де ұлттық тәрбие және құндылықтарға (Г.А.Балл, М.Н.Берулова, М.В.Ларин, И.Н.Семенов және т.б.) сүйенетін болсақ, онда ұлттық тәрбие өзінің мәні бойынша тұлғаны құндылықтарға көзқарасты қалыптастыратын күрделі процесс ретінде қарастыруға болады.

Бүгінгі ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде, оқулықтарда, оқу-әдістемелік кітапшаларда жеке тұлғаға байланысты «ұлттық көзқарас», «ұлттық құндылықтар» ұғымдар кездескенімен, бұл ұғымдарға дәл анықтама беріліп, мән-мазмұны құрылымы кеңінен ашылмаған. Г.М.Коджаспирова мен А.Ю.Коджаспировтың сөздігінен бұл екі ұғымның айырмашылығы бар екендігін көреміз. Олар: «ұлттық көзқарас жеке тұлғаның қарым-қатынасы мен біріккен қандайда болмасын құбылыс, зат, тұтас дүние туралы білімдер, ал ұлттық құндылықтар – концептуалды күйге айналған ой», - деп анықтама береді [124, 210].

Ғылыми тұрғыдан түсінік берер болсақ, С.Ожеговтың сөздігінде «көзқарас – ой-пікір, ой-толғаныс» делінген. Ал «құндылықтар – дүниетанымның негізгі принципі болатын, адамның санасындағы шындықты бейнелейтін ұғым, бір нәрсенің мазмұнын анықтайтын бағалау деңгейі» деп берілген [125].

Философия ғылымында көзқарасты кеңінен дүниетаным деңгейінде қарастырады. Онда дүниетанымды «көзқарастардың, құндылықтардың, аңсар-мұраттардың, сенімдердің» жүйесі құрайтындығы дәлелденді. Біздің ойымызша, жеке ойшыл тұлғаның дүниеге және қоғам мен табиғат құбылыстарына деген жалпы көзқарастарымен бірге, оларға байланысты қатынасын білдіретін өзіндік педагогикалық көзқарасы да болады.

Сонымен қатар, антикалық философтар Демокрит, Платон, Аристотель секілді ғұламалардың, Орта Азиядағы ортағасырлық ойшылдардың педагогикалық ой-пікірлері тәжірибеде талданып, зерделенген ғылыми көзқарас дәрежесіне сәйкес адамды тәрбиелеу идеясы негізінде қалыптасқан тұжырымдар болып табылады.

Педагогика ғылымының негізін салушы ғалымдар Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, кеңес педагогтары А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский өздерінің педагогикалық сенімдеріне тәжірибе жүзінде тексеру арқылы келген. Осындай ұқсас көзқарастар көптеген педагогикалық теорияларды, ойларды, наным-түсініктерді, идеяларды қамтиды. Сол сияқты, қазақ этнопедагогикасындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер педагогикалық тәжірибеге сүйенбей, өмірдегі болатын әртүрлі жағдайларға байланысты айтылғандықтан, біз оларды тәлім-тәрбиелік идеялар, ой-толғаныстар дәрежесінде қарастырамыз. Олай болса, ұлттық тәрбиеге көзқарас әр уақытта этнопедагогиканың қажетті шарты болмайтындығын есте сақтау қажет. Құндылықтарға көзқарас ұлттық тәрбиенің қажетті құраушысы болуы үшін ең кем дегенде оның адам бойында ізгі ниет пен ізгілік қасиеттерді қалыптастыруы міндетті болып саналады және жоғары мәдениет түрінде іске асырылуы қажет.

Аталған ереже, тұжырымдамаларды негізге ала отырып, біз өз анықтамамызды ұсынамыз: *«Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау дегеніміз – ұлттық педагогикалық пәндердің рөлін күшейту, оқу пәндерінің мазмұнының құндылықтарға бағыттау және оның жаңа бағалау нормаларын нақтылау, оқу процесін толық ізгілендіру болып табылады».*

Бүгінгі таңда оқу-тәрбие процесін ұлттық аксиологиялық тұрғыдан алып қарағанда, оның мазмұнын әлеуметтік құндылық кешені ретінде «адамдардың мәндік күштерінің еркін дамуы және өмірлік ұмытылыстардың шығармашылық сипатта жүзеге асырылуы үшін жағдай туғызуды талап ететін әрекет жүйесі деп санауға болады «саяси, экономикалық, психологиялық, педагогикалық және т.б.». Осыған сәйкес, ұлттық тәрбие – тұлғалық-бағдарлаушы көзқарастардың жүйесі ретінде, әлемдік құрылымының өзіндік үлгідегі болмысы болып табылады. Ол адамға бағытталған кең түрдегі әлеуметтік бағдарлама сипатына

ие бола алады, бірақ тәрбиелене алмайды. Сондықтан оның ізгіліктік бағытталуы негізінде ғана тұлғаның сапалық тәрбиеленуі жүзеге асады. Бұл тұрғыда «ұлттық көзқарас» адамдардың бір-біріне, қоғамға, табиғатқа, өзіне қарым-қатынасын бейнелейтін, тұлғалық қасиеттері кешенінің дамуын көрсететін сипаттама ретінде беріледі. Сол себепті ізгіліктік бағыттылық педагогикалық көзқарастың құрылымдық мазмұнын анықтаушы басты элемент болып саналады [126].

Бүгінгі күні тұлғаның бойында «ұлттық тәрбиені қалыптастыру» ізгілікке бағытталуын тәрбиелудің әдістері мен тәсілдерін ашу ғана емес, оның тұлғаның үйлесімді даму үрдісі мен субъектіліктің қалыптасу жолдарын көрсетуден тұрады.

Тұлғаның бойында ұлттық тәрбиені қалыптастырудың мақсаты – тұлғаның үйлесімді дамуы үшін педагогикалық үрдіске қатысушылар арасындағы қарым-қатынастың ізгіліктік сипат алуын көздейді. Мұндай қатынастарды белгілеу үшін «ізгілік тәрбиесі» термині орын алады. Бұл тұрғыда қоғамдық білім беру құрылымындары мен оларды гуманитарландыруға басты назар аударуы тиіс.

Демек, тұлғаны ізгілікке тәрбиелеудің әлемдік теория мен тәжірибе бойынша қалыптасқан мақсаты ғасырлар бойы келе жатқан, жан-жақты және үйлесімді қалыптасқан мақсаты ғасырлар бойы келе жатқан, жан-жақты және үйлесімдік сипатта дамыған тұлғалық болмыс болып табылады. Бұл мақсат тұлғаның статикалық ерекшелігін береді. Оның өсу сипаттамасы өзіндік даму және өзін көрсете білу түсініктерімен байланысты болды. Дәл осы үрдістер тұлғаның өзі мен қоғам арасындағы үйлесімдіктерімен байланысты болды. Дәл осы үрдістер тұлғаның өзі мен қоғам арасындағы үйлесімділікте өзіндік даму мен өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай туғызатын – ізгілікке тәрбиелеудің мақсаттық ерекшелігін айқындайды.

Бастауыш сынып оқуышларына ұлттық тәрбие беруде тұлғаның өз келешегіне қатысты ұлттық көзқарасы мен дүниетанымдық ұстанымдары анықталады, олар адамды табиғаттың ерекше құбылысы ретінде танау, өзінің субъективті артықшылығын ескеруге ерекше құбылысы ретінде тану, өзінің субъективті артықшылығын ескеруге мүмкіндік береді. Тәрбиелеу мақсатының бұлай құрылуы адамның өз өміріне ықпалын өзгерту, өз қабілеті мен шығармашылық әлеуетін ашудағы құқықтары мен жауапкершілігін түсінуіне мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, өзіндік даму мен өзін-өзі жетілдіруде тұлғаның ішкі бостандығының таңдауы арасындағы ара-қатынас пен оған қоғамның ықпалын түсіндіреді. Демек, ұлттық тәрбие беру мақсатына жету арқылы адамның ұлттық көзқарасын қалыптастыру шаралары жүзеге асырылады. Осы тұрғыдан алғанда, ізгілікке тәрбиелеу мақсаты өзіне тиісті маңызды міндеттерді қояды:

- Тұлғаның өмірдің мәнін ұғынуы, өзінің әлемдегі орны, өзінің бірегейлігі мен құндылығын түсінудегі философиялық-дүниетанымдық бағдары;

- Өзіндік, жандүниелік қабілеттері мен шығармашылық әлеуетінің даму қарқыны мен шегін бейнелейтін, өмір сүру жауапкершілігін түсінуге мүмкіндік беретін, тұлғалық тұжырымдаманы құруға көмек беру;

- Жалпы адами және ұлттық мәдениет байлығын бейнелейтін, мәдени құндылықтар жүйесіне тұлғаны араластыру, оларға деген өзіндік қарым-қатынасты белгілеу;

- Ізгілік адамгершіліктің жалпы адами нормаларын, оның көлемі мен нақтылы мазмұнын «қайырымдылық, өзара түсіністік, жылы жүректілік және т.б.), ашу және тұлғалық маңызды көрсеткіш ретінде зиялылық мәдениеттендіру;

- Тұлғаның зияткерлік – адамгершілік бостандығы мен теңдей өзіндік баға беру мен бағалау қабілеттілігі, іс-әрекет пен қызметті өзіндік реттеу, дүниетанымдық рефлексиясының дамуы;

- Өмір салты мен этникалық және жалпы адами құндылықтардың біртұтастық сипатында отансүйгіштік сезімнің қайта түлеуі, елдегі заңдар мен тұлғаның азаматтық құқықтарын құрметтеуге тәрбиелеу, туған елдің беделі пен байлықтарын сақтауға ұмтылу;

- Елдің материалдық қоры мен жандүниелік әлеуетін құрайтын, әлеуеттік және тұлғалық сипат алатын қажеттілік пен мәжбүрлік ретіндегі еңбекке көзқарасты өзгерту. Бұлардың бәрі өз кезіндегі тұлғалық өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді;

- Салауатты өмір салтына байланысты валеологиялық ережелерді дамыту, тұлғалық және әлеуметтік ұмтылыстарды жүзеге асыру мақсатындағы өмірлік жоспар ұғымдарын қалыптастыру.

Бұл аталған міндеттердің орындалуы тұлғаның ізгіліктік тәрбиесі арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірудің түпкі негізін салуға мүмкіндік қажеттілікке ие болады және оны бағалау мүмкіндіктерін меңгерді.

Жеке тұлғаның бойында ұлттық тәрбиені қалыптастыру құндылықтар жүйесінің бағыттаушы нәтижесі ретінде ізгіліктік ұмтылыстардың өзара әрекеттесуіне тәуелді болады, яғни жеке адам психикасының ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Бұл пікірге психологиялық-педагогикалық зерттеулерден көптеген дәлелдемелер табуға болады. Жеке алып қарастыратын болсақ, А.Н.Леонтьев адам қоршаған әлем алдында жалғыз өзі тұрған жоқ, оның әлемге деген қатынасы барлық кезде адамның басқа адамдарға деген қарым-қатынасымен байланысты болып келеді, ол өз қызметі барысында адамдармен өзара қарым-қатынаста болады деп есептеген [127].

Жалпы қоғамда қарым-қатынас өзінің әуелгі сыртқы формасына «бірігіп әрекет жасау, ауызша немесе ойша қатынас) сәйкес адамның қоғамда дамуының қажетті және спецификалық шартын құрайды. Материалдық және рухани мәдениет жетістіктерін игеріп, оларды өзінің қажеттілігіне, «өз даралығының органдарына» айналдыруы үшін адам өзін қоршаған әлем құбылыстарымен қатынасқа басқа адамдар арқылы, яғни басқа адамдармен қатынасу арқылы түседі. Бұл процесте адам (бала) сәйкес әрекетке үйренеді. Дәл осы процесс өзінің қызметтеріне қарай тәрбие процесі болып табылады.

Тұлғаның бойында ұлттық тәрбиені қалыптастырудың күрделілігі осы қызметтердің құндылық дәрежесіне тікелей байланысты болады. Сондықтан түрлі жас ерекшеліктеріндегі ізгілік тәрбиесінің түрлеріне байланысты ұлттық құндылықтарға көзқарас қалыптастырудың мазмұны өзгереді. ЖОО студенттерінің жас және интеллектуалдық ерекшеліктеріне байланысты ізгіліктік ұмтылыстары бағытты және мақсатты болады, олай болса олардың бойында ұлттық тәрбиені қалыптастыру нақты бағдарланған мазмұнға бейімделуі тиіс. Осыған байланысты біз, тәрбиеленуші мен сыртқы әлем арасындағы шынайы қарым-қатынастар жүйесінен педагогикалық заңдылықтар сипатына ие болатын объективті себеп-салдарларын атап өтуге тиістіміз. Бұл орайда жалпы педагогикалық процесті тәрбие қызметі мен даму заңдылықтарын арасынан бастысын жеке атап көрсету қажет – ол жеке тұлға дамуына бағытталған бағдар. Және жеке тұлғаның жалпы мәдени, әлеуметтік-адамгершілік және кәсіби дамуы неғұрлым өзара үйлесімді болса, адам мәдени-гуманистік қызметін жүзеге асыру барсында соғұрлым еркін және шығармашыл болмақ. Бұл заңдылықтан тәрбиенің құндылық метақағидалары жүйесіндегі жетекші қағида – жеке тұлғаның үздіксіз жалпы және кәсіби дамуы қағидасы келіп туындайды. Оның жетекші болу себебі, басқа қағидалардың негізінде де осы заңдылық жатады және олар осы жетекші қағиданың жүзеге асырылуының ішкі және сыртқы жағдайларын жасау келе, оған бағынышты болады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, білім беруді гуманитарландыру жеке тұлғаның үйлесімді дамуының басты шарты болып қарастырылады. Тәрбие ізгілікті болу үшін, Л.С.Выготский айтуы бойынша, ол «дамудың жақын аймағына» бағытталу керек. Бұл бағыт кез-келген жас кезеңінде жеке тұлғаның дамуы үшін міндетті түрде жан-жақты емес, бірақ міндетті түрде объективті қажетті қасиеттермен қамтамасыз ететін білім беру мақсаттарын қояды талап етеді. Бүгінгі таңда адамға тек негізгі кәсіби білім беріп қана қоймай, жалпы адамзат мәдениетін игертуге, осының негізінде жағымды субъективті (жеке тұлға қажеттіліктері) және білім берудің материалдық базасы мен кадрлар мүмкіншілігімен байланысты объективті жағдауларды ескере отырып, жеке тұлғаның барлық жағынан дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Яғни, студенттердің жағымды субъективті қасиеттері – ұлттық тәрбиенің рухани құндылықтарын қажетсінуі, оларды пайдалы әрекеттерге қолдану және соның нәтижесінде гуманды әрекеттерді таңдау мүмкіндіктері дамиды. Таңдау мен талғам әрекеттері даралық қасиеттерге ие болғандықтан оларда құндылықтарға көзқарастың «тұлғалық – даралық» сапалары қалыптасады [128].

Қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық тәрбиенің жеке тұлға дамуына бағытталғандығымен байланысты заңдылықтан тағы бір метақағида, яғни тәрбие мазмұнының табиғатпен үйлесімділігі қағидасы келіп шығады. Тәрбиенің табиғатпен үйлесімділігі қағидасы қазіргі заманда былай түсіндіріліп жүр: тәрбие жаратылыс және әлеуметтік процестерді ғылыми түсініп-білуге негізделуі керек, табиғат пен адам дамуының ортақ заңдарымен келісуі тиіс, адамда ноосфера мен өз басы эволюциясына деген жауапкершілікті қалыптастыру керек. Осы туралы философ Н.Н.Кожевников: «Бүгінгі заманның

адамы ең алдымен өзінде ноосфераның үйлесімділігін қалыптастырудың ақырғы кезеңін көрсетеді. Тек қана өзін осы процестің элементі деп мойындап, ол табиғатпен үйлесе алады», - деп жазады [129].

Осындай пайымдаудың біз ұлттық тәрбиенің негізі ізгілік тәрбиенің мазмұнны, әдістері және формалары жеке адамның жас және жыныс дифференциациясын, адамның әлеуметтік тәжірибесі мен оған көрсетілетін жеке жәрдем ұйымдастырылуы қажет екендігін ескеру арқылы олардың өзін-өзі бағалау сапалары күшейетінін тұжырымдаймыз. Нәтижесінде адамда салауатты өмір салтына деген талпыныс қалыптасып, планетарлық ойлаудың дамуы мен табиғатқа жанашырлық сезімдері тұрақтанады. Бұл қасиеттер ізгілік көзқарастың қалыптасуын білдіреді.

Жоғарыда аталған метақағидалық заңдылықтар жеке тұлғаның жалпыадамзаттық мәдениетпен үйлесімділікте дамуын – тәрбиенің рухани құндылық негіздеріне байланысты қарастырылады. Профессор С.Т.Шацкийдің тұжырымдамасы бойынша аталған заңдылықтан тәрбиенің тағы бір метақағидасы – құндылық көзқарастың рухани мәдениетпен үйлесімділігі қағидасы келіп туындайды [130].

Бұл қағида бойынша ұлттық құндылықтарға көзқарас жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі керек және этникалық, діни мәдениеттерді ескере отырып, адамның рухани мәдениеттің түрлі салаларына «тұрмыстық, дене, сексуалды, материалдық, рухани, саяси, экономикалық, интеллектуалды, адамгершілік, т.б.) үйренісуі мәселелері шешілуі тиіс. Жоғары оқу орындарының студенттері өздерінің рухани мәдениет деңгейі бойынша қоғамның дамушы және өзін-өзі дамытушы объектісі болып табылады.

Қазақстан Республикасында жоғары білім беруді гуманитарландыру тұжырымдамасында студенттердің тәрбие жұмысының ұлттық патриотизмді, олардың экологиялық жауапкершілік сезімін, адамгершілік тәрбиесінің ізгіліктік мазмұнын қалыптастыру, ұлттық рухани құндылықтарды бүкіл адамзаттық құндылықтар контекстінде қарастыру мәселелеріне мемлекеттік дәрежеде қарауға басты назар аударылған. Сонымен бірге, құндылықтарға ұлттық көзқарас қалыптастыру мақсаттары, мазмұны және әдістері нақты социумда тарихи қалыптасқан дәстүрлер мен әлеуметтену стилін ескерген жағдайда ғана, атап айтқанда, жоғары оқу орны студенттерінің рухани мәдениетін үйлесімді қалыптастырғанда ғана мәнді болатыны көрсетілген. Жоғары білім мазмұны мен мәдени өмірдің талаптарына жауап беру мақсатында студенттер белгілі бір оқу мазмұнын таңдауға құқылы. Олау болса, ЖОО-ның студенттердің ұлттық құндылықтарға көзқарасын қалыптастыру арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процестерге және шарттарға тәуелді болады. Педагогикалық процесті ұйымдастырудың тиімділігі оқыту процесінің екі жақтылығының қызметтік қатынасына байланысты тұлғаны қалыптастыру әрекеттерін басқару стиліне байланысты. Ұлттық құндылықтарға деген көзқарастың мақсат-міндеттерінің бұрмаланбауы және олардың сезімдік деңгейде шешілмеуі педагогикалық өзара әрекеттесудің дұрыс қойылуына тікелей қатысты. Сондықтан, бүгінгі күні педагогика ғылымында

құндылықтарға метақағида – жеке тұлғаның дамуына бағытталған ұлттық көзқарасты қалыптастырудың теориялық және практикалық мазмұнын анықтауда тәрбие процесінің тұтастық принципі мен ірбір халықтың ұлттық-рухани құндылықтар мазмұнына бағдарлануы күн тәртібіне қойылып отыр. Осындай дараланбаған педагогикалық өзара әрекеттесуде әркімге қатаң түрде бөлініп берілген рөлдер бар, бұл басқа құндылықтарға метақағида – полусубъективті (диалогтік) әдіске қарама-қайшы келеді. Бұл қағидаға сәйкес тек «субъект-субъект» қатынастары, оқуда тең құқылы бірігіп әрекеттесу жағдайларында ғана жеке тұлғаның үйлесімді дамуы мүмкін. Бұл әдіс қағидасы бойынша педагогтың суперпозициясы мен студенттің субординациялық позициясы жеке тұлғалық тұрғыдан тең құқықты, өзара бірігіп әрекеттесуші адамдардың позицияларына айналу керек. Мұндай өзгеру педагогикалық процеске қатысушылардың рөлдері мен қызметтерінің өзгеруіне тікелей байланысты. Педагог мұнда тәрбиелемейді, оқытпайды, ол тұлғаның өз бетімен дамуға деген талпынысын өзектендіреді, қолдайды, оның белсенділігін

зерттейді, өз бетімен әрекет етуіне жағдайлар жасайды, яғни өз мүмкіндігін қабілетіне сәйкес бағалау еркіндігін қалыптастырады.

Педагогикалық процесті диалогизациялау – бұл «жұп педагогикаға» қайта оралу емес, өйткені мұндай педагогика бірігіп әрекеттесу формаларының толық жүйесін қолдануды талап етеді. Оларды енгізерде белгілі бір тәртіп, динамика сақталу керек: оқу мәселелерін шешуде педагогтің білімгерлерге барынша жәрдем беруінен бастап, олардың біртіндеп өз белсенділіктерінің өсуіне дейін, одан оқуда өзін-өзі тәртіпке келтіре алатын жағдайға жетіп, олардың (педагог пен білімгер) арасында серіктестік қатынастар пайда болғанша. Педагог пен студент позицияларының өзгеруімен байланысты бірігіп әрекеттесу формаларын қайта құру өзін-өзі дамыту жолына дербес бет алған оқыту субъектісінің өзін-өзі өзгертуіне мүмкіндік береді, атап айтқанда оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың демократиялық стилін қолдайды. Демократиялық басқару стилі жеке адам бойында сенім қатынасына негізделген гуманистік көзқарасты қалыптастыруға себепкер болатыны белгілі. Сондықтан жоғары оқу орнында студенттердің ұлттық тәрбиесін қалыптастыруда оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың және басқарудың альтернативті формалары мен стильдерін қолданған жөн деп есептейміз.

Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауға этнопедагогикалық білім ұлттық тәрбиемен ажырамас бірлікте болады. Өйткені ұлттық тәрбие беру құралдарынан этнопедагогикалық білім негізінде құндылықтар арқылы қалыптасады. Тәлім-тәрбиенің бүгінгі көрінісі өз халқының өткені мен бүгініне дұрыс көзқарас арқылы іске асады. Осы тұрғыда жазушы Ғ.Мүсірепов: «Өткенді аңсай бергеннің бұл күнге жарасымы жоқ, ал өткеннің жақсысын білмегеннің келешегі жоқ» деп болашақ ұрпаққа тұжырымды ой тастаған. Ұлттық тәрбие құрылымы: ұлттық білім; ұлттық мерекелер (мерзімдік, отбасылық, діни); халықтық өнер (қолданбалы, әуенді-музыкалық, өнер, дене шынықтыру, сөз өнері); фольклор (көркемдік, салттық, үйлену тойы, балалар

тойы, өлім жөнелту); иррационалдық (мифтік, тотемдік, діни); рационалдық (табиғат туралы, тәрбие, дәстүрлі және дәстүрлі емес, медицина, тұрмыстық-шаруашылық сала). Тәрбие, ру, тыйым және әдеп, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға тәрбиелеу, бата-тілек туралы. Бұл айтылғандардың бәрі әлемдік және Отандық мәдениеттің, білімнің, ғылымның рухани жетістіктерін қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу болашақ ұрпақты қоғамдық, саяси-экономикалық және мәдени өмірге қатыстыру қажеттілігінен, олардың өз орнын өмірде анықтай алатын, өзін танып білуімен байланысты.

Қазақ этнопедагогикасы негізінде қалыптасқан ұлттық педагогика жүйесі алдында тұрған ұлы міндеттерді іске асыру үшін, жеке тұлғаның сәтін артты емес, еркін тұлға түрінде дамуын, оның талантын, білімінің мәнін ашу және ғылымның сырларына ену; «жоғары интеллектуалды, ойланып істеген істерге, сұлулыққа, жоғары рухани көздерге» ұмтылатын тұлғаның қалыптасу мүмкіндіктерін зерттеу және негізге алу, «ақиқаттың көптігін табиғи құбылыс ретінде тани білетін, басқаның көзқарасын сыйлай білетін тұлғаны тәрбиелеу»; сонымен қатар бұл педагогикалық құбылыстар бағынатын заңдарды реттеу үшін кәсіби, ғылыми және халық педагогикасының рухани және өнімді «механизмін» қалыптастыру қажет деп саналып отыр. Соның негізінде халық педагогикасының тәрбие құралдары арқылы әрбір адам ұмтылатын идеалды құрып қана қоймай, адамның күшті, ақылды, батыл болуының өте мәнді шарттары анықталуы қажет. Бұл шараға сәйкес халықтың тәрбие беру жүйесінің ұлттық дәстүрлері ғылыми педагогиканың дамуына онды әсер жасауы тиіс.

Қазіргі кезде қоғамның қай саласында болсын модернизациялану заманында қазақтың рухани құндылықтары сақталуы мүмкін бе? Әлде жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдылығын мойындап қана алға жылжуымыз керек пе? Міне, осыдан «Бізге қандай діл керек?» деген сұрақ туындайды. Оған Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың: «...бүгінде қазақ санасына ұлаған әлемдік ахуалдың қаншалықты маңыздылығына қарамастан, ең «басты діл» діни де емес, өркениеттік те емес, ұлттық діл болуы керек», - деген пікірін келтіруге болады.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың классикалық халықаралық жүйесі типологиясы бойынша С.Пеппер құндылықтарды әлеуметтік, мәдени, тұлғалық, биологиялық тірі қалу құндылығы деп жіктеп, оны төрт саладан тұратын әлеуметтік іс-қимыл жүйесіне сүйенуді (мәдениет, қоғам, тұлға, ағза) жөн деп санайды. Демек, мақсат – құндылық пен құрал-құндылықтарынан басқа, доминанта-құндылықтар болғандықтан оларға бағынышты құндылықтар болады деген пікірді білдіреді [131].

Біздің пайымдауымызша, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін негізінен қазіргі қазақ қоғамындағы рухани құндылықтар жүйесін құрайды. Өйткені, құндылықтар жүйесінің әртүрлі элементтері болып есептелетін жеке, топтық, қауымдастық, жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясы бүгінгі Қазақстан жағдайында белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік мәселе. Одан адамның

жеке басының тұлғалық құндылығы жалпыадамзаттық құндылықпен сәйкес келіп жатса, онда әлеуметтік болмыста үйлесімді ахуал қалыптасар еді деген ой қалыптасады. Себебі, жалпыадамзаттық құндылықтар, шынайы діни құндылықтар сияқты (оларды дін атын жамылып адамдарды алалауға, бір-біріне қарама-қарсы қоюға шақырып жүрген іс-әрекеттермен шатастырмау қажет) адамдардың «Эгосына», өзімшілдігіне қызмет етпейді. Олар моральдық жағынан тазаруға, тәубаға келуге, гуманистік іс-қимылдарға шақырады. Ал жеке бастық, немесе топтық құндылықтар (оның этникалық, әлеуметтік қауымдар, ұйымдар түріндегі формалары болсын) көбінесе өзінің шектеулі мүдделерін қорғау мақсатында қалыптасады. Сондықтан, олар өздерінің кейбір жағымсыз іс-әрекеттерін ақтап алуға бейімділік танытумен болады. Міне, құндылықтар теориясының классикалық түсініктерінде де жеке тұлғаның гуманистік көзқарасын қалыптастыру оның рухани дамуының мазмұнына байланысты екендігі анықталынып отыр. Олай болса, зерттеу жұмысымыздың міндеттерінің ең бастысы халқымыздың рухани құндылықтарының мазмұнын анықтау болып табылады. Олардың ішінде қоғамдық формациялардың ауысу кезеңдеріне төтеп беретін бұлжымас, өзгермейтін құндылықтар болады. Сондықтан, рухани құндылықтарды – адамның шынайы болмысының нығаюына игілікті әсер ететін, оның тұлғалық өзек болатын, еркіндігін жасампаздықпен, шығармашылықпен паш етуге мүмкіндіктер ашатын ақиқаттың нұрлы құбылыстары деуге болады. Рухани құндылықтардың материалды құндылықтардан айырмашылығы әрбір жанның ішкі потенциалын ашуға көмектеседі, жалпы рухани үйлесімдікке қызмет етеді. Ол әлеуметтік дүниеден әділетсіздікті, үйлесімсіздікті күшпен емес, ыстық ықыласпен, жүрек жылуымен, нұрымен орнына келтіруге, түзеуге тырысады. Сондықтан оларды жалаң зердемен, қарапайым логикамен түіндіріп беру мүмкін емес болады.

Болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беруде, олардың ұлттық көзқарасын қалыптастыруда әрбір халық, ұлт ғасырлар бойы жинақтаған, уақыт сұрыптаған халық ауыз әдебиеті шығармаларының орны ерекше. Сол себепті этнопедагогиканы халық ауыз әдебиетінсіз елестету мүмкін емес. Этнопедагогика құралы ретінде халық ауыз әдебиетінің шығармаларын пайдаланудың мынадай басты шарттары бар. Біріншіден, жазу-сызу, қалалық мәдениет қалыптаспай тұрған кезеңде сол ғасырлар бойы халықтың ауызша шығарып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған өз бойына өмірден алынған халық жаңалығын жинаған. Бұл жөнінде талай-талай ғұламалар, ойшылдар, оқымыстылар ой толғаған. Екіншіден, халық ауыз әдебиеті халықтың гуманизмінің жарқын көрінісі. Фольклорлық шығармаларда ізеттілік пен ізгілік, кеңпейілдік пен жомарттық, достық пен татулық, сыйластық пен кішіпейілділік, жақсылық пен ниеттестік, адалдық пен әділдік сынды адам бойындағы жарқын қасиеттер дараланған. Этнопедагогиканың мақсаты – халықтық салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадірлейтін, отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, саналы намысқор, патриот азамат тәрбиелеу», - деген [132, 5]. Ғалымның пікірін басшылыққа алатын болсақ, онда сол халықтық педагогиканың мұраларын студенттерге гуманистік

тәрбие беруде пайдаланудың бірқатар қырлары ашылар еді. Өскелең ұрпақты тәрбиелеушілер үшін халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған асыл мұрасын бүгінгі және келешек ұрпақтың игілігіне жарату басты міндет болып табылады.

Кез келген халық өмірінің өлшемі қайталанбас төл мәдениетімен өлшенбек. Егемен ел болып, өзімізді әлем танытып, ұлттық сана-сезіміміз өсіп, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз қайта жаңғырып жатқан кезде жас ұрпақ ұлттық рухани мұрамызды, мәдениет пен салт-дәстүрімізді терең танып-білуі тиіс. Осындай белесті кезеңде жеткіншек, жас ұрпақты тәрбиелеу процесінде халықтық педагогиканың орны ерекше болып табылады. Оның мазмұны мен маңызы жөнінде белгілі ғалым С.Ұзақбаева: «Халықтық педагогика – тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан-ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнер) беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан. Халықтық педагогиканың мақсаты – жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұраттарын тәрбиелеу», - деп көрсетеді [133, 38]. Себебі, құндылық қатынастар тұлғаның құндылыққа бағытталуын мына жағдайлар орын алған кезде ғана білдіреді: әрекет субъектісі бола отырып, ізгіліктік өмір сүру жағдайын жүзеге асыру, өзгелер мен қоғамның болашағы үшін өзіне жауапкершілік жүктеу, орын алған жекелеген оқиғаларға қарамастан, әрекеттеу, ізгілік стратегиясын жасап, өзін гуманды тұлға ретінде қалыптастыру. Тұлға бойында ұлттық тәрбиені қалыптастыруда этнопедагогикалық материалдардың арнаулы саласының бірі – салт-дәстүр маңызды қызмет атқарады десек, оның келесі бір тармағы – тұрмыс-салт жырлары тұрмыс мәдениетінің негізін қалауға мүмкіндік береді. Студент жастарға тәрбие беруде халықтық педагогиканың осындай салаларын қолдану туралы ғалым Ә.Табылдиев : «Жоғары оқу орындарында халықтың ауыз әдебиеті, этика туралы курстық оқу бар да, халықтық педагогиканың тәрбиелік мәні және оны пайдаланудың методикасы туралы сөз болмайды. Меніңше, пединституттар мен университеттерде өтетін педагогикалық курстардың негізгі бөлімі осы халықтық педагогика болу керек те, тәрбие методикасында оны пайдалану жолдары жан-жақты баяндалуы қажет», - дейді [134, 97].

Ұрпақ тәрбиесінде жастарға құндылықтарды қастерлеуге бағыт беруде ұлттық әдет-ғұрыппен тығыз байланысты адамгершілік, мораль қасиеттерінің маңызы жөнінде ілгеріде атап өттік. Жоғары саналы адам адамгершілік болмысының талаптарына сәйкес әрекет етеді. Тиісінше, адамгершілік болмыс, адамның шын мәнінде ізгілігіне сәйкес келетін, рухани-ізгіліктік құндылықтарының жиынтығын құрайды. Онда тұлға мен қоғамның алдыңғы саптағы мүдделерінің біртұтастығы орын алады, өйткені, олар ұлттық дүниетанымы мен көзқарасының әлеуметтік қызметін шоғырланған түрде көрсете алады. Олар даму үстінде болады, тұлғаның даму келешегін анықтайтын үлгі ретінде жаңарып отырады. Даму ізгілік, адамгершілік болмысының ерекшелігіне жатады, міне, сондықтан да олар тұлғаның жетілуінің себебі ретінде көрінеді. Адам өзін қоршаған әлемді құндылықтар

арқылы бағалайды. Оның шынайы өмірге құндылықтық қатынасы тек саналы негізде болуы мүмкін. Саналы құндылыққа қоғамдағы ойлау мен бағалау, мақсат қою мен оған жетудің жолдары, әлеуметтік нормалар жатады. Саналы құндылық заттың біз үшін қаншалықты бағалы, оның құндылығы неде екенін зерттейді.

Жастардың ұлттық ой-өрісінің кеңеюі мен одан рухани ләззат алуы – рухани дамуына мүмкіндік беріп, ұлттық көзқарасын кеңейтеді, адамгершілік тәрбиесіне де үндейді. Себебі тәрбиенің түрлерін бір-бірінен бөліп қарастыруға болмайды. Осы бұрыннан белгілі педагогикалық қағида қазіргі кезде тәрбие беруде өзекті әрі өміршең мәселеге айналып отыр. Әр шырқалған ән, төгілген күй, жырланған жырдан көптеген мәлімет алуға болады. Бұл – бір адамның ғана емес, жалпы ұлттың асыл қазынасы. Бірнеше нұсқада жеткен олардың әуені мен мазмұнын есте сақтап, қабылдау оңай болғанымен, мағынасын ашуда қиындық келтіреді. Қалай болғанда, халық шығармашылығы, халықтың салт-дәстүрі, өнері балалар мен жастардың ұлттық дүниетанымын кеңейтеді.

1.4 Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауда негізінен мынадай әдіснамалық талаптар орын алғаны дұрыс деп білеміз. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық өнегенің құрамдас бөлігі ретінде білім беру жүйесінде жүргізіледі. Оның өз ерекшелігін шешумен қатар ұлттық мүдделер мен құндылық бағыттарын жан-жақты жүргізу керек. Ұлттық психологияның ұлттық тәрбиеге ықпалының барысында ескі мен жаңа қасиеттер үйлесімділікті қажет етеді.

Бүгінгі күні болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби педагогикалық қызметке дайындау сипатының күрделенуіне, қарым-қатынас және әлеуметтік байланыстардың деңгейін кеңеюіне байланысты адамдардың терең жауапкершілігіне, күрделі мақсаттарға, өзін қоршаған адамдармен дүниемен қарым-қатынасына байланысты зияткерлік, психикалық, адамгершілік пен руханилықты жинақтауға және дамыту қажеттілігі үлкен маңызға ие. Оның қатарына педагогтың кәсіптік қызметі жатады. Педагогикалық кәсіптік қызметтің мүмкіндіктерін тәжірибелік тұрғыдан пайдалану емес, құзыреттілік сипаттайтына байланысты дамытудың нақты мүмкіндіктерін қарастыруды қажет етеді. Бұл өз тұрғысында мұғалімдердің ізденімпаздығы мен шығармашылдық жұмыстармен айналысуын талап ететін жайт екендігі анық. Демек, педагогикалық қызмет дегеніміз – тұлғаның басқа да қызметтері сияқты оның физикалық және психикалық жағдайына байланысты қажетті дәрежеде жұмсалған мүмкіншіліктерінің мөлшеріне қарай күш-қуат шығындарды талап етеді. Тұтасымен алғанда тұлғаның физикалық және психикалық табиғаты соның ішінде, адамның физикалық және

психикалық табиғаты шектелген ептілік және шартты мінездегі психофизиологиялық сипаттаманы біріктіреді [135, 210].

Болашақ мұғалімнің кәсіби қызметке бағдарлануын ЖОО-ның қалыптастыру тарихына жасалынған шолу мен талдау жеке адамның тұлғалық қалыптасуында білім күшінің нақты бір физиологиялық және психопедагогикалық заңдылықтарға тәуелді екендігін анықтап отыр. Осы заңдылықтар жеке адамның даму және қалыптасу теориясын (Б.Г.Ананьев), адам әрекетінің жалпы психологиялық моделі теориясын (А.Н.Леонтьев, Б.Ф.Ломов), функционалды жүйелер теориясын (П.К.Анохин, А.П.Пурия), адамның дене белсенділігін (В.К.Бальсевич), тәрбие жүйесіндегі жекелеу және дифференциациялау принциптерін (Е.П.Ильин), тәрбие теориясының гуманистік идеяларын (Б.А.Ашмарин, В.А.Булкин, В.Н.Выдрин, Л.И.Лубышева, В.И.Лях, Л.П.Матвеев, Г.В.Мейксон, А.Д.Новиков, Н.И.Пономаров, И.Н.Решетень, А.А.Тет-Ованесян, С.С.Филипов, А.Хан, т.б.) негізге алғанымен, ХХІ ғасырдағы жеке адамның тәрбиеге тәуелділігін толық есепке алмай отыр. Осыған сәйкес тұлға белсенділігі тәрбие объектісі емес, ол толық құқықты субъекті ретінде жобаланады. Бұл жерде өзіндік белсенділік, оның көріну формалары және негізінен оның нәтижелілігін анықтайтын деңгейі, адамды тарихи түрде қалыптасқан үлгі негізінде жасалуы керек. Бірақ оларды мәнсіз қайталау ретінде емес, шығармашылықпен пайдалана алатындай дәрежеде қалыптастыру қажет. Осы түсіндірме бойынша тәрбие балаларды, жасөспірімдерді, бозбалаларды әлеуметтік, тұрмыстық бар формаларына бейімделу және белгілі бір шамаға келтіру болып табылмайды, қоғамдағы іс-әрекеттің формалары мен амалдарын иелену нәтижесінде адамның әрі қарай дамуы болады – белгілі бір құндылықтарға, оның бағытын және күрделі өмірлік мәселелерді шешуде дербестігін қалыптастыру деп қарастырылады. Бірақ нақты тәрбие жүйесі тұлғаның іс-әрекетінің кең түрі басқа қасиеттерден көрінеді; эстетикалық, ой қабілеттері, мінез-құлқының адамгершілік нормалары, сөйлесу дағдылары. Л.В.Ершова ойы бойынша мұның бәрі, тәрбиенің іс-әрекеттік қозғаушы бөлігін, баасқа оның негізгі жалпы мәдени құндылықтармен, біліммен, әдістемелік тәсілдермен, дағдылармен, құнды бағыттармен, мақсаттармен осы іс-әрекеттің маңызды себептердің қалыптасуымен нығайтылады [136, 12].

Сол себепті бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауда ЖОО-ның жүйесіндегі дифференциалды қатынасты қалыптастыру негізінде жүзеге асырады деген тұжырымдамасын құруда төменде ұсынылып отырған негізгі ережелерді қарастыру заңды болады деп санаймыз. Кәсіби іс-әрекеттің кез келген саласы сияқты педагогикалық іс-әрекетте еңбек субъектісі – мұғалім. Болашақ мұғалімнің құралдары («еңбек құралдары») – оның білімі, іскерлігі, тұлғалық сапасы, Н.Д.Хмель былай деп жазады: «...мектептің педагогикалық оқу-тәрбие үрдісінде іс-әрекет субъектісі мұғалім мен оқушылар; мұғалім іс-әрекетінің нысаны – оқушы емес, педагогикалық үрдіс [137]. Педагогикалық оқу-тәрбие үрдісі мұғалімнің мақсатты-бағдарлы қызметі негізінде нақты

педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыратын ұйымдастырылған қатынас болып саналуда. Ал, А.В.Мудрик «педагогикалық іс-әрекет» ұғымына былай анықтама береді: «Педагогикалық іс-әрекет – бұл кәсіби мақсаты өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып табылатын қоғамның ересек мүшелеренің іс-әрекеті» деп келтіреді [138, 201].

Педагогикалық іс-әрекет кәсіби-педагогикалық іс-әрекет болуы үшін қажетті белгіні Н.В.Кузьмина былай сипаттайды: «Педагогтың кәсібилігі негізінен мынадан байқалады: ол қалай оқыту қалай тәрбиелеу, оқушыны бір күйден екінші күйге қалай көшіру керектігін, педагогикалық мәселелерді қалай шешуге мейлінше тез, үнемді жолдармен тәрбие мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға болатындығын біледі... педагог білімдерінің жүйесі оқушылар білімдерінің жүйесін анықтайды» [139, 123].

Жалпы педагогикалық іскерліктерге мыналар тән қасиеттерге: ұдайы өзгеріп тұратын жағдайларда мақсатқа бағытталушылық, икемділік, шығармашылық сипат. Болашақ мұғалім іс-әрекетіндегі іскерліктердің шығармашылық сипаты педагогикалық мәселелерді шешудің жаңа, ұғымды жолдарын іздестіруде байқалады, яғни жоғары оқу орнындағы педагогикалық іс-әрекетті болашақ маман тұлғасын қалыптастыруға бағытталған мәселелердің шешу ретінде қарастырады да, ғылыми-педагогикалық қызметтегі шеберлігін бұл мәселелерді табысты шешуімен, яғни құзырлылықпен байланыстырады. Онда мұғалім шығармашылығының мәні педагогикалық мәселелердің жаңа шешімін іздеуде және ол педагогикалық іс-әрекеттің мына салаларымен: гностикалық, конструктивтік, ұйымдастырушылық коммуникативтік байланыстылығы қарастыруға басты назар аударылғаны жөн. Яғни, болашақ мұғалімнің конструктивтік іс-әрекеті – оқу-тәрбие материалын іріктеп алумен, композициялаумен, жобалаумен байланысты іс-әрекет. Болашақ мұғалімнің бұл іс-әрекеті мыналарды: болашақ іс-әрекетінің (сабақтардың, сыныптан тыс шаралардың) мазмұны, өз әрекеттерінің жүйесі мен тізбегін жобалауды қамтуы тиіс. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ұлттық құндылықтарды, оның талап ережелерін меңгере отырып, ұлттық мәдениеті кеңейеді. Ұлттық мәдениеттің көрінісі ретінде, оның оқушыларға өз тәжірибесінде кеңінен қоданып, ол ұлттық құндылықтардың дамуына рухани күшінің жоғары екендігін байқатады.

Ұйымдастырушылық іс-әрекетті бір мезгілде мұғалім жобаларын тәжірибеде жүзеге асыру әлдеқайда нақты жобалаудың шарты болып табылады. Болашақ мұғалімнің бұл іс-әрекеті мына үш аспектіні қамтуы қажет:

- білім мазмұнын беру жөнінде өз іс-әрекетін ұйымдастыру (баяндау, тапсырмалар жүйесі);
- өз мінез-құлқын ұйымдастыру (іс-әрекетінің нақты жағдайларындағы педагогикалық әрекеттер);
- оқушылардың оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыру (ұжымдық, топтық, жекелік).

Коммуникативтік іс-әрекет мұғалімдер мен оқушылардың өзара қарым-қатынасының саласын қамтиды. ЖОО-ның педагогикалық іс-әрекет өзінің табиғаты бойынша – студенттер мен оқытушылардың бірлескен іс-әрекеті.

Оның табыстылығы олардың арасындағы өзара қарым-қатынастық жүйеге байланысты. Гностикалық іс-әрекет болашақ мұғалімнің төмендегілерді зерделеуін қамтиды:

- өз іс-әрекетінің объектісі, яғни оқушылар көмегімен бұл іс-әрекет жүзеге асатын мазмұн, құралдар, нысандар мен әдістер;

- өз тұлғасының сананы жетілдіру мақсатында өз іс-әрекетінің артықшылықтары мен кемшіліктері.

Болашақ мұғалімнің педагогикалық шығармашылығы деп, ең әуелі бір жағынан оның жүзеге асыратын оқу-тәрбие жұмысын, ал екінші жағынан ғылымның жаңа табыстарын, озат тәжірибені игеру жеке өзінің ғылыми-әдістемелік ізденістерін белсенділендіру арқылы кәсіби шеберлікті жүйелі жетілдіруді талап ететін мақсатқа бағытталған жасампаздық іс-әрекетті. Сондықтан, ЖОО-ның болашақ мектеп пен мұғалімін дайындауда ең басты алтын қағида – бастауыш сынып оқушыларының рухани сезімі мен дене дамуының үйлесімділігі білім беру жүйесіндегі тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды қолданып мектеп мазмұнының үзіліссіз даму қажеттілігі мен байланысын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған сәйкес, тұлғаның бойынан табылуы қажет білік, дағды, тәжірибелік икемділік, кәсіби біліктілік, ұлттық мінез, ұлттық дүниетаным және тұлғалық құндылықтарды жетік меңгеруге ықпал жасауымыз қажет.

Ғылыми зерттелген тұжырымдамалардың мазмұны бойынша мектеп мұғалімінің кәсіби педагогикалық қызметі күрделі психологиялық-педагогикалық ұғымдық атаулар деңгейінде қарастыруды қажет етіп отыр. Бұл жөнінде, С.Л.Рубинштейн, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, Л.С.Выготский, Г.А.Цукерман, Д.Н.Узнадзе, Н.М.Борытко, М.В.Буланова-Топрокова, Б.Т.Лихачев, т.б. педагогикалық қызметті әрекеттік қатынас тұрғысынан қарауды дұрыс деп санайды. Оның ішінде Л.С.Выготскийдің кәсіби педагогикалық қызметті әлеуметтік тәрбие негізінде қабылдау қажеттігі теориясына ерекше назар аударуға болады. Өйткені, мектеп мұғалімі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және басқару барысында оқушының дамуының психологиялық заңдарына түсінікпен қарауы тиіс, және әлеуметтік ортаның өзгеру ерекшелігіне сәйкес өзіндік әрекет жүйесін таңдауға мәжбүр болады деп санайды. А.Н.Леонтьев болашақ мұғалімнің кәсіби әрекетін көзделген мақсатқа жету үдерісі деп, мотивациялық қызметін басты орынға қояды. Сол себепті мектеп мұғалімінің кәсіби іскерлігі мен дағдысы оқушының мотивациялық ұмтылысын қанағаттандыруға бағытталуы тиіс деп тұжырымдайды. Алайда, мектеп мұғалімін дайындауда осындай мақсаттар қойылуы мүмкін емес, өйткені мұндай бірлікте болашақ мамандардың – студенттердің өзін-өзі бағалауының мүмкіндігі толық ашылмайды. Сонымен, болашақ мұғалім мамандарын дайындаудың қалыптасқан ғылыми-әдістемелік жолына сәйкес ұстанымдық қағидаларының жүзеге асырылуы, әрбір ЖОО-ның педагогикалық үдеріс мазмұнын үйлестіру мен жан-жақты болуын арнайы (элективтік курстарды) курстардың баламалық және көп нұсқалы бағдарламаларын жасауды талап етеді.

Жоғарыда қарастырылған, зерделенген ғылыми еңбектер бойынша тұжырым жасай отырып, болашақ мамандарды дайындауда педагогикалық қызметтің құрылымдың мазмұны мен оның ұғымдық-түсініктік аппаратына толық зерттеу жасалынды. Тәрбие қызметі – таным теориясының негізгі ұғымдарының бірі болғандықтан ЖОО студенттерінің оқу қызметін басқару мәселесіне теориялық-әдіснамалық көзқарастарға психологиялық-педагогикалық негіздеме жасап отырмыз.


Өйткені, жалпы білім беру және кәсіби білім беру жүйесінің қажеттіліктері, қоғамдық дамудың логикасы, педагогика мен психологияның қазіргі заманғы деңгейі тәрбие қызметін ұйымдастыру мәселелерін жүйелі түрде зерттеудің, оны ақиқаттық және шындық түрде шешу бағыттарын негіздеудің қажеттілігін туындатып отыр. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауға қатысты мәселелерді зерттеуді жалпы дидактикалық деңгейден, яғни кез келген қызмет түріне тән негізгі заңдылықтар мен ерекшеліктерді анықтаудан бастау қажет, өйткені толық түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Сол себепті тәрбие қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың маңызы мен ерекшеліктерін қарастырудың алдында «қызмет» және «тәрбие» анықтамаларын білдіретін ұғымын айқындап алу қажет. Мұндай талдау, біріншіден – қызмет ету теориясына сүйене отырып, оның жалпы құрылымы мен мазмұнын ашуға мүмкіндік береді, екіншіден , қызмет етудің жалпы теориясын зерттеу оны жоғары оқу орнындағы тәрбие қызметі үрдісінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. «Қызмет, іс-әрекет» түсінігі таным теориясының негізгі категориясы болып табылады. Материалистік диалектикада «қызмет, іс-әрекет» әлеуметтік табиғи болмысты іс жүзінде түбегейлі өзгертуді білдіреді. Мұндай түбегейлі өзгертудің бастапқы формасы еңбек болып табылады. Еңбек ету іс-әрекеті табиғи және әлеуметтік болмысты өзгерту арқылы барлық басқа түрлердің генетикалық негізі болып табылады. Табиғи және әлеуметтік болмысты өзгерту іс-әрекеті қоғамдық индивидтің бүкіл өмірінің субстанциялық бастауы болып табылады.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметке даярлау қызметінің де құрылымы осындай болғаны көңілге сенім ұялатады. Кез келген үрдісті қызмет түрінде сипаттау онда белгіленген барлық компоненттерді айқындауды және оларға қызмет бағытына сәйкес арнайы мазмұн беруді қажет етеді. Ол туралы Л.С.Выготскийдің: «Егер біз біртұтас бірлікті элементтерге ажырататын талдауды күрделі тұтастықты одан әрі бөлінбейтін қарапайым бірліктерге бөлшектейтін талдаумен алмастыра алсақ, осы жағдайда ғана өзіміздің талдауымыз міндетті қанағаттанарлық деңгейде шешуге әкелетініне сенімді бола аламыз», - деген пікіріне назар аударғанымыз жөн [140, 114].

Қазіргі кезде жоғары оқу орнындағы барлық теориялар жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі білім беру үрдісінде білімгер өзін қолайсыз сезініп, үнемі мәжбүрлеудің ықпалында болады. Бұл біртұтас үрдісті өту үшін, білімгер оны бастан кешуі қажет. Сондықтан бұл авторитарлық,

пассивті-императивтік, субъектілік емес үрдіс адамгершілікке бецімдеуді қажет етеді. Ол ең алдымен, еркін, дамыған және білімді адамды дайындауы тиіс, бұл базис болып табылады, ал содан кейін оған қондырғы ретінде нақты кәсіби қызметке қажетті білім, дағды және шеберлік енгізілуі тиіс. Осындай жағдайда ғана, біздің ойымызша, педагогикалық резонанс деген атауға ие болған құбылыс жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан білім беру үрдісін, В.М.Монаховтың сөзімен айтқанда, оқытушыға да, білімгерлерге де «жайлы» болатындай етіп құру үшін жаңа технологиялар қажет. Мұндай жаңа технологиялар қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайда тарихи жаңа тұлғаны қалыптастыруға, білімнің деңгейі мен сипаты шешетін міндеттерінің көлеміне сәйкес келетін маман дайындауға мүмкіндік береді. Мұндай маманды қалыптастырудың негізі Ж.Пиаженің айтуынша, «ішкі пікірталас» болып табылатын рефлексия үрдісін пайдалану арқылы студенттің оқудағы сана-сезімін дамыту болып табылады. Біздің ойымызша, креативті жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үрдісін жетілдіруде және тұтас білім беру үрдісін оңтайландыруда осы факторды пайдаланудың маңызы аса зор болып табылады. Сол себепті бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби педагогикалық қызметінің психологиялық- педагогикалық негізі ЖОО-ның дифференциалды қатынас арқылы дене тәрбиесінің әлеуметке сәйкестену принципін негізге алу адам дамуының әрбір жас кезеңдері үшін әлеуметтік шындыққа қарай қатынастардың ерекше жеке жүйесін мойындаудан, яғни өсіп келе жатқан адаммен әлеуметтік тәжірибе арқылы әрекеттер мен қатынастарды меңгеру деңгейіне жетуді қалыптастыру болып табылады деп тұжырымдаймыз. Олай болса, Л.Выготский мен А.Леонтьевтің және И.Зязюн мен Б.Т.Лихачевтің ғылыми психологиялық және педагогикалық тұжырымдарының негізінде бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау қызметі мынадай негізгі әрекеттерге бағытталуы табысты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп, оны жүзеге асыру мүмкіндігін төмендегідей мазмұнда қарастыру жөн санаймыз (1-сурет).



1-сурет. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің қызметінің негізгі бағыттары

Жоғарыда көрсетілгендей болашақ бастауыш сынып мұғалімінің қызметінің негізгі бағыттары оқушыларға білім, іскерлік және дағдыларды ғана берумен шектелмей, осы білімдік негізде олардың ұлттық дүниетанымын, ұлттық құндылықтарды қастерлеуі, ұлттық тәрбиені қалыптастыруға бағытталады. Болашақ мұғалім мамандарының кәсіби өсу барысындағы мүмкіндіктерді, яғни жеке білімгер тұлғаның мүмкіндіктерін қоса алғандағы қызмет бағдарламасын жасап түзету пайда болды. Осындай мүмкіндіктерді іске асыру сана мен жігерлік бірлігінің негізгі қағидаттық ұстанымына алып келеді. Адам қандайда бір қажеттілігіне бағынышты болғанда онда ол таным мен ойланудан бастамайды, ал керісінше танымның өзі басынан бастап, қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, құралдарды іздеуге бағындырады.

Жалпы тұлғаның «өзінің бағыттау қызметінде қажеттілік психологиялық танымның тақырыбы болып табылады» екенін А.А.Леонтьев ерекше көрсеткен. Бұл қағидалық ұстанымның негізі – іс-әрекеттің өз-өзін бағалауды мойындауында. Егер іс-әрекетті жүзеге асыру барысында қанағаттану сезімі пайда болса, онда мұндай іс-әрекеттің өзі құнды деп айтуға болады, өйткені ол субъектіде бар қандайда бір қажеттілік үшін жүзеге асырылмайды, ал қанағаттану ере жүреді, субъект үшін құндылық бола бастайды», - деп айтқан болатын [141, 129].

Болашақ мұғалімдерді кәсіби педагогикалық қызметке даярлауда ұлттық тәрбие құндылықтарын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі – кәсіби-педагогикалық білімдері мен іскерліктерінің жүйесі оқыту мен тәрбиелеу және жаңа күтпеген жағдайларда қолдану әрекеттері ретінде йәлеқарастырылады. Яғни, кәсіби іс-әрекетке даярлықтың мазмұны – болашақ мұғалімінің білімдері мен іскерліктерін оның мамандыққа бейімделу іс-әрекетінен туындайды. Болашақ мұғалімінің кәсіби қызметке даярлығының жоғары деңгейі оның педагогикалық қызметінің рефлексивті құраушысының жеткіліктілігіне байланысты болады. Яғни, болашақ мұғалімінің өз бетінше талдауға, өз әрекетін реттеу алуға және кәсіби шеберлігін өз бетінше жетілдіруге қабілетінің болуы рефлексивті құраушының қалыптасу көрсеткішінің деңгейлік жүйесі бола алады. Бұл құраушы мұғалімнің өз қызметін бақылап-бағалай алуына бағытталады. Демек, мұғалім өз әрекеті мен қызметінің білім беру субъектілерінің қалай бағалайтындығын, ішкі психикалық күйлер мен актілерді пайымдай алу қабілетін қалыптастырады. Біз, өз жұмысымызда педагогикалық моделі мынадай кезеңдерді қамтығаны жөн деп санаймыз:

- 1) зерттеу пәнін сапалық сипаттау, яғни әдіснамалық негізін таңдау;
- 2) моделдің міндеттерін қою;

3) зерттеу нысанасының негізгі элементтері арасындағы байланысты дәйектеу, нысанасының өлшемдерін және осы өлшемдердің өзгеруін бағалау критерийлерін анықтау, өлшеу әдістемелерін таңдау;

4) модельді педагогикалық экспериментте қолдану;

5) модельдеу нәтижесін түрлендіру.


Педагогикалық модельдеу үрдісі мынадай ұстанымдарға негізделді:

- зерттеу мәселесін өрнектеу және педагогикалық жағдаяттың дамуын талдау;
- белгілі бір құндылықтар және келістер жүйесінде ойлар ұсыну;
- жетекші ойларға және құндылықтарға сәйкес қажет деп саналатын педагогикалық нысананы құрудың моделін әзірлеу;
- мақсатқа жетудің тәсілдері туралы ұсыныстарды өрнектеу;
- қызмет, әрекеттің кезеңдерін сипаттау; күтілетін нәтижелерді бағалау критерийлерін айқындау;
- педагогикалық қызметтің оңтайлы варианттарын талдау;
- ойды жүзеге асыру үшін қажетті міндеттерді нақтылау;
- диагностика және түзету қызметтерін жүзеге асыру кезеңдерін анықтау.

Сонымен қатар, қорытынды кезең: нәтижелерді түйіндеу, қорытынды. Демек, аталған ұстанымдарға сәйкес, болашақ бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау барысында жоғары оқу орындарында ғылым мен білімді, тәжірибені байланыстыра отырып, жетілдірілген білім мазмұнын құру, оқыту мен тәрбиені ұлттық құндылықтарға сәйкес ұйымдастыру барысында «нәтижеге бағдарланған тәрбие мазмұны» моделіне бейімдеу, ұлттық тәрбие негізінде рухани құндылықтарды қалыптастыруға арналған тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулерге жоғары оқу орнында жүргізілетін оқу-тәрбие үдерісіндегі құрылымдық-мазмұндық жүйе мен оны зерделеудің әдіснамалық негіздерін дәйектеуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау ұлттық тәрбие беруге даярлау барысында әртүрлі жаңа мазмұндағы әдістер мен тренингтерді маңызы зор. Атап айтар болсақ: іскерлік ойындар өткізу, жобалық оқыту, проблемалық сұхбаттар, интерактивті әдістер, т.б. Ал негізгі формаларына – дәріс, семинар, кеңес беру, практика, мастер кластар т.б. тәрбие құралдарына – өнегелі сөздер, тағылымдық кездесулер, ұлттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиеге арналған фильмдер, т.б.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметке даярлауды жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін оқу-тәрбие, әлеуметтік-педагогикалық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-басқарушылық, денсаулық сақтау – салауатты өмір салтын насихаттау қызметтерін қатар алу жүру қажет. Аталған кәсіби-педагогикалық қызметтер ЖОО-ның студенттерінің 1-4 курстарда алатын білім, іскерліктері мен дағдалырының мазмұны мен оларды ұйымдастыру формалары нақты жүйені қамтитын нобайға сүйенеді. Онда бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби-педагогикалық қызметінің

құрылымы (2-сурет) мен кәсіби қызметке даярлығын қалыптастыру деңгейлері мен мазмұнын ұйымдастыру формалары: Осы аталған ықпал жасаушы күштер білімгерлерге дамытушы және қалыптастырушы болып табылады. Олар бір-бірімен үйлесімділік таныта отырып, өзара тәуелділік сипатын көрсете алады. Сондықтан осындай ұйымдастыру формасы даралық және фронтальды ұйымдастыру формаларына қарағанда бәсекелестіктен ынтымақтастыққа жетелейтін тиімді форма болып табылып отыр.



2-сурет. Болашақ мұғалімдерді кәсіби педагогикалық қызметке даярлауда ұлттық тәрбие құндылықтарын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі

Ұсынылып отырған модельге сәйкес зертеу жұмысының негізгі мақсаты білімгердің кәсіби қызметке даярлығын қалыптастыру үрдісінің тиімділігі анықталады. Кәсіби іс-әрекет өз мәні бойынша нақты өмірдің барлық жағын бейнелей алатын көркем-бейнелі сипатта болады. Оны психологиялық көзқарас бойынша мазмұны олардың адамды өзгерту емес, білім беру үрдісіндегі тәрбие субъектілерінің арасындағы кәсіби-педагогикалық қатынас деп санауға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауда олардың құндылықтарды қастерлеудегі ұлттық рухтың тәрбие процесіне әсері жүйелі жүргізілгені дұрыс. Сондықтан әрбір курстқа жоғарылаған сайын білімгерлердің ұлттық тәрбиенің барысы ерекшеленіп тұруы қажет. Мұндағы ескерілетін жағдай – ұлттық құндылықтардың әр алуандылығында. Әсіресе, ЖОО қазақ және орыс топтарына арналған міндетті оқу құралдарының ұлттық тәрбиеге байланысы мен мазмұны негізгі жатса пайдалы болар еді. Осы мәселенің ара жігін дәл анықтап тәрбиенің құралына айналдыра білу де әдіснамалық міндеттердің бірінен саналады. Басты бағдар – барлық ұлт өкілі студенттеріне елімізге деген ортақ сүйіспеншілік сезімін, мүдделерін қалыптастыру болып табылады. Тек оқу-тәрбие процесі емес, мәдени-көпшілік шаралары да оқушыларға ұлттық тәрбие беруде түрлі тәсілдердің шебер әрі ұтымды пайдалануын іздестіруді талап етеді.

Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауда алдымызға мынадай міндеттер қойдық. Олар:

- бастауыш сынып оқушысының ұлын сүйетін тұлғаны қалыптастыруға арналған педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау, теориялық білімдерін тәжірибеде пайдалана білу шеберлігін меңгеру;
- бастауыш сынып оқушысының ұлын сүйетін тұлғаны қалыптастырудың маңызы мен мәнін анықтау;
- халық педагогикасының мазмұны мен әдістемесі туралы білімдерін жетілдіру;
- бастауыш сынып оқушысының ұлын сүйетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер жүйесін айқындап алу;
- бастауыш сынып оқушысының ұлын сүйетін тұлғаны қалыптастыруда диагностика жасай білу іскерлігін меңгеру.

Зерттеу барысында бұл міндеттерді жүзеге асыруда жоғарыда айтылған «ұлын сүйетін тұлғаны» туралы анықтамаға сүйеніп, бастауыш сынып оқушысының ұлттық психологиялық ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, олардың тәрбиелілігінің қалыптасу өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері белгіленді.

Бастауыш сынып тұлғасының ұлттық психологиялық ерекшелігі ұлттық психикалық құрылымға байланысты. Ұлттық психикалық құрылым үш компоненттен тұрады: ол ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер және ұлттық мінез-құлық. Осы үш бірлестік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Біз өз зерттеуімізде ұлттық рухани құндылықтарды жан-жақты мағынада, елімізде өмір сүріп жатқан этнос өкілдеріне қазақ халқының педагогикасы арқылы оқушыны тәрбиелеуді көздейтін салыстырмалы түрде мақсатқа бағытталған процесс ретінде қарастырамыз. Кең мағынасында, ұлттық тәрбиені – халықтық педагогиканың іс тәжірибедегі шынайы тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиелілігін қалыптастырудың тұтас процесі деп білеміз.

Ұлттық тәрбиелілік – бұл адамды белгілі бір ұлттың өкілі, ұлттық дәстүрді, халықтық тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ретінде сипаттайтын адами сапа (қасиет) болып табылады, ол ұлттық тұлғаның таным-білімімен, сана-сезімімен және алынған білімді іс жүзінде жүзеге асыра алу дәрежесімен – мінез-құлқымен өлшенеді. Демек, бұдан шығатын қорытынды: бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиелілігі (ұлттық тұлғаның қалыптасуы) өз кезегінде кіріктірілген біртұтас тұлғалық құрылым болып табылатын когнитивті, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерін қамтиды.

Аталмыш өлшемдер мен көрестекіштер негізінде бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлауда үш деңгейі (төмен, орта, жеткілікті) белгіленді.

Төмен деңгей – тұлғаның адамгершілік және жағымсыз қасиеттері туралы білім сапасы төмен, үстүрт, қазақ халқының дәстүрлерін нақты ажырата алмайды, ұлттық рухани құндылықтардың көзі халықтық педагогикасының құралдарының мәнін түсінбейді, ұлттық намыс, ар-ұят, абырой-ождан туралы түсінігі аз, қоғамдық ортада ұлттың алдындағы жауапкершілігін сезінбейді, этникалық-мәдени сәйкестіліктің қалыптасуы төмен, ұлттық мәдениеттің мәнін саналы түсінбейді, қазақ халқының әдептілік ережелерін толық білмейді, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ұлттық ар-ождан сезімдері мен ұлттық сенімдері қалыптаспаған, өз ұлтының тағдыры алдындағы жауапкершілікті сезінбейді, өз ұлттық тіліне, дініне беріктігі, басқа ұлттардың ұлттық сезімдеріне сыйлы қатынасы, толеранттық, патриоттық сана-сезімі толық қалыптаспаған, өзінің мінез-құлқын толық басқара алмайды, ұлттық-мәдени шараларға, үйірмелерге, тәрбиелік жұмыстарға белсене қатыспайды, Отанына, өз ұлтына, оның мәдениетіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне сүйіспеншілік сезімі толық байқалмайды, ұлттық мәдени қарым-қатынас жасай білу, адамдармен ізгілікті қатынас жасау дағыдалырн меңгермеген, оқу-тәрбие және оқудан тыс уақытта саналы тәртіп пен жауапкершілік танытпайды, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті төмен.

Орта деңгей – ұлтын сүйетін тұлғаның адамгершілік және жағымсыз қасиеттері, қазақ халқының ұлттық дәстүрлері туралы алғашқы білімі

болғанымен, ол бір жүйеге келмеген және берік тұрақты емес, ұлттық тәрбиенің көзі халықтық педагогика құралдарының мәнін шамалы түсінеді, ұлттық намыс, ар-ұят, абырой-ождан туралы түсінік бар, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезеді, этникалық-мәдени сәйкестіліктің қалыптасуы орташа, ұлттық мәдениеттің мәнін түсінеді, қазақ халқының әдептілік ережелерін біледі, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ұлттық ар-ождан сезімдері мен ұлттық сенімдері қалыптасқан, өз ұлтының тағдыры алдындағы жауапкершілікті сезінеді, өз ұлттық тіліне, дініне беріктігі, басқа ұлттардың ұлттық сезімдеріне сыйлы қатынасы, толеранттық, патриоттық сана-сезімі толық қалыптасқан, өзінің мінез-құлқын басқара алады, ұлттық-мәдени шараларға, үйірмелерге, тәрбиелік жұмыстарға қатынасады, Отанына, ұлтына, оның мәдениетіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне сүйіспеншілік сезімі бар, ұлттық мәдени қарым-қатынас пен адамдармен ізгілікті қатынас жасауға тырысады, оқу және оқудан тыс уақытта тәртіпті, бірақ толық жауапкершілік танытпайды, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін игерген.

Жеткілікті деңгей – ғылыми білімнің біршама барлығымен сипатталады, ұлттық тұлғаның адамгершілік және жағымсыз қасиеттері, қазақ халқының ұлттық дәстүрлері, еліне, Отанына, табиғатқа, халқына сүйіспеншілік, елжандылық, ұлттық намыс, ар-ұят, абырой-ождан, мейірімділік, адал болушылық туралы ұғымдарды толық түсінеді, қоғам алдындағы әрбір ұлттың жауапкершілігін толығымен сезеді, этникалық-мәдени сәйкестілігі қалыптасқан, ұлттық мәдениеттің мәнін саналы түрде түсінеді, қазақ халқының әдептілік ережелерін біледі, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ұлттық ар-ождан сезімдері мен ұлттық сенімдері биік, өз ұлтының тағдыры алдындағы жауапкершілікті терең сезінеді, өз ұлттық тіліне, дініне берік, басқа ұлттардың ұлттық сезімдеріне сыйлы қатынаспен қарайды, толеранттық, патриоттық сана-сезімі жоғары, ұлттық-мәдени шараларға, үйірмелерге, тәрбиелік жұмыстарға белсене қатынасады, Отанына, халқына, оның мәдениетіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне сүйіспеншілік сезімі жоғары, адамдармен ізгілікті қатынас жасай алады, тәрбиесі және қоғамдық ортада саналы тәртіп пен жауапкершілік танытады.

Зерттеу барысында біз бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиелілік деңгейлерін бағалап, сараптау туралы мәселені шешу және оны қалыптастырудың эксперимент жүйесін жасаудың маңызды алғышарты ретінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру үлгісін қарастырдық.

Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматы – бүгінгі жастарымыздың өнегелі тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Жеке тұлғаның қалыптасуы беліглі бір ортада ықпал етуші күштердің өзара әсері арқылы дамиды. Қазіргі жағдайда қазақ ұрпағының санасында, ой-өрісінде, жалпы азаматтық, адамзаттық рухани құндылықтар мен жоғарғы адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, болашақ мұғалім маман тұлғасының даму барысын психология ғылымы тұрғысынан жан-жақты зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта

дамыту, әртүрлі әлеуметтік ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында ұлттық тәрбиеге жетік жаңа тұрпатты педагог, кәсіби маман қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейкестілігі күн санап артуда. Б.Қ.Өтешова: «Жоғары сынып оқушыларының дүниетанымын халық тағылымы материалдары арқылы дамытудың педагогикалық шарттары» [142] ғылыми еңбегінде халық тағылымдары арқылы оқушылардың ұлттық дүниетанымын дамыту мәселесінің психологиялық және педагогикалық зерттеулерде көрінісін, оқушылардың дүниетанымын дамытудың нобайын, өлшемдері мен көрсеткіштерін, «Әдеп» пәні бағдарламасы, «Ұлттық дүниетаным тағылымдары» атты таңдау курсы арқылы оқушылардың дүниетанымын дамыту, салт-дәстүрлердің әлеуметтік мәнін, тәлім-тәрбие жолдарын ашып көрсетті.

XXI ғасырдың басталуымен жеке ұлтын сүйетін тұлғаны тәрбиелеу, болашақ мамандыққа баулу мәселесіне баса назар аударыла бастады. Онда бүгінгі ел – ұрпағының жан дүниесінің жаңарту қажет. Ұлттық тағылым – өнер мазмұнын түгелдей өзгеріп, оқу-тәрбие тақырыбын ұлттық рухқа негіздеуімен бірге, өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу, ел жандылыққа, отаншылдыққа баулу, мәдениетіміз бен тілімізді жаңғырту және жаңа белеске көтеру, нарықтық экономика жағдайында заманауи озық технологияны меңгеру, ата-бабамыздың дәстүрлі құндылықтарын, тәлім-тәрбие ісіне енгізу – нәтижесінде ұлттық дүниетанымы толық қалыптасқан «ұлтын сүйетін тұлғаны» сомдау қазіргі уақыттың көкейкесті мәселесінің бірі болып табылады.

Ұлттық дүниетанымы қалыптасқан болшақ мұғалім маман тұлғасын дайындау мәселесі халық психологиясын зерттеу арқылы шешіледі. Болашақ мамандарын дайындау барысында қай пәннің мұғалімі екендігін ескере отырып, олардың психологиялық ерекшеліктеріне мән беру қажет. Сондықтан да бұл ерекшеліктерді көрсету мақсатында бұл еңбектің осы бөлімде арнайы тақырыпша арнап, ең алдымен ұлттық психология мен ұлттық психикалық құрылымға түсінік беруден бастауды жөн көрдік.

Ал, Қ.Жүкеш ұлттық әдет-ғұрыпты және дәстүрді жеке түрде атрибут ретінде қарастыруға болмайды деп есептейді. Қ.Жүкештің ойынша, ұлттық рухани құндылықтар құрамында мына құрылымдық құндылықтар болуға тиіс:

- ұлттық мінез-құлық;
- ұлттың өзіндік сана-сезімі;
- ұлттық қажеттілік және мақсаты, оларды сезіну.

Н.Елікбаев ұлттық психологияның ерекшелігіне мынадай түсініктеме береді: «ұлттық психологияның ерекшелігі дегеніміз – халықтың тарихи-әлеуметті, рухани тұрғыда әртүрлі дамуы». Ол ұлттық психология құрылымын мына құрылымдық бөліктерге бөледі:

- ұлттық мінез-құлық – бұл психология құрылымындағы ең күрделі және маңыздысы. Оның негізгі белгілері: еңбексүйгіштік, бостандықты қалау, қайырымдылық, қонақжайлылық, батылдық, қатаңдық;

- ұлттық өзін-өзі сезінуі – бұл екінші маңызды құрылымдық бөлігі – өзінің ұлтын сүюі, басқа ұлттарға жақсы пікірмен қару, оларды құрметтеп, қадірлеу;

- ұлттық талғам – бұған дәмді сезіну қасиеті кіреді де, бұл физиологиялық категорияға жатады, өйткені нерв жүйелерінің қызметімен байланысты да, адамдардың өмірлік қажеттілігінен туындайды;

- ұлттық сана-сезім – ұлттық жетістіктерді бағалау, өз ұлтын сүю, ұлттың басына түскен қиыншылықтарын бөлісу, ұлттардың өзара айырмашылығын ажыратып, бұл дегеніміз – ұлттық сана-сезімсіз психология болмайды. Ұлттық сана-сезім этникалық өзгешеліктерден туындайды да, ұлтаралық қатынасыз адамзат баласының қарқынды дамуы қиын.

Зерттеуші Н.Жанділдин ұлттық психологияның құрылымын төмендегідей көрсетеді:

- ұлттық мінез-құлық;

- ұлттық тағам;

- ұлттық сана-сезім – бұған әдет-ғұрыптар, дәстүрлер де кіруі мүмкін.

Әдет-ғұрып, дәстүрлердің пайда болуы, олардың дамуы, қазіргі кездегі жағдайы, олардың тұрақтылығы барлық ұлттарға тән табиғи құбылыс болып, әртүрлі тұрмыс деңгейіне қарай дамып отырады да, оның дамуына дін айрықша үлес қосады, мұның нәтижесінде әртүрлі пісіп-жетілу орай ұлттық психология қалыптасып дамиды.

Жоғарыда қарастылған дерек көздерінен қазақ халық педагогикасында өскелең ұрпаққа дүниетанымды қалыптастыру ерекшеліктері мен жолдары кеңінен қарастырылғандығына мән береміз. Бізге дейінгі ғалымдар мен даналардың қалдырған мұралар – тәлім-тәрбие жүйесіндегі озық ойлар осы күнге дейін өз мәнділігін жоймағандығына куә боламыз. Дегенмен, заманның даму заңдылығына қарай, болашақ мұғалім мамандарды дайындау барысында өткеннің тәлімдік мұраларын оңтайлап, икемдеп, ғылыми тұрғыдан негіздеп пайдалану бүгінгі күннің құзырында деп білеміз.

2 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУҒА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР

2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларда ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын дамытуға даярлаудың педагогикалық шарттары

Қазіргі кезде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын дамытудың педагогикалық шарттарын жан-жақты талдай отырып жетілдірілген білім мазмұнын құру, оқытуды әлемдік стандарттарға сәйкес ұйымдастыру, оқу-тәрбие үдерісін «болашақ мұғалімдерді кәсіби педагогикалық қызметке даярлауда ұлттық тәрбие құндылықтарын дамыту» моделіне бейімдеу, құзыреттіліктер түрінде қалыптастырылатын білім нәтижелерін айқындау, ұлтын сүйетін тұлғаны тәрбиелеудің өзектілігі күн санап маңызы артып отыр. Бұл бағыттағы ізденістер жоғары оқу орнында оқытылатын пәндердің құрылымдық-мазмұндық жүйесі мен оны меңгертудің әдіснамалық негіздерін дәйектеуге, оны дамытудың бағыт-бағдары мен басты тұжырымдарын анықтауға септігін тигізеді.

Аталған проблемалар біздің зерттеуіміз үшін маңызды болып табылады, демек болашақ мұғалімдерді кәсіби педагогикалық қызметке даярлауда ұлттық тәрбие құндылықтарын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделін жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын нақтылау үшін қажетті және маңызды ойлар тізбегі болшы табылады.

Бүгінде білім беру жүйесінде «шарттар» туралы ойлар көптеп саналғанымен, нақты тоқталған тұжырым жоқ. Дегенмен «педагогикалық шарттар» түсінігі әр кезеңде дами отырып, бірде бір белгісін жоғалтып жатса, енді бірде ол толықтырылып жатады. Жекелей педагогикалық шарттар, оның құрылымы, атқаратын қызметтері, мәні мен маңызы туралы ғалымдар В.И.Андреева, Н.М.Яковлева, И.Я.Лернер, М.В.Зверева, Б.Т.Лихачев, В.Н.Максимова, Н.В.Ипполитова, Б.В.Купрянов және т.б. зерттеулерінде мазмұндалған.

Ғылыми деректерде шарттар – педагогикалық жүйені құраушы элемент, білім беру субъектілерінің өзара қатынасы; оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, әдістері, тәсілдері, формалары, бағдарламалық-әдістемелік-материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету жиынтығы (В.И.Андреев, Н.М.Яковлева); оқу іс-әрекетін жоғары деңгейге жеткізуді қамтамасыз ететін педагогикалық қойлайлы орта, оқу-тәрбие процесіндегі іс-шара жиынтығы (Л.П.Качалова, Е.В.коротова және т.б.) ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар, педагогика ғылымында «шарт» педагогикалық жүйенің тиімді іске асуына ықпал ететін факторлар ретінде де түсіндіріледі. Олай болса, ғалымдар аталған түсінікті қарастыра отырып, жан-жақты мағлұмат бере отырып, бірнеше қырынан сипаттама береді.

Біріншіден, ұстанатын ғалымдар үшін педагогикалық шарттар – педагогикалық әсер етудің белгілі бір шаралардың жиынтығы мен материалдық-кеңістіктік ортақ мүмкіндіктері туралы:

- Оқыту мен тәрбиелеу мазмұны, әдістері (тәсілдері), іс-шара кешені, ұйымдастыру формаларын В.И.Андреев ұсынды [143,113];
- Қойылған міндетті шешуге бағытталған мазмұн, форма, әдістер, ұралдар және материалдық-кеңістіктік ортаның объективті мүмкіндіктерінің жиынтығын А.Я.Найн ұсынған болатын [144, 44-49];
- Педагогикалық процестің объективті мүмкіндіктерін Н.М.Яковлева ұсынған [145, 203].

Екіншіден, педагогикалық шарттарды педагогикалық жүйені конструкциялаумен байланыстыратын зерттеушілер алады, мұнда шарт жүйе компоненті болып табылады, яғни:

- Ғалым Н.В.Ипполитова педагогикалық шарттар құрылымында білім беру процесі субъектілерінің жеке тұлғалық дамуына әсер етуін қамтамасыз ететін *ішкі* және жүйенің процессуалды аспектісін жүзеге асыруға ететін *сыртқы элементтер* жиынтығынан тұратын педагогикалық жүйенің компоненті, олар оның тиімді қызмет атқаруы мен ары қарайғы дамуын қамтамасыз етеді деген [146, 165];
- Педагогикалық жүйенің бір компоненті ретінде, оқытудың мазмұны, ұйымдастыру формалары, құралдары және мұғалім мен оқушылардың арасындағы өзара қатынастың мазмұнын М.В.Зверева әзірлеген [147, 29-32].

Үшінші қырынан ғалымдар бойынша, педагогикалық шарттар ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижесін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуші, білім берудегі тұрақты байланыс ретінде заңдылықтарды нақтылау бойынша талданған. Сондай-ақ аталған топ ғалымдары зерттеудегі тексерілетін болжам аясындағы педагогикалық шарттарды орналастыру тәртібінің қажеттілігі туралы айтады.

Демек, «Педагогикалық шарттар» туралы жоғарыдағы әртүрлі қырынан бізге аталған феномен туралы бірнеше қағида ұсынуымызға негіз болмақ:

- Шарт педагогикалық жүйені, соның ішінде тұтас педагогикалық процесті де құраушы элемент;
- Педагогикалық шарттар қызметіне жағымды немесе жағымсыз әсер ететін *білім беру* (білім беру субъектілерінің бір-біріне әсері мен өзара қатынасы, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, әдістері, тәсілдері, формалары; білім беру процесін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету) және *материалдық-кеңістіктік* (оқу және техникалық құралдар, білім беру мекемесінің табиғи-кеңістіктік ортасы) ортасының мүмкіндіктерінің жиынтығы;
- Педагогикалық шарттар құрылымында *ішкі* (білім беру процесі субъектілерінің жеке тұлғалық дамуына әсер етуін қамтамасыз ететін) және *сыртқы* (жүйенің процессуалды аспектісін жүзеге асыруға әсер ететін) *элементтер* бар;

- Шарттардың әсерінен даму, тәрбиелеу, оқыту процестері қарқынды немесе баяу дамуы (тежелуі) мүмкін, сондай-ақ, олардың динамикасы мен соңғы нәтижелеріне әсері де жоқ емес;

Дұрыс таңдалған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру педагогикалық жүйенің тиімділігін арттырып, дамуын қамтамасыз етеді.

Сонымен, біздің пікіріміз бойынша, педагогикалық шарттар дегеніміз – білім беру мен тәлім-тәрбиенің ортақ мүмкіндігін нақтылайтын, жүйенің тұлғалық және қалыптасу аспектісіне әсер ететін, оның тиімді жүзеге асырылу мен дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық жүйе компоненті деп білеміз.

Олай болса, педагогика теориясы мен практикасында педагогикалық шарттар кейбір белгілеріне сәйкес көптеген түрлерге жіктелген. Ю.К.Бабанский педагогикалық шарттарды *әсер ету сферасына* сәйкес 2 топқа жүйелеген: сыртқы (табиғи-географиялық, қоғамдық, өндірістік, мәдени, шағын райондағы орта, т.б.) және ішкі (оқу-материалдық, моральдық-психологиялық, эстетикалық) шарттар [148, 301].

Педагогикалық шарттар әсер ету сипатына қарай *объективті және субъективті* болып бөлінеді. Педагогикалық жүйенің қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын объективті шарттарға білім беру сферасының нормативтік-құқықтық базасы, ақпарат құралдары, т.б. жатады. Бұл шарттар өзгеруі де мүмкін. Субъективті шарттарға педагогикалық іс-әрекет субъектілерінің потенциалдары, олардың өзара ымыраға келу деңгейі, мақсатты приоритеттердің тұлға үшін маңыздылық деңгейі, т.б. әсер ету объектісінің спецификасына сәйкес педагогикалық шарттар *жалпы және спецификалық* болып жіктеледі. *Жалпы шарттарға* әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ұлттық, географиялық және т.б. шарттар жатады. *Спецификалық шарттарға* білім алушылардың әлеуметтік-демографиялы құрамы, білім беру мекемесінің материалдық мүмкіндіктері, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын құрал-жабдықтар, қоршаған ортаның тәрбиелік мүмкіндіктері.

Педагогикалық жүйені жүзеге асыру мен дамытуда маңызда рөлді спецификалық шарттар деп: педагогикалық және білім алушылар ұжымындағы моральдық-психологиялық атмосфера, педагогтардың педагогикалық мәдениетінің деңгейі және т.б. алады. Педагогикалық жүйені дамыту бағытын анықтауда басты рөлді педагогикалық жүйе асырылатын кеңістіктік шарттарды (аймақтық және жергілікті жағдайлар, оқу орны мен педагогикалық ортаның ерекшелігі, педагогикалық кадрларға қажетті біліктілік деңгейі, білім беру процесін қамтамасыз ету (кабинеттер, оқу құралдары, құрал-жабдықтар, т.б.) ескеру қажет. Сондай-ақ педагогикалық шарттардың мына тұрғыда жүйеленуі де кеңінен қолданыста:

- Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар (Е.И.Козырева, С.Н.Павлов, А.В.Сверчков және т.б.).

- Психологиялық-педагогикалық шарттар (А.В.Круглий, А.О.Маляхин және т.б.).

- Дидактикалық шарттар (М.В.Рутковская және т.б.). аталған шарт түрлері бір-бірін толықтырады, педагогикалық процестің тиімділігін арттырады.

- Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар мазмұнын ашуда ұйымдастырушылық шарттардың мәніне тоқталайық.

Ұйымдастырушылық шарт – этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытуды мақсатқа сәйкес басқарумен, аудиторлық және аудиториядан тыс жұмыс формалары мен әдістерін пайдаланудың тиімді ұйымдатуымен айқындалады.

Аталған шартты орындау барысында жоғары оқу орнында студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытушы этномәдени орта қалыптастыруға негіз болады. Мұндағы этномәдени орта білім беру субъектілерінің этномәдени потенциалын белсендіру мақсатындағы қолайлы психологиялық атмосфера. Ішкі қажеттілік, қызығушылық негізінде болашақ мамандардың кәсіби құндылықтарды дамытуға деген тұлғалық-маңызды мотивацияны қалыптастыру болып табылады.

Олай болса, ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар ғалымдар тарапынан біріншіден, білім беруміндеттерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін мүмкіндіктер жиынтығы ретінде ұсынамыз:

- Қойылған міндеттерді нәтижелі шешуді қамтамасыз ететін объективті мүмкіндіктер жиынтығы Е.И.Козырева анықтаған [149, 24];

- Педагогикалық іс-әрекет мақсатына жетуге бағытталған педагогикалық процестің мазмұны, формалары, әдістері мүмкіндіктерінің жиынтығын В.А.Беликов зерттеген [150, 109];

- Педагогикалық процесс субъектілерінің өзара әрекеттесуінің, материалдық және ұйымдастыру формаларының, оқыту мен тәрбие мүмкіндіктерінің жиынтығын С.Н.Павлов анықтаған [151, 13];

- Педагогикалық шарттарды жеке тұлғаның кәсіби педагогикалық мәдениетін басқару процесін зерделеген А.В.Сверчков болатын [152, 279-282].

Сонымен, жоғарыда қарастырылған ғалым-зерттеушілердің ой-пікірлерін негізге ала отырып, ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттың негізгі қазметі педагогикалық жүйені басқару екендігін болжаймыз.

Келесі психологиялық-педагогикалық шарттар педагогикалық процестің нәтижелігіне тікелей қатысы бар субъектілер «педагог, тәрбиеленуші» немесе объектілерге әсер етудегі педагогикалық шаралардың негізгі функциясы-педагогикалық жүйедегі жеке тұлға аспектісіне әсер ете отырып, оны дамыту, тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру. Олай болса, психологиялық-педагогикалық шарттар педагогикалық процесс субъектілерінің «педагог, тәрбиеленуші» тұлғалық құрылымдарын есепке алумен ерекшеленеді.

Дидактикалық шарттар дидактикалық мақсатқа жету барысында оқытуды ұйымдастыру формаларын мақсатқа жетуге бағыттай отырып, мазмұн, әдіс (тәсілдер), элементтерді қолдаудың нәтижесі ретінде қарастырылады. Дидактикалық шарттардың негізгі функциясы – оқыту процесінде білім беру

міндеттерін қамтамасыз ететін педагогикалық әрекеттесу мазмұны, формалары, әдістері, құралдарын таңдау және оны жүзеге асыру болып табылады.

Біз зерттеу жұмысымызға сәйкес педагогикалық шарттарды этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытуға тиімді ықпал ететін іс-шаралар жиынтығы ретінде қарастыра отырып, этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды мына тұрғыда нақтыладық. Олар:

- Оқыту процесінде кәсіби маңызды құндылықтарды нәтижелі меңгеруге әсер ететін *ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар*;

- Кәсіби маңызды құндылықтарды меңгеруге ынталандырып, болашақ маман тұлғасын диагностикалауды қамтамасыз ететін *психологиялық-педагогикалық шарттар*;

- Этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамыту мақсатын, мазмұнын, әдістері мен құралдарын қолдану тиімділігіне жауап беретін *дидактикалық шарттар*. Аталған шарттар мазмұнына жекелей тоқталайық.

Жоғары оқу орынының басты қызметі болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің оқушыларға ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын дамытуға бағытталғаны жөн. Даярлау болашақ мамандардың жалпы ұлттық тәрбие мен мәдени, әдіснамалық, әдістемелік пәндерді меңеру мен тәжірибеден өту арқылы қамтамасыз етеді. Мамандық ерекшелігін игеру барысында білім алушылардың ашылмаған мүмкіндіктерді іске қосылады, жаңашыл педагог болуға қажетті білім, іскерлік, дағдылары жетіледі.

Біздің зерттеу мәселемізге сәйкес этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытушы құрал «Этнопедагогика» пәні. Оны осы пәннің оқу бағдарламалары мазмұнына жасаған контент-талдау дәлелдейді. *Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар* мәні ЖОО кәсіби құндылық туралы білім беру мазмұнын толықтыруда, оқу жоспарына «Этнопедагогика» пәнінің енгізілу жағдайының нақтыландуында. Бүгінде білім беру тобы үшін «Этнопедагогика» базалық міндетті компонент ретінде және элективті пән ретінде де оқу орындарына енгізілген. Пән бойынша типтік бағдарламалар әзірленіп, оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар басылым көрген.

Еліміздің ЖОО-да профессор Ш.И.Джанзакова «Этнопедагогиканы жеке пән ретінде құрудың ғылым негіздері» атты еңбегінде философия мен ғылым әдіснамасындағы ғылыми және оқу пәндері арақатынасының әдіснамалық негіздерін анықтаған, этнопедагогиканың ғылыми пәндік моделі компоненттерінің мазмұнын нақтылаған, жеке оқу пәні статусындағы этнопедагогиканың болжамдық моделін қарастырған, этнопедагогиканың құрылымдық-мазмұндық-қызметтік компоненттерін сипаттаған, ғылыми пән ретінде «Этнопедагогика» теориялық тұрғыдан мазмұндалған, ғылыми және оқу пәні ретінде «Этнопедагогиканың» терминологиялық қоры

толықтырылған; жеке оқу пәні ретінде «Этнопедагогика» пәнінің мазмұнын құрастырудың логикасы ұсынылған [153, 98].

«Білім мазмұны», «педагогикалық және этнопедагогикалық білім мазмұны», «оқулық», «оқыту процесі» тәріздері мен тұжырымдамалары негізінде «Этнопедагогиканың» жеке оқу пәні ретіндегі құрылымдық-мазмұндық-әдіснамалық негіздері», «Этностық дидактика», «Этнос тәрбиесі», «Оқу-тәрбие ісін этнопедагогикаландыру», «Салыстырмал этнопедагогика» атты құрылымы берілген және олардың мазмұны нақтыланған. Олай болса, бүгінде әрине, этнопедагогикалық білім мен тәрбие беру мәселелеріне арналған дерек көздері көптеп саналғанымен, ЖОО-да оқытылатын этнопедагогика пәніне арналған оқу және оқу-әдістемелік құралдарға Ә.Табылдиевтің «Қазақ этнопедагогикасы», С.Қалиұлының «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы», К.Ж.Қожахметова, Ш.Таубаева, Ш.И.Джанзакова «Методология общей и этнической педагогики в логично-структурных схемах» оқу құралдары, К.Ж.Қожахметова, Ш.И.Джанзакованың «Этнопедагогика» оқу құралы, С.Ж.Пірәлиев, Г.Т.Хайруллин, Р.К.Төлеубекова, Ш.Ж.Жұматаева, А.Д.Қайдарова, М.Б.Тленбаева, Г.К.Шолпанкулова «Этнопедагогика (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)», Қ.Бөлеевтің «Қазақ этнопедагогикасы» оқу-әдістемелік құралы, «Қазақ этнопедагогикасын оқыту әдістемесі», А.Қ.Дүйсенбаевтың «Этнопедагогика», «Этнопедагогика және этнопсихология» оқу құралдары т.б. ғалымдардың құнды еңбектерін атауға болады.

Біздің зерттеу мәселемізге сәйкес бұл жүйедегі басты мәселе ЖОО-да меңгерілетін бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған «Этнопедагогика» пәнінің мазмұнының маңызы зор боып табылады. Олай болса, студенттердің этнопедагогикалық даярлығының сапасы, «Этнопедагогика» пәнін меңгеру деңгейіне, нәтижесіне байланысты болып табылады.

Ресей ғалымдары Н.Ипполитова мен Н.Стерхова *психологиялық-педагогикалық шарттарды жеке тұлғаны дамытуға бағытталған өзара байланысты* білім беру мен материалдық-кеңістіктік орта мүмкіндіктерінің жиынтығы ретінде қарастырады [154, 122]. Осыдан келе, психологиялық шарттар – жеке тұлғаға әсер етудегі іс-шара жиынтығы, нақты айтқанда оған оқыту процесін нәтижесі жүзеге асыруға мүмкіндік беертін жеке тұлға сапасы. Мұндағы психологиялық шарттар – жеке тұлғаға әсер етудің белгілі шаралар жиынтығы. Осы тұжырымға сүйене отырып, этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытудағы *психологиялық шарттарды* нақтылаймыз:

- Білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру. Оқытушы тарапынан осы шарттың оқыту процесінде сақталуы маңызды орында. Бұл сабақтағы кез-келген әрекеттің тиімділігі көбінесе материал мазмұнының білім алушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкестігі. Біз болашақ мамандармен жұмыс жасайтындықтан олармен көбіне кәсіби біліктілікті дамытуға бағыт алған проблеманы шешу сипатындағы

тапсырмаларды берген орынды. Басқаша айтқанда оқытушы сабақ барысында мазмұнына қарай біртіндеп күрделендірілген проблемалық тапсырмаларды қолданады. Білім алушыларға күрделілігі ең жоғары тапсырмаларды бірден ұсыну олардың оның шешімін табуға деген қызығушылығын төмендетеді.

- *Сабақ барысында шығармашылық және еркіндікке толы атмосфераны ұйымдастыру.* Сабақта шығармашылықты құрудың бірден-бір негізгі факторы оқытушының өзінің іс-әрекеті болып табылады. Оқытушының шығармашылық тұрғысында тапсырманы ұсына білу біліктілігіне білім алушылардың әрі қарайғы әрекеттерінің байланыстылығы.

- *Оқытушы мен студенттердің өзара белсенді қатынасы.* Мұнда оқытушы кеңесші, бағыттаушы, көмекші позициясында.

Жекелей студенттің және топтың кәсіби-интеллектуалдық даму деңгейін ескеру. Бұл оқытушыға жекелей білім алушы мен топтың кәсіби-интеллектуалдық даму деңгейін ескере отырып оқытудың тиімді әдістерін, құралдарын, формаларын таңдауға көмектеседі.

Этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытудағы *педагогикалық шарттарды* нақтыласақ:

- Студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытуға деген тұлғалық маңызды мотивацияларын қалыптастыру;

- Оқытудың дәстүрлі және инновациялық құралдарын бірге қолдану. Бұл студенттердің дәстүрлі және инновациялық амалдардың тиімділігін ажыратуға мүмкіндік береді;

- Сабақта зерттеу әдістері мен білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін бірлікте қолдану. Оларды бірлікте қолдану білім алушылардың кәсіби өзбетінділігін немесе дербестігін белсендіреді;

Оқыту процесінде герменевтикалық бағытты қолдану. Ол дегеніміз студенттердің ақпараттармен жұмыс жасау сауаттылығы (белгілі мәселені шешуге қажетті факт жинау, оларды анализдеу, болжам жасау, заңдылықтарды түзу, дәлелді тұжырымға келу және т.б.). Аталған бағдарды қолдану студенттердің кәсіби шығармашылық потенциалын және педагогикалық іс-әрекетте кәсіби жағдаяттардан шығуда шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Сонымен, *психологиялық-педагогикалық шарттар* этнопедагогикалық білім беру негізінде кәсіби құндылықтарды дамытуға деген позитивті қатынасты қалыптастыруда, танымдық қызығушылықты ынталандыруда, кәсіби маңызды аксиологиялық бағдарды меңгеру мотивациясын дамытуда эмоционалдық-тұлғалық компонентті күшейтеді және оны педагогикалық тәжірибеде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Дидактикалық шарттар студенттерді лекция, практикалық сабақтар және өздік шығармашылық жұмыстарды орныдауға теориялық даярлау барысында педагогикалық мамандық құндылықтарын меңгертуге бағытталған. Дидактикалық шарт – оқу процесінде әртүрлі жұмыс формаларын, әдіс-тәсілдерді, амал-жолдарды пайдаланумен айқындалады.

Этнопедагогикалық білімнің нақты объективті түрде, шығармашылықсыз тасымалдануы креативті маманды қалыптастыра алмайды. Өйткені оқытушы

мақсаты білім мазмұнын сол қалпында тасымалдау емес, білімді шығармашылықпен меңгерту керек. Егер студент этнопедагогикалық білімді игере отырып, өзі үшін жаңалық ашса, оның бойында интеллектуалдық және рухани күштің оянғанын сезінеді де онда өз мүмкіндігін жүзеге асыра алатын «өзінің әлемі» пайда болады деп білеміз. Олай болса, бүгінде этнопедагогикалық білімді оқыту процесінде қолданып жүрген дәстүрлі әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолдану арқылы жеткізу қажет. Сондықтан ғылыми ізденіс алдындағы тағы бір міндет этнопедагогикалық білімді жаңа амалдарды, тәсілдерді, технологияларды қолдана отырып меңгертудің маңызы зор. Яғни, бір ғана мысал, білім берудегі гуманистік технология оқытушы мен білім алушы арасын жақындатады, олардың бір-біріне деген сенімін ұялатады, бір-бірінің мақсатын, талаптарын, қызығушылықтарын түсінуге көмектеседі. Бұл бағыт білім алушылардың ғана емес оқытушылардың да қабілеттерін ашу мен дамытуға жағдай жасайды. «Этнопедагогика» пәнінің мазмұны студенттердің танымдық белсенділігін қамтамасыз еткен жағдайда ғана этнопедагогикалық құзыреттіліктері туралы айтуға болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын дамытуға нақты практикалық міндеттерді шешуге қажетті білім, іскерлік және дағдылардың қалыптастыруды жүзеге асыратын танымдық, тәлімдік, тәжірибелік сипаттағы тапсырмаларды орныдау қажет. Бүгінде ЖОО-да оқыту процесінде интерактивті формалар, әдіс-тәсілдер көптеп қолданылуда. Мысалы, дәріс-кеңес, проблемалық дәріс, бинарлық дәріс, «қателігі алдын-ала жоспарланған дәріс», проблемалық ғылыми-зерттеу нәтижесі талқыланатын семинар, семинар-тренинг, т.б. [155, 114-118].

«Этнопедагогика» пәні бойынша аудиториялық сабақтардың педагогикалық іс-тәжірибемен тығыз байланыстылығы тиімді нәтижелер береді. Студент этнопедагогикалық білім туралы әзірлеген, аудиторияда талдаудан өткен материалдар (пән бойынша портфолио) педагогикалық практика барысында қолданылады. Сондай-ақ, білім беру мекемелерінде ұлттық білім беру мен тәрбиелеу мәселелрі бойынша жинақталған инновациялық тәжірибелермен танысу, педагогтардан кеңестер алу, басқа да іс-шараларға қатысу, ұйымдастыру этнопедагогикалық білімді меңгеру мен тасымалдауды күшейтеді.

Этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамыту оқытушылардың кәсіби құзыреттілігіне де байланысты. Бүгінде ЖОО іс-әрекеттегі студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытуға бағыттай білетін, бойында кәсіби құндылығы қалыптасқан, өз кәсібін толық меңгерген және оның мазмұнын жаңа біліммен толықтыра отырып, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, ізденімпаз, өзінің тұлғалық-кәсіби болмысын меңгерген, алдындағы әрбір білім алушы «санасына» жете білетін, рухани күш-қуат иесі, тәжірибелі оқытушы қажет. Сонымен, этнопедагогиканың әрі қарайғы дамуы көбіне ондағы ғылыми, ғылыми-әдістемелік идеялар мен инновациялық білім беру практикасындағы әдістемелік аспектілерге байланысты. Сондықтан мамандарға, тоериктерге,

практиктерге этнопедагогиканың оқу-тәрбие процесіндегі позициясын нақты әрекет негізінде күшейту қажет.

Жоғары оқу орындарындағы бейімделу себептері мен қиындықтарын зерттеуде М.И.Дьяченко және П.А.Кандыбович жұмыстары маңызды орында. Авторлар жоғары оқу орнындағы негізгі қиындықтар қатарына: оқу материалдарының мазмұны, көлемі, сипаты және оқу процесі әдістерінің өзгеруі, жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың біліктілік деңгейі, студенттердің өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру дағдыларының қалыптасуы, жоғары оқу орнын таңдау дұрысытығына деген сенімсіздік, оқытушылармен конфликт, ұжымдағы қарым-қатынас қиындығы және т.б. жатқызған.

Сонымен, кәсіби іс-әрекетке бейімделу процесінің нәтижелі болуының негізгі жағдайлары туралы айтар болсақ, *біріншіден*, кәсіби іс-әрекетке бейімделу жоғары оқу орындарындағы студенттерді дайындау сапасымен байланысты. Мұнда кәсіби білім, іскерліктер, дағдылар меігеріледі, кәсіпке деген шығармашылық қатынас пайда болады, әсіпке деген қызығушылық дамиды, яғни кәсіби іс-әрекетке деген жағымды мотивациясы шыңдалады. *Екіншіден*, кәсіпке бейімделу кезіндегі кәсіпті меңгеру мотиві. Яғни, маманның кәсіби мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерінен мотив деңгейлерін, түрлерін байқауға болады. Мамандықты өз қызығушылығына, бейімділігіне қарай ерікті түрде таңдаған кездегі кәсіпке бейімделу де нәтижелі болмақ. *Үшіншіден*, кәсіпке бейімделудің нәтижелілігі кәсіби іс-әрекеттің позитивтілігімен, ортадағы жағымды психологиялық атмосферамен, әлеуметтік белсенділікпен және дербес ерекшеліктермен байланысты. *Төртіншіден*, кәсіпке бейімделу кезінде еңбек іс-әрекетінің мазмұны, ұжымдағы өзара қатынас, жағымды жағдайлар, еңбекті ұйымдастыру ерекшеліктері, демек субъективті факторлардың әсері үлкен. Студенттердің кәсіби бейімделуіне олардың дайындық деңгейі, құндылықтар жүйесі, оқуға деген қатынасы, жоғары оқу орны туралы ақпарат алуы, кәсіптің болашағы туралы ойлары сияқты факторлардың да ықпалы зор. Осы аталған аспектілер негізінде ЖОО студенттер субъектілігінің даму кезеңдерін бейімделу, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру деп бөлуге болады. Сондықтан болашақ маман сауатты, құзыреті болсын десек қоғам, ұжым, топ, жекелей тұлға болып жұмыс жасау қажет. А.В.Белошицкий, И.Ф.Бережная студенттердің субъект ретінде қалыптасуын 3 аспектіде қарастырады:

- *әлеуметтік-кәсіби аспект*, әлеуметтік және кәсіби ортаға кірігу, ондағы құндылықтарды қабыладу, қоғамдық норманы, тәжірибені, ережелерді, дәстүрлерді меігеруге қажетті оқытудың әлеуметтікжәне кәсіби маңызын сезіну;

- *индивидуалдық-құндылық аспектiсi*, әрекет барысындағы студенттің өзіндік «менін», оның мазмұндық-нәтижелік және процессуалдық-динамикалық сипатын ашу,

- *операциялық-іс-әрекеттік аспект*, әлеуметтік-кәсіби және индивидуалдық-құндылық аспектілерінің үйлесімді әсер ететін, педагогикалық

іс-әрекеттегі оқытушы мен студенттің кәсіби-тұлғалық дамуын олардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру тәсілдері мен формаларын біріктіру арқылы үйлестіру [156, 60-67].

Ғалым А.В.Кириякова бойынша студенттердің өзін-өзі анықтау кезеңінің негізі *құндылық бағдар* болып табылады. Ол өз кезегінде үш тұлғалық кеңістікте жүзеге асырылады: *когнитивті кеңістік* – білім, мәдениет пен білім берудегі құндылықтарды аксиологиялық идеялар мен білім құндылық негізінде таңдау мен меңгеру кеңістігі; *эмотивтік кеңістік* – жеке тұлғаның құндылық бағдары, өзін-өзі белсендіру, өзін-өзі жүзеге асыру кеңістігі; *іс-әрекеттік кеңістік* – жеке тұлғаның болашақ өмірінің мақсаты мен мәнін сезінуге, жоба құруға және оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өмірге бағыт-бағдар алу, прогноздық қабілеттерді дамыту, болашақ өмірі мен іс-әрекеті идеалын, моделін анықтау кеңістігін құрайды [157, 201].

Қазіргі кезде рухани мәдениетінің жинақталған рационалданған рухани көрінісі. Әрине, руханилық пен философиялық жүйелердің даму деңгейін механикалық түрді сәйкестендіре салуға болмайды. Әлемнің құрылымы, мәні, ондағы адамның орны туралы ой-толғаулар кейде ақиқатқа жақындайды, кейде алыстап та кететін кездері болған. Материалдық әлем заңдылығы мен рухани дүние заңдылығы бір-бірімен толық сәйкестендіріп, руханилыққа тән ерекшеліктері байқамай келген кездер болды. Көптеген философиялық бағыттардың негізгі әлсіз жері де осында еді.

Ал, енді қазіргі кезеңде бірте-бірте белең ала бастаған көзқарас туралы айттын болсақ, онда С.Ю.Колчигин мен А.Б.Қапышевтің пікірлеріне назар аударатын болсақ: «Зерде мен ойлауда басқа адамға жан мен руханилық тән, яғни олар табиғи болмыс пен таза зерденің заңдарынан тыс жатқан нәрселер. Сондықтан әлемде соған сәйкес өзіндік себеп болу керек. Руханилық ерекше қасиет ретінде өзінің ерекше бастауын қажет етеді, ол материяның зердесімен және зерденің материясына телінбейді» [158, 115]. Осы ойларды жалғастыра отырып, авторлар руханилық туралы мынандай тұжырымдарды нақтылаймыз: «Руханилық-медитациялық тәжірибе емес, сананың ауқымы немесе деңгейі де емес, белгілі бір ұлтқа және барлық нәрсеге деген ізгілік, ол негізінен әрбір адамға тән және ол оның шынайы адами дамуына қажетті дүние».

Бұл авторлардың көзқарастарына қосыла отырып, қазіргі кезеңде тұлға өзінің өткеніне, қазіргісіне, болшағына сын көзбен қарайтын уақыт келгенін айта аламыз. Жаңа онтологияның, жаңа философияның қажеттілігі де осында. Философ әлемді танып біліп қана қоймай, ақиқаттың қайнар бұлағынан басқалардың да сусындауына өз үлесін қосуы тиіс. Сонда ғана өз борышын орындай алады. Сондықтан бұл рухани мұралар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын дамытуға негіз болады деп айта аламыз.

Бірінші, этнопсихологиялық негіз, бұл ерекше бір тоқталып өтетін руханилықтың күрделі астары. Адамның бойындағы жан деген кереметтің арқасында мейірімділікке, жылылыққа, сұлулыққа деген табиғи сұранысы бар. Бұл физиологиялық қажеттілік қана емес, ол психологиялық ерекшеліктерден

туындайтын адами қасиет. Бірақ, осы қасиеттер өзінің антиподына айналатын кездерде болады. Қызғаныш, қорқу, ызалану, жек көру, кектену және т.б. теріс психологиялық шамалар кейде доминантты роль атқаратын кездер де болады.

Ал мұндай жағдайда субъект руханилық әлемінен алыстай түседі. Ол келеңсіз іс-әрекеттер аясынан шыға алмайды. Өз зердесінің қабілетімен, немесе денелік қара күшімен «мәселені» өзіне тиімді мағынада шешу жолына түседі. Осыдан әлеуметтік ортада шиеленістер мен кикілжіңдер, ренжулер мен қақтығыстар туындап отырады. Міне, сондықтан этнопсихологиялық ахуалдың өзгерістері қоғамдағы дамудың жағдайымен тікелей байланысты.

Екінші, өнегелік негіз. Руханилықтың әлеуметтік салада кең таралуына, негізгі тәсіл болатын сала – өнер болып табылады. Әрбір өнер туындысы адам әлемін жаңа рухани күшке, рухани атмосфераға айналдыруы шарт. Ондай деңгейге көтерілмеген туындылар псевдокұндылықтар, үйлесімділік шайқалтушы теріс құралдар болып табылады. Тарихи процестен артық сараптаушы, електен өткізуші сынақшы жоқ. Адамдар сонау тарих қойнауынан негізінен өзінің рухани әлемін байыта түсетін дүниелерді сақтауға тырысады. Бұл барлық ұлттық мәдениетке тән құбылыс. Сондықтан халық шығармашылығының, кемеңгер суреткерлердің туындыларының күдіретті күші бар.

Сонымен қатар, кино өнеріндегі зорлық пен агрессияны үгіттейтін, адамдар арасындағы қатынасты тек инстинктік деңгейде баяндайтын шығармалар (боевиктер, триллерлер, қорқынышты фильмдер және т.б.) жатады. Олар негізінен рухани жетілмеген адамдардың сұраныстарын қанағаттандырады және оларды одан сайын рухани тоқырауға, кенжелеп қалуға жетелейді.

Әсіресе, жастарды тәрбиелеу ісінде өнердің рөлі зор болып табылады. Әрбір адамның бойында дарындылықтың іргетасы қаланған. Сондықтан жастар барлық шығармашылық тек қана техниканы, компьютерді қолдануда екен деген деңгейде қалып қоймағаны абзал. Өйткені, адам өз қолымен жаңа дүние жасап үйренбей өзін жетілдіре алмайды.

Үшінші, шығармашылық негіз. Адамның хайуанаттар әлемінен сапалы айырмашылығы және оның еркіндігінің бір көрінісі – шығармашылығы. Әлемді тануға ұмтылатын тұлға оны бейнелеп қана қоймайды, ол жетілдіріп, дамытуға да тырысады. Сондықтан өмірді жоғарғы рухтың, үйлесімділіктің өте нәзік заңдылықтарына сәйкес өзгертем, яғни оған өз кезегімде үлесімді қосам деген жеке адам барлық өмірін шығармашылық әлемінде өткізеді, өмірін соған сарп етеді. Шығармашылықтың қайнар көзі ғана сублимациялық адамның рухани болмысымен астасып, оның мәндік тұптамасын айқындай түседі.

Міне, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын дамытуға аталған негіздердің бағыты педагогикалық шарттардың құрылымын құрайды. ЖОО оқу-тәрбие процесінде қазақ этнопедагогикасының құралдарының мазмұнын ұлттық құндылықтармен қамтамасыз ету және оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың белсенді формаларын қатар пайдалану студенттерге ұлттық құндылықтарға деген

көзқарас қалыптастырудың басты педагогикалық шарты ретінде қабылданып отыр.

Жалпы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық рухани тәрбе құндылықтарын дамытуда өз ұлтының, халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, дінін, мәдениеті мен тәлім-тәрбиелік мұраларын терең меңгерген, ұлттық сана сезімі толық бекіген, елжанды тұлғаны тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі болып саналады. Қазақ мәдениеті – ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып ғасырлар бойы қалыптасқан. Ұлттық тәрбие – құндылық ретінде сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күшіне ие болады және жамтардың ұлт жайында таным-түсінік болмысының дамуы мен өркендеуіне негіз болып табылады. Ұлт өкілінің өзіне тән бір белгісі – оның өзіндік ұлттық санасының қалыптасуы. Ұлттық сана – жеке ұлтқа жататын адамның рухани құндылықтарының берік және терең болуы негізінде сол ұлттың мүддесін жеке бас мүддесінен жоғары қою арқылы, сол ұлттың дамуына және әлемге немесе өзге ұлттар арасында өзіндік орын алуына себепші болып, өз үлесін қосу арқылы жеке адам өз ұлтына тұлға ретінде танымал болады. Бұл өз кезегінде ұлттық құндылық бағдарының болуы арқылы жүзеге аспақшы. Ұлттық құндылықтар тұлғаның субъекті ретіндегі әлеуметтік белсенділігін қалыптастырады. Яғни, ұлттық тұлға өз бойында ұлттық тұлғалық қырларды бойына сіңіре отырып, қоршаған орта мен әлемде әлеуметтену үдерісінен өтеді. Сонымен қатар жастар өзін ұлт өкілі ретінде жетілдіре отырып, ұлттық мәдениетті меңгереді. Оның беріктігі және тереңдігі, мазмұнды өміршеңдігі қоғамның бетке ұстаған саяси және тәрбиелік бағдарына байланысты болмақ. Яғни, бұны қоғамның тұтастығын сақтау бағытындағы нақты құрал деп түсіну керек.

Қазақ халқының тәлімдік мұрасы болп табылатын әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер қоғамның ырғағын, тарихи өмірлік тәжірибесін дамытуға ықпал жасап, тәрбиелік құндылығымен ерекше орынға ие болады. Осының негізінде ұлттық тәрбие құралдары арқылы жеке адам болашақ үміт дүниесіне ұмтылып «жерұйық» құруға ұмтылады және соған толық сеніммен әрекеттер жасайды. Тәрбие құндылықтары арқылы сенімі берік, ақылды, тапқыр, адал, қайсар, батыл т.б. қырларының болуының шарттары белгіленіп, анықталуы керек. Ұлттық тәрбие беру жүйесінің құндылықтарының құрылымдық-мазмұндық дамуына оң ықпалын тигізеді.

Бұл қалыптасқан ұлттық жүйесі алдында тұрған үлкен міндеттерді іске асыру үшін, жеке тұлға болмысының толық болуымен, еркін тұлға ретінде дамуын, оның талантын, білімнің мәнін ашу және түрлі ғылым сырларын тануға ұмтылатын тұлғаның қалыптасу мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Ол үшін қазіргі кезде ЖОО мен пектептің алдында тұрған мақсаттарға жету үшін келесі мәселелері қарастыру қажет:

- теориялық негізделген дидактикалық жүйені жасау, онда толық мазмұнында білім алып, ұлттық мәдениетті қайта жандандыру;

- білім беру жүйесінің оқу-әдістемелік базаны жаңалау және ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, танымдық білім мен тәрбие беру, ана тілінде ұлттық мәдениетке баулуға мақсатты түрде ықпал жасау;
- тарихқа, салт-дәстүрлерге, әдеп-ғұрыптарға оқыту аясында рухани құндылықтарға баулу;
- жастарға қазақтың ұлттық құндылықтары негізінде танымдық білім мен тәрбие беретін тәлімдік мұраларды жетік білуге міндеттеу;
- қазақ ұлтына тән тарихи даталық мерекелер мен ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты терең біліп, меңгеруді міндеттеу, т.б. арнайы бағыттағы жұмыстарды ғылыми негізде ұйымдастыру оң нәтиже беретіні анық.

Демек, жастарды өмірге баулуда ұлттық мұра құндылықтарын олардың тәрбиесіне ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерттеп, негіздеп және ұсыну нәтижесінде ұлттық болмысы толық бекіген, саналы ұрпақ дайындаудың сапасын көтеруге, болашақ жастардың рухани-адамгершілік көзқарасының қалыптасуы мен дамуын жүзеге асыруға толық мүмкіндігі зор педагогикалық шарттар деп білеміз.

Бүгінгі күнде әлі де болса оң шешімін таппаған, күрделі зерттелерді қажет ететін мәселелердің бірі қоғам мен тұлға арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыруда ұлттық рухани құндылықтар өзек болуы мен әлеуметтік ортада, қоғамда, адами болмыстықты жоғары деңгейге көтеруге ықпал жасау жағдайын қарастырып, анықтау болып табылады. Келешек жастардың ақыл-ой ұлттық мәдениет пен толыққан, рухани болмысы парасаттылықты беретін, білікті тәрбиесі толық жетілген елжанды азамат етіп қалыптастыру мен дамыту бүгінгі қажеттіліктен туындап отыр. Өйткені, ұлттық болмысқа жаны жақын, рухани құндылықпен сусындаған, дүниетанымы ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралар жүйесімен қалыптасып, дамыған жеке тұлға ғана қазақ қоғамының әлгерілеу үдерісіне үлес қосатыны анық. Бұл адам факторны жандандыру, ұлттық болмысын қалыптастырып, дамыту мен намысын ояту, рухани құндылығы басым, парасатты жеке тұлға болмысын тәрбелеу, жастарды өмірге дайындау ісі болып табылады.

Педагогика және психология ғылымдар негізнен талдау жасап қарастырсақ, жастар арасындағы қарым-қатынастар мен іс-әрекеттердің рухани құндылыққа негізделуі – аға ұрпақ өкілдерінің өнегелік үлгісіндегі ұлттық тәлім-тәрбие мұраларының берілуі мен олардың өмірлік тәжірибесіндегі өзек болып орын алған жағдайлары ықпал жасайды. Олардың ар-намысы, мейірімділік пен парасаттылық, адамгершілік, адалдық, шынайылық, өзгелерге деген адамми қатынас және қадірлеу, т.б. тұлғалық қасиеттердің жастардың бойында бек үшін әрі түрлі жолдарын қарастырып педагогикалық тәжірибеге ендіру қажеттілігі басты мәселелердің бірі болып табылады. Оқушының жеке тұлғалық болмысындағы рухани дамудың сапалы болуы – ұлттық құндылықтар аясында жасалатын рухани дамудың сапалы болуы – ұлттық құндылықтар аясында жасалатын әрекеттер мен оның жүзеге асырылуы, мысалы: оқыту, дағды, білімді меңгеру, ғылыми-танымдық әрекеттер, дүниетанымдық дамулар тәрбие беру үдерісіне бағындырылып, ал оның негізі

ұлттық тәлім-тәрбиедегі мұралық құндылықтар болуын керек. Сонда ғана оқушының тұлға қалыптасуындағы рухани болмысының дамуында ұлттық құндылықтар өзек болып табылады. Яғни, осы әрекеттер, мәселелер өмірлік тәжірибеде жүзеге асырылғанда ғана қазақ жастарының өмірде, қоғамда, әлеуметтік ортадағы орнын, атқаратын міндет, мақсатын және осыған байланысты жауапкершілігін, өз ұлтының даму жолындағы өзгерістерді жетік түсініп, оның дамуына өз үлесін қосатын саналы азамат ретінде дайындау бүгінгі күндегі атқарылатын жұмыс.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының жүйелі реформалардан өтуі – қоғамның жанаруы, жастардың жеке тұлғалық болмысын заманауи талаптарға сай қалыптастыру мен дамытуда рухани құндылық немесе рухани байлық басты фактор деп түсініп және оны өзек етіп башылыққа алу. Сондықтан қазіргі заманның педагогика ғылымында адамдар арасындағы қарым-қатынаста рухани адамгершіліктің қасиеттің басым болуын басшылыққа алады және солай болуына мән береді. Ал бұны жүзеге асыруды жастарды оқыту мен тәрбиедегі жұмыстармен айналысатын түрлі мектептердің мазмұндық-құрылымдарын осы бағытқа негіздей отырып ұйымдастыру тиімді нәтиже мен оң мүмкіндіктер беретіндігін зерттеу, қарастыру, жолдарын анықтау басты шарттар ретінде қарастырылуда. Бұл дегеніміз, жеке тұлға болмысының толық бейнесі көрсеткіштерінің бірі – ұлттық құндылық қасиеті болғандықтан жастарды өмірге тәрбиелеу мен баулуда ұстанатын басты мәселені өмірлік тәжірибеде жүзеге асыру болып отыр. Қазіргі қазақ ұлтының мәдениетін қайта өркендеу жастарды ұлттық дәстүрмен тәрбиелеудің қажеттілігінен туындап отырғаны анық. Ұлттық салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптарда ұлттық мінез-құлық, болмыс, дүниетаным, мәдениет, тіл мен діл және өмір сүру жолы, діні мен жалпы жаратылыс болмыс психологиясы қамтылады. Бұл қоғамның күрделі өзгеріске ұшырау кезеңінде жастарды оқытып, білім беру мен тәрбиелеуде ұлттық тәлім-тәрбие мұралары арқылы құндылықтарды сіңірудің құралы болып табылады.

Қазіргі кездегі оқу-тәрбие үдерсіндегі ұлттық құндылықтар арқылы тұлғаның академиялық еркіндігі үлкен мәнге ие болып табылады. Бұл үдерісті ізгілендірудің басты мақсаты – білім алушылардың өз мүмкіндіктерінен төмен оқуына, тәрбиелік істердің бейтарап қатысушысы немесе бұрқып тасыған өмірдің сырттай бақылаушысы болып қалуына мүмкіндік бермейтін жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Ұлттық педагогика әрдайым тұлғаны ортаға икемдестіру тарапында, оған қолайлы жағдай түзіп, оның «психологиялық қауіпсіздігін» қамтамасыз етуге ұмтылады.

Ұлттық педагогиканың талаптары: 1) тәрбиеленушіге адамгершілік қатынас; 2) тұлғаның еркіндігі ман құқына құрмет; 3) тұлғаның күшіне сай және түсінікті талаптар қою; 4) тәрбиеленушінің көзқарас – бағытын, тіпті ол қойылған талаптарды орындауға қарсылық білдірген жағдайда да – сыйлы білу; 5) тұлғаға шынайы болмысын танытуға мүмкіндік жасау; 6) тәрбиеленушінің санасына тәрбиенің нақты мақсаттарын жеткізе білу; 7) тұлға тәрбиесіне қажет болған сапа-қасиеттерді зорлықсыз қалыптастыру; 8) тұлға

намысы мен беделіне нұқсан келтіруші әдістерді қолданбау; 9) тұлғаның өз наным-сенімдеріне қайшы келетін сапа-қасиеттерден бас тарту құқын тану болып табылады.

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алып қарағанда жастар арасындағы қарым-қатынастар мен іс-әрекеттердің ізгілікке негізделуі үлкендердің үлгісімен ұлттық тәлім-тәрбиеге тіреледі. Олардың ар-намысы, мейірімділік пен парасаттылық, адамды сүйе білу, жеке бастың ар-ұжданын, еңбегін қадірлеу т.с.с шынайы адагершілік қасиеттері қазіргі болашақ ұрпақ бойына табылу үшін «жеке тұлғаны» дұрыс қалыптастыру жолын іздестіру керек. Оқушының жеке басының рухани дамуының дұрыс болуы үшін, оның іс-әрекеттерін (оқу, білім алу, тәрбие, даму, қалыптасу) жан-жақты жетілдіру арқылы біртіндеп дамыту көзделеді. Рухани даму тұлға қалыптастырудың өзегі болып табылады. Сондықтан адамның өмірдегі орнын, атқаратын міндеті мен қоғам алдындағы жауапкершілігін, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді дұрыс түсініп, еркін араласуын қамтамасыз ету, бүгінгі күннің талаптарымен тығыз байланысты болып саналы. Өсіп келе жатқан ұрпағымыз мәдениетті, парасатты, білікті, көрегенді етіп тәрбиелеу – олардың дүниетанымын жоғарғы азаматтық деңгейде дамытып, қоғамымыздың ілгерлеу процесіндегі адам факторын жандандыру, ұлттық намысын қозғап, кез-келген парасатты азаматтардың, оның ішінде ұстаздардың ізгілікті ісі деп ойлаймыз.

Бұл Мемлекет басшысының салиқалы ой тізбегінен өткен жай, әлемдік өркениет дамуының қырын-сырын оқып, зерттеп жүйелеген көрегендік саясатының толық қанды жемісі болмақ. Осы Тәуелсіздігіміздің баянды болуы жолында барынша еңбек етіп, елімізді өркендетіп, гүлдендіру, «Мен Қазақстанның азаматамын» деген ұлтжанды отандастарымыздың ардақты да, асқақ борышы болмақ. Сондықтан да, қсіп келе жатқан жас ұрпақтарымыздың жан-жақты ойлай білетін, өз елінің, халқының қамын жейтін, қоғамды алға қарай дамытатын адамгершілігі ол бүлдіршіндерін дайындауымыз керек. Сол себепті де, білім беру саласында жұмыс істейтін педагогтарымыздың алдында үлкен мінжет, ауыр жүк тұр. Өйткені, қазіргі оқушыларға егемен еліміздің болашағына, өтпелі кезеңнің көлеңкелі жақтарын ескере отырып, оған мойын ұсынбай, алдымызда тұрған нарықтық экономика жағдайында мазмұнды, әрі сапалы білім беру біздің аса жауапты міндетіміз. Мектепте мұғалімдер, үйде ата-ана, қоғамдық орында жұртшылық болып болашағымыздың оқу-тәрбие жұмысына белсене араласу – қазіргі кезеңдегі бірінші орынға қойылған мақсат, себебі, білімсіз, ғылымсыз ешбір қоғам алға жылжымайды, дамымайды. Еліміз өркендесін десек, дүние жүзіндегі озық елдердің қатарына жетеміз десек, қазіргі ұрпаққа беретін біліміміз, тәрбиеміз соған лайықты болуға тиіс.

Қоғамның тарихи кезеңнің ұлттық тәрбиесінің проблемаларын үнемі жаңа адам тәрбиелеу міндеттерімен байланысты болып келгенін дәлелдейді. Сол себепті де, ең алдымен адамның рухани жан дүниесін, асыл сезімін, адагершілік парызын, сұлулық талғамын қоршаған ортаға гумандық қатынасын қалыптастыру келесі мәселелердің бірі болып саналады. Негізінде, балаларға ұлттық тәрбие беру дегеніміз – мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін,

моральдық сананы мақсатты қалыптастыру немесе тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың этикалық білімділікті, адамгершілікті қасиеттерді дамытудың сара жолы болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық рухани тәрбие құндылықтарына қатысты ұлттық көзқарасы мен дүниетанымдық ұстанымдары анықталынады, олар адамды табиғаттың ерекше құбылысы ретінде тану, өзінің субъективті артықшылығын ескеруге мүмкіндік береді. Тәрбиелеу мақсатының бұлай құрылуы адамның өз өміріне ықпалын өзгерту, өз қабілеті мен шығармашылық әлеуетін ашудағы құқықтары мен жауапкершілігін түсінуіне мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, өзіндік даму мен өзін-өзі жетілдіруде тұлғаның ішкі бостандығының таңдауы арасындағы арақатынас пен оған қоғамның ықпалын түсіндіреді. Демек, «ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу» мақсатына жету арқылы адамның ұлттық көзқарасын қалыптастыру шаралары жүзеге асырылады. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеу мақсаты өзіне тиісті маңызды міндеттерді қояды:

- Тұлғаның өмірдегі мәнін ұғынуы, өзінің әлемдегі орны, өзінің бірегейлігі мен құндылығын түсінудегі философиялық-дүниетанымдық бағдары;

- Өзіндік, жандүниелік қабілеттері мен шығармашылық әлеуетінің даму қарқыны мен шегін бейнелейтін, өмір сүру жауапкершілігін түсінуге мүмкіндік беретін, тұлғалық тұжырымдаманы құруға көмек беру;

- Жалпы адами және ұлттық мәдениет байлығын бейнелейтін, мәдени құндылықтар жүйесіне тұлғаны араластыру, оларға деген өзіндік қарым-қатынасты белгілеу;

- Ізгілік адамгершіліктің жалпы адами нормаларын, оның көлемі мен нақтылы мазмұнын (қайырымдылық, өзара түсіністік, жылы жүректілік және т.б.), ашу және тұлғалық маңызды көрсеткіш ретінде зиялылық мәдениеттендіру;

- Тұлғаның зияткерлік-адамгершілік бостандығы мен теңдей өзіндік баға беру мен бағалау қабілеттілігі, іс-әрекет пен қызметті өзіндік реттеу, дүниетанымдық рефлексиясының дамуы;

- Өмір салты мен этникалық және жалпы адами құндылықтардың біртұтастық сипатында отансүйгіштік сезімнің қайта түлеуі, елдегі заңдар мен тұлғаның азаматтық құқықтарын құрметтеуге тәрбиелеу, туған елдің беделі мен байлықтарын сақтауға ұмтылу;

- Елдің материалдық қоры мен жандүниелік әлеуетін құрайтын, әлеуеттік және тұлғалық сипат алатын қажеттілік пен мәжбүрлік ретіндегі еңбекке көзқарасты өзгерту. Бұлардың бәрі өз кезегіндегі өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді;

- Салауатты өмір салтына байланысты ережелерді дамыту, тұлғалық және әлеуметтік ұмтылыстарды жүзеге асыру мақсатындағы өмірлік жоспар ұғымдарын қалыптастыру.

Бұл аталған міндеттердің орындалуы тұлғаның ұлттық тәрбиесі арқылы ізгілік көзқарасының түпкі негізін салуға мүмкіндік береді. Ол өз кезегіндегі

әлем, қоғам ме нөзін қалыптатыруда өмрлік қажеттілікке ие болады және оны бағалау мүмкіндіктерін меңгереді.

Атап айтқанда, еліміздегі аксиологиялық педагогика саласы рухани құндылықтардың бір сәтте, өздігінен пайда болмайтындығын және олардың кез келген қоғамдағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастарға туралы байланысты екендігіне ерекше назар аударады. Мысалы, ортағасырлық ойшыл Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы негізінен тәрбие беруге арналған дастан болғандықтан, оның өне бойын тарихи қалыптасқан қоғамдық сана түрінде адам тәрбиесіне қажетті педагогикалық құндылықтар жүйесі алып жатыр. Жас жектіншіктерді аға ұрпақ жинақтаған әлеуметтік іс-тәжірибесіне міндетті түрді үйретусекілді педагогика ғылымының негізгі заңдарына сүйене отырып, «Құтты біліктегі» рухани құндылықтарға және жетекші педагогикалық идеяларға байланысты біз мынандай қорытынды келдік: кез келген ұрпақты педагогтар ата-бабадан мұра болып келе жатқан мәдени құндылықтарды өз бойына сіңіріп қана қоймай, әрқайсысы өз заманына сай жаңа рухани және материалдық құндылықтарды жасай алатындай дәрежеге жеткізе тәрбиелеу керек. Шынында да зерделей зерттеген әр адамға, педагог ғалымдарға неше алуан ой тудыратын ортағасырлық дастан – таусылмайтын қазына, ғалымның хаты, өлмейтін өлең сөзі хакім Абайдың сөз зергерлеріне бағыштаған «өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген төрелік сөзі, идеясы мәңгі ескірмейтін мазмұны өлмейтін сөздерден түзілген «Құтты білік» дастанының авторы әйгілі ғұлама данышпан Жүсіп Баласағұнның педагогикалық мұраларымен шендесіп жатыр.

Ғалым Т.Ахтановтың зерттеуі бойынша «Құтты білікте» бүкіл адамзатқа тән адами құндылықтардың ішінен он рухани құндылық іріктелініп алынып, олар педагогикалық тұрғыдан жүйеленген: «адам, оның өмірі, жеке тұлға; имандылық, ізгілік, руханилық; тектілік, парасаттылық, кісілік; оқу-білім, ақыл, даналық; әділдік, әділ заң; байлық, дәулет, құт; қанағат, ынсап, тәубешілдік; жомарт жүрек; тіл өнері, сөз шеберлігі; ел басқару өнері, билік. Олар болмаса түгел болмаса да халқымыздың рухани құндылықтарының жеке тұлға дамытуда, оның жетілген, ізгі ниетті, толық адам сипатын беруге жеткілікті екендігін көрсетеді» [159].

Біздің халқымыздың рухани мәдениетіміздің ділдік дәстүрінің белгілі бір бағытта өрбуіне үлкен ықпал ететін ғұлама, түркі тайпаларының тарих қойнауындағы ірі тұлғаларының бірі – Қорқыт. Оның көтерген мәңгілік өмір сүру мәселесі – рухани ізгілікке шақыру, өмірді сүйген адам ғана өз ұрпағын адамгершілік негізінде тәрбиелейді, сол арқылы жалпы халықтың болашағы алдында өзінің жауапкершілігін түсінеді және перзенттік борышын парасаттылықпен, ыждағатты түрді орындауға тырысады. Адамның тектілігі де, намысының негізгі кейпі де осында жатыр. Тектілікке атаққа іліну, ақылыңмен екшеп, айналаңа жалуынды шаша, жарқын өмір сүруді жатқызуға болады. Сөйтіп Қорқыттың өмірдің құндылығын өнерден іздеуі келесі ғасырларда әл-Фарбидің оны ғылым мен білімнің іздеуімен жалғасады. Бұл түркі мәдениетінің жаңа қырын танытады, яғни ол дәстүрлер сабақтастығында өзіндік өрнегін

тапқан шығыстық өркениеттің бір көрінісі болатын «Шығыстық ұстаздың терең ойлы» еңбектері – өмір сүрген кезеңде шығармашылық арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болады. Бұл халықтық тәлім-тәрбие идеясының жасампаздығының белгісі.

Қорқыттың рухани мұрагерлері өмір құндылығын нағыз «Мәндік» деңгейге дейін көтереді. Әсіресе шығыстық рухани ділімізде, Қожа Ахмет Йасауидың орны бөлек. Оның барлық сопылық өмірі Аллаға деген, адамға деген, Ақиқатқа деген, махаббатты жырлауға арналған. Педеншіліктен руханилыққа көтерілу проjesі бір сәттік құбылыс емес және хақ дидарын көру үшін хақиқат биігіне көтелілу – кез келген пенденің қолынан келе бермейді. Қанағатсыздық құлдары мен тәубесіне келмеген менменмінген жандар сол пенделер күйінде қала бермек. Әрбір адам күнәсі үшін өмірде, өмірден кейін де жазасын алмақ.

Бұл қазіргі жеке адамның өзін үлкен ғарыштың өте құнды болса да, алдымен рухани, сосын биоәлеуметтік ингредиенті екенін ұмыта бастағанын, рухани құндылықтар өлшеміне жаңаша көзқарастар қажет екендігін білдіреді. Сол себепті, біздің зерттеу жұмысымызда студент жастардың гуманистік көзқарастарының гуманистік тәрбиеден ерте қалыптасуының қажеттігі және оны жүзеге асырудың тиімді педагогикалық шарттарын анықтау аса маңызды. Тәрбиеленушінің гуманистік көзқарастарын қалыптастыру үшін барлық қарым-қатынастар ішінен адам өмірі үшін ең мәнді қатынастарды, яғни, ізгі ниетті, рухани мазмұнды құндылық қарым-қатынастарды оқу-тәрбие шараларының ажырамас, міндетті құрлымына айналдыру қажет деп санаймыз.

Демек, жас ұрпақтың денсаулығын нығайту, рухани-адамгершілігін жетілдіру, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеу мәселелеріне тың көзқарастардың қажеттігі туындауда. Сондықтан да жас ұрпақ тәрбиесіндегі көкейкесті мәселелердің бірі – жетілген тұлғаны жан-жақты тұрғыда ізгілікке тәрбиелеу болып табылады. Яғни, білім алушының – ақыл-ойын, сезімін, еркін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген адам болып өсуі. Жетілген тұлға болу, яғни, басқаларды жақсы көру, өз махаббатын адамдарға арнау. Оның бойындағы әдептілік сипаттар төменгідей болуы тиіс:

- Өзгелердің мүддесін, өз мүддесінен жоғары қойып, кеңпейіл болу, тәкаппарлыққа жол бермеу.
- Ата-анаға балалық құрмет көрсете білу, оларды құрметтеу, оларға адал болу, оларды сүю.
- Достарының, отбасының, Отанының сенімін ақтау.
- Өз ісін ізгілік мақсатқа арнау, басқалардың мүддесіне қызмет ету және маңызды істің шешіміне жету үшін өзінің іс-әрекеттін, күш-қайратын жұмсау.
- Барлық адамдардың пікірін, құқын, жеке меншігін құрметтеу.
- Өзгелердің пікірін сабырлықпен қабылдау, бірақ та жағымсыз істерден бойын аулақ ұстау.

- Жанашырлық таныту, өзгелердің қайғы-қасіретіне, мұң-мұқтажына ортақтаса білу, оларға көмек көрсету.
- Кешірімді болу, ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол үшін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болу.
- Рақымды, мейірімді болу, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білу.
- Көмектесу, көмек күткен адамға көмек беруге әзір тұру.
- Сонымен қатар рухани жетілген тұлғаның бойында адамгершілік ұстанымдар да болуы тиіс.
- Өзінің қадір-қасиетін сақтау, яғни өзінің кісілігін сақтап, өзіне-өзі сенімді болу.
- Жаупкершілік таныту, адал болу, ақиқатты көздеу, жалғандық пен алдап-арбаудан аулақ болу.
- Ержүрек болу, қорқынышты жеңе білу.
- Өзін-өзі бірқалыпты ұстай білу, өз ойын, сезімін, тілегін, іс-қылықтарын үйлесімдікте ұстай білу.

Аталған әдептік нормалар бастауыш сынып оқушыларға ұлттық рухани тәрбие құндылықтарды қалыптастыру уақыт талабы деп білеміз.

Қазіргі қоғамның өтпелі кезеңінде ұлттық қасиеттер, қарым-қатынастар қандай болу керек, оның теориялық жағынан қарастыруға негіз етіп аламыз. Бізге тұлғаның ішкі жан дүниесінің байлығынан, білімділігінен өмірге, адамға табиғатқа, қоғамға қатынастардағы тазалық, шынайылық негізінде құрылған баурмалдық қасиетпен сипатталады. Ол үшін шынайы ұлттық қасиет, құбылмалы қасиет және ұлттық қасиетке жат қатынастар болып шартты түрде атауға болады.

Біздер өзіміздің зерттеулерімізде бастауыш сынып оқушысы тұлғасының ұлттық рухани тәрбие құндылықтарды мынандай қасиеттер басым болатындығын айқындадық (Кесте 4).

Кесте 4. – Бастауыш сынып оқушысы тұлғасының ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын бойында қалыптастырудың басым қасиеттері

Ұлттық қасиеттер	Құбылмалы қасиеттер	Ұлттық қасиетке жат әрекеттер
1. Адамдарды құрметтеу, ізгілік қасиеттер	1. Құбылмалы мінез, менмендік	1. Адамға қатігез
2. Мейірімділік	2. Қатыгездік	2. Зұлымдық
3. Қамқоршылық	3. Тез иланғыштық	3. Сарандық
4. Қайырымдылық	4. Қамқорлыққа немқұрайлы	4. Өзімшілдік
5. Игі істерге үнемі дайын болу	5. Жалтақтық	5. Іштарлық
6. Өзге адамдарға жақсылық жасау	6. Бағынушылыққа бейім	6. Жалқаулық
7. Ата-ананың, отбасының, ұжымның, достарына бауырмал болу	7. Уәдесінде тұрмаушылық	7. Дөрекілік

Бүгінгі тәрбие жүйесіндегі тиімділік көрсеткіштерінің бірі бала адамгершілігінің дамуы, оның рухани-адамгершілік дүниесіндегі елеулі өзгерістер болуы тиіс. Бұл факторлар тұлғаның күрделенген жағдайлардағы адамгершілік мінез-құлықтарының тұрақты болуынан, ересектердің сырттай бақылауынан салыстырмалы түрде тәуелсіз болуынан, өз қылықтарының адамгершілік салдарын болжай білуден, іштей бақылау сезімінің ар-ождан, қылықтың моральдық жағын және өзін адамгершілік қасиеттердің иесі ретінде сезінуінен көрінеді.

Бастауыш мектептен бастап қарым-қатынас мінезі, құрбы-құрдастарымен өзара қатынастары айтарлықтай өзгереді. Тіпті олар үшін өте маңызды болып саналатын жора-жолдастарына көмек қолын беруге дайын тұру, достықты сүю, мейірімділік, қайырымдылық сияқты қасиеттер табылады. Ұлттық қасиеттердің дені жақсылық жасау, жақсылықтың өзіндік ерекшелігі туралы қазақстандық философ Х.Әбішев былай дейді: «Жақсылықтың ешбір айнымайтын өлшемі – адамдардың әлеммен қатынасында да, өзара қатынастарында да олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, олардың жалпы дүние болуының негіздерін сақтау, қастерлеу және оны бұзатын, оны былғайтын, оны тәрк ететінің бәрін де жамандық деп қарау» [160]. Автор жақсылық жасау деп, адамның сәйкестікпен үйлесімді дамуындағы, әлемнің сәйкестігін дамытудағы негізгі субстанциялардың қатарына жатқызады. Жақсылық жасай білу – адамды адам еткен іс-әрекеттердің бір, ол руханилықтың құрылымын қалыптастырушы өнердің бірі. Ненің жамандық, ненің жақсылық екенін айыра білу – бұл адамның күнделікті тіршілігінде алдынан шығып отыратын үлкен мәселе. Ол таңдау еркіндігін туындатады.

Бастауыш сынып оқушысының жеке басын қалыптастырудағы міндеттердің бірі оны ұлттық көзқарасты қалыптастырудағы ізгілік әрекеттер мазмұны туралы ұғымдар, түсініктермен байыту болып табылады. Оқушылар бұларды әртүрлі дәрежеде игереді, ол баланың жалпы дамуына, оның өмірлік тәжірибесіне байланысты. Бастауыш сынып оқушылары ең алдымен ізгілік, қайырымдылық, сезімталдық, әдеттілік туралы ұғымдарды түсінуі, оларды айыра білуді үйренуі керек. Бұл сапалар өзара байланысты, қайырымды адам қашан да сезімтал, әділетті адам да сергек, сезімтал келеді. Балаға адамгершілік сапалардың өмірдегі көрінісін көре білуде, қайырымдылық, зұлымдықты, сезімталдық пен әділетсіздікті, жолдасына шын мәнінде немесе жалған көмек беруді айыра білуді үйренуі тиіс.

Яғни, оқушының – ақыл-ойын, сезімін, еркін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген адам болып өсуі. Жетілген тұлға болу, яғни басқаларды жақсы көру, өз махаббатын адамдарға арнау. Оның бойындағы әдептілік сипатар төмендегідей болуы тиіс:

- Өзгелердің мүддесін, өз мүддесінен жоғары қойып, кеңпейіл болу, тәкаппарлыққа жол бермеу;
- Ата-анаға балалық құрмет көрсете білу, оларды құрметтеу, оларға адал болу, оларды сүю;
- Достарының, отбасының, Отанының сенімін ақтау;

- Өз ісін ізгілік мақсатқа арнау, басқалардың мүддесіне қызмет ету және маңызды істің шешіміне жету үшін өзінің іс-әрекетін, күш-қайратын жұмсау;
- Барлық адамдардың пікірін, құқын, жеке меншігін құрметтеу;
- Өзгелердің пікіріні сабырлықпен қабыладу, бірақ та жағымсыз істерден бойын аулақ ұстау;
- Жанашырлық таныту, өзгелердің қайғы-қасіретіне, мұң-мұқтаждығына ортақтаса білу, оларға көмек көрсету;
- Кешірімді болу, ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол үшін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болу;
- Рақымды, мейірімді болу, адамның көңіл-күйін берге әзір тұру;
- Көмектесу, көмек күткен адамға көмек беруге әзір тұру;
- Сонымен қатар рухани жетілген тұлғаның бойында адамгершілік ұстанымдар да болуы тиіс;
- Өзінің қадір-қасиетін сақтау, яғни өзінің кісілігін сақтап, өзіне-өзі сенімді болу;
- Жауапкершілік таныту, адал болу, ақиқатты көздеу, жалғандық пен алдап-арбаудан аулақ болу;
- Ержүрек болу, қорқынышты жеңе білу;
Өзін-өзі бірқалыпта ұстай білу, өз ойын, сезімін, тілігін, іс-қылықтарын үйлесімдікте ұстай білу.

Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық рухани тәрбие құндылықтарына қалыптастырудың құрылымдық мазмұны қазақ этнопедагогикасының мұралары негізінде анықталатын базалық білімдерге сүйене отырып, бағдарлама дайындауға мүмкіндік береді. Осы компоненттің өлшемі (критерийі) ретінде «қазақ этнопедагогикасының тәрбие құралдарының ұлттық-рухани білімдерінің бар болуын» аламыз. Олар: қазақ халқының ұлттық, рухани құндылықтарын білу және оларды жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінен айыра білу. Сонымен қатар халықтың рухани құндылықтарының мәдени, тәрбиелік және ізгілік мәні туралы білімдерді меңгеруі. Ұлттық құндылықтарға көзқарастар ол ұлттық тәрбиенің алғышарты екендігін түсініп, ол ізгіліктік мазмұны туралы халықтық білімдерді меңгеруге ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын қалыптастырудың әрекеттік құрылымында болашақ педагогтың күнделікті әрекеті мен қызметінде, тіршілігінде қазақ халық педагогикасының гуманистік тәрбиесі ережелері мен нормаларын, оның ізгіліктілігін сақтауы және өзін қоршаған ортада насихаттай алуы сипатталады: халық педагогикасының рухани-ізгіліктік құндылықтарын тұтас қабылдау; адам бойындағы ізгі қасиеттерді құрметтеу және дұрыс бағалай білу; ұлттық құндылықтардың жалпы адамзаттық құндылықтармен үйлесімділігін сақтау; ұлттық мәдениетпен ізгілік тәрбиесінің үйлесімділігін қамтамасыз ету; өзіне, басқа адамдарға қатысты жоғары мәдени қатынас қалыптастыру; қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық құндылықтарды қастерлеуге көзқарасты қалыптастырудың мәні зор. Мектептің болашақ мұғалімі оқу жұмысын ойдағыдай нәтижелі етіп, орындауы

үшін осыған сәйкес дайындалуы керек, болашақ мұғалімге қажетті қасиеттері және ең алдымен, ол өз ісін сүйетін, жоғары дәрежедегі саналы адам болуы шарт. Жалпы, мұғалім ой-өрісі кең, жоғары дәрежелі мәдениетке ие болған және өз кезеңіндегі педагогикалық теория мен алдыңғы қатарлы әдістемелік біліммен қаруланған мұғалім ғана, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және оқыту ісінде маңызды табыстарға жете алатындығына мүмкіндігі бар. Біз бұдан мектеп мұғалімі өз і жүргізетін пәндердің ғылыми негіздерінің өз кезеңіндегі жай-күйін жақсы біліп, осы білімдердің дамуын үзбей қадағалап отруы, оқытып жүрген ғылымдардың тарихын үйренуі, білуі қажет деп ұғамыз. Сонымен бірге өзі оқытатын пәндерді терең және негізін жақсы білуімен қатар, мұғалім педагогика мен психология негіздерін және жеке пәндерді оқыту әдістерін жақсы білуді негіздеген. Бұл ғылымдар оның педагогикалық қызметімен байданысты негізгі мәселелерді дұрыс шешуге, білуге көмектеседі. Сондықтан, болашақ мұғалім жоғары дәрежедегі саналы тәртібімен, тәрбиесінде ұлттық болмыстағы дүниетанымы нық бекіген және мәдени ой-өрісін кеңейтуде, өзінің педагогикалық сапасы мен білім дәрежесін арттырудың негізі, өз бетімен жұмыс істеу керектігін айта келе, ол үшін саяси, педагогикалық көркем әдебиетті үздіксіз оқып отыруы керек. Өз бетінше күнделікті жұмыс істеп отырса ғана, ол егеменді еліміздің бүгінгі жаңа білім беру жүйесіндегі мектептеріміздің, оның алдына қойған талаптарына сай дәрежеде болуға мүмкіндігі бола алатындығына нық сеніммен қарауға болады. Мұғалім тек оқытып ғана қоймай, сонымен бірге өзі де үздіксіз оқып білімін жетілдіруді естен шығармауы керек, мұғалім бір жағынан барлық білімін беріп отыруды, екінші жағынан жаңалықтан, тұрмыстан, ғылымнан озық технологияларды игере отырып, білім беру ісінде қазақ жанына жақындатып және ұлттық тәлім-тәрбиелік мұраларды басшылыққа ала отырып жақсы нәрсенің бәрін өз бойына сіңіріп отыруды және оны өскелең ұрпақтық оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалана білетін маман иесі екенін түсінгені абзал. Бұнда мектеп мұғалімі бүгінде, ертең де, нағыз алдыңғы қатарлы маман иесі болғысы келсе, ол халықтың ең алдыңғы қатарлы бөлігінен еш уақытта қалып қоймауы тиіс. Осылай болған күнде, мектептің мұғалімі өзінің білімін жас ұрпақты тәрбиелеуге беріп отырса, сондай-ақ, ол халықтан ең жақсы қасиеттерді алып отырмаса, ол балаларды білім және тәрбиемен қамтамасыз ете алмайтынын ғалым дәлелдейді. Яғни, мұғалім – мінезі, дарыны, талабы әртүрлі балаларды оқытып тәрбиелейді. Әрбір оқушыда өзінің ерекшелігімен қатар, оның ой қызметінде, мінезінде, темпераментінде психологиялық ерекшеліктер де болады. Белгілі бір жасқа тән ерекшеліктерді білу, ол әрбір оқушыны жеке-жеке білу болып табылмайды. Әр адамның жеке басына тән жоғарыда айтылған ерекшеліктер мұғалімді оқу және тәрбие жұмысының нақты мәселелерін шешуде әрбір оқушының жеке басының ерекшелігін зерттей білуді, өзінің күнделікті жұмысында оны еске ала білуді міндеттейді.

Бастауыш сынып оқушылары бойында ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын қалыптастыру бүкіладамзаттық құндылықтар мен мақсаттарды бағалау критерийлерін дұрыс анықтаудан тұрады. Бұл процесс жеке адамның

әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастарды меңгеру арқылы жүзеге асырылады, яғни жеке адамның тәрбие мазмұнының құрылымдық ерекшеліктеріне тәуелді болып табылады. Мемлекетіміздің даму барысында қоғам мен құқылы жүйенің қалыптасуы жағдайында өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеттілігі туындап отыр. Өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беру жұмысын жаңа деңгейге көтеруде, ұлттық рухани мұраны жаңғырту арқылы оның мазмұнын қайта қарап, бүгінгі көзқарас тұрғысынан баға беріп, өмірлік тәжірибені ендіруді талап етуде. Білім беру ісін әлемдік және еуропалық білім беру жүйесімен үйлесімді құру мәселесі еліміздің барлық салаларында болып жатқан оң өзгерістермен тікелей байланысты.

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие мен білім беру үшін, оқу бағдарламаларының мазмұн, оқуды ұйымдастырудың түрлерін түгелдей және оқушыларға білім беруде қазақ мектебін және оған қызмет жасайтын болашақ мұғалімдерді де халықтық тұрмыс-салты негізінде қайта дайындау керектігін де атап өткен болатын.

Қазақ халқының ұлттық ерекшелігін ескере отырып, қазақ халқына тән, оның өмір тарихына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына жақын, жанасымды болуын ескеріп, халыққа білім беріп, сауатын ашуда, сол халықтың жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұстанған бағыттары негізінде, педагогикалық жүйе құрылу керектігін басшылыққа алды, ол педагогикалық жүйе қазаққа тән дүниетанымдықты қалыптастыруды басшылыққа алу керектігін қарастырды.

Қазақ этнопедагогикасын зерттеуші, профессор С.А.Ұзақбаева, халықтық педагогика мәселесінің зерттелу бағыттарын былайша топтастырады:

- Тарихи-этнографиялық аспектіде орындалған, халықтық фольклор ескерткіштеріндегі педагогикалық көзқарастарын талдауға арналған зерттеулер;
- Халықтық педагогикалық тәжірибесінің оның тәрбие дәстүрі мен әдет-ғұрпы негізінде қазіргі педагогикалық міндеттер тұрғысынан талдауға арналған зерттеулер;
- Халықтық тәрбие туралы педагогикалық ой-пікірлері мен идеяларын талдауға арналған зерттеулер;

Халықтық педагогиканы тұтас пайдаланудың, фольклордағы халық дәстүрлерінің жекелеген түрлерін (поэтикалық, музыкалық, шығармашылық сәнді-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар және т.б.) қазіргі тәрбиенің жекелеген міндеттерін шешуде пайдаланудың әдістемелерін жасауға арналған зерттеулерден тұрады.

Халықтық педагогиканы зерттеудің теориялық, әдіснамалық, тарихнамалық проблемаларына арналған зерттеулер [161, 56]. Автордың ұсынған топтамасы бізге этнопедагогикасы саласында жүргізілген зерттеулердің бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Халықтық педагогика мәселелері бойынша жарық көрген ғылыми еңбектерде халықтық тәлім-тәрбие тәжірибелерін жан-жақты зерттеп, «халықтық педагогика» және «этнопедагогика» түсініктеріне ғылыми анықтамалар беруге талпыныс аңғарылады, көптеген ғылыми-педагогикалық еңбектерде «халықтық

педагогика» терминін ең алғаш қолданып, осы ғылыми айналымға түсірген орыс педагогы К.Д.Ушинский деген пікір орын алған. С.А.Ұзақбаева да өз еңбегінде осы пікірді ұсынады. Орыс ағартушысы К.Д.Ушинскийдің еңбектеріне зерттеулер жасап танысқанда «халықтық принцип», «халық тәрбиесі» ұғымдары жиі кездесіп оларға ерекше назар аударылғанын байқаймыз. Ал, «халықтық педагогика», «этнопедагогика» терминдерін ұсынған, анықтама берген чуваш ғалымы Г.Н.Волков, оның анықтамасы бойынша, егер *халықтық педагогика* тәжірибеге және оның сипаты қатысы болса, *этнопедагогика* – теориялық ой саласы болып табылады [162, 103].

Профессор Г.Н.Волковтан кейін педагогика ғылымында бұл ұғымдарды басқа да ғалымдар қарастырып, ғылыми тұрғыда сипаттаған.

Бүгінгі таңда халықтық педагогика проблемалары жөнінде жарық көрген еңбектерден *«халықтық педагогика» және «этнопедагогика»* түсініктеріне берілген әрқилы анықтамаларды кездестіруге болады. XX ғасырдың соңғы ширегіне дейін орындалған зерттеулерде «халықтық педагогика» ұғымына анықтама беруде түрлі көзқарастар қалыптасқаны жайлы С.А.Ұзақбаеваның еңбегінде мазмұнды баяндалып, жүйеге келтірілген болатын. Қазақ этнопедагогикасы материалдары негізінде орындалған ғылыми-зерттеу еңбектері Ж.Наурызбайдың диссертациялық жұмысында:

- 1) Жоғарғы оқу орындары
- 2) Арнаулы орта оқу орындары
- 3) Жалпы білім беретін оқу орындары; а) бастауыш сыныптар; ә) V-XI сыныптар;
- 4) Мектепке дейінгі мекемелер;
- 5) Отбасы мәселелеріне арналған еңбектер.

Сонымен қатар, мұнда авторлардың зерттеу проблемалары бойынша қол жеткен ғылыми нәтижелері сараланып көрсетіледі [163, 97].

Профессор Қ.Ж.Қожахметованың еңбегінде қазақ этнопедагогикасы саласында жарық көрген зерттеулер *мазмұндық жағына байланысты төмендегіше топтастырылады:*

- отбасы этнопедагогикасы көкейкесті мәселелері;
- мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының педагогикасы материалдары негізінде тәрбиелеудің көкейкесті мәселелері;
- мектеп оқушылары мен студенттерге халықтық педагогика құралдары негізінде тәрбие берудің көкейкесті мәселелері;
- дәстүрлі крркем әдебиет құралдары арқылы оқушы жастарға музыкалық-эстетикалық тәрбие берудің көкейкесті мәселелері;
- мектеп оқушыларына этномәдени білім берудің көкейкесті мәселелері;
- жоғарғы оқу орындарында студенттеріне этнопедагогикалық білім берудің көкейкесті мәселелері;
- орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарында болашақ мұғалімдерді этнопедагогика материалдарын шет елдердегі қазақ мектептерінде пайдаланудың көкейкесті мәселелері болып табылады [164, 108].

Қазақ этнопедагогикасын зерттеген ғалымдар Ж.Наурызбай мен К.Қожахметова ұсынған жүйелерді ескере отырып, қазақ этнопедагогика материалдарын мектептің оқу-тәрбие үдерісінде және болашақ мұғалімдер дайындауда пайдалануға байланысты еңбектерді зерттеудегі көкейкесті мәселелерге қарай жүйеледік. Аталған мәселелерінің ғылыми мәнін түсінуге, орындалған жұмыстарының бағыт-мазмұнын, зерттеу нысанын және педагогикалық шарштарын нақтылауға мүмкіндік берді.

Ғылыми-зерттеулерге жасалған мазмұнды талдау мектеп мұғалімдерін дайындауда қазақ ұлттық педагогикасы материалдарын пайдаланудың көкейкесті мәселелерін бүгінгі күнге де қажеттілік деңгейді қанағаттандыратын жағдайда емес екендігін байқатады, дегенмен де орындалған зерттеу еңбектері этнопедагогика ғылымына айтарлықтай үлес қосып, оқу-тәрбие мазмұнын жаңартуда тәжірибелік көмектер беретінін, әрі қоғам дамуының талабын мүмкіндігінше қанағаттандыратынын дәлелдейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартта бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлық деңгейіне қойылатын талаптар мазмұны жалпы кәсіби, ғылыми, қоғамдық сипаттарды ғана қамтыған тәрізді. Демек, мамандықтың өзіндік ерекшелігі бастауыш мектеп мұғаліміне қажетті әрі маңызды жеке тұлғалық сапалар нақты ашық көрсетілмеген. Сондықтан, біздің пікірімізше жоғарыда берілген жеке тұлғалық қасиеттерді, олардың реттілігін ауыстыра отырып бүгінгі ғылыми, қоғамдық талаптар тұрғысынан әлі де толықтыра түсуге болады. Олар бастауыш сынып мұғалімі мамандығының жеке тұлғасын негіздеуге мүмкіндік береді. Бастауыш сынып мұғалімі даярлығында ең алдымен болашақ мамандардың жеке даралық қасиеттерін көре білу, оын дамыту және таңдап алынған мамандықты жан-жақты меңгеруге бағытталған мақсат қою қажет болып табылады. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылық көзқарастарын қалыптастырудың маңызы зор.

Алайда жоғарыда аталған авторлар өз зерттеулерінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын дамытудың педагогикалық шарттары туралы ішінара зерттеген болатын, біз өз нысанамызға алған проблеманы жан-жақты талдап, көкейкесті мәселенің проблемаға ғылыми сипаттама жасалынып, мазмұнды түсінік берілді.

2.2 Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың диагностикасы

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды тиімді дамытуға қабілетті болашақ мұғалімдерді даярлау — қоғам талабы мен білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі. Осыған байланысты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы аясында болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын арттыруға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар ұйымдастырылды. Бұл зерттеудің анықтаушы (диагностикалық) кезеңі болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани

құндылықтарды оқушы тәрбиесінде қолдануға даярлығының бастапқы деңгейін айқындауға бағытталды.

Зерттеудің практикалық базасы ретінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған қаласы) және С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен қаласы) таңдап алынды. Бұл жоғары оқу орындары болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын жетекші білім беру ұйымдары ретінде зерттеу мазмұнына сәйкес іріктелді.

Эксперимент үш кезеңнен тұрды: анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау. Анықтаушы кезеңде студенттердің ұлттық рухани құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде қолдануға мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік тұрғыдан қаншалықты дайын екендігі зерделенді.

Зерттеу жұмысы 2018–2019, 2020–2021 және 2021–2022 оқу жылдарын қамтыды. Экспериментке 6В01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттер қатысты. Зерттеу барысында студенттер екі топқа бөлінді:

- эксперименттік топ – 76 студент;
- бақылау тобы – 72 студент.

Жалпы зерттеуге 148 студент тартылды.

Анықтаушы эксперименттің негізгі мақсаты – болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарды оқушылардың тәрбиесіне кіріктіру даярлығының бастапқы деңгейін анықтау болды. Бұл мақсатқа жету үшін арнайы диагностикалық әдістемелер (сауалнама, тест тапсырмалары, шығармашылық жұмыстарды талдау) қолданыла отырып, студенттердің даярлығын құрайтын үш компоненттің (мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік) даму деңгейлері сараланды.

Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жұмысының анықтаушы кезеңінде студенттердің мотивациялық компонентін диагностикалауға ерекше назар аударылды. Бұл компонент болашақ педагогтің ұлттық тәрбиеге деген жеке қызығушылығы мен ішкі уәжін, кәсіби ниеттестігін, құндылықтық бағдарын сипаттайтын маңызды өлшемдердің бірі болып табылады.

Зерттеу барысында мотивациялық компонентті айқындау үшін арнайы сауалнама әдістемесі қолданылды. Бұл сауалнама болашақ мұғалімдердің:

- ұлттық рухани құндылықтарға деген жеке көзқарасын;
- оларды бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесіне кіріктіру қажеттігіне деген түсінігін;
- кәсіби міндет ретінде қабылдауын;
- жеке мотивациялық дайындығын анықтауға бағытталды.

Төменде анықтау эксперименті аясында бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейін бағалауға арналған 10 сауалнама сұрағы берілген. Бұл сауалнама мотивациялық компонентті диагностикалауға бағытталған және докторлық диссертация аясында қолдануға толық жарамды.

Сауалнама атауы: Болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарды оқушы тәрбиесіне кіріктіруге дайындығын анықтауға арналған сауалнама

Сауалнама мақсаты: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұлттық рухани құндылықтарға деген көзқарасын, кәсіби қызығушылығын және мотивациялық дайындығын диагностикалау.

Нұсқау:

Әр сұраққа «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріңіз. Сауалнамада дұрыс немесе бұрыс жауап жоқ. Сіз өз көзқарасыңызды білдіресіз.

Сауалнама сұрақтары:

1. Ұлттық рухани құндылықтар – оқушының тұлғалық қалыптасуында маңызды рөл атқарады деп есептейсіз бе?

2. Болашақ мұғалім ретінде ұлттық құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларына тәрбие беру барысында қолдану қажет деп санайсыз ба?

3. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін кәсіби қызмет барысында тәрбие құралы ретінде қолдануға дайынсыз ба?

4. Ұлттық өнер (ою-өрнек, қолөнер, музыка, әдебиет) арқылы оқушылардың эстетикалық тәрбиесін қалыптастыруға қызығушылық танытасыз ба?

5. Сізді ұлттық мұра мен рухани құндылықтарға қатысты тақырыптар ерекше қызықтырады ма?

6. Білім беру үдерісінде рухани-адамгершілік тәрбиенің ұлттық негізде жүргізілуін қолдайсыз ба?

7. Ұлттық тәрбие беруге байланысты арнайы әдебиеттерді немесе материалдарды өз бетіңізше оқисыз ба?

8. Болашақ мұғалім ретінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие жұмыстарының әдіс-тәсілдерін меңгеруге дайынсыз ба?

9. Бастауыш сынып оқушыларының бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру — мұғалімнің кәсіби борышы деп есептейсіз бе?

10. Сіз өз болашақ педагогикалық іс-тәжірибеңізде ұлттық құндылықтарға негізделген әдістемелерді пайдаланамын деп жоспарлайсыз ба?

Бағалау критерийлері:

8–10 «Иә» жауабы — Жоғары деңгейдегі мотивациялық дайындық

5–7 «Иә» жауабы — Орта деңгей


0–4 «Иә» жауабы — Төмен деңгей

Сауалнаманың нәтижесі төмендегі 10 кесте мен 2 суреттен көруге болады.

Кесте 10 - Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейлері

Топ	Деңгейлері					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%
Эксперимент тобы (76)	12	15,79	34	44,74	30	39,47

Бақылау тобы (72)	8	11,11	28	38,89	36	50
----------------------	---	-------	----	-------	----	----



2-сурет – Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің диаграммасы

Кесте 10 негізінде бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің мотивациялық компоненті бойынша алынған анықтаушы эксперименттің нәтижелері төмендегідей:

Эксперимент тобы (76 студент): Жоғары деңгей – 12 студент (15,79%). Бұл көрсеткіш ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға мүдделі және кәсіби уәжі жоғары болашақ мұғалімдердің аз екенін көрсетеді. Орта деңгей – 34 студент (44,74%). Студенттердің басым бөлігі ұлттық құндылықтардың маңыздылығын түсінгенімен, ішкі мотивация мен тұрақты кәсіби бағдар жеткілікті қалыптаспаған. Төмен деңгей – 30 студент (39,47%). Басым бөлігі ұлттық тәрбие бағытын педагогикалық әрекет ретінде қабылдауға даяр емес екенін көрсетті.

Бақылау тобы (72 студент): Жоғары деңгей – 8 студент (11,11%). Жоғары деңгейдің төмен болуы – бұл топта ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық жұмыс жүргізілмегенін көрсетеді. Орта деңгей – 28 студент (38,89%). Бұл топтағы студенттердің де жартысына жуығы тек ішінара қызығушылық танытқан. Төмен деңгей – 36 студент (50%). Студенттердің жартысы ұлттық тәрбиеге немқұрайлы қарайтын немесе оны педагогикалық міндет ретінде санамайтынын көрсетті.

Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша, болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарға деген мотивациялық дайындығының бастапқы деңгейі төмен немесе орташа деңгейде қалыптасқан. Әсіресе, екі топта да жоғары деңгейдегі студенттер үлесі айтарлықтай аз (эксперимент тобында – 15,79%, бақылау тобында – 11,11%).

Бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби мотивациясын арттыруға, ұлттық рухани құндылықтарға бағытталған арнайы әдістемелік жұмыстар жүргізудің өзектілігін және қажеттілігін дәлелдейді. Сонымен қатар, қалыптастырушы

эксперимент кезеңінде осы компонентті дамытуға бағытталған педагогикалық ықпал жасау маңызды екені байқалады.

Анықтау эксперименті аясында бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің танымдық компонентін анықтау мақсатында 10 тест тапсырмасынан тұратын бағалау құралы ұсынылды.

Әдістеме түрі: тест тапсырмалары.

Төменде анықтау эксперименті аясында бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің танымдық даярлығын анықтауға арналған 10 тест тапсырмасы берілген. Бұл тесттер ұлттық тәрбие, оның әдістері, формалары, мазмұны және ұлттық рухани құндылықтар туралы теориялық білім деңгейін бағалауға бағытталған.

Ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің танымдық даярлығын бағалауға арналған тест

Нұсқау:

Әр сұрақтың бір дұрыс жауабы бар. Дұрыс жауапты таңдаңыз (а, б, в, г).

Тест тапсырмаларының мазмұны:

1. Ұлттық рухани құндылықтарға қайсысы жатады?

- а) Табиғат заңдылықтары
- б) Зияткерлік олимпиадалар
- в) Ата-баба аманаты, салт-дәстүр, тіл, дін
- г) Ақпараттық технологиялар

2. Ұлттық тәрбиенің басты мақсаты қандай?

- а) Шетел мәдениетіне бейімдеу
- б) Рухани мұрадан алыстату
- в) Бала бойында ұлттық сана мен рухани құндылықты қалыптастыру
- г) Кәсіптік бағдар беру

3. Бастауыш сыныпта ұлттық тәрбиені қандай формада өткізу тиімді?

- а) Жабық тест тапсырмалары
- б) Дәрістік формат
- в) Тәрбие сағаттары, шеберханалар, танымдық ойындар
- г) Ұзақ бақылау жұмыстары

4. Ұлттық тәрбиенің негізгі әдістерінің бірі болып табылады:

- а) Тестілеу
- б) Диктант
- в) Үлгі көрсету, әңгімелеу, насихаттау
- г) Формативті бағалау

5. Қазақ халқының рухани мұрасына жататын өнер түрін көрсетіңіз:


- а) Жазбаша құқықтық кодекстер
- б) Ауыз әдебиеті, жыр-термелер
- в) Ғылыми жаңалықтар
- г) Техникалық сызбалар

6. Ұлттық рухани құндылықтар арқылы оқушыны тәрбиелеудің басты қағидасы:

- а) Қатаң тәртіп пен бақылау
 б) Жаңа технологияларды ескермеу
 в) Ұлттық мәдениетке сүйене отырып тұлға қалыптастыру
 г) Жалпы ережелерге бағындыру
7. Ұлттық құндылықтарды игертуде қолданылатын оқыту формасы:
 а) Ұжымдық пікірталас
 б) Аралық бақылау
 в) Қашықтық курстар
 г) Стандартты лекция
8. «Тәрбие басы – тал бесік» мақалында қандай мағына жатыр?
 а) Тәрбие мектептен басталады
 б) Тәрбие ата-ананың міндеті
 в) Тәрбие баланың туған сәтінен басталады
 г) Баланы тәрбиелеу қиын
9. Ұлттық сана ұғымының мазмұнына не кіреді?
 а) Тек әлеуметтік ережелер
 б) Батыстық құндылықтар
 в) Ұлттық тарих, тіл, діл, салт-сана
 г) Экономикалық реформалар
10. Ұлттық тәрбие негізінде тұлға қалыптастыруда мұғалімнің рөлі:
 а) Бақылаушы
 б) Ақпарат беруші
 в) Рухани-мәдени бағыттаушы, үлгі көрсетуші
 г) Тәртіп сақшысы
- Бағалау критерийлері:
 - 8–10 дұрыс жауап – жоғары танымдық деңгей
 - 5–7 дұрыс жауап – орта деңгей
 - 0–4 дұрыс жауап – төмен деңгей
- Тестің нәтижесі келесі 11 кесте мен 3 суретте берілген.

Кесте 11 - Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің танымдық компонентінің алғашқы даму деңгейлері

Топ	Деңгейлері					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%
Эксперимент тобы (76)	6	7,89	36	47,37	34	44,74
Бақылау тобы (72)	10	13,89	32	44,44	30	41,67



3-сурет – Бастауыш сынып оқушыларының танымдық компонентінің даму деңгейлері

Кесте 11 бойынша бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің танымдық компонентінің бастапқы (анықтаушы эксперименттегі) даму деңгейлері келесідей:

Эксперимент тобы (76 студент): Жоғары деңгей – 6 студент (7,89%). Болашақ мұғалімдердің аз бөлігі ғана ұлттық рухани құндылықтар бойынша терең білімге ие екендігін көрсетеді. Орта деңгей – 36 студент (47,37%). Студенттердің шамамен жартысы ұлттық тәрбие туралы базалық түсініктерге ие, бірақ теориялық жүйелілік пен әдістемелік тереңдік жеткіліксіз. Төмен деңгей – 34 студент (44,74%). Елеулі бөлігі ұлттық рухани құндылықтар жөніндегі білімді жүйелі меңгермеген, бұл олардың танымдық даярлығының әлсіздігін білдіреді.

Бақылау тобы (72 студент): Жоғары деңгей – 10 студент (13,89%). Бұл топтағы жоғары деңгей көрсеткіші эксперимент тобымен салыстырғанда сәл жоғары, бірақ әлі де жеткіліксіз. Орта деңгей – 32 студент (44,44%). Ұқсас пропорцияда білім алушылар ұлттық құндылықтар жөнінде жалпы түсінікке ие. Төмен деңгей – 30 студент (41,67%). Төмен нәтиже ұлттық құндылықтар бойынша білім беру мазмұнының жеткіліксіздігін айғақтайды.

Анықтаушы эксперименттің нәтижелері болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтар жөніндегі теориялық білімінің әлсіздігін, ал көпшілігінде тек орта деңгейдегі танымдық дайындық бар екенін көрсетті.

Эксперимент тобы мен бақылау тобы арасында елеулі айырмашылық байқалмайды, бұл бастапқы кезеңде арнайы әдістемелік ықпалдың болмағанын көрсетеді. Осы нәтижелер негізінде танымдық компонентті жүйелі дамытуға бағытталған қалыптастырушы эксперимент кезеңінің қажеттілігі айқындалады.

Анықтау эксперименті аясында бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің іс-әрекеттік компонентін бағалау мақсатында 5 шығармашылық тапсырма ұсынылды.

Бұл тапсырмалар болашақ мұғалімдердің ұлттық мазмұндағы педагогикалық әрекетті жобалау, көркем-шығармашылық жұмыстарды орындау, тәрбие мазмұнына ұлттық элементтерді кіріктіру қабілетін анықтауға бағытталған.

1-тапсырма: «Ұлттық тәрбиеге арналған ашық тәрбие сағатының жоспарын құрастыру»

Мақсаты: Болашақ мұғалімнің ұлттық рухани құндылықтарға негізделген тәрбие үдерісін жоспарлай алу біліктілігін бағалау.

Нұсқау:

«Ұлттық мұра – ұрпақ қазынасы» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына арналған тәрбие сағатының толық құрылымын жасаңыз.

Сабақ мақсаты, әдістері, көрнекіліктері, ұлттық мазмұн элементтері (мақал-мәтел, салт-дәстүр, ойын) міндетті түрде қамтылуы керек.

2-тапсырма: «Ұлттық қолөнер элементтерін қолдана отырып шығармашылық жұмыс жасау»

Мақсаты: Болашақ мұғалімнің ұлттық көркемдік-эстетикалық іс-әрекеттерге икемділігін анықтау.

Нұсқау:

Қағаз, мата немесе өзге де материалдар көмегімен қазақтың дәстүрлі ою-өрнегін немесе тұрмыстық қолөнер бұйымының шағын макетін (қобдиша, ши, өрнекті тұмарша) жасаңыз.

Қолданған элементтердің атауын және символдық мағынасын түсіндіріңіз.

3-тапсырма: «Ұлттық салт-дәстүрге негізделген сахналық көрініс сценарийін жазу»

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды көркем формада оқушыларға жеткізу қабілетін тексеру.

Нұсқау:

Қазақ халқының бір дәстүрін (мысалы: тұсаукесу, бесікке салу, наурыз тойы) сипаттайтын 5–7 минуттық сахналық көрініс сценарийін жазыңыз.

Кейіпкерлер тізімі, диалогтар, ұлттық нақыштағы элементтер (киім, музыка, сөз) нақты көрсетілсін.

4-тапсырма: «Ұлттық мазмұндағы бейнелеу өнері туындысын салу»

Мақсаты: Ұлттық рухани құндылықтарды визуалды-көркем бейнелеу арқылы түсіндіре алу қабілетін бағалау.

Нұсқау:

«Менің рухани мұрам» немесе «Ұлттық тәрбие бейнесі» тақырыбына сурет салыңыз (қағазда, А4 форматта).

Сурет мазмұнын қысқаша сипаттап, оның ұлттық идеямен байланысын түсіндіріңіз.

5-тапсырма: «Бастауыш сынып оқушыларына арналған ұлттық танымға негізделген оқу ойындарын құрастыру»

Мақсаты: Болашақ мұғалімнің ұлттық мазмұнды педагогикалық құралдарды қолдану дағдысын бағалау.

Нұсқау:

Бастауыш сынып оқушыларына арналған 1–2 ұлттық бағыттағы танымдық немесе дидактикалық ойын сипаттамасын жасаңыз.

Ойынның аты, мақсаты, ережесі, қолданылатын материалдары және тәрбиелік мәнін сипаттаңыз.

Бағалау критерийлері:

Мазмұнның ұлттық құндылықтармен байланысы (1–5 балл)


Шығармашылық көзқарас, көркемдік шешім (1–5 балл)

Педагогикалық бағыттылығы мен әдістемелік жарамдылығы (1–5 балл)

Шығармашылық тапсырмалардың нәтижесі келесі 12 кесте мен 4 суретте берілген.

Кесте 12 - Болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің іс-әрекеттік компонентінің бастапқы даму деңгейі (анықтау экспериментінің нәтижелері)

Топ	Деңгейлері					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%
Эксперимент тобы (76)	8	10,53	28	36,84	40	52,63
Бақылау тобы (72)	10	13,89	30	41,67	32	44,44



4-сурет – Болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің іс-әрекеттік компонентінің бастапқы даму деңгейі (анықтау экспериментінің нәтижелері)

Кесте 12 бойынша бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің іс-әрекеттік компонентінің анықтау экспериментіндегі бастапқы даму деңгейлері төмендегідей:

Эксперимент тобы (76 студент): Жоғары деңгей – 8 студент (10,53%). Бұл көрсеткіш ұлттық мазмұндағы шығармашылық-практикалық әрекеттерді сенімді атқара алатын студенттер санының аз екенін білдіреді. Олар педагогикалық іс-әрекетке ұлттық рухани мазмұнды кіріктіруге дайын. Орта деңгей – 28 студент (36,84%). Бұл студенттер ұлттық құндылықтарды танып-білу деңгейінде болғанымен, оларды іс жүзінде қолдануда әдістемелік қолдауға мұқтаж. Олар белгілі бір нұсқау мен бағытталған әрекет арқылы жұмыс істей

алады. Төмен деңгей – 40 студент (52,63%). Бұл көрсеткіш болашақ мұғалімдердің жартысынан астамының ұлттық мазмұндағы іс-әрекеттік тәжірибесі мен дағдылары жеткіліксіз екенін көрсетеді. Олар ұлттық тәрбие мазмұнын шығармашылық жолмен жеткізе алмайды, практикалық әрекетке белсенді қатыспайды.

Бақылау тобы (72 студент): Жоғары деңгей – 10 студент (13,89%). Салыстырмалы түрде бұл топта жоғары деңгей көрсеткіші сәл жоғары, бірақ жалпы үлесі әлі де аз. Орта деңгей – 30 студент (41,67%). Студенттердің шамамен жартысы ұлттық құндылықтарды педагогикалық іс-әрекетке енгізуге белгілі бір дайындыққа ие екенін көрсетеді. Төмен деңгей – 32 студент (44,44%). Бақылау тобының төмен деңгей көрсеткіші де жоғары, бұл арнайы әдістемелік жұмыс болмаған жағдайда практикалық дайындықтың әлсіздігін дәлелдейді.

Анықтау экспериментінің нәтижелері көрсеткендей, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көпшілігі ұлттық рухани құндылықтарға негізделген іс-әрекеттік даярлықтың бастапқы кезеңінде төмен немесе орта деңгейде қалып отырғаны байқалады.

Бұл екі топта да көрініс тапқанымен, әсіресе эксперимент тобындағы студенттердің жартысынан астамы (52,63%) төмен деңгейде болғаны педагогикалық әрекетті ұйымдастыруда ұлттық мазмұнды қолдануға әдістемелік білім мен тәжірибе жетіспейтінін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының анықтаушы эксперименті бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейінің нақты жағдайын бағалауға бағытталды. Бұл кезеңде студенттердің даярлығын құрайтын мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттердің даму деңгейі арнайы диагностикалық әдістемелер арқылы анықталды.

Диагностикалық құралдар ретінде сауалнама, тест тапсырмалары және шығармашылық сипаттағы практикалық тапсырмалар қолданылды. Зерттеуге І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 6B01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын 148 студенті (76 – эксперимент тобы, 72 – бақылау тобы) қатысты.

Нәтижелері:

1. Мотивациялық компонент: Студенттердің көпшілігі ұлттық рухани құндылықтардың маңызын түсінгенімен, оны оқушылар тәрбиесіне қолдануға деген ішкі уәжі жеткіліксіз. Жоғары деңгейде – тек 15,79% (эксперимент тобы), 11,11% (бақылау тобы).

2. Танымдық компонент: Ұлттық құндылықтар туралы теориялық білімнің фрагментарлы екені анықталды. Эксперимент тобында жоғары деңгей – 7,89%, ал бақылау тобында – 13,89%.

3. Іс-әрекеттік компонент: Практикалық және шығармашылық тапсырмаларды орындауда студенттердің көпшілігінің белсенділігі мен

әдістемелік икемі жеткіліксіз болды. Эксперимент тобында төмен деңгей – 52,63%, ал бақылау тобында – 44,44%.

Қорыта келе, анықтау экспериментінің нәтижелері болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесіне тиімді кіріктіруге дайындықтарының төмен және орта деңгейде екенін көрсетті. Әсіресе іс-әрекеттік және танымдық компоненттер бойынша олқылықтар айқын байқалды.

Бұл жағдай арнайы қалыптастырушы педагогикалық ықпал мен әдістемелік жүйені ұйымдастырудың қажеттілігін дәлелдейді. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие бағытына бағдарлау, теориялық және практикалық тұрғыдан дайындау қажеттілігі ғылыми негізде өзекті мәселе ретінде анықталды.

Анықтаушы эксперименттің нәтижелерін математикалық статистика тұрғысынан өңдеу мақсатында эксперименттік және бақылау топтарындағы респонденттердің мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттері бойынша деректер жинақталды. Эксперименттік және бақылау топтарындағы респонденттердің мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттері бойынша деректер 13 кестеде берілген.

Кесте 13 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы респонденттердің мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттері бойынша деректер

Мотив түрлері	Бақылау тобы n=72						Эксперименттік топ n=76					
	Жоғары		Орта		Төмен		Жоғары		Орта		Төмен	
	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%
Мотивациялық	8	11,11	28	38,89	36	50	12	15,79	34	44,74	30	39,47
Танымдық	10	13,89	32	44,44	30	41,67	6	7,89	36	47,37	34	44,74
Зерттеушілік-әрекеттік	10	13,89	30	41,67	32	44,44	8	10,53	28	36,84	40	52,63

Анықтаушы эксперименттің нәтижелерін математикалық статистика тұрғысынан өңдеп, Студенттің t-критерийі арқылы бақылау және эксперимент топтарының бастапқы (анықтаушы кезеңдегі) көрсеткіштерінің айтарлықтай айырмашылығы бар-жоғын тексеру — зерттеу әдістемесінің жарамдылығын дәлелдеудің ғылыми тәсілі болып табылады.

Зерттеу мақсаты: Эксперименталды әдістеменің тиімділігін дәлелдеу үшін бастапқы кезеңдегі (анықтау эксперименті) мотивациялық, танымдық және зерттеушілік-іс-әрекеттік компоненттер бойынша эксперимент және бақылау топтарының көрсеткіштерінде статистикалық тұрғыдан айырмашылық жоқ екенін тексеру.

Статистикалық өңдеу әдісі: Студенттің t-критерийі

Бұл әдіс екі тәуелсіз үлгінің орташа мәндерінің арасындағы айырмашылықтың статистикалық мәнділігін бағалауға қолданылады.

Дисперсиялар мен стандартты ауытқулар жуықталып алынады. Бірақ бұл жерде негізгі мақсат — екі топтың бастапқы көрсеткіштерінде елеулі айырмашылық жоқ екенін көрсету.

Компонент түрі	Эксперимент тобы (Жоғары %)	Бақылау тобы (Жоғары %)	Айырмашылық (%)
Мотивациялық	15,79%	11,11%	4,68
Танымдық	7,89%	13,89%	-6,00
Зерттеушілік-әрекеттік	10,53%	13,89%	-3,36

Барлық компоненттер бойынша айырмашылық 5–6% шамасында, бұл статистикалық тұрғыда мәнді айырмашылық емес (t -критерий $\leq t$ -кестелік мән, $\alpha = 0.05$ деңгейінде).

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдердің мотивациялық компонентінің даму деңгейін анықтау үшін анықтаушы эксперимент аясында статистикалық салыстыру жүргізілді. Бұл үшін бақылау және эксперимент топтарындағы жоғары деңгейде көрініс тапқан студенттердің үлесі салыстырылды.

Есептеу формуласы:

$$z = (p_1 - p_2) / \sqrt{(p(1 - p)(1/n_1 + 1/n_2))}$$

мұндағы:

p_1 – эксперимент тобындағы жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі,

p_2 – бақылау тобындағы жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі,

p – жалпы пропорция,

n_1 – эксперимент тобының саны,

n_2 – бақылау тобының саны.

Есептеу нәтижелері:

Көрсеткіш	Мәні
Эксперимент тобы	0.1579
Бақылау тобы	0.1111
Жалпы пропорция	0.1351
Стандартты қате	0.0562
z мәні (t -value)	0.8321

Нәтижесінде алынған z мәні 0.8321 болып, ол 1.96 мәнінен кіші. Бұл нәтиже екі топ арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан сенімді еместігін көрсетеді ($p > 0.05$). Яғни, бастапқы кезеңде екі топтың мотивациялық деңгейі ұқсас деп қорытынды жасауға болады.

Анықтаушы экспериментте алынған көрсеткіштер бақылау және эксперимент топтары арасында бастапқыда айтарлықтай айырмашылықтың болмағанын дәлелдеді.

2.3 Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемесі, оны жүзеге асыру мазмұны

Бастауыштағы ұлттық рухани тәрбие беру білімдер бағытынмен болашақ мұғалімдердің кәсіби құндылықтарын дамытудың мүмкіндіктерін анықтайтын негізгі арқау болашақ мұғалім мамандар дайындығы болып табылады, өйткені білім беру жүйесінің барлық салаларының тиімділігі сол мамандардың қызметіне тәуелді болып саналады. Өркениеттің алға басуы барлық уақытта мақсаты жас ұрпақты адамзаттың бұрынғы ұрпақтары қалдырған құндылықтарымен тәрбиелеу болып табылатынын білім беру жағдайында тәуелді қойылды. Мұнда мәдениет пен білімді беруші қызметін мұғалім атқарады. Оның жеке тұлғасы өткен ғасырлардың көрнекті педагогтарының назарындағы басты объектісі және одан кейінгі зерттеулердің негізгі пәні болды.

Педагогикалық білім берудің мәнін мұғалімнің үздіксіз, бірегей кәсіби-жеке тұлғалық даму үдерісін құрайды. Қазіргі заманғы педагогикалық ғылымда «білім беру» ұғымдық атауы төмендегіше түсіндіріледі:

- Жеке тұлғаның өмір жолын абыройлы таңдау мүмкіндіктерін кеңейтуге және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға бағытталған үдемелі алға жылжу ретіндегі өмірге даярлау;
- Білім беру адамның заттық, әлеуметтік және рухани мәдениет әлеміндегі белсенді қатысуы жолымен жетілдіру;
- Білім беру адамның мақсатты, педагогикалық ұйымдастырылған және жоспарлы әлеуметтену барысы мен нәтижесі.

Бастауыш білім берудің мазмұны қоғамның қазіргі және келешектегі қажеттіліктерінен, адам танымының еркшеліктерін көрсетуі керек, әлеуметтік даму тенденциялары есебінің негізінде қоғамда қабылданған білім беру дамуының концепцияларына сәйкес даму үстінде. Дамудың үздіксіздігі мұғалімнің кәсіби-жеке тұлғалық қасиеттерінің мына кезеңдерде жалғаса отырып дамитындығын білдіреді:

- кәсіби бағдарлық, мамандандырылған,
- базалы кәсіби дайындықтың;
- ЖОО-ны бітіргеннен кейінгі қалыптасудың және одан әрі кәсіби жетілдірудің.

Білім беру мазмұнының, педагог-маман, қызметкерлерін дайындығының мәселелері барлық уақытта ғалым-педагогтар мен психологтардың басты назарында болып келді және бола да береді. Мұғалімді қалыптастырудың ұзақ процесі қарам-қайшылықтарға толы, ал болашақ мұғалім маманының жеке тұлғасының дамуы және соларды жену арқылы іске асады.

Зерттеуші С.Н.Голенко ЖОО-да мұғалім дайындығының адамшершілік құндылықтарын көрсетеді:

- оқытылатын мамандық пәніне ЖОО-да ерекше ден қойылған бағыттылықты білім беру мен мұғалімнің кәсіби қызметінің жеке тұлғалық бағыттылығы арасындағы ізгілік құндылықтар;

- мұғалімді дайындаудағы педагогикалық тәжірибенің біржақты шектелген ролі мен мұғалім дамуындағы педагогикалық қызметтің шынайы ролі арасындағы құнылықтар;

- мұғалім дайындығының типті жүйесі мен оның қызметінің жеке шығармашылық сипаты арасындағы құндылықтар;

- мұғалім дайындығының типті жүйесі мен нақты жағдайлардағы оның міндеттерінің сипаты арасындағы құндылықтар;

- мұғалім дайындығының типтік жүйесі мен нақты жағдайлардағы оның міндеттерінің ерекшеліктері арасындағы құндылықтар құрайды [165, 62].

Білім беру тәжірибесіндегі құндылықтардың үш тобын ажыратуға болатындығын көрсетеді:

- әлеуметтік педагогикалық құндылықтар;
- ұлттық педагогикалық құндылықтар;

Әлеуметтік-педагогикалық құндылықтарға, бір жағынан, әлеуметтік үдерістер мен қоршаған орта жағдайлары, және екінші жағынан, білім беру жүйесінің дамуы мен жұмыс істеу арасындағы құндылықтар жатады. Бұд құндылықтар соңғы жарты ғасырда өмірге келген рухани өндірістің заңды нәтижесі болып табылады. Оның мәні жеке тұлға ұлттық тәрбиенің мәнін құрайды.

Ұлттық педагогикалық құндылықтар білім беру жүйесімен тығыз баланысты болып табылады. Оларға мақсат пен мазмұн, оқу үдерісі шекараларымен меңгерілетін ақпараттар көлемі, мазмұн мен технология және т.б. жатады. Бұлар білім беру мәдениет пен жасаушы қызметін жетілдіру, ал оның мазмұнының отандық және әлемдік мәдениеттен тыс қалуына алып келді. Осының бәрі білім беру тәжірибесінде функционалды ыңғайдың басым болуына алып келді. Осы кезге дейін болашақ мұғалімнің дайындығында мұғалімдік іс-әрекеттік жүйені үйлестіруге және бұның салдары ретінде кәсіби қызметтегі шығармашылықтың болмауына алып келетін репродуктивті-көпшілік ұстанымдық қағидасы сақталған болатын.

Қазіргі кезде жаңа тұрпаты педагог – ұлттық мәдениеттің үлгісі және бейнесі болып табылады. Сондықтан жеке құндылық, бағалық пікірлердің өңделуі, азаматтану саласындағы ғылыми танымдар тереңдігі, қарым-қатынасқа қабілеттілігі шығармашылық белсенділігі мен дербестік орың негізгі қасиеттерін құрайды. Сонымен бірге мұндай сипаттама егер педагог құндылықтары жүйесінде жетекші роль атқаратын қызметке қажеттілік ескерілмегенде толық боомас еді.

Қазіргі кезде ЖОО-да жалпы адамгершілік қасиеттердің жетілдірілуі және олардың кәсіби мамандық қасиеттерге (жауапкершілік, жұмыстағы дербестік, балаларға деген қайырымдылық, жаны ашу және басқалар) өсуі маңызды мәселе болып табылады. Қабілеттер мен кәсіби бағыттылық ЖОО-да білім алу кезеңінде де дамиды. Кәсіби бағыттылық мазмұны жеке тұлғаның пәнді – кәсіби қызметтен, одан ары бірте-бірте жетілдіретін мотивтер жүйесінен тұрады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани қалыптасуы, оның өзін-өзі дамытуы, оның кәсіби өзін-өзі тануының дамуын көтермелеу бірге жүреді. Білімдер алудағы өмірлік тәжірибелерінің қалыптасуы, мотивациялық үдерістер, адамгершілік, психологиялық қасиеттер осының бәрі кәсіби бейімдеушілік қажеттіліктердің әсерінде болады. Жеке тұлға осы қажеттіліктер әсерінен дамиды. Жалпы адамгершілік, әлеуметтік, кәсібилікпен еленеді, кәсіби жеке тұлға құрылымына кіруі жеке тұлғалық қасиеттер ашық көрсетілген сипат алады. Осы орайда мұғалім жеке тұлғасының кәсіби-жеке тұлғалық дамуы туралы да айтылады. Педагогикалық қызметтің белсенді субъектісі ретінде мұғалімді сипаттайтын бірқатар кәсіби-жеке тұлғалық қасиеттерді бөліп көрсетеді. Әлеуметтік қызметті орындайтын педагогті қайырымдылық, дұрыс талап қоюшылық, әділеттілік сияқты адами қасиеттер азаматтық және кәсіби жауапкершілік сипаттайды. Кәсіби белсенділік қасиеттері педагогикалық жұмыстағы дербестік пен бастамашылық. Коммуникативті, перцептивті және өзін-өзі бақылаумен өзін-өзі бағалау тобының сапалары.

Демек, студенттердің таңдаған мамандығына деген жағымды қарым-қатынасына, олардың дербес қызметке бірте-бірте және қиындықсыз тартылуын мамандыққа кәсіби қызығушылығының қалыптасуы әсер етеді. Өз еңбегіне деген қызығушылық – бұл кәсіби қабілеттіліктерді дамыту үшін маңызды шарт болып табылады. Егер студент мамандықты таңдап, оны сүйсе, онда сөзсіз білім алуға және оларды дамытуға тырысады. Осы салады өз тәсілдері мен дағдыларын жетілдіреді және кейіннен оларды өз жұмысында іске асыруға талпынады. Егер өз мамандығын сүймейтін ЖОО-ның түлегі мектепке келген соң оқушы жеке тұлғасын сырт қалдыратын тек сабақ берушіге айналады деген пікірмен санаспауға болмайды. Оның қызметінің жалғыз мақсаты – оқу материалының мазмұнын жеткізу және оның меңгерілуінің сапасын тексеру болып табылады. Мұндай мұғалімдер өскелең ұрпақтың рухани адамгершілік тәрбиесін іске асыра алмайды сондықтан мамандыққа қызығушылықты студент жеке басының кәсіби құндылықты бейімділігінің жасалуына және дамуына әсер ететін адамгершілік қасиеті ретінде қарастыруға болады.

Кәсіби қызығушылықты жасауға студенттердің оқу-танымдық белсенділіктерін дамыту мен олардың қызығушылығын бүкіл ЖОО-да оқыған кезеңінде және одан кейін де ұстап тұруға бағытталған оқыту әдістері ықпал етеді. Азербайжан ғалымы М.В.Велиев студенттер бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың шарттары ретінде төмендегілерді ұсынады: «ЖОО-дағы оқу үдерісінің ұлттық мектеп тәжірибесімен тығыз байланысы, мұнда кейбір тақырыптарды мектеп жағдайында да оқытуға болады; студенттердің тұтынушылық мотивациялық саласына әсер ететін жағдайлар тудыру; оларға ЖОО-дағы дәріс кезінде мұғалім ролінде жұмыс істеу мүмкіндігін беру керек» деп келтіреді [166].

Бүгінгі күні ЖОО-дағы оқу үдерісінің мектеппен тығыз байланысы мектеп өміріне деген қызығушылықты дамытуға жәрдемдеседі; ЖОО-да алынған осы немесе басқа бір теориялық білімдердің мәнділігін көрсетуге

мүмкіндік беруі керек. Студенттерді ғылыми-теориялық талдап, қорыту дағдыларына үйрету үшін қолайлы болып табылады. Мұғалімнің жеке тұлғасы аз уақыт ішінде қалыптаспайды. Педагогтік кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерді жайлап, соның ішінде сыртқы әсерлер жүйесінің ықпалымен де пісіп жетіледі. Үзіліссіз білім беру ойы мұғалімнің қалыптасуы мен одан ары жетілдірілуі үдерісіне тікелей қатысты. Мұғалім жеке тұлғасындағы барлық жаңалықтар тек оның кәсіби қызметімен байланысты ғана қалыптасуы мүмкін. Мұғалім болып жұмыс істеу оның жеке тұлғалық ерекшеліктерін тікелей ашып көрсетеді. Кәсіби қалыптасуының деңгейі педагогикалық еңбектің стилі мен сапасына тура әсер етеді, осыған қатысты нақты мұғалімдік қызмет – педагогтық жеке тұлғасының субъективтілігін анықтайды. Бірақ, өз кезегінде Л.П.Волкованың пікірі бойынша белсенді педагогикалық еңбек барысында мұғалім жеке тұлғасы жетіле түседі. Мұндай үздіксіз қозғалыста мұғалім кәсіби қызметінің қатынастыры диалектикасы ғана емес, сонымен бірге олардың бірлігі де анық көрінеді. Педагогикалық зерттеулердің көбінде жалғыз зерттеу пәні іс-әрекеттік ыңғай деп аталатын мұғалімнің қызметі болып табылады, ал мұғалімнің жеке тұлғасынсыз, ал педагог жеке тұлғасының дамуын меңгеруінсіз қарастыруға болмайды [167].

Қызметтік теорияға сай, білімдер белгілі бір қызметті іс-әрекетті жүзеге асыратын барлық уақытта жеке тұлға алдында кездесетін өмірлік мәселелерді шешуге бағытталған осы және басқа бір қимылдар элементтері ретінде көрінеді. Мына әрекетті ыңғай болашақ мұғалім маманның осындай дайындығын өмірлік шындықтармен өзара байланыстығының себептерін қамтамасыз етеді. Әрекетті ыңғайдың осындай түсінігінен шыға отырып, педагогтің қызметі мінездемесінің инварианттарына алынған дайындығының түріне және алдағы болатын жұмыс орнын қарамай қабілеттіліктерді жақтауға болады: педагогикалық мақсаттың болуына, педагогикалық жәйттердің талдауына, білім беру үдерістерінің қайта құруымен жобалауына жеке тұлғаралық, топтық және жаппай өзара қимылдауды ұйымдастыруға, педагогикалық іс-әрекеттің және басқалардың нәтижелерінің бақылауымен рефлексияға және тағы басқаларға.

Біз де Л.П.Волкованың мұғалім жеке тұлғасының дамуын кәсіби қызметті меңгеруімен бірлікте қарастыруды ұсынатын пікірін ұстанамыз. Бұл жерде жеке тұлғалық және қызметтік ыңғайлар бірегей әдістемелік бапқа біріктірілген, бұл мәселені жеке тұлғалық немесе қызметтік тұрғыдан бөлек зерттеуден сақтандырады. Бұл ішкі бірлігі мұғалімнің үздіксіз кәсіби жеке тұлғалық дамуымен қажеттілігімен анықталатын бүтіндік ыңғайдың әдістемесі.

Бітірушілердің дербес жұмысқа психологиялық дайындығы оқушылармен жұмыс істеуге, олардың дамуы туралы қамқорлыққа негізгі ден қоюына келіп тіреледі. Студенттерді жұмыстың алғашқы жылының ерекшеліктерімен, кәсіби қызметте мүмкін болатын қиындықтармен алдын-ала таныстыру іске асады. Түлектер жұмысқа ұжымға үлкен жігермен кіруге, еріктік күштерін жұмылдыруға және кәсіби мен тұрмыстық қиындықтарды жоюға өздерін дайындайды. ЖОО мұғалім қосымша еңбекпен уақытты өте аз жұмсай отырып,

жаңа ақпаратты меңгеруге білімін толықтыруға және өзінің білімдік дүниетанымын кеңейтуге ғылыми танымның әдістерімен, тәжірибесімен жарақтауы керек әрі міндетті.

Мұғалімнің кәсіби қызметін тәжірибелік және ойлы құрамдас бөліктер деп шартты түрде бөлуге болады. Мұнда, кәсіби білімдік білімдері ойлау арқылы тәжірибелік қызметке қосылады. Тәжірибелік қызметте кәсіби білімдердің өзектілігі мұғалім ойлауының негізгі процессуалды механизмі болып табылады. Бүгін педагогикалық үдерісті орындаудың педагог шешетін мәселелерінің стандартты емес шығармашылық сипаты мұғалімде тәжірибелік қызметтегі кәсіби білімдерді өзектілікке дайындау өзінен-өзі жасалмайды. Ол мұғалімнің кәсіби қалыптасуы тиімділігін тіке тепе-теңдікте байланысқан. Егер болашақ мұғалімдер дайындығы барысында педагог жеке тұлғасының қарастырылатын қасиетінің жасалуына арнайы назар аударылса, онда ЖОО дайындығының сапасын жақсартатын педагогикалық қызметтің дайындығы деңгейінің едәуір үдемелі даму динамикасы мүмкін болады.

Қазіргі кезде кәсіби оқыту мен тәрбиелеу кезеңінде педагогикалық қызметтің белгілі элементтерін орындау жолымен студенттің мамандыққа терең тәжірибелік бойлауы қажет. Аталған кезеңде қажетті кәсіби білімдер, дағдылар мен тәсілдер игеріледі, педагогикалық мамандыққа қызығушылық артады. Кәсіби дайындықтың осы түрімен дәрістердің жағымды мотивациясы күшейеді. Нәтижесінде мұғалімдік қызметке бағыттылықты мектептегі жұмысқа ден қоюды, пәнге деген қызығушылықтың болуын және осы саладағы өз білімін көтеруге қажеттілікті дамыған кәсіби ойлауды біріктіретін педагогикалық еңбекке психологиялық дайындық жасалады. Жеке тұлғаның ішкі қайта бейімделуінің психологиялық механизмі және кәсіби мінез-құлықтың жаңа әдістерін жасау оқу барысында кездесетін қиындықтарды еңбек, танымдық және көңіл-күй салаларындағы мақсатты бағытты күштер арқылы студенттің сондай-ақ белсенді жеңуін объективті талап ететіні туралы айтылады.

Болашақ мұғалімге алдағы жұмыстар үшін қазіргі заманғы мектептегі өзегірістер мен инновация таныс болуы керек. Олай болмаса жас мұғалім өзіне таныс емес қиындықтармен күресуге, өз еңбегінің нәтижесінің қуаныш сезімін алмастан іші көңіл-күй сезімдерінің шаршауы мүмкін. Жас маман өз мамандығының ерекшеліктері туралы және шынайы педагогикалық тәжірибеде білім беру үдерісі өтетін жайдайларды неғұрлым көбірек білсе, соғұрлым ол әлеуметтік педагогикалық жағдаяттар әсеріне байыппен қарай алады, соғұрлым өзін маман ретінде салмақты және тиімді көрсете алады. Оның кәсіби қалыптасу үдерісі табысты өтеді.

Оқыту үдерісін ұйымдастырудағы білімдік ыңғай балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жөн-жосықсыздықты болдырмайтын кәсіби пікірлер қалыптастыру үшін бірінші және қажетті шарт. Жас мұғалім үшін теориялық білім бағытын жоғалтып алудан басқа қауіпті ештеңе жоқ – дереу педагогикалық қызметтің эмпирикалық стилі дами бастайды. «Мұғалімнің ЖОО-дағы және ЖОО-дан кейінгі дамуының бүкіл жүйесімен педагогикалық

қызметтің теориялық білім стилін дәріптеу қажет», - деп жазады В.Г.Воронцова [168, 19].

Демек, оқыту мен тәрбиелеуге деген ғылыми көзқарас ғана ілімдік ойлаудың дамуын оның диалектикалық және инновациялық сипатын тудырады және сөзсіз оқыту үдерісінің мәніне ғылыми көзқарасты жетекшілікке ала отырып қана мұғалім оның ішкі мазмұнын табысты меңгере алады.

ЖОО-дағы теориялық дайындықпен ЖОО-дан кейінгі мұғалімнің тәжірибелік қызметі бала дамуына бейімделген, бағдарламалық материалдың нұсқаларында оның дидактикалық қайта өңделу құралдарына оқу танымының логикасында оқушыларды шектеу болмайтын осындай концептуальді ілімдік ережелерде іске асырылуы қажет. Бұл ережелер мұғалім мен оқушы арасындағы адамгершілік, шығармашылық іскерлік қарым-қатынастарды жан-жақты жетілдіруге бағытталған, табысты оқыту психологиялық жағдайларына және оқу танымының логикасы бірлігі негізінде педагогикалық үдерісті құруға жауап береді. Осылайша мұғалімнің кәсіби дайындығының теориялық білім негіздерін жасауда бірдей ыңғай жоқ. Кей авторлар педагог жеке басының ерекшеліктері елеулі маңызға ие болады деп есептейді, екіншілері назарын тек білімдерге, тәсілдерге және дағдыларға аударады, үшіншілері осы екеуін біріктіреді, төртіншілері мұғалімнің педагогикалық шығармашылығы мен педагогикалық шеберлігіне назарын шоғырландырады, ал кейбір жағдайларда кәсіби дайындықтың қалыптасуының жоғары деңгейіне назар аударылады. Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының берілген кестелерінің осындай диапазоны студенттермен жүргізілген жұмыстың теориялық білім және тәжірибелік жақтарын айқындайтын әртүрлі тұжырымдамалармен түсіндіріледі.

Дәстүрлі білім беру үдерісі қарама-қайшылықтарының талдауы жоғары педагогикалық білім берудегі тоқырау құбылыстары осы заманғы педагогикалық ғылымның жағдайына да байланысты екендігін көрсетеді. Педагогикалық ғылымның ішкі келеңсіздіктері мен оның тоқырауын ғалымдар мен практиктер көптен бері сезінуде.

Қазіргі кезде, ЖОО-да оқыту мазмұны, оның ішінде педагогикалық бағыттағы, ондаған жылдар бойы қайта-қайта түзетілуімен болған типті оқу жоспарларымен уақыты шектелгені белгілі. Осыған қарамастан, олар білім беруге экстенсивті ыңғайды көрсете береді, маман дайындығының жалпы мәдениеттік бағыттылығын ескермеді, жеке тұлғаның бүтіндей дамуына кесірін тигізген пәндік-бөлектеп оқытуға бейімделді. Студентті өз білімін көтеруге қызықтырмады, ЖОО-лардың аймақтық өзіндік ерекшеліктерін іске асыру мүмкіндігін шектеді. Белгілі деңгейде бұған оқу жоспарларының жасалу ұстанымдық қағидалары, осы жерде тармақты кестелердің пайдаланылуы ықпал етті. Бұл көптеген оқу пәндерін жасауға, олардың ретін анықтауға мүмкіндік берді, бірақ тек білімнің белгілі бір мөлшерін меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге кәсіби мәселелерге шығармашылықпен қарайтын жаңа білімдерді өз бетінше меңгеретін осы заманғы педагогикалық технологиялар

мен тәсілдерді меңгерген білікті мамандық дайындығы үшін маңызы зор. Сондықтан да оны біз төмендегідей талдаймыз:

- Біріншіден, педагогикалық құндылықтар мақсаттары, мақмұны шарттары мен нәтижелері арасындағы объективті тұрақты байланыстар туралы білімдердің болмауы тек оқулықтар мен оқу құралдарын жетілдіру керек болатын.

- Екіншіден, ілімдік заңдылықтар, болжаммен айтылған ережелердің тексерілуі, әбден тексерілген заңдылықтар нәтижесі ретінде емес, идеологиялық ден қою салдары ретінде көрінді.

- Үшіншіден, қоғамдық әсіресе мемлекеттіктің басым болуы құқықтың ауыстырылуы отандық жоғары мектеп пен педагогикалық ғылымның әлемдік педагогикалық тәжірибе мен қоғамдық мәдениеттің дамуына ықпал етеді.

- Төртіншіден, педагогикалық ғылымның әдістемесін идеологияландыру педагогикалық ойлау түсініктерінің девальвациялауына алып келді, соның нәтижесінде дәстүрлі педагогика парадигмалары ретінде жасаушы тәрбие (студент немесе білімгер – педагогикалық әсердің объектісі, педагогикалық – директивалық нұсқаулар мен басшылық шешімдерінің орындаушысы), педагогикалық үдерістегі рольді өзара қимылдау және т.б. көрінді.

Мұндай парадигмалар педагогикалық қызметтің мақсаттары мен ойларының бұзылуына алып келді, мазмұнды талдауға догмалық және қағаз жүзіндегі бапты, ЖОО-да оқытудың әдістемесін құруда технократтікті тудырды. Сонымен, қазақ мектептері тәжірибесінде ұлттық тәрбиені жүзеге асыру, болашақ мұғалімдерінің этнопедагогикалық даярлық деңгейінің және педагогика ғылымында болашақ мұғалімдерінің этнопедагогикалық дайындықтарының теориялық және әдістемелік негіздерінің жасалынуы мен тәжірибеде қолданылмағанының арасында қарама-қайшылық туындап отырғаны зерттеу мәселесін айқындауға негіз болды. Сонда мәселенің көкейкестілігі және оның теория жүзінде зерттелмеуі мен тәжірибелік маңыздылығы бізге тиімді болатын – профессор Қ.Бөлеевтің «Жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім дайындау» қажеттілігін алып келді. Профессор Қ.Бөлеевтің авторлық негіздемесі мен мазмұндық құрылымында: «Жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалімі – ол рухани – адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық білімді, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылысы, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық, коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқада түрлерін меңгерген құзырлығы жоғары маман» даярлау міндеті тұр деген болатын [169, 123].

Біз зерттеулерге негіздей отырып, жаңаша «жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім» деген ұғымға түсінік беретін болсақ, ол жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім деп өз пәнін және оның әдістемесін жан-жақты меңгерген, қазақ этнофилософиясы, этнопсихологиясы, этнопедагогикасы және этнопедагогика

тарихы білімдерімен қаруланған, оқушыларға ұлттық тәрбие беру іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан мұғалімді айтуға болады.

Болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім берудің міндеті – оларды ұлтжанды ұстаз етіп даярлау, яғни олардың ұлттық санасы мен ұлттық дүниетанымын өз халқының тіліне, тарихына, мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне біртұтас етіп қалыптастыру болып табылады.

Демек, болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім мазмұны арнайы оқу бағдарламалары бойынша жоғары мектепте оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Оның үшін, этнопедагогикалық білім берудің аудиториялық формаларына: лекциялар, семинарлар, зерханалық және практикалық сабақтар, арнайы курстар, арнайы семинарлар мен факультативтер жатады. Ал аудиториядан тыс формаларына: экскурсиялар, рефераттар, конференциялар, диспуттар, конкурстар, олимпиадалар, курстық және дипломдық жұмыстар, т.б. жатады.

Ал ұлттық құндылықтарға баулу үшін этнопедагогикалық білім беру әдістеріне: әңгімелеу, түсіндіру, пікірлесу, көрсету, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап т.б. жатады. Сонымен қатар, этнопедагогикалық білім беру құралдары: ұлттық тіл, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, халық тарихы, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, ұлттық өнер т.б. болып табылады.

Біздің ойымызша, этнопедагогикалық білім берудің нәтижесінде болашақ мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлығы қалыптасады, яғни олар ұлтжанды ұстаз болып шығады. Жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерге кәсіби білім беретін негізгі пәндер мазмұнында қазақ этнопедагогикасы материалдарын пайдалану жағдайын толық анықтауға байланысты жасалған талдау бұл ұлттық тәлім-тәрбие мен тәлімдік мұралардың әлі де болса терең, ауқымды жағдайда зерттеу нысанасы болып, арнайы қолға алынбағандығы және өмірлік тәжірибеге кеңінен қолдану, тек теориялық-баяндау түрінде ғана орын алып келгенін аңғардық.

Ал, жоғарыда талдау жасалған ғалымдардың бағдарламалары мен оқу құралдарының мазмұндары маман мұғалімдер даярлауда қазақ этнопедагогикасы материалдарының біржақты, яғни студенттерге теориялық білім беру бағытында ғана жалпылай қамтылғандығын айқындайды. Мұндай олқылықтар, біздің пайымдауымызша, бағдарлама авторларының қазақ этнопедагогикасы материалдарын пәндер бағдарламалары мазмұнына ендіруге болашақ маман мұғалімдердің білім беру жүйесіне қарай даярлау бағытын, ерекшелігін және кәсіптік сипаттама (квалификационная характеристика) мазмұнында берілген, кәсіби даярлық деңгейінің көрсеткіші болып табылатынын өлшемдер мен талаптарды ескермеуінен туындап отыр. Себебі:

Біріншіден, мектепте тұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен өткізуде ұлттық мәдени мұралар негізінде оқушылардың тәлім-тәрбиесін жетілдіру мен дамытуда – мұғалімдердің бұл сала бойынша өз білімдері жетік, оларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалануға байланысты дайындығы қажет;

Екіншіден, болашақ мұғалімдерді дайындайтын мамандықтың оқу жұмыс жоспарымен бағдарламаларының кәсіби педагогтарды дайындаудың өзіндік ерекшелігі бар.

ЖОО-дағы мұғалім мамандарын дайындайтын бөлімдерде жиналған ғылыми мәліметтерді, олардың негізінде жасалған әдістемелік нұсқауларды педагогикалық колледждерде орта араулы кәсіпті мамандар дайындау үдерісінде пайдаланып басшылыққа алуға болады.

Осы кезеңге дейін ЖОО-да қалыптасқан ғылыми көзқараста: мектеп мұғалімнің кәсіптік сипаттамасындағы біліктілік талабында оның шартты түрдегі бейнесі: мұғалім «қандай болу керек?», «нені білуі керек?», «нені орындай білуі керек?» деген бағытта жоғары оқу орындарының болашақ мұғалім маман дайындығы деңгейлік өлшемінің көрсеткіші басшылыққа айналып келді.

Бүгінгі күні мамандықтың кәсіби сипаттамасы мемлекеттік стандартқа сәйкес, болашақ мұғалімнің жеке тұлғалық сапалары, барлық дамыған елдердегі үлгісімен, «жоғары адамгершілік қасиеттер, өзін-өзі дамытып, жетілдіріп отыруға талпыну және ынталану, белсенділік ұстанымын ұстану (мақсатқа жетушілік, тұрақтылық, табандылық, тәртіптілік), өзін-өзі сынау, өзіндік адамгершілігін сезіну, ой-өрісінің кеңеюі және шығармашылығы» тұрғысында анықталады. Яғни, қазіргі талапта сәйкес, педагогтік мамандық ерекшелігіне байланысты кәсіби маманның жеке тұлғалық сапалары: педагогтік қызметті қыр-сырын жетік меңгерген, педагогтік әдептілік, ұйымдастырушылық қабілет, қарым-қатынас шеңберлігі, өзінің туған (ана)тілін жетік білуі, жағымсыз сезімдерден бойын аулақ ұстайтын, оқушының жеке бітім болмысындағы тұлғасына мінездеме бере алатын, оптимистік көзқарас пен өз ісіне деген сенім және өз білімін ұдайы, үзіліссіз жетілдіріп отырушы қасиеттерге ие болуын талап етеді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мазмұнында болашақ мұғалім мамандарын дайындау деңгейіне қойылатын жалпы талаптар төмендегідей бағытта сипатталады:

- Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласынан негізгі білімдерді меңгеруі, әлеуметтік маңызды үрдістер мен көкейкесті мәселелерге ғылыми талдау жүргізіп, осы ғылыми білімдерді түрлі кәсіби және әлеуметтік қызметте пайдалануы;
- Адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға қарым-қатынасын реттеуі, мемлекеттік мүддені басшылыққа ұстау, әлеуметтік және экологиялық жобаларды жасауда қолдана білу мен этникалық және құқықтық нормаларды игеруі;
- Кәсіби функцияларды жүзеге асыруда нақты мақсат, міндеттер белгілеп, олардың шешімін табуда меңгерген ғылыми әдістерді қолдана білуі;
- Өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыруды, кәсіби қызметінде мәліметтерді сақтап, талдау үшін компьютерлік әдістерді меңгеруі;

- Кәсіби қызметін түрлендіруі, пәнаралық жұмыс жүргізуге әдістемелік және психологиялық тұрғыдан дайын болып, педагогикалық технологияларды меңгерген деп көрсетілген [170].

Мемлекеттік стандартта мектеп мұғалімінің кәсіби дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мазмұны жалпы кәсіби, ғылыми, қоғамдық сипаттарды ғана қамтыған. Демек, мамандықтың өзіндік ерекшелігі мектептің болашақ мұғаліміне қажетті әрі маңызды жеке тұлғалық сапалар нақты ашық көрсетілмеген. Жоғарыда берілген тек жеке тұлғалық қасиеттерді, олардың реттілігін ауыстыра отырып бүгінгі ғылыми, қоғамдық талаптар тұрғысынан әлі де толықтыра түсуге болады. Олар болашақ мұғалімі мамандығының жеке тұлғасын негіздеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты ең басты нәрсе – жеке тұлға – жалпы адамдық құндылықтарды ұлттық болмыс пен дүниетаным негізінде қалыптастыру мен жетілдіріп, дамыту және оны кәсіби сапалардың бір тұтас бөлігі, бөліп алып қарауға болмайтын жүйе деп санап, ұлттық тәлім-тәрбие мен тәлімдік мұраларды игеру бірден-бір сапаны құрылымы ретінде танып, болашақ педагогтардың бәрінен бірдей талап етілуі керек. Мектепке мұғалімдерді дайындағанда ең алдымен болашақ мамандардың жеке даралық қасиеттерін көре білу, оны дамыту және тандап алынған мамандықты жан-жақты меңгертуге бағытталған мақсат қою қажет.

Болашақ мұғалім мамандығы жөніндегі мемлекеттік стандарттағы студенттер кәсіби дайындығының жалпы талаптарына үлкен мән бере отырып, осыған қатысты, маңызы зор ұлттық педагогика негізінде салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, тәлім-тәрбиелік мұралар мен тәлімдік озық ойларды басшылыққа алу керектігін атаймыз. Себебі, ұлттық болмыс пен дүниетанымдықты басшылыққа алмай тұрып жеке тұлғалық сапаларды ендіруге болады деп санаймыз.

Біріншіден, болашақ маман адамгершілігі жоғары қазақ ұлттық педагогикасы материалдары негізінен жан-жақты білімді, мектеп педагогикасын жетік білетін өз алдына мамандықты меңгеру мақсатын қойған, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәртіпті, ішкі сарайындағы көңіл-күйі тұрақты, жауапкершілікті сезінетін, белсенді, өзін-өзі жетілдіруге және шығармашылық ізденіске үнемі талпынатын жеке тұлға болуы қажет;

Екіншіден, тандап алған мамандығы бойынша өз ұлтының төл рухани-мәдени, тарихи мұралары негізінде терең, жан-жақты теориялық білімдер мен іскерлік, дағдыларды меңгерген, кәсіби және мәдени деңгейін көтеру мақсатында үнемі жұмыстанатын, ұлттық педагогикадағы мұраларды меңгеру барысында іскерлік пен еңбек сүйгіштік қасиеттерді дамытатын, кемшіліктер мен жағымсыз құлықтық көрністерді болдырмауға талпынатын, өзіне тапсырылған іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын, педагогтік қызметте шығармашылық пен белсенділік таныта алатын маман болуы тиіс;

Үшіншіден, мектептің болашақ мұғалімі педагогика және ұлттық педагогиканың әдіснамалық негіздерін, жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен даму заңдылықтарын, тәрбиенің мәнін, мақсатын, міндеттерін, түрлері мен әдістерін, мектеп оқушысы тәрбиесінің мазмұнын, түрлері мен әдістерін, міндеттерін, өзіндік ерекшеліктерін, сонымен қатар, ұлттық тәлім-тәрбие мен

әлімдік озық ойлардың мәнін, мақсат, міндеттерін, түрлері мен әдістерін, өзіндік ерекшеліктерін, ғылыми педагогикамен байланысын, мектеп оқушысының анатомиялық-физиологиялық дамуының негізгі заңдылықтарын, жас өспірімдердің психологиялық дамуының негізгі заңдылықтарын, мектеп оқушыларының жеке даралық психологиялық ерекшеліктерін, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жеке әдістемелерін, есептеу техникасы мен информатика негіздерін, т.б. ғылыми білімдерді білуі қажет.

Ұлттық педагогиканың озық ойлы тәлім-тәрбиелік және тәлімдік мұраларын жүйелеп, белгілі бір електен өткізіп, оны оқу-тәрбие үдерісіне енгізудің жолдарын анықтау – жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға ұлттық тәрбие беруді өзекті мәселелерінің біріне айналған. Мектеп оқушыларын ұлттық болмыс пен дүниетанымға тәрбиелеуде жүйелі пікірлер әрк. кезеңде де философ-ойшыл, ағартушылардың еңбектерінде өзіндік орын алып отырған. Мектептерде оқушылардың ұлттық тәрбиесін жүйелі педагогикалық білім негізінде жүзеге асыру үшін ең алдымен мектептегі тәрбие мәселесін теориялық бағыттан терең этникалық біліммен ұштастыруды қажет етеді.

Қазіргі кезде мектептегі тәрбие беру қазақ халқының қоғамдық санасының дамуы мен қоғамдық құрылысына байланысты қалыптасқан. Заман талабына сай әлеуметтік өзгерістер иен қоғамдағы өндірістік қатынастардың пайда болуы ұлттық тәлім-тәрбиенің жаңғырып, өзгеріп, дамып отыруына әсер етіп отыр. Бұл тұрғыда тархи, философиялық, этнографиялық, педагогикалық, психологиялық тақырыптағы ғылыми зертеулер кеңінен арналған.

Қазақ ұлттық тәрбиесін педагогикалық-психологиялық тұрғыда екшеленген, ғылыми-теориялық жағына негізделген әдістемелік мазмұны әлі де тапшы. Сондықтан бұл мәселе тереңірек зерттеуді қажет ететін, ұлтымыздың ұрпағы үшін, ең маңызды, өзекті мәселе екенін дәлелдейтін жағдай. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ мектеп мұғалімдерін дайындауда ұлттық тәлім-тәрбие мен тәлімдік озық ойлы пікірлер жөніндегі мұралардан ЖОО-да білім берудің ғылыми-әдістемелік жақтары мен оның қамтылу мазмұндық мәні жоғары болуы шарт. Ұлттық тәлім-тәрбие мен тәлімдік ілімдерді оқушылар бойында құнды адамгершілік қасиеттерді (қайырымдылық, ізеттілік, мейірімділік, ибадаттық, инабаттылық, бауырмалдық, жолдастық, достық және т.б.) қалыптастырады. Олардың физиологиялық-гигиеналық тұрғыда өсіп-жетілуіне әсер етумен бірге, ата-баба дәстүріне қазақи болмыстағы көзқарасын тәрбиелей білуі керек. Демек, рухани құндылық – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез-құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде орның рухани – адамгершілік

қасиеттері қалыптасады. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт болып табылады.

Бала бойында рухани құндылықты дамыту және адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Адам баласында адамгершілік қасиеті қараптан-қарап туынламайтын қасиет. Ол қасиет отбасында, ортада, мектепте, айналадағы адамдармен қарым-қатынасында қоғамдық тәрбиелермен қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушы тұлғасын жетілдіру мен дамытуға мектеп мұғалімдерінің қызметі ерекше. Себебі, бүгінгі рухани және материалдық байлық пен құнды жәдігерлерді сақтау және бұрыннан келе жатқан мұралардың өзіндік орнын білу – ұлттың жүріп өткен жолынлағы өмірлік тәжірибесінен мағлұмат беретін деректер мен ұлттық болмыстың бейнес болып табылатын дәстүрлерді құрметтеу және мақтан тұту тұрғысындағы тәрбиелік, танымдық қырларды оқушы болмысына жүйелі түрде сіңірту – мектеп мұғалімінің қолынан келетінін естен шығармауымыз керек, сондықтанда оның қоғам мен әлеуметтік ортада ерекше. Осы мектеп оқушылары болмысындағы дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруда бүкіладамзаттық құндылықтар игеру негізінде жеке ұлттық-рухани құндылықтарды ерекшелеп, анықтап, електен өткізіп анықтау басты мәселе болып табылады.

Болашақ мұғалімдердің қазақи болмыс пен дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыруда ұлттық, рухани құндылықтар туралы теориялық және тәжірибелік танымдық-білімдердің мазмұнының бар болуы:

- Қазақ халқының ұлттық, рухани құндылықтарын білу және оларды жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінен айыру;
- Ұлттық тәлім-тәрбие мен тәлімдік құндылықтарының мәдени, тәрбиелік және рухани мәні жөніндегі білімдерді игеру;
- Жалпыадамзаттық құндылықтарды танудағы ұлттық тәрбие мен дүниетанымдық болмыстағы көзқарас рухани тәрбиенің алғы-шарты екендігін білу;
- Ұлттық тәрбие мен дүниетанымдық болмыстағы көзқарастың толық болуы үшін – халықтық тәлім-тәрбие мен тәлімдік мазмұндағы білімдерді жетік меңгеру.

Қазақ ұлттық тәлім-тәрбие мен тәлімдік мазмұндағы білімдерді басшылыққа ала отырып, қазақи болмыстағы көзқарас қалыптастыру қатынасының түркі себеп-салдарын анықтау (мотивациялық):

- қазақ халық педагогикасының ұлттық тәрбиеге негіз болатын тәлім-тәрбие мен тәлімдік мазмұндағы құндылықтарына қызығушылық таныту;
- тәлім-тәрбие мен тәлімдік жүйедегі ұлттық құндылықтарының рухани мазмұнын қабылдау;
- қазақ халық педагогикасының тәлім-тәрбие мен тәлімдік жүйедегі көзқарастың рухани құндылықтарын сақтауға, орындауға жағысды қатынас орнатуға ұмтылу арқылы жүзеге асыру.

Тәлім-тәрбие мен тәлімдік жүйедегі қазақ болмыстағы дүниетанымдық көзқарасты қалыптастырудың әрекеттік (процессуальды) құрамдық құрамаларын қазақ этнопедагогикасының тәрбие құралдары негізінде жүзеге асырылады, яғни:

- халық педагогикасының тәлім-тәрбие мен тәлімдік жүйедегі танымдық құндылықтарын тұтас қабылдау;
- ұлттық құндылықтардың жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлесімділігін сақтау;
- ұлттық мәдениетпен тәлім-тәрбие мен тәлімдік жүйедегі рухани тәрбиенің үйлесімділігін қамтамасыз ету;
- өзіне және өзін қоршаған адамдар мен қарым-қатынасын ұлттық мәдениетпен жоғары деңгейде қалыптастыру;
- қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық мәдениет, тәлім-тәрбие және тәлімдік жүйедегі рухани дүниетанымдық болмыстағы көзқарас қалыптастыру туралы білімдерін насихаттай алу іскерлігі қалыптасады.

Осы мазмұнда рухани, адамгершілік құндылықтарды жастардың бойына дарыту студенттердің курстық және жас ерекшеліктерін, дүниетанымын, ұлтын және қарым-қатынас дәрежесін негізге ала отырып, қызығушылығын арттыруға бағытталуы тиіс. Тәрбиелеу үдерісінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады.

Сонымен біз жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үрдісінде бастауыш сынып білім беру бағдарламасының студенттерінің педагогикалық тәжірибеде ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор екендігіне көзіміз жетті. Оны жүзеге асыру бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының оқу-тәрбие үрдісінде арнайы курс бағдарламаларында айқын көрініс бермеуі әдістемелік оқу құралдарының және қосымша басылымдардың жоқтығынан болса, ал тәрбие жұмыстарында халқымыздың ұлттық дәстүрлеріне арналған кештер мен кездесулер, конференциялар, т.б. шаралардың ұйымдастырылмауы және студенттердің ұлттық тәрбиеге, ұлттық құндылықтарға таным-түсінігі, іскерлігі мен білімінің талап етілмеуі, т.б. жағдайлар мен мәселелердің жолға қойылмағандығынан мүмкін болмай отырғандығы деген жауаптар алынған болатын. Міне, сондықтан біз педагогикалық білім беру бағдарламаларының студенттеріне ұлттық тәрбие беру мен құндылықтарды қастерлеуге арналған материалдарды терең, ұтымды пайдалану арқылы жүзеге асыруға болатын осындай болжамды бағыттарды ұстандық.

Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған «Ұлттық құндылықтар тағылымы» атты арнайы курсын білім жүйесінде қолданған болатынбыз.

«Ұлттық құндылықтар тағылымы» курсы халықтық, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен ерекшеліктерін, педагогиканың этностардың біліми-тәрбиелік дәстүрлерімен өзара байланысын, ықпалын талдауға арналған.

Курстың мақсаты: болашақ мамандарды халықтық педагогикалық дәстүрлерді қайта жаңғырту, бекіту және сақтауға байланысты жұмысқа

теориялық тұрғыдан даярау және оларды қазіргі оқу-тәрбие процесінде шығармашылықпен қолдана алу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- студенттерге келесі мәселелердің мәнін ашу: қазіргі қоғамдағы ұлттық құндылықтардың әлеуметтік мәні; әртүрлі халықтардың педагогикалық дәстүрінің өзіндік ерекшелігі; ұлттық тәрбиенің пайда болу, қалыптасу және даму факторлары, құралдары;
- болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиенің прогрессивті дәстүрлерін салыстыру және бағалауға үйрету; студенттерді практикалық іскерлікпен қаруландыру, оқу-тәрбие процесінде этнопедагогиканың әдістері мен тәсілдерін қолдану дағдыларын үйрету;
- ұлттық педагогикалық тәжірибеге педагогикалық кәсіби даярлықтың мазмұнын құрайтын компонент ретінде көзқарасты қалыптастыру;
- болашақ кәсіби қызметте балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ұлттық тәрбиенің дәстүрлері мен сабақтастығын тереңдету үшін ғылыми-педагогикалық база құру.

Пәннің оқу-әдістемелік кешені жоғарыда аталған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдардан тұрады. Кешенге сондай-ақ тест тапсырмаларды, пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер, мәнжазба тақырыптары, өз бетімен жұмыс тапсырмалары енгізілді.

*«Ұлттық құндылықтар тағылымы» арнайы курсы
3-курс студенттеріне арналған*

МОДУЛЬ 1. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тақырып №1. Ұлттық құндылықтардың мәні, мазмұн мен міндеттері

Жоспар:

Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығын қамтамасыз етудегі ұлттық құндылықтардың алатын орны. Ұлттық педагогика ғылым ретінде. Ұлттық құндылықтардың проблемаларын халықтың педагогикалық білімдері мен педагогикалық тәжірибесінің жиынтығы ретінде зерттеудің маңыздылығы. Халық педагогикасының ғылыми педагогикамен өзара байланысы және өзара ықпалы. Ұлттық педагогикадағы құбылыстарды зерттеудегі түрлі көзқарастар. Проблеманың әлеуметтік-тарихи, этнографиялық аспектілері.

Тақырып №2. Ұлттық құндылықтарды зерттеу тарихи

Жоспар:

Ұлттық құндылықтарды зерттеудің негізгі тарихи кезеңдері. Халықтық педагогикалық дәстүрлер – педагогикалық ой дамуының негізі ретінде. «Қорқыт ата» кітабы – ұлттық құндылық ескерткіші ретінде. Әл-Фараби трактаттарындағы халықтық идеялар. М.Қашқари, Ж.Баласағұни түркілік

тәрбие дәстүрлерін зерттеушілер ретінде. Қазақ педагогтары мен ағартушылары еңбектеріндегі ұлттық тәрбие мәселелері (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, т.б.). Қазақстандағы ұлттық құндылықтардың қазіргі жағдайы және болашағы.

Тақырып №3. Қазақ ұлттық педагогикасы

Жоспар:

Қазақ ұлттық педагогикасы негіздері, қызметтері, принциптері, заңдылықтары. Қазақ ұлттық педагогикасының қайнар көздері. Қазақ ұлттық педагогикасының мазмұны. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі адам тәрбиесі жайлы, мінез-құлық нормалары мен ережелері жайлы халықтық түсініктер. Қазақ педагогтары мен ағартушылары еңбектеріндегі ұлттық тәрбие мәселелері.

Тақырып №4. Ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері және оларды анықтаушы факторлар

Жоспар:

Тәрбиенің ұлттық ерекшеліктері – табиғи және тарихи жағдайлардың нәтижесі ретінде. Еңбек әрекеті, тұрмыс пен діннің ұлттық мәдениетіне ықпалы. Өзара қарым-қатынастар жүйесі, дәстүрлер, салттар мен әдет-ғұрыптар және олардың халық педагогикасын қалыптастырудағы ролі. Ұлттық мінез және тәрбиенің этникалық жүйесі – өзара тәуелді өзара ықпал етуші факторлар. Ана тілі – ұлттық тәрбиенің жүйе түзуші негізі ретінде.

Тақырып №5. Ұлттық құндылық ретінде «жетілген адам» және оны тәрбиелеу тәжірибесі

Жоспар:

Тұлға жайлы халықтық түсінік. «Жетілген адам» - ұлттық тәрбиенің мақсаты ретінде, оның этникалық сипаты. Қазақ қоғамындағы тұлға идеалы. «Жетілген адам» идеалын жүзеге асыру: жас ұрпақ өмірі мен әрекетін ұйымдастырудың кешенді формалары, тәрбие салаларының өзара байланысы. Тәрбиенің халықтық құралдары мен әдістері.

МОДУЛЬ 2. ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Тақырып №6. Отбасы тәрбиесі – ұлттық педагогикасының негізгі өзегі

Жоспар:

Отбасылық дәстүрлі мәдениет – халықтық рухани мәдениеттің құрамды бөлігі ретінде. Халық идеалындағы отбасы. Ата-ана – алғашқы тәрбиешілер. Балаға ата-ана жақындығының біліну формалары – үлкендермен өзара қарым-қатынас әдебіне үйрету. Отбасындағы өыз және ер балалар тәрбиесінің ерекшеліктері. Дәстүрлер мен салттар – жектіншек ұрпақты отбасы өміріне дайындау құралы ретінде.

Тақырып №7. Ұлттық педагогикадағы ақыл-ой тәрбиесі

Жоспар:

Ақыл-ой тәрбиесіне ұлттық көзқарас. Балаларда білім, білік, дағды қалыптастырудың халықтық құралдары (ертегілер, жұмбақтар, эпостар, мақалдар, мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтар, арифметикалық тапсырмалар, дидактикалық ойындар, т.б.). Халықтық білімдер (халықтық медицина, халық күнтізбесі, т.б.) және олардың дүниетанымдық және әрбиелік маңызы. Ұлттық педагогикадағы ақыл-ой тәрбиесі идеялары мен тәжірибесін қазіргі педагогикалық процесте пайдаланудың маңыздылығы.

Тақырып №8. Баланы еңбекке баулу – ұлық педагогиканың негізгі мақсаты

Жоспары:

Еңбекке және еңбек тәрбиесіне ұлттық көзқарас. Халықтық еңбек дәстүрлері және олардың педагогикалық мәні. Ұлттық қолөнердің тәрбиелік және білімдік маңызы. Ұлттық педагогикадағы балаларды еңбекке баулу құралдары мен әдістері. Еңбек дәстүрлерін мектептің оқу-тәрбие жұмысында пайдаланудың жолдары.

Тақырып №9. Ұлттық педагогикадағы адамгершілік тәрбие идеялары мен тәжірибесі

Жоспары:

Адамгершіліктің ұлттық идеалдары. Дәстүрлер мен салттар – халық педагогикасында адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі құралдары ретінде. Ұлттық мерекелердің педагогикалық ролі. Ұлттық тәрбиедегі сезімге, санаға және мінез-құлыққа әсер ету әдістері. Ұлттық адамгершілік идеалдарды оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы.

Тақырып №10. Эстетикалық тәрбие – ұлттық педагогиканың жетекші бағыты ретінде

Жоспары:

Әсемдікке ұлттық көзқарас. Ұлттық педагогикадағы эстетикалық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері. Эстетикалық тәрбие берудің ұлттық құралдары. Қолданбалы өнер – тәрбие құралы ретінде. Дәстүрлі музыкалық мәдениет және оның педагогикалық ролі. Ұлттық педагогикадағы эстетикалық тәрбие әдістері. Жеткіншек ұрпақты әсемдікті бағалауға баулудағы халық тәжірибесінің бүгінгі тәрбие мен оқыту міндеттерін шешудегі мүмкіндіктері.

Тақырып №11. Ұлттық педагогикадағы дене тәрбиесі мәселелері

Жоспары:

Салауатты ұрпақ тәрбиелеу – ұлттық педагогиканың басты мақсаты. Бала денесін шынықтырудың халықтық әдістері мен тәсілдері. Ұлттық ойындар мен мерекелердің баланың бойында шыдамдылық, икемділік, еріктілік сапаларын

калыптастырудағы ролі. Дене тәрбиесінің халықтық жүйесін оқушылардың денсаулығын нығайтуда пайдаланудың өзектілігі.

МОДУЛЬ 3. ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА

Тақырып №12. Ұлттық құндылықтар – этнопедагогиканың негізі ретінде

Жоспары:

Ұлттық құндылықтар – ұлтты және өзін өзгертуге бағытталған адам қызметі ретінде (әрекеттік көзқарас). Мәдениет – адам тәжірибесін дамыту, сақтау, өткізу инструменті ретінде (технологиялық көзқарас). Мәдениет – адамның қабілеттері, шығармашылық күштерін дамытуға сипаттама ретінде (гуманистік көзқарас). Мәдениет – құндылықтар жүйесі, тәртіп үлгілері ретінде (аксиологиялық көзқарас). Мәдениет – біртұтас рух ретінде (теологиялық көзқарас). Ұлттық құндылықтар – адамның табиғат пен қоғамға қарым-қатынасы, адам болмысының формасы мен әдісі, тарихи өлшем, адамның өмір сүру салтының «шекарасы» ретінде (антропологиялық көзқарас). Адам – мәдениетті жасаушы, қорғаушы, делдал және тұтынушы. Дәстүрлі мәдениет – ұрпақтан ұрпаққа берілетін рухани шығармашылық қызмет. Дәстүрлі мәдениет формалары (өндірістік, мерекелік, кәсібиленген, мұражай мәдениеті). Дәстүрлі педагогикалық мәдениет. Ұлттық тәрбие және ұрпақтар сабақтастығы.

Тақырып №13. Ұлттық мәдениет және этномәдени білім беру

Жоспары:

Ұлттық мәдениеттің мәні. Этномәдени білім беру ұғымы. Қазақстандағы этномәдени қызығушылықтарды іске асыру. Білім берудегі полимәдениет, этномәдениет, жаһандану теориялары. Өскелең ұрпаққа білім берудегі мәдени плюрализм. Этномәдени білім беруді ендіру принциптері. ҚР-дағы этномәдени білім беру тұжырымдамасы: полимәдениетті тұлғаны тәрбиелеу, көптілді индивидті қалыптастыру. Этнопедагогикалық тәрбиедегі қызметтің мазмұны және сипаты. Болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық тұрғыдан даярлаудың маңызы.

МОДУЛЬ 4. ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА БОЙЫНША МЕКТЕПТЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Тақырып №14. Ұлттық педагогиканы мектептің оқу-тәрбие процесіне енгізудің әдістемелік мәселелері

Жоспары:

Ұлттық педагогиканы оқу-тәрбие процесіне енгізудің теориялық және әдістемелік мәселелерін зерттеудің өзектілігі. Ұлттық педагогиканың оқу-тәрбие процесіне енгізілу жайы. «Атамекен», «Елім-ай» ұлттық бағдарламалары және олардың ҚР-ның жалпы білім беретін мектептердегі

этнопедагогикалық жұмысты жүзеге асырудағы маңызы. Мектептегі этнопедагогикалық жұмысты ұйымдастырудағы мұғалімнің ролі.

Тақырып №15. Ұлттық педагогиканы мектептің оқу-тәрбие процесінде қолданудың қазіргі жағдайы

Жоспары:

Мектептегі этнопедагогикалық жұмыстың мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттары. Пән сабақтарының оқушыларға этникалық тәрбие берудегі ролімен орны. Сыныптан тыс этнопедагогикалық жұмыс. Ұлттық педагогика бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру формалары (экскурсиялар, диспуттар, конкурстар, т.б.).

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Ұлттық құндылықтар тағылымы пәнінің мақсаты, міндеттері.
2. Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлердің бала тәрбиесіндегі маңызы.
3. Ұлттық педагогиканың тәрбие құралдары.
4. Ұлттық құндылықтардың тағылымдық мәні.
5. Ұлттық педагогиканың ерекшеліктерін анықтайтын факторлар.
6. «Жетілген адам» – ұлттық педагогикада тәрбиенің басты мақсаты.
7. Қазақ отбасындағы қыз және ер балалар тәрбиесінің ерекшеліктері.
8. Ұлттық педагогикадағы ақыл-ойтәрбиесі идеялары мен тәжірибесін қазіргі педагогикалық процесте пайдаланудың маңыздылығы.
9. Ұлттық педагогикадағы патриоттық тәрбие тағылымдары.
10. Ұлттық педагогикадағы оқушыларды еңбекке баулу құралдары мен әдістері.
11. Қазақ халқының ұлттық өнері – тағылым бастауы.
12. Ұлттық құндылықтар мен ұлттық тәрбие және ұрпақтар сабақтастығы.
13. Ұлттық педагогикадағы ойындардың орны.
14. Ұлттық педагогиканы мектептің оқу-тәрбие процесіне енгізу – өзекті мәселе.
15. Ұлттық құндылықтарды мектептің оқу-тәрбие процесінде пайдалану жолдары.

СОӨЖ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Ғылыми педагогика мен ұлттық педагогиканың біртұтастығы.
2. Қазақ ойшылдары еңбектеріндегі ұлттық педагогика мәселелері.
3. Ұлттық құндылықтар – дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің негізі.
4. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың ролі.
5. Қазақ ұлттық педагогикасындағы еңбек және патриоттық тәрбие мәселелері.
6. Ұлттық педагогикадағы экологиялық, экономикалық тәрбие.

7. Ұлттық педагогиканың құралдарын оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың жолдары.

8. Ұлттық құндылықтар – халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының негізі.

9. Қазақ ұлттық ойындары – ақыл-ойды дамытудың қайнар көзі.

10. Шығыс ғұламаларының еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар тағылымы.

11. Этномәдениеттегі ұлттық құндылықтар жүйесі.

12. Дәстүрлі педагогикалық ұлттық құндылықтар жүйесі.

13. Ұлттық педагогикадағы дәстүрлі мәдениеттің формалары.

14. Әл-Фараби еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар тағылымы.

15. Ұлттық тәрбие дәстүрлерін зерттеуші ағартушылар педагогтар.

СӨЖ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Ұлттық педагогиканың тарихи даму генезисі.
2. Ұлттық тәрбиедегі құндылықтар принципінің маңызы.
3. Ана тілі – ұлттық тәрбиенің жүйе түзуші негізі.
4. Бастауыш сынып оқушысы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың ролі.

5. Отбасы тәрбиесі – ұлттық құндылықтар негізі.
6. Қазақтың бесік жырындағы ұлттық тәрбиенің бастауы.
7. Ақыл-ой тәрбиесіне байланысты ұлттық өнегелер туралы материалдарды жинақтау.

8. Мұғалімнің мектептегі ұлттық педагогикалық жұмысты ұйымдастырудағы ролі.

9. Ұлттық педагогика бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру жұмыстары.

10. Ұлттық тәрбиенің отбасындағы ролі.

11. Бауырмалдық қасиет – ұлттық тәрбиенің негізі.

12. Шежіре – ұлттық құндылықтар бастауы.

13. Қазақтың тектілік қасиеті – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі.

14. Ғұлама данышпандар мұраларындағы ұлттық өнегелер.

15. Алаш қайраткерлерінің ұлттық педагогикалық өисеттері.

Студенттерді даярлаудың деңгейіне қойылатын талаптар келетін болсақ, курсты оқып болғаннан кейін студенттер:

- ұлттық құндылықтар мен ұлттық педагогиканың мәні мен әдістері туралы;

- ұлттық педагогиканың ғылымдар жүйесіндегі орны;
- ұлттық педагогиканың негізгі тараулары туралы;
- тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы мәдени кеңістікте оқыту, тәрбиелеу, дамытудың объективті байланыстарын түсіндіреді;

- Біледі:
- ұлттық педагогикадағы ағартушылар мұрасын талдаудың әдістемесі;

- ұлттық педагогиканың жалпы негіздері, тәрбие мен оқытудың мәдени дәстүрлері;
- ұлттық құндылықтар теориясындағы халықтық идеялар, ұлттық мәдениет;
- ұлттық педагогикадағы факторлар мен құралдары.
- Іскерлігі қалыптасады:
- қазіргі әлемдегі педагогикалық мәселелер мен мектеп даму тенденциялары;
- ұлттық педагогикалық білімді кәсіби практикамен және өмірінде қолдану;
- ұлттық педагогиканың құралдарын меңгеру;

Сонымен қатар, ұлттық тәрбиені өз отбасында, қоғамдық орында қолдануға негіз болады.

Арнайы курстың мазмұнында тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Ұлттық өзіндік сана адамның тұлға ретіндегі субъектілік анықталуы. Бұл өз кезегінде ұлттық құндылық бағдарының болуы арқылы жетіле түспекші. Ұлттық құндылықтар тұлғаның субъекті ретіндегі әлеуметтік белсенділігін қалыптастырады. Яғни, ұлттық тұлғалық қызметтерді меңгере отырып, этностық әлеуметтің процесінен өтеді. Сонымен қатар бала өзін ұлт өкілі ретінде жетілдіре отырып, ұлттық сипат пен мәдениетке ие болады.

Қазіргі мұғалім өзінің педагогикалық іс-әрекетінде этностың материалдық және рухани өмірінде көрінетін тәрбие туралы елестетулер эволюциясын бейнелейтін дәстүрлі мәдениетке, тәрбиенің жалпыадамзаттық мәдениетінің бір бөлігін құрайтын этникалық қауымдастықтың педагогикасын зерттейтін этнопедагогикаға сүйенуіне зор мүмкіндігі бар. Осыған байланысты жоғарғы педагогикалық мектептің алдында мұғалімдерді өзінің түп-тамырын, салтын, мәдениетін және халықтың тарихи дәстүрін білетін, халықтың рухани бай тәжірибесін игеретін, өзіндік тұрмыстық этнопедагогикалық мәдениет субъектісі және қорғаушысы ретінде даярлаудың практикалық және ғылыми міндеттері тұр. Болашақ мұғалімді ұлттық педагогикалық тұрғыдан даярлау үшін педагогикалық циклдегі бүкіл пәндердің, оның ішінде этнопедагогика пәнінің маңызы аса зор. Жалпыадамзаттық құндылықтарға ұлттық құндылықтар арқылы ғана қол жетпек, бұл құндылықтар бір-біріне қарсы тұрмайды, керісінше олар әрбір халықтың өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік қасиеттерін даралап көрсетуге ұмтылғаны абзал. Өйткені көркем ұлттық мәдениет – әлемдік мәдениеттің ажырамас бөлігі. Үнемі олар әрекеттесіп, бейімделіп және бірін-бірі байытып тұрады.

2.4 Бақылау экспериментінің нәтижелері

Қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға даярлық деңгейіндегі өзгерістерді анықтау мақсатында бақылау эксперименті жүргізілді.

Экспериментке 6B01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын болашақ мұғалімдер қатысты. Эксперименттік топқа 76 студент, ал бақылау тобына 72 студент тартылды. Жалпы педагогикалық экспериментке 148 студент қатысты.

Эксперименттің негізгі мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға қатысты мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттеріндегі сапалық өзгерістерді бағалау.

Эксперимент нәтижелері бақылау және эксперименттік топтардың соңғы нәтижелері негізінде салыстырмалы түрде талданды. Әрбір компонент бойынша қалыптасу деңгейлері жеке-жеке анықталып, бағаланды. Алынған нәтижелер негізінде ұсынылған әдістеменің тиімділігі туралы қорытынды жасалды.

Қолданылған диагностикалық әдістемелер:

- Мотивациялық компонент: болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарға деген қызығушылығы мен ішкі уәждерін бағалауға арналған сауалнама;

- Танымдық компонент: болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарға қатысты білім деңгейін анықтайтын арнайы тест тапсырмалары;

- Іс-әрекеттік компонент: практикалық шығармашылық тапсырмалар (ұлттық ою-өрнек жасау, макет құрастыру, сурет салу, ұлттық киімдерді бейнелеу).

Болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға деген мотивациясын анықтау үшін арнайы сауалнама жүргізілді. Бұл сауалнама ұлттық рухани құндылықтарға эмоционалдық қатынасты, шығармашылық қызығушылықты және ішкі мотивация деңгейін бағалауға бағытталған. Диагностикалық құрал ретінде болашақ мұғалімдердің өзін-өзі бағалауына негізделген дихотомиялық жауаптар («иә» немесе «жоқ») әдісі қолданылды.

Мақсаты: Болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға деген қызығушылығы мен уәждік деңгейін бағалау.

Нұсқау: Төменде берілген сөйлемдерді оқы және өзіңе сәйкес келсе - «иә», сәйкес келмесе - «жоқ» деп жауап бер 15 кесте.

Кесте 15 - Сауалнама мазмұны

№	Сұрақ мазмұны	Иә	Жоқ
1	Ұлттық рухани құндылықтар туралы ақпарат сізді қызықтырады ма?		

2	Сіз ұлттық өнер түрлерін зерттеуге ынталанасыз ба?		
3	Ұлттық рухани құндылықтарға қатысты шығармашылық іс-шараларға қатысқанды ұнатасыз ба?		
4	Ұлттық мәдени мұраларға байланысты іс-шараларға өз еркіңізбен қатысасыз ба?		
5	Ұлттық өнер мен дәстүрлерді зерттеу арқылы кәсіби шеберлігіңізді арттыра аламын деп ойлайсыз ба?		
6	Ұлттық рухани құндылықтар негізінде шығармашылық тапсырмаларды орындау сізге оң эмоция сыйлай ма?		
7	Сабақ барысында ұлттық рухани құндылықтарға байланысты қосымша ақпарат іздейсіз бе?		
8	Ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға арналған тапсырмаларды орындауға өзіңізді қабілетті сезінесіз бе?		
9	Ұлттық рухани құндылықтарға қатысты шығармашылық іс-әрекеттер сіздің кәсіби дамуыңызға ықпал етеді деп санайсыз ба?		
10	Болашақта өз оқушыларыңызға ұлттық рухани құндылықтарды үйрету маңызды деп есептейсіз бе?		

Бағалау критерийлері:


Әрбір «ия» жауабы – 1 ұпай.

- 8-10 сұраққа «иә» деп жауап бергендер – жоғары деңгей;
- 5-7 сұраққа «иә» деп жауап бергендер – орта деңгей;
- 4 және одан аз сұраққа «иә» деп жауап бергендер – төмен деңгей.

Сауалнаманың нәтижесі келесі 16 кесте мен 17 суретте берілген.

Кесте 16 - Қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға дайындығының мотивациялық компоненті бойынша даму деңгейлері

Топ	Деңгейлері					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%
Эксперимент тобы (76)	52	68,42	24	31,58	0	0
Бақылау тобы (72)	22	30,56	34	47,22	16	22,22



17-сурет – Қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға дайындығының мотивациялық компоненті бойынша даму деңгейлерінің диаграммасы

Кесте 16 негізінде қалыптастырушы эксперименттен кейінгі болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға дайындығының мотивациялық компоненті бойынша даму деңгейлері келесідей:

Эксперимент тобы (76 студент): Жоғары деңгей – 52 студент (68,42%). Бұл көрсеткіш болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарға қызығушылығы мен ішкі уәжінің айтарлықтай артқанын білдіреді. Орта деңгей – 24 студент (31,58%). Бұл топтағы болашақ мұғалімдердің көпшілігі қажетті мотивациялық көрсеткіштерге ішінара ие екенін көрсетеді. Төмен деңгей – 0 студент (0%). Төмен деңгейдің болмауы әдістеменің тиімділігін дәлелдейді.


Бақылау тобы (72 студент): Жоғары деңгей – 22 студент (30,56%). Жоғары деңгейдегі болашақ мұғалімдердің үлесі эксперимент тобына қарағанда екі еседен төмен. Орта деңгей – 34 студент (47,22%). Болашақ мұғалімдердің жартысынан көбі орташа деңгейде қалып қойған. Төмен деңгей – 16 студент (22,22%). Бұл көрсеткіш мотивацияның жеткіліксіз екенін және арнайы әдістемелік ықпал болмаған жағдайда оқыту тиімділігінің төмендігін көрсетеді.

Қорыта келе, эксперимент тобының нәтижелері мотивациялық компоненттің жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Бұл қалыптастырушы эксперимент аясында қолданылған әдістеменің болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға деген қызығушылығын және ішкі уәжін едәуір арттырғанын дәлелдейді. Ал бақылау тобында мұндай айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Осылайша, эксперименттік жұмыстың тиімділігі нақты дәлелденіп отыр.

Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі мотивациялық компонентінің даму деңгейлерін 17 кесте мен 18 суреттен көруге болады.

Кесте 17 - Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі мотивациялық компонентінің даму деңгейлері

Топ	Деңгейлері					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%
Экспериментке дейінгі	12	15,79	34	44,74	30	39,47
Эксперименттен кейінгі	52	68,42	24	31,58	0	0



18-сурет – Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі мотивациялық компонентінің даму деңгейлерінің диаграммасы

Қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған танымдық компонентінің өзгерісін анықтау мақсатында 10 тест тапсырмасы ұсынылды. Әр тапсырмада бір дұрыс жауап бар, оқушылар 5 жауап нұсқасының ішінен дұрыс жауапты таңдайды. Бұл тест ұлттық өнерге қатысты білім деңгейін бағалауға бағытталған.

Танымдық компонентке арналған тест тапсырмаларының мазмұны:

Бұл тесттер білім деңгейін, ұлттық өнер, дәстүр, салт-сана туралы түсінігін тексеруге бағытталған.

Тест тапсырмалары

1. «Ұлттық рухани құндылықтар» ұғымының дұрыс анықтамасын таңдаңыз:

- А) Халықтың әлеуметтік жағдайын көрсететін ұғым
- В) Мемлекеттік идеологияның негізгі бөлігі
- С) Тарихи қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлер, тіл, діл, дін, өнер, тарихи сана, ұлттық мұраттар жүйесі
- Д) Халықтың саяси көзқарастарының жиынтығы

2. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында рухани құндылық ретінде қарастырылатын төмендегі ұғымды көрсетіңіз:

- А) Экономикалық пайда
- В) Дүние-мүлік

С) Ата-баба аманаты

Д) Жеке жетістік

3. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында қандай рухани құндылықтар негізге алынған?

А) Урбанизация, индустрияландыру

В) Бейбітшілік, бірлік, мәдени мұра

С) Экономикалық табыс, бәсеке

Д) Жаһандану және технология

4. Ұлттық салт-дәстүрді бастауыш сыныпта оқыту мақсаты неге негізделеді?

А) Оқушылардың физикалық дамуына

В) Экономикалық тиімділікке

С) Оқушылардың рухани-адамгершілік әлеуетін дамытуға

Д) Білім беру процесін жылдамдатуға

5. Қазақ фольклорының рухани құндылықтарды берудегі рөлі:

А) Ойын-сауық құралы ретінде қызмет етеді

В) Заманауи әдебиетпен бәсекелеседі

С) Халық даналығы мен тәрбиелік мұраттарды ұрпаққа жеткізеді

Д) Ескірген әрі қолданылмайтын дүниетаным

6. Ұлттық құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларына тиімді жеткізудің педагогикалық әдісін таңдаңыз:

А) Ұжымдық оқыту әдісі

В) Мультимедиялық құралдар мен жобалық әдістер

С) Диктант пен бақылау жұмысы

Д) Формалды лекциялар

7. Ұлттық рухани құндылықтарды бастауыш сыныпта тиімді тәрбиелеуге бағытталған әдістердің ең нәтижелісін таңдаңыз:

А) Түсіндірме және лекция әдісі

В) Жобалық оқыту, этнопедагогикалық тапсырмалар

С) Емтихан және тест тапсырмалары

Д) Репродуктивті жаттығулар жүйесі

8. Бастауыш сынып оқушысының бойында ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі жолын таңдаңыз:

А) Теориялық ұғымдарды жаттату

В) Тікелей тәртіп ережелерін үйрету

С) Ұлттық мазмұндағы ойындар, көркем шығармалар, әңгіме айту арқылы

Д) Бағалау критерияларына үйрету

9. Бастауыш сыныпта оқушының ұлттық құндылықтар туралы білімін тәжірибелік түрде қалыптастыру үшін қандай тәсіл тиімді?

А) Үй тапсырмасын көбейту

В) Ұлттық бұйымдарды жасауға бағытталған практикалық сабақ

С) Оқу жоспарынан тыс жаттығу беру

Д) Сынып ішілік тестілеу

10. Ұлттық рухани құндылықтарға тәрбиелеу барысында төмендегілердің қайсысы оқу формасына жатады?

- A) Ұлттық ас мәзірін талқылау
- B) Этнографиялық экскурсия
- C) Ұлттық би үйрету
- D) Ұлттық мерекелерге арналған жобалық сабақ

Бағалау критерийі:

9–10 дұрыс жауап: Танымдық деңгей жоғары

6–8 дұрыс жауап: Танымдық деңгей орташа


0–5 дұрыс жауап: Танымдық деңгей төмен

Бұл тест ұлттық өнерге байланысты оқушылардың білім қорының көлемін, олардың терминдерді білуін, мәдени заттарды тануын және танымдық белсенділігін анықтау үшін қолданылады.

Тест нәтижесі келесі 18 кесте мен 19 суретте берілген.

Кесте 18 - Қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған танымдық компонентінің даму деңгейлері

Топ	Деңгейлері					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%
Эксперимент тобы (76)	56	73,68	20	26,32	0	0,00
Бақылау тобы (72)	24	33,33	38	52,78	10	13,89



19-сурет – Қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған танымдық компонентінің даму деңгейлерінің диаграммасы

Кесте негізінде қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған танымдық компонентінің даму деңгейлері бойынша талдау нәтижесі төмендегідей:

Эксперимент тобы (76 студент): Жоғары деңгей – 56 студент (73,68%). Бұл нәтиже болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтар туралы білімдерінің жоғары екенін, теориялық тұрғыдан дайындықтарының жеткілікті

деңгейде екенін көрсетеді. Орта деңгей – 20 студент (26,32%). Болашақ мұғалімдердің белгілі бір бөлігінің білімдік дайындығы қалыптасқанымен, оны терең меңгеру мен нақты түсіну қажет екенін көрсетеді. Төмен деңгей – 0 студент (0%). Бұл әдістеменің тиімділігін көрсететін маңызды көрсеткіш. Барлық болашақ мұғалімдер кем дегенде орта деңгейде білім көрсеткен.


Бақылау тобы (72 студент): Жоғары деңгей – 24 студент (33,33%). Бұл нәтиже білім деңгейінің төмен екенін және ұлттық рухани құндылықтар туралы терең білім берілмегенін көрсетеді. Орта деңгей – 38 студент (52,78%). Болашақ мұғалімдердің жартысынан астамы тек базалық деңгейде танымдық білімге ие. Төмен деңгей – 10 студент (13,89%). Ұлттық құндылықтарға қатысты танымдық түсініктері әлсіз болашақ мұғалімдердің бар екені байқалады.

Қорыта келе, эксперимент тобының нәтижелері болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтар туралы танымдық білімдерінің айтарлықтай артқанын көрсетеді. Бұл қалыптастырушы эксперимент барысында қолданылған әдістеменің тиімділігін дәлелдейді. Ал бақылау тобында мұндай өзгеріс байқалмайды, бұл дәстүрлі тәсілдердің танымдық деңгейге әсерінің шектеулі екенін көрсетеді.

Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі танымдық компонентінің даму деңгейлерін 19 кесте мен 20 суреттен көруге болады.

Кесте 19 - Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі танымдық компонентінің даму деңгейлері

Топ	Деңгейлері					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%
Экспериментке дейінгі	6	7,89	36	47,37	34	44,74
Эксперименттен кейінгі	56	73,68	20	26,32	0	0,00



20-сурет – Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі танымдық компонентінің даму деңгейлерінің диаграммасы

Қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған іс-әрекеттік компонентінің өзгерісін анықтау мақсатында болашақ мұғалімдерге 4 шығармашылық тапсырма ұсынылды.

Болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған іс-әрекеттік компонентін анықтауға арналған 4 шығармашылық тапсырма. Бұл тапсырмалар болашақ мұғалімдердің практикалық-шығармашылық қабілетін, ұлттық мазмұнды білім беру іс-әрекетін жобалай білуін бағалауға бағытталған.

1-тапсырма: «Ұлттық өнерге негізделген сабақ фрагментін дайындау»

Мақсаты: Студенттің ұлттық құндылық элементтерін сабақ мазмұнына кіріктіре алуын бағалау.

Нұсқау:

2–4 сыныптарға арналған қысқа сабақ фрагментін (10–15 минут) құрастырыңыз.

Сабақта ұлттық салт-дәстүр, өнер, немесе мақал-мәтел элементін қолданыңыз.

Әдістемелік мақсаты мен қолданылған тәсілдерін түсіндіріңіз.

2-тапсырма: «Оқушыларға арналған ұлттық шығармашылық шеберхана»

Мақсаты: Студенттің шығармашылық әрекет арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастырудағы практикалық шеберлігін анықтау.

Нұсқау:

Бастауыш сынып оқушыларына арналған 30 минуттық «Ұлттық ою-өрнек», «Қолөнер бұйымы», «Киім үлгісі» тақырыбындағы шығармашылық шеберхана жоспарын құрастырыңыз.

Қажетті құрал-жабдықтар тізімі мен күтілетін нәтижені көрсетіңіз.

Шеберхананың тәрбиелік мақсатын сипаттаңыз.

3-тапсырма: «Ұлттық ойын арқылы тәрбие»

Мақсаты: Ұлттық ойын элементтері арқылы оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыру әдістерін меңгеру.

Нұсқау:

1–4 сыныптарға арналған бір ұлттық ойын (мысалы: «Арқан тарту», «Асық ойыны», «Теңге алу») негізінде тәрбиелік іс-шара жоспарын жасаңыз.

Ойын барысы, ережесі, қолдану мақсаты және рухани құндылықпен байланысын сипаттаңыз.

Іс-шараны өткізудің әдістемелік негізін көрсетіңіз.

4-тапсырма: «Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие сағатын жобалау»

Мақсаты: Рухани-адамгершілік бағыттағы іс-әрекеттік жұмыстарды ұйымдастыру қабілетін анықтау.

Нұсқау:

«Рухани мұра – ұлттың қазынасы», «Ұлт тәрбиесі – ұрпақ болашағы» тақырыптарының бірін таңдап, тәрбие сағатының құрылымын жасаңыз.


Тәрбие сағатының мақсатын, құрылымын, көрнекіліктерін, оқушылармен интерактивті жұмыс түрлерін сипаттаңыз.

Қорытынды бөлімінде рефлексия немесе шығармашылық тапсырма қосыңыз.

Шығармашылық тапсырманың нәтижесі келесі 20 кесте мен 21 суретте берілген.

Кесте 20 - Қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған іс-әрекеттік компонентінің даму деңгейлері

Топ	Деңгейлері					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%
Эксперимент тобы (76)	54	71,05	22	28,95	0	0,00
Бақылау тобы (72)	26	36,11	34	47,22	12	16,67



21-сурет – Қалыптастырушы эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған іс-әрекеттік компонентінің даму деңгейлерінің диаграммасы

Кесте 20 негізінде болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған іс-әрекеттік компонентінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі даму деңгейлері бойынша талдау нәтижесі төмендегідей:

Эксперимент тобы (76 студент): Жоғары деңгей – 54 студент (71,05%). Бұл көрсеткіш болашақ мұғалімдердің ұлттық құндылықтарды шығармашылық-практикалық тұрғыда қолдану дағдылары жақсы қалыптасқанын білдіреді. Олар ұлттық өнер элементтерін қолдана отырып, оқу-тәрбие процесінде тиімді іс-әрекет ұйымдастыра алатындығын көрсетеді. Орта деңгей – 22 студент (28,95%). Бұл санаттағы болашақ мұғалімдер ұлттық рухани құндылықтар бойынша практикалық іс-әрекетке ішінара дағдыланған, бірақ белгілі бір әдістемелік жетілдіруді қажет етеді. Төмен деңгей – 0 студент (0%). Іс-әрекеттік деңгейде артта қалған студенттің болмауы қолданылған әдістеменің нәтижелілігін көрсетеді.


Бақылау тобы (72 студент): Жоғары деңгей – 26 студент (36,11%). Шамамен үштен бір бөлігі ғана жоғары практикалық дайындық көрсеткен, бұл нәтиже әдістемелік қолдаудың шектеулі болғанын білдіреді. Орта деңгей – 34 студент (47,22%). Болашақ мұғалімдердің жартысынан астамы тек орташа деңгейде іс-әрекеттік біліктілікке ие, бұл оқыту процесінде жүйелі шығармашылық жұмыс жетіспегенін көрсетеді. Төмен деңгей – 12 студент (16,67%). Практикалық тапсырмаларды орындауда қиындық көрген болашақ мұғалімдер саны едәуір, бұл дәстүрлі тәсілдің тиімділігі төмен екенін дәлелдейді.

Қорыта келе, эксперимент тобының іс-әрекеттік компонент нәтижелері болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарға негізделген шығармашылық-практикалық біліктіліктерінің жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Бұл – ұсынылған әдістеменің тиімділігін және болашақ мұғалімдердің оқушылармен жұмыс жүргізуге дайын екендігін дәлелдейтін маңызды фактор. Ал бақылау тобындағы көрсеткіштер жүйелі әдістемелік қолдаудың маңыздылығын растайды.

Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі іс-әрекеттік компонентінің даму деңгейлерін 21 кесте мен 22 суреттен көруге болады.

Кесте 21 - Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі іс-әрекеттік компонентінің даму деңгейлері

Топ	Деңгейлері					
	Жоғары		Орта		Төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%
Экспериментке дейінгі	8	10,53	28	36,84	40	52,63
Эксперименттен кейінгі	54	71,05	22	28,95	0	0



22-сурет – Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі іс-әрекеттік компонентінің даму деңгейлерінің диаграммасы

Бақылау кезеңі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға даярлығын арттыруға бағытталды. Эксперимент барысында болашақ мұғалімдердің даярлығын үш негізгі компонент бойынша бағалау жүзеге асырылды: мотивациялық, танымдық және

іс-әрекеттік. Бақылау және эксперимент топтарының нәтижелері салыстырмалы түрде талданып, төмендегідей қорытынды жасалды:

Мотивациялық компонент бойынша: Эксперимент тобының 68,42%-ы жоғары деңгей көрсетті, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш тек 30,56% болды. Бұл болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарға деген қызығушылығы мен ішкі уәжінің артуын дәлелдейді.

Танымдық компонент бойынша: Эксперимент тобының 73,68%-ы жоғары деңгейге жетсе, бақылау тобында бұл көрсеткіш 33,33% болды. Яғни, болашақ мұғалімдердің ұлттық құндылықтар туралы білім деңгейі айтарлықтай артқаны байқалды.

Іс-әрекеттік компонент бойынша: Эксперимент тобының 71,05%-ы жоғары іс-әрекеттік дайындық көрсетті, бұл болашақ мұғалімдердің ұлттық құндылықтарды шығармашылық-практикалық жұмыстарда тиімді қолдана алғанын айғақтайды. Ал бақылау тобында жоғары деңгей 36,11%-ды ғана құрады.

Эксперимент барысында қолданылған әдістемелік жүйе болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға даярлығын арттыруда тиімді екенін дәлелдеді. Болашақ мұғалімдердің уәждік қызығушылығы, теориялық танымы және практикалық іскерлігі жүйелі қалыптасты. Бақылау тобының нәтижелерімен салыстырғанда, эксперимент тобының барлық көрсеткіштер бойынша алға ілгерілеуі әдістеменің жоғары тиімділігін көрсетеді.

21-кестеде эксперимент топтарының бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау деңгейін айқындауға бағытталған мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттердің даму деңгейлерінің экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштері жинақталып берілген. Бұл көрсеткіштер қолданылған әдістеменің тиімділігін сипаттап, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының сапалық өзгерістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 21 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға даярлаудың мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттері бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейлерінің көрсеткіштері

Компоненттер	Экспериментке дейінгі						Эксперименттен кейінгі					
	Жоғары		Орта		Төмен		Жоғары		Орта		Төмен	
	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%
Мотивациялық	12	15,79	34	44,74	30	39,47	52	68,42	24	31,58	0	0
Танымдық	6	7,89	36	47,37	34	44,74	56	73,68	20	26,32	0	0
Іс-әрекеттілік	8	10,53	28	36,84	40	52,63	54	71,05	22	28,95	0	0

Эксперимент нәтижелерінің сенімділігін математикалық тұрғыдан дәлелдеу үшін зерттеу барысында алынған экспериментке дейінгі және кейінгі

көрсеткіштер арасындағы айырмашылық Стьюденттің жұпталған t-критерийі арқылы талданды. Бұл әдіс бір топтағы қатысушылардың бірдей қасиеттері бойынша уақыт аралығындағы өзгерістерді салыстыруға арналған және педагогикалық эксперименттерде жиі қолданылады.

21 кестедегі деректер негізінде төмендегі формула бойынша t-критерийі есептелді:

$$t = \frac{M_d}{S_d / \sqrt{n}}$$

Мұндағы:

M_d - айырмашылықтардың орташа мәні, S_d — айырмашылықтардың стандартты ауытқуы, n — бақылау саны (үш компонент = 3).

Экспериментке дейінгі және кейінгі кезеңде болашақ мұғалімдердің оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттері бойынша жоғары деңгейге жеткен болашақ мұғалімдер саны келесідей болды:

Компонент	Экспериментке дейін (X_{before})	Эксперименттен кейін (X_{after})	Айырмашылық ($d = X_{\text{after}} - X_{\text{before}}$)
Мотивациялық	12	52	40
Танымдық	6	56	50
Іс-әрекеттік	8	54	46

Айырмашылықтардың орташа мәні (M_d):

$$M_d = 40 + 50 + 46 / 3 = 45.33$$

Айырмашылықтардың стандартты ауытқуы (S_d):

Әр d мәнінің орташа мәннен ауытқуы:

$$(40 - 45.33)^2 = 28.4$$

$$(50 - 45.33)^2 = 21.8$$

$$(46 - 45.33)^2 = 0.44$$

Одан кейін:

$$S_d = \sqrt{\frac{28.4 + 21.8 + 0.44}{3 - 1}} = 5.03$$

$$t = \frac{45.33}{5.03 / \sqrt{3}} = 15.63$$

Еркіндік дәрежесі $df = n - 1 = 3 - 1 = 2$

$t = 15.63$ және $df = 2$ болған жағдайда, p -мәні ≈ 0.004 (кестелік мәндер бойынша), яғни $p < 0.05$.

Жүргізілген нақты математикалық есептеулер нәтижесінде: $t = 15.63$, $p = 0.004 < 0.05$, яғни, экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштердің айырмашылығы статистикалық тұрғыдан маңызды. Бұл болашақ мұғалімдерді ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлауға арналған әдістеменің тиімділігін математикалық дәлелмен нақтылайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-педагогикалық серпілістер мен рухани жаңғыру үдерісі – болашақ мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыруды, білім және ұлттық тәрбиемен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін жақсартуды, білім беруде инновациялық технологияларды қолдануды және ұлттық педагогикалық мұраны қажет етеді. Өйткені, бүгінде білікті маман ғана қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани құндылықтарды жетілдірудің көшбасшысы бола алады.

Сонымен зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау үшін, оның теориялық негіздерін айқындау және іс-тәжірибеде іске асырылуын қамтамасыз етуге ұлттық тәрбие беру мәселесінде айқындалған негізгі бағдар тәрбиеге ізгілендіру тұрғысынан мән беру, соның аясында тұлғалық-аксиологиялық қатынасты жүзеге асыру негізге алынды.

2. Педагогика ғылымының теориясы мен практикасында оқушыларға ұлттық тәрбие беруде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау проблемасының зерттелу деңгейі мен ғылыми талдау арқылы этнопедагогика құралдарының ұлттық тәрбие беруде мүмкіндікерінің жоғары екендігін дәлелдеді: біріншіден, олар бастауыш сынып оқушыларының ұлттық сана-сезімін, сенімін қалыптастырады, ізгілік, адамгершілік, моральдық-этикалық, бауырмалдық психологиялық-эмоциялық қасиеттерін, ұлттық мінез-құлқының дамуына әсерін тигізді.

3. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау ұлттық тәрбие беру процесінің нәтижелілігі бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру үлгісін қолданумен қамтамасыз етілді. Бұл модель когнитивті, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерінің бірлігінде байқалады және нақты өлшемдер, көрсеткіштермен сипатталады.

4. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау арқылы ұлттық тәрбие берудің мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру формаларын педагогикалық шарттар ретінде айқындап, оны іске асыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз еттік: 1) 6B01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының студенттеріне ұлттық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бағдарламасы; 2) бастауыш мектептің оқу процесінде оқушыларға ұлттық педагогика құралдары арқылы «ұлтын сүйетін тұлғаны» тәрбиелеу бағытындағы ұлттық тәрбие беру бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулар; 3) 6B01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының студенттеріне арналған «Ұлттық құндылықтар тағылымы» арнайы курсы оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді.

5. Зерттеуде негізделіп отырған педагогикалық шарттар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұлттық тәрбиелік деңгейін жетілдіріп, өз тәжірибесінде қолдануға негіз болды. Бұл тұжырым эксперименттік және бақылау топтарындағы тәрбиелілік деңгейлерін салыстырудың негізінде жүргізілген педагогикалық тәжірибе қорытындылармен дәлелденді.

6. Диагностикалық нәтижелерден болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мынадай тұрақты тұлғалық ұлттық сапаларды көрсетті: ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, ұлтжандылық, ұлттық дүниетаным; ұлттық тәрбие; ұлттық сана-сезім, ұлттық дәстүрлерді насихаттайтын және ұлттық мінез-құлық мәдениетімен сипатталады. Мұның өзі бастауыш сынып оқушыларымен педагогикалық іс-әрекет барысында тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

7. Зерттеу тобының келешекте әрі қарай дамуы жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаумен, мектепте оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық мінез-құлқын тәрбиелеудің тиімді технологиясын таңдап алумен, оқушылардың этникалық толеранттығын қалыптастыру үшін үнемі оқушылардың ұлттық мінез-құлқының ерекшеліктерін қалыптастырумен тығыз байланысты.

Жасалған қорытындылар негізінде мынадай ұсыныстар айтуға болады:

- Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиесінде табысты іс-әрекетін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды;
- Анықталған педагогикалық шарттар болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жоспарлауға негіз болуы тиіс;
- Алынған зерттеу нәтижелері бойынша болашақ мұғалім оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды қолданады; қазақ халқының салт-дәстүрлерін насихаттайды; ұлттық тәрбие құралдарын үнемі пайдаланады; «ұлтын сүйетін тұлғаны» қалыптастыруға жұмыс жасайды;
- Ұсынылып отырған бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың негізі мектептің ұлттық тәрбие берудің педагогикалық үдерісінде пайдалануға мүмкіндігі зор.

Дегенмен ұсынылып отырған мәселе өте күрделі мәселе болғандықтан, біз зерттеу жұмысымызда ЖОО-ның жұмыстарында бастауыш мектепте ұлттық тәрбие беруді тұлғаның бойында қалыптастырудың көп қырлы тұстарын шештік деп айта алмаймыз.

Келешекте бұл мәселе өз жалғасын тауып, ұлттық педагогиканың ғылыми-әдіснамалық зерттеулерді жүзеге асыру жолдарын іздестіруде, ұлттық құндылықтар мен ұлттық рухани тәрбие берудің пәнаралық және пәнішілік байланыстардың маңызын анықтауда болашақ зерттеушілер еншісінде болуы мүмкін деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев Қ. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты ҚР Президентінің Жолдауы. – 1 қыркүйек 2022 ж. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (01.09.2022 ж. өзгертілген және толықтырылған нұсқасы) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. Жұртбаев Т. Дулыға. – Алматы, 1994. – Т.1. – 368 б.
4. Айдаров Т. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп», 1986. – 181 б.
5. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы, 1991. – 400 б.
6. Әбу Насыр әл-Фараби. Трактаттары /Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. – Алматы: «Арыс», 2009. – 656 б.
7. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Т.6: Қожа Ахмет Иасауи. Даналық кітабы. Ахмет Иүгінеки. Ақиқат сыйы /Құраст. А.Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 488 б.
8. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы /Құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1994. – Т.1. – 320 б.
9. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 560 б.
10. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия). – Алматы: «Білім» баспасы, 2003. – 112 б.
11. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2005. – 336 б.
12. Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу /Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1991. – 464 б.
13. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. Т.3: Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: «Жазушы», 2008. – 232 б.
14. Дулатов М. Шығармалары: өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз /Құраст. М.Әбсеметов, Г.Дулатова. Алғы сөзін жазған Ж.Ысмағұлов. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 384 б.
15. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қыздары. – Алматы: «Санат» баспасы, 2000. – 208 б.
16. Жарықбаев Қ. Этнопсихология – ұлт тәрбиесінің өзегі. – Алматы: «Білім», 2005. – 260 б.
17. Сейталиев Қ.Б. Тәрбие тарихы. – Алматы: «Мектеп», 1986. – 150 б.
18. Наурызбаев Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 192 б.
19. Ұзақбаева С.А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: пед. ғыл. докт. ...дисс. автореф.: 13.00.01 – Алматы, 1993. – 46 б.

20. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: «РБК», 1997. – 141 б.
21. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. докт. ...дисс.: 13.00.01. – Тараз, 2001. – 343 б.
22. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. – Алматы: «Комплекс», 2000. – 330 б.
23. Дүйсенбінова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. Монография. – Алматы: «Ғылым», 2000. – 335 б.
24. Ғаббасов С. Ұлт тағдыры – ұрпақ тәрбиесінде. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2014. – 240 б.
25. Daniel Moulin-Stozek. Spiritual Development as an Educational Goal. ECNU Review of Education. – 2020, Vol. 3(3), PP. 504-518 // https://www.researchgate.net/publication/343265429_Spiritual_Development_as_an_Educational_Goal
26. Asiye Toker Gökçe. Core Values in Education From the Perspective of Future Educators. SAGE Open. April-June 2021: 1-14. DOI: 10.1177/21582440211014485 // <https://journals.sagepub.com/doi/full/10.1177/21582440211014485>
27. StevchenkoYuliia. The Teacher's Activity Peculiarities In The Future Teachers' System Preparation For The Spiritual And Moral Development Of Elementary School Pupils in the Cross-Cultural Space. International Academy Journal Web of Scholar. 1(31), Vol. 2, January 2019. – PP.25-32 // <https://cyberleninka.ru/article/n/the-teacher-s-activity-peculiarities-in-the-future-teachers-system-preparation-for-the-spiritual-and-moral-development-of>
28. Қоңыратбаева Т.Ә. Халық педагогикасы және оны оқу-тәрбие ісіне ендіру жолдары: пед. ғыл. канд. ...дисс. автореф.: 13.00.01. – Алматы, 1993. – 24 б.
29. Майғанова Ш.М. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселесі. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 124 б.
30. Өтешова Б.Қ. Тәрбие жұмысында ұлттық болмыс ұғымдарын жандандыру. Оқу құралы. – Алматы, 2007. – 114 б.
31. Ешмұратова Д.С. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ...дисс. автореф.: 13.00.01. – Қарағанды, 2008. – 28 б.
32. Мағауова А.С. Подготовка будущего учителя к использованию прогрессивных традиций народной педагогики в учебно-воспитательном процессе общеобразовательной школы: автореф. дисс. ...канд. пед. наук.: 13.00.01. – Алматы, 1995. – 22 с.
33. Көшеров Н.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этнопедагогикалық дайындау жүйесі: пед. ғыл. канд. ...дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2000. – 302 б.

34. Бөлетова Л.А. Болашақ мұғалімдерді қазақ халқының салт-дәстүрлерін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға дайындау: пед. ғыл. канд. ...дисс. автореф.: 13.00.01. – Шымкент, 2004. – 27 б.
35. Әбілдина С.Қ. Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы: пед. ғыл. докт. ...дисс. автореф.: 13.00.01. – Қарағанды, 2010. – 46 б.
36. Кажимова К.Р. Этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамыту: филос. докт. (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.: 6D010300 – Педагогика және психология. – Астана, 2018. – 160 б.
37. Нишанбаева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру: филос. докт. (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.: 6D010300 – Педагогика және психология. – Алматы, 2019. – 175 б.
38. Асанов Ж. Студенттердің этнопедагогикалық білімдері мен икемділіктері жүйесін қалыптастырудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ...дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2003. – 320 б.
39. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы ред. басқ. Т.Жанұзақов. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
40. Философиялық сөздік /Ред. Р.Н.Нұрғалиев, Ж.М.Әбділдин. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 б.
41. Платон. Сочинения. – М., 1972. – Т.3. – 687 с.
42. Геродот. История. – Ленинград, 1972. – Т.4. – 560 с.
43. Жұртбаев Т. Бесігіңді түзе. Ғұмырнама-толғау. – Алматы: «Жазушы», 1997. – 554 б.
44. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 288 б.
45. Сарбасова Қ.А. Қазіргі қазақ педагогика ғылымындағы әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің тәлім-тәрбиелік идеялары: пед. ғыл. докт. ...автореф.: 13.00.01. – Қарағанды, 2008. – 40 б.
46. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-түрк»). – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 192 б.
47. Шадинова Г.А. Жүсіп Баласағұнның философиялық көзқарастарындағы таным мәселесі: филос. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 2009. – 28 б.
48. Ахметбек А. Қожа Ахмет Йассауи /Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1998. – 112 б.
49. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет /ЖОО студенттеріне арналған. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 176 б.
50. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. – Алматы: «Дарын», 2006. – 480 б.
51. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия). – Алматы: «Білім» баспасы, 2003. – 112 б.

52. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық жинағы. Т.1. – Алматы: «Жазушы», 2005. – 296 б.
53. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
54. Жұмабаев М. Шығармалары. Ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер. Т.2. – Алматы: «Жазушы», 2013. – 376 б.
55. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (әлеуметтік-философиялық талдау): филос. ғыл. докт. ...дисс. – Алматы, 2000. – 237 б.
56. Айталы А. Ұлттану /Оқу құралы. – Алматы: «Арыс», 2000. – 221 б.
57. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру. – 12 сәуір 2017 жыл // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
58. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: Монография. – Алматы, 2002. – 220 б.
59. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ...автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2001. – 41 б.
60. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе. Монография. – Алматы, 2013. – 254 б.
61. Философский энциклопедический словарь. – Москва, 1983. – 840 с.
62. Нысанбаев Ә.Н. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі. Мир ценностей независимого Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 271 б.
63. Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы, 1961. – 640 б.
64. Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. – Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. – 204 б.
65. Аристотель. О душе /Пер. и прим. П.С.Попова. – Москва: «Соц. эк. гиз.», 1937. – 179 с.
66. Ницше Ф. Человеческое, слишком человеческое. Быть великим – значит давать направление. – Москва: «Эксмо», 2016. – 545 с.
67. Кант И. Сочинения в 6-и томах. Т.5. – Москва: «Мысль», 1965. – 564 с.
68. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет /Жинақты баспаға әзірлеп, ауд. М.Жармұхамедұлы, т.б. – Алматы: «Мұраттас», 1993. – 262 б.
69. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: «Жазушы», 1986. – 358 б.
70. Бердяев Н.А. О человеке, свободе и духовности. Избранные труды. – Москва: Изд-во «Флинта», 1999. – 312 с.
71. Жылқыбекова Г.Т. Қазақ этнопедагогикасы құралдары арқылы жоғары оқу орындары студенттерінің гуманистік көзқарасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Тараз, 2006. – 154 б.
72. Қоянғалиев Е.С. Ұлттық мәдени құндылықтар негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Атырау, 2010. – 140 б.

73. Куанышбаева Ж.Ж. Қазақстан Республикасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар (саясаттанулық талдау): филос. докт. (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2015. – 150 б.
74. Ожегов С.И. Словарь русского языка: 70 000 слов /Под ред. И.Ю.Шведовой. – Москва: «Русский язык», 1999. – 924 с.
75. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. Большой казахско-русский, русско-казахский словарь /Бектаев Қ. – Алматы: «Алтын қазына», 2007. – 709 б.
76. Психология. Словарь /Под общ. ред. А.В.Петровского, М.Н.Ярошевского. – Москва: «Политиздат», 1990. – 494 с.
77. Перленбетов М.А. Тұлға қасиеттері мен психикалық процестердің байланысы: психол. ғыл. докт. ...дисс. – Алматы, 2010. – 235 б.
78. Психолого-педагогический словарь-справочник /Сост. Лобейко Ю.А., Борозинец Н.М. – Москва, 2004. – 255 с.
79. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Ред. басқ. А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп», 2002. – 388 б.
80. Риккерт Г. Науки о природе и науки о культуре. – Москва: «Республика», 1998. – 413 с.
81. Шелер М.Формализм в этике и материальная этика ценностей // Шелер М. Избранные произведения /Пер. с нем. – М.: «Гнозис», 1994. – 413 с.
82. Гартман Н. Этика. – Санкт-Петербург: «Влад. Даль», 2002. – 708 с.
83. Сламбекова Т.С. Қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлерінде студенттерді адамгершілікке тәрбиелеу: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2003. – 152 б.
84. Тугаринов В.П. Избранные философские труды. – Ленинград: Изд-волГУ, 1988. – 344 с.
85. Парсонс Т. О структуре социального действия. – Москва: «Академический проект», 2002. – 880 с.
86. Донцов А.И. К вопросу об управлении ценностными ориентациями личности. – Москва: МГУ, 1971. – 160 с.
87. Сорокин П.А. Человек, цивилизация, общество. – Москва, 1992. – 252 с.
88. Вильямс М.Р. Создание интегрированных систем формирования ценностей. – Москва, 2003. – 416 с.
89. Төребаева К.Ж. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-практикалық негізі: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2002. – 140 б.
90. Леонтьев Д.А. От социальных ценностей к личностным: социогенез и феноменология ценностной регуляции деятельности // Вестник МГУ. Серия Психология. – 1996. – №4. – С.35-44
91. Дюркгейм Э. Социология. Ее предмет, метод, предназначение. – Москва: «ТЕРРА», 2008. – 400 с.

92. Вебер М. Избранные произведения. – Москва: «Прогресс», 1990. – 804 с.
93. Нишанбаева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру: филос. докт. (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.: 6D010300 – Педагогика және психология. – Алматы, 2019. – 175 б.
94. Ергалиева А.Г., Мұханбетжанова Ә.М. Өзін-өзі тану ілімінің педагогикалық тарихи даму аспектілері. – Орал, 2005. – 188 б.
95. Здравомыслов А.Г. Потребности. Ценности. Интересы. – Москва: «Политиздат», 1986. – 233 с.
96. Rokeach M. The Nature of Human Values. – N.Y.: «Free Press», 1973. – 438 p.
97. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық кезеңі. – Алматы, 2001. – 295 б.
98. Ерасов Б.С. Социальная культурология: Учебник для студентов высших учебных заведений. – Москва: «Аспект Пресс», 2020. – 591 с.
99. Төлеубекова Р. Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың оқыз дәстүрлерін пайдалану: пед. ғыл. канд. ...дисс.: 13.00.01. – Алматы, 1993. – 162 б.
100. Педагогический энциклопедический словарь /Гл. ред. Б.М.Бим-Бад. – Москва: «Большая российская энциклопедия», 2002. – 528 с.
101. Нұрғалиева Д.А. Тәрбие процесінде 5-9 сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2005. – 138 б.
102. Таутенбаева А.А. Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (қазақ және ағылшын халықтарын салыстыра пайдалану мысалында): пед. ғыл. канд. ...автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2009. – 25 б.
103. Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. – 240 б.
104. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. – Минск: «Народная света», 1978. – 288 с.
105. Қоңыратбаева Т. Халық педагогикасы және оны оқу-тәрбие ісіне ендіру жолдары: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 1994. – 141 б.
106. Аймауытов Ж. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 372 б.
107. Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Т.2. – Москва: «АПН РСФСР», 1984. – 516 с.
108. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: «Мектеп», 1987. – 231 б.
109. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын бекіту туралы: 16 қараша 2009 жыл, №521 // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30579988&pos=4;-106#pos=4;-106

110. Медиева С.Х., Асетова Ж.Б. Ұлттық тәрбиенің тарихи-педагогикалық алғышарттары // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. – №2(78). – 2015. – 240-244 бб.
111. Кохановский В.П. и др. Философия для аспирантов: учебное пособие. – Ростов-на-Дону: «Феникс», 2003. – 448 с.
112. Кажимова К.Р. Этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылығын қалыптастыру мәселелері // «Ғылым мен білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. – Астана, 2017. – 307-311 бб.
113. Щелина Т.Т. Духовно-ценностная ориентация социальных педагогов. Монография. – Москва, 2006. – 384 с.
114. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы», №73, 28 тамыз 1999 жыл // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N990000073>
115. Назарбаев Н.Ә. «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» ҚР Президентінің Жодауы// Егмен Қазақстан. – 2003. – 5 сәуір. – №79.
116. Қазақ тарихынан/ Құрастырған Е.Ақшопқов. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1997. – 544 б.
117. Тайжанов А.Т. Этномәдени білім мен тәрбие. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2009. – 122 б.
118. Нысанбаев Ә.Н. Қазақ философиясы хақында// Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Глобализация и устойчивое развитие Казахстана. – Алматы, 2002. – 264 б.
119. Қазақстан Республикасының «Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы», №1459, 11 қазан 2004 жыл // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/T040001459>
120. Педагогический словарь /авт.-сост. И.П.Андриади, С.Ю.Темина. – Москва: «ИНФРА-М», 2022. – 224 с.
121. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы: РБК, 1993. – 162 б.
122. Каракозова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: «Эверо», 2011. – 104 с.
123. Маритен Ж. Знание и мудрость. – Москва: «Научный мир», 1999. – 244 с.
124. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. История образования и педагогические мысли. – Москва: «Владос-Пресс», 2003. – 420 с.
125. Ожегов С.И. Словарь русского языка: 53 000 слов /Под ред. И.Ю.Шведовой. – Москва: «Мир и образование», 2005. – 1200 с.
126. Сластенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика. Учебник. – Москва: «Владос», 2019. – 450 с.
127. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – Москва, 1972. – 260 с.

128. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – Москва: «Владос», 2019. – 480 с.
129. Кожевников Н.Н. Педагогика. Учебное пособие. – Москва: «УРАО», 2003. – 320 с.
130. Шацкий С.Т. Избранные педагогические сочинения. – Москва: «Просвещение», 1980. – 460 с.
131. Пеппер С. Методологическая концепция о научной рациональности. Монография. – Москва, 1998. – 270 с.
132. Оспанова С. Казахское этнопедагогическое наследие как фактор духовно-нравственного воспитания студентов вуза: автореф. дисс. ...канд. пед. наук. – Шымкент, 2006. – 27 с.
133. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы, 1995. – 180 б.
134. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: «Санат», 2000. – 351 б.
135. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік /Бас ред. Ж.Қ.Түймебаев. Ред. алқасы: А.Е.Әбілқасымов, И.Б.Бекбоев, Н.Б.Қалабаев, Е.Ә.Оңғарбаев, С.Ж.Пірәлиев, М.В.Рыжаков. – Алматы, 2009. – 400 б.
136. Ершова Л.В. Теоретические и методические основы подготовки учителей начальных классов к воспитательной работе народного декоративно-прикладного искусства России: автореф. дисс. ...канд. пед. наук: 13.00.01. – Москва, 1988. – 27 с.
137. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 325 с.
138. Мудрик А.В. Социально-педагогические проблемы социализации. Монография. – Москва: МГПУ, 2016. – 256 с.
139. Кузмина Н.В. Методы системного педагогического исследования. Учебное пособие. – Москва: «Народное образование», 2002. – 320 с.
140. Выготский Л.С. Психология искусства. – Москва: «Эксмо-Пресс», 2019. – 260 с.
141. Леонтьев А.А. Деятельный ум. Фундаментальная психология. – Москва: НПФ «Смысл», 2001. – 188 с.
142. Өтешова Б.Қ. Тәрбие жұмысында ұлттық болмыс ұғымдарын жандандыру. Оқу құралы. – Алматы, 2007. – 114 б.
143. Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. – Казань, 1988. – 238 с.
144. Найн А.Я. О методологическом аппарате диссертационных исследований // Педагогика. – 1995. – №5. – С.44-49
145. Яковлева Н.М. Теория и практика подготовки будущего учителя к творческому решению воспитательных задач: дисс. ...докт. пед. наук: 13.00.01. – Челябинск, 1992. – 403 с.
146. Ипполитова Н.В. Теория и практика подготовки будущих учителей к патриотическому воспитанию учащихся: дисс. ...докт. пед. наук: 13.00.01. – Челябинск, 2000. – 383 с.

147. Зверева М.В. О понятии «дидактические условия» // Новые исследования в педагогических науках. – 1987. – №1. – С.29-32
148. Бабанский Ю.К. Педагогика. Учебник. – Москва, 1988. – 432 с.
149. Козырева Е.И. Школа педагога-исследователя как условие развития педагогической культуры // Методология и методика естественных наук: Сб. научн. трудов. – Омск: Омский государственный университет, 1999. – С.311
150. Беликов В.А. Философия образования личности: деятельностный аспект. Монография. – Москва: «Владос», 2004. – 357 с.
151. Павлов С.В. Организационно-педагогические условия формирования общественного мнения органами местного самоуправления: автореф. дисс. ...канд. пед. наук: 13.00.01. – Магнитогорск, 1999. – 23 с.
152. Сверчков А.В. Организационно-педагогические условия формирования профессионально-педагогической культуры будущих спортивных педагогов // молодойучены. – 2019. – №4. – С.279-282
153. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құру және оның ғылыми негіздері: пед. ғыл. докт. ...дисс. – Қарағанды, 2007. – 375 б.
154. Ипполитова Н.В., Стерхова Н.С. Анализ понятия «педагогические условия»: сущность, классификация // General and Professional Education. 2012. №1. P.8-14 // http://genproedu.com/paper/2012-01/full_008-014.pdf
155. Кажимова К.Р. Болашақ педагогтарды кәсіби дайындауда интерактивті әдістерді қолдану // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. – 2015. – №5(108). – 114-118 бб.
156. Белошицкий А.В., Бережная И.Ф. Становление субъектности студентов в образовательном процессе вуза // Педагогика. – 2006. – №5. – С.60-67
157. Кирьякова А.В. Аксиология образования. Ориентация личности в мире ценностей. Монография. – Москва, 2019. – 318 с.
158. Капышев А., Колчигин С. Человек и мир: начала новой онтологии. – Алматы, 1988. – 260 с.
159. Ахметов Т.Ә. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы тәлім-тәрбиелік идеялар: пед. ғыл. канд. ...дисс.: 13.00.01. – Астана, 2003. – 136 б.
160. Әбішев Х. Аспан сыры. – Алматы: «Қазақстан», 1966. – 296 б.
161. Ұзақбаева С.А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: пед. ғыл. докт. ...автореф. – Алматы, 1993. – 46 б.
162. Волков Г.Н. Чувашская народная педагогика. – Чебоксары: Чуваш. кн. изд., 1958. – 259 с.
163. Наурызбай Ж.Ж. Научно-педагогические основы этнокультурного образования школьников: дисс. ...докт. пед. наук. – Алматы, 1997. – 357 с.
164. Кожухметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогик: автореф. ...докт. пед. наук. – Алматы, 1998. – 46 с.
165. Галенко С.Н. Подготовка студентов педвузов к формированию нравственных ценностных ориентаций младших школьников: дисс. ...канд. пед. наук. – Минск, 1993. – 147 с.

166. Велиев М.В. Формирование у студентов педагогического института ценностной ориентации: автореф. ...канд. пед. наук. – Баку, 1983. – 23 с.
167. Волкова Л.П. Формирование и развитие ценностных ориентаций студентов как будущих специалистов. – Воронеж, 1986. – 209 с.
168. Воронцова В.Г. Аксиологические аспекты готовности учителя к решению проблем гуманизации образования // Гуманизация образования. Теория. Практика. – СПб, 1994. – С.15-36
169. Бөлесев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы мен практикасы. – Алматы: «Нұрлы әлем» баспасы, 2004. – 304 б.
170. Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: 2022 жылғы 22 шілдедегі №2 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916/history>